Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94 (574)

Қолжазба құқығында

ОРАЛОВА АҚНҰР АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ

Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689-1785 жж.)

8D02206 –Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Отандық ғылыми кеңесші:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР ҰҒА академигі
З.Е. Қабылдинов

Шетелдік ғылыми кеңесші:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Ә. Қара
(Ыстамбұл)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....3

АНЫҚТАМАЛАР……..……...4

КІРІСПЕ…….....5

1 ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕКТІК ҚОРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ……..…26

1.1 Тақырыптың деректік негіздері.....26

1.2 Зерттеу жұмысының тарихнамасы 36

2 ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЫҒЫСҚА КӨШІ-ҚОН БАҒЫТТАРЫ ҮШІН ДАУ-ТАЛАСТАР.....46

2.1 Батырдың шығу тегі және халық жадындағы тұлғалық бейнесі.....46

2.2 Қазақ–жоңғар қарым-қатынастарындағы Қожаберген батырдың соғыс-мәмілегерлік қызметі.....61

2.3 Қазақтардың шығыстағы атамекеніне қайта қоныстану үдерісі және қазақтың шұрайлы жайылымдық жерлері үшін күрес.....76

3 ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ БУФЕРЛІК АЙМАҚТЫҢ МЕНЕДЖЕРІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫ..... 86

3.1 Қожаберген батырдың қазақ–қытай саяси-дипломатиялық қарым-қатынасындағы қызметі.....86

3.2 Қазақ сауда керуендері мен шегаралық сауда жәрмеңкелерінің Қазақ-Цин қатынастарына ықпалы.....105

3.3 Қазақ–Ресей байланыстарындағы Қожаберген батырдың рөлі.....115

ҚОРЫТЫНДЫ……..……132

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ……138

ҚОСЫМШАЛАР……...…....152

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ПТБА – Пекин тарихи бірінші архиві

ОМТА – Омбы мемлекеттік тарихи архиві

ОрОМА – Орынбор облыстық мемлекеттік архиві

РИССА – Ресей империясының сыртқы саясат архиві

РМКАА – Ресей мемлекеттік көне актілер архиві

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві

ҚҚІ – қырғыз-қайсақ істері

ғғ. – ғасырлар

жж. – жылдары

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Арбалет – серіппесі жоғары садақтың түрі.

Аршын – ұзындық өлшемі, метрге тең өлшем, 1 аршын = 1/3 сажын = 4 ширектік = 16 тұтам.

Аманат – екі мемлекет арасындағы бейбіт келісімді қамтамасыз ету мақсатында өз еркімен жіберілген, кепілге алынған адам.

Амбан – мәнжулердің саяси жүйесіндегі мәртебелі титул.

Барымта – көшпенді халықтардың дәстүрлі құқықтық мәдениетінде ерте замандарда болған тонаушылық әрекеті, құнды немесе әділ төлемді өндіру үшін қарсы тараптан мал-мүлікті айдап әкету дәстүрі.

Батыр – әскери қолбасшы, әскери лауазым.

Верста – 1,067 шақырымға тең ежелгі орыс қатарлы халықтардың қашықтық өлшемі.

Дипломат – көрші және іргелес елдер мен халықтардың өкілдерімен саяси байланысты жүзеге асырушы лауазымды тұлға.

Ертіс шебі – XVIII ғасырдың I-ші жартысында патшалық Ресейдің қазақ даласын біртіндеп отарлау саясатына орай салған бекіністері.

«Жылқыға - жібек» саудасы – XVIII ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы халықаралық сауда.

Жібек – жібек құртының пілләсынан өндіріліп, тоқыма-мата өнеркәсібінде пайдаланылатын табиғи талшық.

Империя – император басқарған монархиялық мемлекет, орталықтандырылған қатал саясат жүргізеді.

Қонтайшы – Жоңғар хандығының ең жоғарғы билеушісі.

Махачин – Жоңғар мемлекеті талқандалғаннан кейін сабылып жүгенсіз қалған, бас сауғалап тасада тығылып жүрген жоңғарлар.

Парша – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқыған жылтырақ жібек матаның атауы.

Старшын – белгілі бір рулық топтарын басқару үшін сайланған немесе тағайындалған адам.

Тарбағатай амбаны – Цин патшалығының Жоңғар хандығын жойғаннан кейінгі қазіргі Шәуешек қаласындағы әскери-әкімшілік органы.

Форпост – алдыңғы шепте орналасқан қамалдар арасындағы шағын бекініс.

Фуцзянцзюнь – Цин әскеріндегі лауазымды атақ.

Хан – қазақ билеушілерінің титулы.

Шұбарайғыр – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүз құрамындағы керей тайпасының абақ керей тармағынан таратылады. Алтай тауына қоныстанған. Ұраны – Қожаберген, таңбасы – Абақ.

Іле генерал-губернаторы – Цин патшалығының қазіргі Шынжаңдағы ең жоғары әскери-әкімшілік басшылығы.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырда өмір сүрген батыр Қожаберген Жәнібекұлының қазақ халқының азат та бейбіт өмір сүруі жолындағы жанкешті ерен ерлігі мен әскери-дипломатиялық қызметі сипатталады. Орталықтандырылған мемлекеттік құрылымдар болмаған жағдайда, кең және бытыраңқы аумақтардың қорғанысын тиімді ұйымдастыруға Қожаберген батырдың қандай жеке тұлғалық қасиеттері мүмкіндік береді деген мәселе қарастырылады. Ғылыми жұмыста Қожаберген батырдың қазақ тарихындағы алар орны мен рөлі архив материалдары мен іргелі ғылыми зерттеулер кешені негізінде зерттеп-зерделеніп, оның шынайы тұлғалық қасиеттері айқындалады.

Тақырыптың өзектілігі. XVIII ғасыр қазақ халқы үшін толассыз шайқастар мен қиын-қыстау кезеңдер дәуірі болғандығын тарих айғақтайды.

XVIII–XIX ғасырлардың 50–60-шы жылдарындағы қазақ тарихының кезеңдері мен оқиғалары бір ғана мәселеге – Ресей империясының құрамына Қазақстанның қосылу жағдайын анықтауға бағытталды. Бұл, негізінен, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес тарихнамасында қалыптасқан сыңаржақ коммунистік идеологияның қоғамдық санаға күшпен сіңірілген концептуалды теориялық жүйесін негіздеу болатын. Ғылымға таңылған осы өрескелдіктің салдарынан қазақтың үш жүзінің өзіндік даму ерекшеліктеріне тіпті мән берілмеді, кез-келген саяси мәні бар оқиға тек Ресей мемлекетінің саяси ахуалымен байланыстырыла сипатталды. Осының салдарынан тіпті қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық соғысының көпшілікке белгілі жәйттері көлеңкеге ығыстырылып, осы күресті ұйымдастырған және басқарған атақты қолбасшылар мен батырлардың, жаугершілік заманда есімдері елінің ұранына айналған ерлердің аттары аталмай, халық жадынан күштеп өшіріліп келгені белгілі [1, б. 24].

Жоңғарлардың қазақ жеріне жойқын шабуылдары XVII ғасырдың өзінде-ақ басталған болатын. Бұл дәуірде біз қазақ батырлары мен қолбасшыларының тарих сахнасында белсенді көрініс тапқан кезеңі деп те айтуымызға дәлелдер жетерлік. Міне, сол кезеңнің шынайы бейнесін сипаттауға мүмкіндік берер бірегей тұлға – Қожаберген батыр. Ол – Абылай хан басқарған жасақтардың біріне қолбасшылық етіп, қазақ жеріне көз алартқан сыртқы жауларға қарсы найза ұстаған хас батырдың бірі. Алайда әлі күнге дейін батырдың есімі мен қазақ халқының арман-мұраты жолындағы күресі лайықты түрде ғылыми негізде зерттелмей келеді. Кеңестік дәуірде де, тәуелсіздік кезеңінде де Қожаберген батырдың өмірі мен қызметі жеке зерттеу тақырыбы ретінде қарастырылған жоқ. Кеңестік-тоталитарлық кезеңде бұл тақырыптың зерттелмеуіне коммунистік идеология жүйесінің принциптері негіз болуы мүмкін. Ал егемендік алған жылдарда тақырыптың назардан тыс қалуындағы басты себеп – жеке мемлекет ретінде дамуға қадам басқан еліміздегі дағдарыс деп түсіндіруге болатын сынды.

Тақырыптың өзектілігі төмендегідей мәселелерден туындайды:

Біріншіден, Цин империясы Жоңғар хандығын жаулап алғаннан кейін Қытай мемлекетінің шегарасы қазіргі Шығыс Қазақстан аумағына жақындады. Бұған дейін Ертіс, Тарбағатай және Жетісу бойындағы қазақтардың көшіп-қону аймақтарын жоңғарлар бақылап келген еді. Бұл жұмыста сөз болатын нысан – Алакөл мен Зайсан көлдерінің арасындағы Тарбағатай тау жотасы. Ұзындығы шамамен 300 шақырым болатын бұл өңірді қазақ халқы үшін қалай сақтап қалды деген мәселе бүгінге дейін жеткілікті дәрежеде зерттелмей келеді. Тарихнамада осы мәселеге, яғни қазақтар Цин империясының қысымына қарамастан Тарбағатайдағы көшіп-қону аймақтарын қалай аман сақтап қалғаны жөнінде айтарлықтай олқылық бар. Осы тұрғыдан қарастырғанда, бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Екінші аспект – осы уақытқа дейін Жоңғар хандығы жойылғаннан кейінгі (XVIII ғ. екінші жартысы) Қазақстан тарихы негізінен макродеңгейде қарастырылып келді. Геосаясат, әскери әлеует, империялық стратегиялар секілді ірі факторлар басты назарға ілінді де, алайда, қазақтардың шегаралық жайылымдарын нақты кімдер және қалай қорғады? деген мәселе назардан тыс қалып отырды. Фронтир жағдайындағы асимметриялық қақтығыстарда материалдық тұрғыдан әлсіз тарап ресурс жағынан басым қарсыластыққа қарсы тұра алды. Жоңғарлар жойылғаннан кейін бос қалған аумақты Цин билігі бақылауға алуға тырысқан кезде қазақтар не себепті кері шегінбей, осы өңірді сақтап қалды? Жоғарыда аталған мәселелерге бұл зерттеуде алғаш рет жауап беруге ұмтылыстар жасалады.

Үшіншіден, осы фронтирлік аймақты Цин экспансиясынан қорғауға қатысқан батырлардың бірі – Қожаберген Жәнібекұлының қазақ–жоңғар, қазақ–қытай, қазақ–орыс қатынастарындағы әскери-дипломатиялық қызметі XIX ғасырдың екінші жартысындағы кейбір орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қысқаша аталып өтті, кеңінен тарқатылып айтылмады.

Қожаберген батыр туралы халық арасында да, зерттеуші-ғалымдар мен әдебиетшілер ішінде де біршама пікірталас бар. Мәселен, ғалымдар мен зиялы қауым арасында ашамайлы керейден тарайтын жырау әрі батыр Қожаберген Толыбайұлы мен абақ керей шұбарайғыр руының белді батыры Қожаберген Жәнібекұлын бір-бірімен шатастыра қарастыру жағдайлары кездеседі. Бұрын-соңды ғылыми айналымға енбеген архив материалдарын жинақтау және талдау нәтижесінде, тарихымыздағы бұл екі тарихи тұлғаның ара-жігін ажырату мақсат етілді. Осы тұрғыдан алғанда Қожаберген батырдың шығу тегін зерттеу мен отандық ғылымдағы рөлін бағамдау мақсатында тарихи деректерді жинақтап, талдаудың өзектілігі басым. Осы зерттеуде батырдың шығу тегін ғылыми негізде тарқатып, Қожаберген сардардың тарихи портретін сипаттауға ұмтылыстар жасалды. Қожаберген батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметі объективті және дәлелді тарихи деректер қоры арқылы сипатталуы тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Батыр дегеніміз – халқын аман сақтап қалу жолында ажалмен бетпе-бет келіп, елсүйгіштік қасиетімен ел-жұртқа танылған тұлға. Ол жойқын шайқастарда халқының мәртебесін үстем етеді. Осылайша, есімімен және ерлігімен халықтың рухани жадында сақталып, заңғар тұлғасы ел азаттығымен

асқақтай түскен Қожаберген батыр Жәнібекұлының тарихтағы орнын тың деректер мен зерттеулер арқылы ғылыми негіздеу – бүгінгі отандық ғылым алдындағы өзекті міндет.

Осындай көрнекті тарихи тұлғалардың бірі – ел басына ауыр күн туған аласапыран ауыр замандарда елін жаудан қорғаған, жауға қарсы күресті ұйымдастырған қолбасшы әрі батыр Қожаберген Жәнібекұлы. Мәселені осы тұрғыдан қарастырғанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылдың 5 қаңтарындағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында *«Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс*» [2] деген тұжырымы өте орынды айтылған. Мемлекет басшысы айтып өткендей, қазақ халқының бүгінгі тәуелсіздігі жолында күрескен біртуар тұлғалардың қатарында Қожаберген батыр Жәнібекұлы да бар. «Жаңа Қазақстанды» құрудағы еліміздің геосаяси жағдайы мен әскери әлеуетін күшейтудегі сардарлардың рөлі тұрғысынан алғанда тақырыпты зерттеудің маңызы зор. Қазақ батырлары – шекаралық буферлік аймақтың менеджері, дипломатиялық делдал, Цин экспансиясына қарсы шекара қорғаушы, шекаралық дипломаттар, экономикалық бақылаушы, шекаралық коалиция құрушы ретіндегі қызметтерін Қожаберген батыр мысалында талдау Қазақстанның қазіргі геосаяси жағдайына баға беру, Қазақстанның сыртқы саясаты мәселелерін қарастыруда зерттеудің маңыздылығы арта түседі.

Зерттеу жұмысы Ұлы Даланың ұлы есімдерін жаңғырту, тарихи сананы қалыптастыру, батырдың Жоңғария, Ресей және Цин империясы қарым-қатынастарындағы әскери-дипломатиялық қызметіндегі ұтымды айла-тәсілдерін қазіргі саяси-дипломатиялық жағдайда қолдану тұрғысынан да тақырыптың өзектілігін дәйектейді.

Қазіргі жаһандану процесінің қарқынды жүруі мен геосаяси ахуалдың күрделенуіне орай тарихи-саяси қайшылықтардың көбеюіне байланысты территориялық тұтастықты сақтау мен шегара қауіпсіздігі мәселесін қарастырғанда бұл зерттеу жұмысының тарихи-танымдық маңызы айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда ұрпақтары батыр бабаларының есімін ел есінде сақтау мақсатында үгіт-насихат шараларын (республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру, көрме, жыр мүшәйраларын өткізу, ас беру рәсімі, батырдың зиратына ескерткіш тас орнату, жас ғалымдарды қолдау мақсатында шәкіртақы тағайындау т.б.) ұйымдастырып келеді. Дегенмен Қожаберген батырдың ерлік жолына ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу жүргізілмегендіктен, тұлғаның өмірі мен қызметін айғақтайтын арнайы зерттеу жұмысы жоқ. Осы тұрғыдан алғанда да, диссертациялық жұмыстың маңыздылығы арта түседі.

Осылайша, жоғарыда айтылған мәселелердің өзектілігі дау тудырмайды.

Қазақ хандығы Абылай ханның билігі тұсында, яғни XVIII ғасырдың екінші жартысында ірі тарихи-саяси оқиғалармен хатталды. Ол сол кезеңдегі халықаралық тарих сахнасындағы екі алып империя – Цин империясы мен

Ресей империясы тоғысында қазақ хандығының азаттығы мен бейбіт өмірін сақтап қалды. Қазақ халқының тарихи тағдыры мен елдігі сынға түскен аумалы-төкпелі заманда Абылай ханның жанынан табылғандардың бірі – оның сенімді серігі, батыр сардары, керей тайпасынан шыққан тарихи тұлға Қожаберген еді. Бұл тарихи кезеңде қазақтың хандары мен батырлары Цин билеушілерімен қатар, Жоңғарияның ақсүйектерімен де тығыз қарым-қатынас орнатты. Осындай байланыстардың көрінісі тек жаугершілік әрекеттерден бөлек, достық-дипломатиялық, онымен қоса тіпті әріптестік байланыстармен жалғасты. Бұл дегеніміз, XVIII ғасырдағы қазақтың ең беделді тұлғасы Абылай мен оның қарамағындағы Қожаберген сияқты батырлармен үзеңгілес қазақ сұлтандары мен батырларының Цин империясының беделді дипломат-шенеуніктерімен, жоңғар нояндарымен арасындағы саяси-дипломатиялық, әскери және сауда байланыстарын қарастыру – зерттеу нысанына алынып отырған Қожаберген батырдың әскери-саяси қызметін анықтауға зор мүмкіндік туғызады дегенді білдіреді. Сондай-ақ сол алмағайып ауыр кезеңде қазақтың шығыс шегарасын жаудан қорғаудағы Қожаберген батырдың ерлігі мен дипломатиялық айла-әрекеттерін зерттеудің маңыздылығын салмақтайды. Алайда отандық тарихнамада Қожаберген Жәнібекұлының тарихтағы орнын айшықтар ғылыми әдебиеттер мен зерттеулердің тапшылығы аталған тұлғаны зерттеуге қолбайлау болып келді. Қазіргі кезде қолжетімді болған ғылыми айналымдағы деректерді және басқа да мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қазақ хан-сұлтандары мен батырларының жоңғар нояндарымен және қытай билеушілерімен XVIII ғасырдағы қарым-қатынасын сипаттап берудің өзектілігі басым орынға шыға бастады. Сол заманда қазақтың хандары мен батырлары Қытай билеушілерімен қатар, Жоңғария ақсүйектерімен де арасында тығыз қарым-қатынастар орнатқан. Бұл байланыстардың көрінісі тек жаугершілік әрекеттерден бөлек, достық-дипломатиялық, онымен қоса тіпті әріптестік байланыстармен жалғасты. Бұл дегеніміз, XVIII ғасырдағы ең беделді тұлға Абылай мен оның қарамағындағы Қожаберген қатарлы батырлармен үзеңгілес қазақ сұлтандары мен батырларының Цин империясының беделді дипломат-шенеуніктерімен, жоңғар нояндарымен арасындағы саяси-дипломатиялық, әскери және сауда байланыстарын қарастыру Қожаберген батырдың әскери-саяси қызметін анықтауға зор мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ сол алмағайып ауыр кезеңде қазақтың шығыстағы шегарасын жаудан қорғаудағы Қожаберген батырдың ерлігі мен дипломатиялық айла-әрекеттерін зерттеудің маңыздылығын салмақтайды.

Қожаберген батырдай тұлғаға деңгейлес тарихи тұлғалардың өмірін, саяси-дипломатиялық қызметін, қайраткерлік келбетін тарихи тұрғыдан зерттеу – қазіргі таңның кезек күттірмейтін жұмысы. Қожаберген батыр туралы кешенді түрде зерттеліп, тың деректермен толықтырылған еңбектің жоқтығы, ғылыми зерттеу жұмыстарының мардымсыздығы, көпшілікке батыр есімінің лайықты тұрғыда ұлықталмауы тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.

Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмір тарихы мен әскери-дипломатиялық қызметінің кейбір қырларын зерттеу қазақ тарихындағы бірқатар өзекті мәселелердің түйінін тарқатуға жол ашады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Бүгінгі тарих ғылымында Қожаберген батырдың есімі лайықты тұғырынан орын алды деп айта алмаймыз. Осы күнге дейін батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі жайында ғылыми еңбектер саусақпен санарлықтай. Батыр туралы бұқаралық ақпарат құралдарында рухани-көпшілік мақалалар мен тарихи-танымдық кітаптар жарық көргенімен, арнайы кешенді түрдегі ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Оның себебі, біріншіден, отандық тарих ғылымында бұл тақырыпқа қызығушы ғалымдардың осы уақытқа дейін табылмауы, екіншіден, батыр туралы деректер қоры мен материалдардың іздестірілмеуі мен зерттелмеуі деп түсінуге болады.

Батыр Қожаберген Жәнібекұлының әскери-дипломатиялық қызметі өзі өмір сүрген кезден бастап хатталып, архив қорларына жинақтала бастаған. Кез келген тұлғаның тарихы сол кезеңмен тікелей байланысты. Сол себепті де Қожаберген батырдың тарихтағы тұлғалық келбеті мен рөлін зерттеу, оның іргелес елдермен соғыс өнері мен дипломатиялық-сауда байланыстарындағы қызметі терең зерттеуді талап ететін тақырыптар қатарына жатқызылады.

Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі тақырыбы жөніндегі алғашқы тарихи фактілерді XIX ғасырдың орта шенінде жазылған орыс елшілерінің жазба деректерінен кезіктіре аламыз. 1917 жылғы төңкеріске дейінгі кезеңде Ресей империясының қитұрқы саясаты салдарынан қазақ даласын зерттеуге жіберілген орыс тарихшылары мен саяхатшылары Г.Н. Потанин [3], В. Вельяминов-Зернов [4], Н.А. Аристов [5], В.Н. Витевский [6] сынды зерттеушілердің еңбектерінде батыр туралы деректер үстірт айтылса да, дегенмен кейбір мағлұматтар бар. Әрине, бұл зерттеушілер еңбектерінде Қожаберген батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін негізгі зерттеу нысанына алмаған, дегенмен батырдың шығу тегі мен оның әскерінің көші-қон маршруттары жөнінде айтылған. 1896–1903 жж. ұйымдастырылған қазақ далалық өлкелерін зерттеуге бағытталған Ю.А.Щербинаның экспедиция материалдары негізіндегі Семей облысы Өскемен уезін мекен еткен рулар тарихы бойынша 9 томда [7] керей тайпаларының бірқатары туралы ақпарат берілген. Алайда, Ю.А. Щербина жазбаларында меркіт, жастабан, жәдік, итемген және жантекей руларының географиялық мекен ету мәселелеріне тоқталып, шұбарайғыр руы туралы мәлімет қалдырмаған.

Кеңес өкіметі тұсында бұл тақырып мүлде зерттелген жоқ, себебі ондай әрекеттер «ұлтшылдық» деп айыпталуға негіз болар еді. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Қожаберген батырдың тұлғалық қасиеттерін қарастыруға бетбұрыс жасалды. Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста қазақ халқының біршама тарихи тұлғалары зерттеу нысанына алынып, бірнеше еңбек жарық көргенімен, батыр Қожаберген ғалымдар назарына іліне қоймады. Бір айта кетерлігі, Қожабергеннің образы халық жадында тек батыр бейнесінде ғана емес, сонымен бірге ол интеллектісі мен кемел ойы, қаһармандығы мен өжеттігі бар сардар ретінде сақталды. Оның өміріндегі барша оқиға бізге анық-қанығымен белгілі емес, батырдың өмірі мен қызметінің беймәлім тұстары өте көп [24, б. 204].

Отандық ғалымдардың ішінен Қожаберген батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметіне арналған алғашқы ғылыми зерттеуді ғалым Б.Еженханұлы қолға алды. Қожаберген батыр Жәнібекұлы жайында ғылыми қауымға жол тартқан негізгі де алғашқы ғылыми еңбек – Б. Еженханұлының 1756–1767 жылдардағы мәнжу-қытай архив деректері негізінде жазылған «Қожаберген батыр» [8] атты монографиясы. Ғалым бұл еңбегінде 1756–1767 жылдар аралығын қамтитын мәнжу-қытай тілдеріндегі құжаттарды түпнұсқасынан алғашқылардың бірі болып қазақ тіліне аударған. Профессор Б.Еженхан XVIII ғасырдың 50–60-шы жылдарындағы қытай-мәнжу тіліндегі 70 құжат енгізілген еңбектің құндылығы өте жоғары. Себебі, автор Қазақ-Цин қарым-қатынастарындағы Қожаберген батырдың әскери-диплломатиялық және сауда байланыстарындағы рөлін ашуға бағытталған құжаттарды ғылыми айналымға ұсынған. XVIII ғасырдағы қазақтың хас батырының тұлғасы мен қайраткерлік келбетін зерделеуге осы құжаттар біршама мүмкіндіктерге жол ашты. Ғалым Б. Еженханұлының батыр жайында мәнжу-қытай тіліндегі құжаттарды қазақшаға аударып, ғалымдар назарына ұсынуы – тарихтағы тұғырлы орнын әлі күнге дейін ала алмай келе жатқан көрнекті тұлғаның танылуына жасалған үлкен қадам. Осы тұрғыдан қарастырғанда да, бұл құжаттық материалдарға тарихи талдау жасап, ғылыми айналымға енгізу ендігі міндет саналады.

Тақырыпты зерттеуде XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-қытай байланыстарына қатысты мәнжу-қытай тіліндегі құнды материалдарды ғылыми қауым назарына ұсынған ғалым Б. Еженханұлының «Абылай хан дәуіріндегі Қазақ–Цин қарым-қатынастары» [9] атты кітабын ерекше атап өтуге тиіспіз. Кітапта Қазақ елі мен Цин империясы арасындағы жер дауы мәселелері, басқа да сауда-экономикалық және дипломатиялық мәселелер де тарқатылады. Зерттеу нысанына алынып отырған Қожаберген батырдың иелігінің Арқадағы мекені мен олардың шығысқа оралуын Бейжіңдегі Бірінші тарихи архивте сақталған құжаттар негізінде талдау жүргізген. Ғалымның пікіріне сүйенсек, Қытайдың Бірінші тарихи архивінде Қазақ елінің тарихына қатысы бар 7 мыңнан аса құжат сақталған.

Келесі бір ғылыми құндылығы жоғары еңбек – XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақ хандығынын дипломатиясы, халықаралық қатынастар тоғысындағы қазақ мемлекеттілігі, территориялық тұтастығы мен ұлттық бірлігі жолында күрескен қазақ даласындағы есімі еленбей келген билеуші-батырлардың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін сипаттаған К.Ш. Хафизованың «Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках» [10] атты монографиясы. Автор кітаптың көлемді бір тарауын тақырыпқа арнаған. Ғалым Қожаберген батырдың қытай қазақтары арасында беделіне қатысты ойларын жазған. «Қожаберген» есімі қытай қазақтары арасында танымал тұлға болғаны, Қожаберген және Бердіқожа батырлардың Цин әскерімен шайқастарда Абылайдың шығыс қанатындағы жасақтарды басқарды» деген ақпаратты алға тартады.

Қазақ–Цин қарым-қатынастарын зерттеген ғалым К.Ш. Хафизова Қожаберген батырдың қытайлармен 1756 жылдың шілде-тамыз аралығында

бірнеше шайқасқа кіргендігін «Казахская стратегия Цинской империи» атты монографиялық еңбегінде нақты келтіреді. Ғалымның жазуынша, Ярла (Ұржар) елді мекенінде Абылай мен Қожабергеннің жасағы сайға бекініп, қытайларға торуыл құрады, бірақ қақпанға өздері түседі. Қытайлар сайды жан-жағынан қоршап алған. Олардың мәліметінше, 3 000 қазақтың 570-і қаза тауып, 11-і тұтқындалған екен. Қазақтар кейін шегініп, қытай әскері оларды Нұра өзеніне дейін қуып барған, Қожаберген батырдың бірнеше адамы тұтқынға түскен [11, б. 25-26].

Қожаберген батырдың Қытай мен Ресей деген екі алпауыт империяға қарсы күрестегі батырлығын сипаттайтын еңбек – А.У. Тоқтабай мен С.М. Борбасовтың бірлескен авторлығындағы «Қожаберген батыр Жәнібекұлы» монографиясы [12]. Батырдың өмір жолы мен мемлекеттік қызметіне арналған кітапта тақырып аясындағы жарияланған деректер, көркем әдебиеттер мен фольклорлық материалдар пайдаланылғанымен, батырдың әскери-дипломатиялық қызметі туралы ғылыми әдебиеттер мен жаңа деректік материалдардағы тарихи фактілер дәлелсіз берілген.

Батыр туралы жинақтаған материалдарымыздың бір тобын нарративті ауызша деректер кешені құрады. Бұл деректердің негізгісі батырдың өмірі мен шығу тегі туралы фактілерді қамтитын араб графикасындағы қазақ әліпбиі қарпінде жазылған Абақ керей шұбарайғыр руы шежіресі [13].

Қожаберген батыр туралы ауызша деректердің бір жинағы – батырдың шығу тегіне қатысты оның барша ұрпақтарынан жинақталған, ауызша сыр толғаған сұхбаттар мен жыр-шежірелерді жинақтаған Р. Зұрғанбайұлының 1996 жылы Өлгей қаласында баспаланған «Шұбарайғыр Қожаберген батыр» [14] жинағы. Жинақта көнекөз қариялардың естеліктері мен әңгіме-сұхбаттары ешбір өзгеріссіз берілген. Р. Зұрғанбайұлы «... Жәнібекұлы Қожаберген деген қаһарман сардар XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың жетпісінші жылдары аралығында өмір сүрген. Есіл, Тобыл өзендерінен Қытайдың Ұлы қорғаны Тибеттен Алтай таулары аралығында тұлпарының ізі қалған, өмірі жортуыл-жорықта өткен, ақтық демі таусылғанша қолынан қаратамақ найзасын түсірмеген тарихи тұлға болған», – деп, батыр туралы өзіндік ой қорытады.

Абақ керей тайпасының шежіресін тарқатқан Қ. Жанәбіл кітабында Қожаберген Орта жүздің керей тайпасының ішіндегі абақ керей деп аталатын үлкен тармағының шұбарайғыр деп аталатын руынан екендігін айтып, батырдың ұрпақтарының мекен ету аумақтарына тоқталған [15].

Қожаберген батыр туралы өлкетанушылар мен шежірешілер де қалам тартқан. Мысалы, көрнекті тұлға жайында тарихи ізденістерге ұмтылыс жасалған еңбектер қатарында өлкетанушы, журналист Д. Баймолданың «Қожаберген батыр Жәнібекұлы» [16] атты тарихи-танымдық кітабы бар. Кітапта автор батыр бабасы Қожаберген Жәнібекұлының шығу тегі мен шежіресін тарқатып, ұрпақтарының байырғы тарихынан бүгінгі күнге дейінгі өмірінен сыр шертеді. Дегенмен автор Қожаберген батырдың шығу тегі мен бүгінгі ұрпақтарына көбірек назар аударып, оның әскери-дипломатиялық қызметіне жалпылама сипаттама жасаумен шектелген. Өлкедегі шежірешілер қатарынан Моңғолияның Ховда бетіндегі Абақ керей, шұбарайғыр руының

тарихи шежіресін жинақтаған Маусым Оңғардың «Біз Жүзікпіз» атты [17] шежіре кітабының Қожаберген батырдың шығу тегін тарқатуда маңызы айтарлықтай. Дегенмен шежіреші М. Оңғардың бұл еңбегі ел аузындағы шежіре-аңыздарға көбірек сүйеніп жазылған.

Тақырып тарихнамасының аз ғана бөлігін көпшілік-танымдық мерзімді баспасөз материалдары кешені құрайды. Бұл жарияланымдар – тарихшылардың емес, көбінде өлкетанушы немесе журналистердің жазған қысқа да шағын көлемді ақпараттық мақалалары. Демек, осыдан кейін біз Қожаберген батырды қазіргі тәуелсіздік таңында қаншалықты ұлықтап жүргеніміздің көрсеткіші айқындалатыны хақ. Батыр туралы ауқымды, ғылыми негіздегі мақалалардың жұтаңдығы зерттеу аясын кеңейтуді қажет етеді. Дегенмен Қожаберген батыр туралы азды-көпті ғылыми мақалалар тобын ғалымдар А.У. Тоқтабайдың, Б.Еженханұлының, З.Е. Қабылдиновтің, Ж. Артықбаевтың, Б. Аяғанның батырдың ғұмыр жолы мен әскери-дипломатиялық қызметі туралы мақалалары құрайды. Аталған авторлардың батыр туралы баяндамалары Қожаберген батыр Жәнібекұлының туғанына 320 жыл толуына арналған Халықаралық «Ұлы дала батырлары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағына енген [18]. Осылайша, бұл мақалаларды кешенді түрде қарастыру зерттеу жұмысымыздың аясын кеңейтуге біршама серпін берді. Сонымен қатар Ж. Ошан, С.М. Борбасов, А.А. Оралова сынды ғалымдардың бірлескен авторлығындағы «Хан Абылай, нойон Амурсана и Кожаберген батыр (1750–1757 гг.)» деген көлемді мақаласында [19] Қожаберген батыр мен Әмірсана арасындағы қарым-қатынастардың тамыры тым әріден басталғанын, алайда бұл қатынастар XVIII ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап аймақта қалыптасқан күрделі саяси және әскери жағдайға байланысты өзгерістерін ғылыми тұрғыда негіздеген.

Қожаберген батырдың халықаралық қатынастардағы қызметі, батырдың ата-тек шежіресі, қазақ даласының шығыс шегараларындағы фронтирлік аймақтарды жаудан қорғаудағы батырдың әскери-мәмілегерлік қызметі, бұрын-соңды зерттеушілер назарынан тыс қалған қазақ-орыс байланыстарындағы Қожаберген Жәнібекұлының мемлекеттік қызметі туралы А.А. Оралованың бірқатар арнайы зерттеу мақалалары диссертациялық жұмыстың мазмұнын ашуға серпін берді. Атап айтар болсақ, зерттеуші А. Оралованың «The Internal and Foreign Policy of Khan Tauke» [20] атты зерттеу мақаласында көшпелі шабуылдарға түрлі этносаяси топтардың өкілдерінен қазақтармен қатар башқұрттар мен жоңғарлар қатысқандығы айтылады. Осы тұрғыдан мәселені қарастырғанда, бұл халықтардың бірлескен әрекеттерін тарихи дереккөздер растап отырғандығы дәлелденеді. Тақырыпты зерттеу барысында алдағы тарауларда Қожаберген батырдың башқұрт және жоңғар ханзадаларымен етене тығыз байланыстары тарихи деректер негізінде тарқатылып айтылады. Автор «Қожаберген батыр Жәнібекұлының халықаралық қатынастар тоғысындағы тұлғалық келбеті (XVIII ғ. 2-ші жарт.)» [21], «Қожаберген батыр және қазақ даласының шығыс шекарасы» [22], «Қожаберген сардардың шығу тегі мен күрескерлік келбеті туралы кейбір деректер» [23], «Қазақ–орыс байланыстарындағы Қожаберген батыр» [24], «Қазақ батырларының әскери-

дипломатиялық қызметі: Қожаберген батыр Жәнібекұлы» [25], «The Historical Role of Kozhabergen batyr in the eastern frontier policy of the Kazakh Khanate» [26] қатарлы зерттеу еңбектерінде батырдың тұлғалық келбеті мен оның қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы мемлекеттік қызметін нақты деректер мен зерттеулер арқылы ғылыми дәйектеуге арнаған.

Шетелдік зерттеушілер қатарында жапондық ғалымдар J. Noda T. Onumaның [27], моңғол тарихшысы Ч. Далайдың [28], Туркия елінің тарихшысы Екрем Калан [29] еңбектерінен Қожаберген батырдың қытай әскерімен кескілескен ұрыстағы ерлігі мен жоңғар батыры Әмірсанамен қарым-қатынастарындағы ерекшеліктері туралы тарихи деректер кездеседі.

Қожаберген батырдың жоңғар ханзадасы Әмірсанамен бірлесе шүршіттерге қарсы соғысын В.С. Кузнецов «Амурсана» [30] кітабында баяндайды. Бұл туындыда XVIII ғасырдағы ірі саяси тұлғаның бірі әрі жоңғар батыры Әмірсананың өмірі мен оның тарихи оқиғалар тоғысындағы рөлі сипатталады.

Қожаберген батыр туралы қысқаша ғана мәлімет «Қазақстан тарихы» энциклопедиясында кездеседі. Дегенмен бұл еңбекте Қожаберген батыр туралы ақпарат өте қысқа түрде берілген [31], батырдың тарихи портреті толық ашылмаған.

XIX ғасырда Ресей патшалығы құрамында болған халықтардың тұрмыс тіршілігі мен саяси-мәдени хал-ахуалын жан-жақты сипаттап жазған А.И. Левшиннің еңбегі зерттеуде кеңінен қолданыс тапты. Орта жүз Абақ керей тайпасының географиялық орналасу аймағы жайында мағлұмат берген автор [32] батырдың шығу тегі туралы деректерді талдауда құнды саналады.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында қазақ халқының шығуы жөніндегі мәселеге тоқталған И.И. Крафт қырғыздардың далалық аймақтарындағы қырғыздарды басқару туралы еңбегінде абақ керей ұрпақтары шежіресін тарқатады [33].

Қожаберген батыр Жәнібекұлының шыққан тегі керей тайпасы шежіресі, сондай-ақ абақ керейлердің орналасу аумағы мен саны туралы мәлімет М.С.Мұқановтың этнографиялық еңбегінде [34] берілген.

XVIII ғасырдағы қазақ даласындағы көрнекті тарихи тұлғалардың қатарынан Абылай, Сұлтанмәмет, Әбілпейіз сынды қазақ хан-сұлтандарының рөлін қарастырып, Қожаберген батырдың қазақ сұлтандарымен және батырларымен ара қатынастары ерекшеліктерін анықтауда тарихшы З.Е. Қабылдиновтің «Султанмамет: государственный деятель, дипломат и батыр» [35], ал батырдың қазақ–орыс қатынастарындағы әскери-дипломатиялық қызметін зерделеуде «Абылай и Россия» [36] атты еңбегіндегі тарихи қорытындылар ықпал етті.

Қазақ–жоңғар арасындағы бір жарым ғасырға жуық жалғасқан күресті, қазақ–қытай халықтарының сол замандардағы өзара қарым-қатынастарын тереңдетіп талдамай, мазмұнын ашпай біз сол дәуірдің біртуар тұлғасы бола білген Қожаберген батырдың тарихи келбетін сипаттай алмаймыз. Сол себепті зерттеу еңбегінде Қожаберген батыр ғұмыр кешкен дәуірдің шынайы бейнесін баяндауға мүмкіндік беретін құнды мағлұматтар кешені Ш.Ш. Уәлиханов [37],

М. Тынышпаев [38], Е.Б. Бекмаханов [39], С.Д. Асфендияров [40], Ж. Қасымбаевтың [41], С.А. Едилхановаңың [42], Р.Б. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтің [43], И.Я. Златкиннің [44], К.Ш. Хафизованың [45] зерттеулерімен толыға түседі.

Ресейлік зерттеушілерден П.И. Рычков [46], И.Г. Георги [47], П.С. Паллас[48], Г.И. Спаский [49], И. Фальк [50], И.Г. Андреев [51] еңбектерін қарастыру Қожаберген батыр ғұмыр кешкен дәуірдегі Қазақ хандығы аумағындағы қазақтардың шаруашылығы мен мәдениеті, өмір тіршілігіндегі ерекшеліктер туралы мәліметтерді қалдырды. Қазақ тарихындағы Қожаберген қатарлы батырлардың далалық әскер өнеріндегі ерекшеліктері мен маңызы жайында түсініктер қалыптастыруға ықпал етті.

Қазақ хандығы құрылу кезеңінен бастап хандықтың жалпы тарихындағы аса маңызды және күрделі мәселелерді қарастыруда Б.Е. Кәрібаевтың [52] XVIII–XX ғғ. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы қарым-қатынастарын тереңірек түсінуде Н. Мұқаметханұлының [53] еңбектері тақырыпты кеңінен түсінуге мүмкіндік берді.

Тақырыпты толыққанды дәрежеде игеруге қызығушылықтың артуына орай, «Қазақ батырлары және батырлар институты» тақырыптарына қатысты кандидаттық және докторлық диссертацияларды парақтап, ұлт тарихындағы батырлардың рөліне шынайы баға берілгендігіне көз жеткіздік. Осыған орай, зерттеу жұмысында Ж.А. Исмурзиннің [54], М.Қ. Дауытбекованың [55], Г. Қайырғалиеваның [56] қазақ қоғамындағы батырлар институтының рөлі тақырыптары аясында қорғалған диссертациялық еңбектерін қарастыру тақырыпқа кешенді түрде баға беруге мүмкіндік туғызды. Жоғарыда аталған авторлар диссертациялық зерттеу жұмыстарында қазақ батырларының еркіндік жолындағы жанкешті күресін, жауынгерлік ерлігі мен әскери-соғыс мәселелерін тарқатып жазған.

Сонымен, жоғарыда талданған қысқаша тарихнамалық шолудың өзі Қожаберген батыр Жәнібекұлының ғұмыры мен мемлекеттік қызметі кешенді түрде зерттелмегендігін айқындап отыр. Дегенмен бұл зерттеулер тақырыпты барлық қырынан ашып бере алмайды. Қазақ халқының жоңғарлармен және Цин империясымен қарым-қатынастарында әскери-дипломатиялық қызметімен көзге түскен Қожаберген батырдың өмірі мен қызметі тақырыбы ізденуші-ғалымдар тарапынан диссертациялық жұмыс ретінде тікелей зерттеу объектісіне алынбаған. Тарих ғылымында қазақ халқының хас батыры Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен қызметі тақырыбы арнайы зерттелмеген.

Зерттеу тақырыбына жасалған тарихнамалық шолу батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметіне қазіргі таңда ерекше қызығушылық туғызатын, ғылыми сұранысқа ие мәселе екендігін айғақтады. Бұл диссертациялық жұмыс қожабергентануға түйірдей болса да үлес қосу мақсатында жазылды.

Жұмыстың деректік негізі. Зерттеу жұмысының деректік қорын шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастыруымызға болады.

1. Жазбаша тарихи деректер:

- Цин империясының шекаралық басқаруға қатысты архив құжаттары;
- Ресей дипломатиялық хат алмасулары;
- Жергілікті жазба деректер.
2. Жарияланған құжаттық жинақтар:
- XVIII ғасырға қатысты архив құжаттары мен материалдарының топтамалары.
3. Ауызша деректер:
- Эпикалық поэзия (жыраулар дәстүрі);
- Шежірелер;
- Халық аңыздары мен ертегілер.

Тақырыптың деректік қорын осылайша жүйелеу бізге зерттеуде ғылыми маңызды нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді деп есептейміз.

Тақырыпқа байланысты д*еректердің алғашқы тобын* Омбы облыстық мемлекеттік архиві, Орынбор облысының мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Ресей империясы сыртқы саясатының архиві, Пекин бірінші тарихи архиві қоймаларындағы мәнжу-қытай тіліндегі ғылыми құндылығы жоғары материалдар құрайды.

Тақырыптың деректік қоры мәселесі туралы айтқанда, ғылыми құндылығы жоғары жарияланған құжаттар жинақтарын атап өтпеуге болмайды. Бұл жинақтардан қазақ хандары хаттарын, іргелес елдердің билеушілері мен әскери қолбасшыларының хаттарын, баянхаттарын кездестіруге болады. Дегенмен, бұл құжаттарды талдауда идеология мәселесін ұмытпауымыз жөн. Мәселен, мәнжу тіліндегі құжаттарға тарихи талдау жүргізу бұл дерек материалдарында қытайлық өктемдік идеологиясы көрініс табатындығы байқалады. Осылайша, *дерек материалдарының екінші тобына* жарияланған құжаттық жинақтарды енгіземіз. Олардың қатарында Б. Еженханұлының 1756–1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде құрастырылған «Қожаберген батыр» атты құжаттар жинағы [8], Омбы облысының тарихи архиві мен Орынбор облыстық мемлекеттік архиві қорларынан алынған материал негізінде жарияланған «Султаны и батыры Среднего жуза (вторая половина XVIII в.)» [57], К.Ш. Хафизова, В.А. Моисеев қатарлы зерттеушілердің құрастыруымен «Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX вв.» [58] құжаттар жинағы, Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I том [59], Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттарының II томы [60], Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I том [61], Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, II том [62], З.Тайшыбайдың «Қазақтың ханы – Абылай: дәуірі, өмірі мен қызметі», 1-том [63] «Қазақтың ханы – Абылай: дәуірі, өмірі мен қызметі», 2-том [64], Ресей және Цин патшалықтары әкімшілігі шенеуніктерінің күнделіктері, есептері, баянхаттары және басқа құжаттар көрініс тапқан «Казахско-русские отношения в XVIII–XIX (1771–1867) // Сборник документов и материалов [65], 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар [66], И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаевтың «История

Казахстана в русских источниках XVI–XX веков» [67] қатарлы тарихи құжаттар жинағы зерттеу тақырыбының мәні мен мағынасын терең зерттеуге септігін тигізді.

Қожаберген батыр және оның дәуірі туралы Қытай деректері кешені сақталған, деректердің қамтыған мазмұны да өте ауқымды. Аталған деректерді игеру Қожаберген батырдың тұлғалық келбетін зерттеуге, сонымен қатар XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы тарихын, Қазақ хандығының көршілерімен түрлі қарым-қатынастарын, Қазақстанда, Орта Азия елдерінде және Ресей мен Қытайда болған тарихи мәні бар келелі оқиғаларды зерттеуде аса құнды.

Деректер негізінің үшінші тобын жарияланған ауызша деректер кешені құрайды. Жәнібекұлы Қожаберген батырдың шығу тегіне қатысты оның ұрпақтарынан жинақталған, ауызша сыр толғаған сұхбаттар мен жыр-шежірелерді жинақтаған Р. Зұрғанбайұлының «Шұбарайғыр Қожаберген батыр» [17] атты еңбегі, О. Маусымұлының «Біз жүзікпіз» еңбектерінен [14], сонымен қатар батырдың Моңғолия, Қытай және Қазақстан жерінде тұратын ұрпақтарынан алынған сұхбаттар мен сауалнамалардан да Қожаберген батырдың өмірбаяны мен әскери-дипломатиялық қызметіне қатысты мәліметтер жиналды. О. Маусымұлы Қожаберген батыр туралы: «Ел аузындағы аңыз әңгіме, тарихи дерек, құжаттарды сараптай келе Қожаберген батыр бабама берер бағам: 1. Қожаберген – Абылай жасағының белді батырының бірі, беделді ел ағасы. 2. Қожаберген – қазақ–қалмақ және қазақ–шүршіт соғысы заманында Орта жүз керейдің жасағын басқарған әскери қолбасшы, ту ұстап, тұлпар мінген батыр. 3. Кіші керей шұбарайғыр еліне аты ұран болған, рух әруағына ел сыйынған ел ағасы, киелі адам. 4. Қазақ хандығының шығыс және оңтүстік-шығыс шегарасын қытай басқыншыларынан қорғаған қолбасшы. 5. Қазақ елінің экономикасын көтеріп, жағдайын жақсарту үшін Қытаймен «жылқыға–жібек» саудасын жасап, Қытай патшалығымен келісімге келген саяси дипломат» деп баға береді.

Мысалы, батырдың жерлесі, ғалым А.У. Тоқтабай батыр туралы естілігінде: «Қожаберген туралы бала кезімде естігендерім, Зайсаннан Өскеменге және Алматыға бару үшін Жалғызтөбе станциясына автобуспен қатынаймыз. Көкпектіден өте бергенде Байбура бекеті бар. Байбурада боран соққанда (кейде 2-3 күн қатар болады), жердің бәрі алай-дүлей болып, алдыңда тұрған адамды көре алмайсың, екі жақтан да мәшинелер үйіліп қалады. Жолды қанша тазалағанымен, боран толастамай алға жылжу жоқ. Сонда үлкендер айтушы еді: «Бұл жерде Қожаберген батырдың ұлы Байбураның моласы бар, жанынан жол түсті, соған назаланған Қожекеңнің ашуы», – деп әңгімелейді [18, б. 15]. Осы тұрғыдан қарастырғанда, есімі ұрпақтан ұрпаққа айтылып келе жатқан батырдың киелі адам болғандығын жоққа шығара алмаймыз.

Тақырыптың деректік негіздерін қарастыру нәтижесінде бірқатар қорытындылар жасадық: Біріншіден, жазба деректерді мұқият талдау барысы императорлық әскери шенділер мен шенеуніктер жасаған құжаттардың шынайылығы әлсіз екендігін көрсетіп, көшпенділердің нақты іс-әрекеттері авторлардың өздерінің түсініктеріне қарай бұрмаланып берілген деген тұжырымға әкелді.

Зерттеу жұмысының деректік негіздері диссертация жұмысының бірінші тарауында егжей-тегжейлі талданады.

Зерттеу нысаны: Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмір тарихы мен тұлғалық келбетіне, әскери-дипломатиялық қызметіне тарихи тұрғыдан баға беру. Қазақ тарихындағы көрнекті тұлға Қожаберген батырдың өмірі мен қайраткерлік қызметі туралы объективті де сенімді тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізіп, тұлғаның өмір сүрген кезеңіндегі тарихи оқиғалардың шынайы келбетіне тереңірек үңілу.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері таңдап алынған тақырыптың өзектілігі мен мәселенің зерттелу деңгейі арқылы айшықталды. Жұмыстың басты мақсаты – Цин империясының аумақтық талап-ниеттері мен әскери қысымына қарсы күресте шекаралық жайылымдарды қорғап, даулы шекара аймақтарын бақылауда, Жоңғар мемлекеті құлағаннан кейінгі кезеңде Цин империясының аумақтық экспансиясына және гарнизондар орнатуына қарсы Тарбағатай шекара өңірін қорғаудағы қазақ батырларының рөлін Қожаберген батырдың әскери-дипломатиялық қызметі мысалында анықтау болып табылады.

Қожаберген Жәнібекұлының өз дәуірінде ерен бейнесімен есте қалған, туған халқын сыртқы жаудың үстемдігінен, езгісінен сақтап қалу жолында сұрапыл шайқастарға қатысқан батыр Қожаберген Жәнібекұлының тұлғасын сипаттау.

Сол замандардағы қазақ халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңдердің ақиқаты мен шынайы бейнесін сипаттау. Диссертациялық жұмыстың мақсатын жүзеге асыру барысында мынадай негізгі міндеттер қойылды:

- Қожаберген батырға қатысты зерттеу жұмыстарына тарихнамалық талдау жүргізу арқылы зерттеу тақырыбына қатысты еңбектерді жүйелендіру;
- Қожаберген батырдың ата-тек шежіресін қарастыру, сондай-ақ оның батыр ретінде қалыптасуы кезеңдерін айқындау;
- Тарихи деректерде Қожаберген есімді бірнеше тарихи тұлғаның Қазақ елінің жер тұтастығы мен бірлігі жолындағы рөлдерінде ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындап, Қожаберген Жәнібекұлының ерлік жолын батырға қатысты деректер мен зерттеулер кешенін талдау нәтижесінде ғылыми-көпшілікке дәлелдеу;
- Қожаберген Жәнібекұлының XVIII ғ. 2-ші жартысында алып патшалықтар тоғысында жер тұтастығын қорғаған шегарашы, дипломат әрі ержүрек әскербасы ретінде қазақ тарихындағы көрнекті тұлға екендігін дәлелдеу;
- Тарбағатай өңірінің қазақ-цин қатынастарындағы шегаралық (фронтирлік) аймақ ретіндегі стратегиялық маңызын анықтау;
- Қожаберген батырдың қазақ-цин экономикалық мүдделер шегаралық стратегияға ықпалы, батырлар мен Цин патшалығы арасындағы қатынастарда сауданың рөлі, қазақ–цин экономикалық өзара тәуелділіктерін қадағалау мәселелерін қарастыру;

- Қазақ–жоңғар қарым-қатынасындағы Қожаберген батырдың рөліне баға беру;

- Қожаберген батырдың Абылай мен Әмірсана ханзадамен арадағы қарым-қатынасындағы рөлін саралау;

- Жоңғар хандығы жойылғаннан кейінгі қазақтардың шығысқа қайта қоныстануы, рулардың көші-қон үдерісін қарастыру және бұл тарихи оқиғағада Қожаберген батыр Жәнібекұлының қызметін айқындау;

- Қазақ–қытай қарым-қатынасында соғыс-мәмілегерлік мәселелердегі батырдың дипломатиялық қызметін баяндау;

- XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы мен Цин патшалығы сауда қатынасындағы «жылқыға–жібек» халықаралық саудасы мәселелерінде, Қожаберген батырдың сауданың қалыптасуы мен дамуында, соның ішінде сауда жәрмеңкелерін ашуда атқарған тарихи рөлін нақты деректер негізінде ашып көрсету;

- Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы тарихи оқиғалардағы Қожаберген сардардың қайраткерлік қырын айшықтау;

- Қожаберген батыр мен оның ұрпақтарының қазақтың тарихындағы орнын бағамдау.

Диссертацияны жазуда алға қойылған жоғарыдағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға ізденістер жасалды. Дегенмен бұл зерттеуде аталған барлық мәселе түбегейлі толық шешімін тапты дегенді білдірмейді. Аталған мәселелер одан әрі де терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде тарих ғылымындағы жаңа методологиялық ұстанымдар мен концепциялар басшылыққа алынды. Қожаберген батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметін қамтитын дереккөздер мен зерттеулерді хронологиялық кезеңге байланысты обьективті талдау негізге алынды.

Геосаяси үдерістер шекаралық аймақтарда тек империялық стратегия деңгейінде ғана емес, локалдық кейіпкерлердің әрекеті арқылы да іске асады. XVIII ғасырдың 2-жартысында қазақ-цин арасындағы жер дауы және сауда мәселелері аясында Тарбағатай өңірінде микрогеосаясаттың басты тұлғалары ретінде – батырлардың функциясы орасан зор маңызға ие бола алды. Қазақ батырлары сол заманда шегаралық әскери қорғанысты қамтамасыз етті, халықтың бірлігін тұрақтандырды, империялық билік өкілдерімен күрделі қатынаста маневр жасап отырды. Алайда батырлардың шегаралық геосаяси функцияларын қалай жүзеге асырғаны, олардың әрекеттерінің күштер теңгеріміне қалай ықпал еткені – әлі толық зерттелмеген. Бұл зерттеуде батырдың өмірін талдау негізінде микротарихи әдісті қолдану, қазақ батырларының, Қожаберген батыр мысалында шегаралық кеңістікте қандай стратегия қалыптастырғанын, империялық биліктер арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтағаны және автономды кеңістік құрудағы қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

Жинақталған дерек материалдарына кейс–стади (case study) әдісі арқылы талдау жүргізу XVIII ғасырдағы қазақ қоғамындағы батырлар институтының Тарбағатайда ерекше геосаяси аспектіде Цин және Қазақ хандықтары

шекаралық аймақтарында белсенді мемлекеттік қызмет атқарды деген кеңірек қорытындыға келуге септігін тигізді. Зерттеу материалына тарихи құжаттармен қатар ауызша тарих деректері – шежіре, жырлар, жер атаулары мен естеліктер енгізілді. Жұмысты жазуда кейс–стади әдісін қолдану Қожаберген батырдың шекаралық аймақта белсенді әскери және дипломатиялық рөл атқарған тұлға, Цин империясымен нақты жаугершілік және мәмілегерлік әрекеттер жүргізген батыр, Қожаберген батырдың экономикалық және әскери бақылауды қатар жүзеге асырған дипломат, қазақ даласының шекаралық қауіпті аймақтарда руаралық бірлікті сақтап, қорғанысты ұйымдастырған көрнекті батыр екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Қазіргі тарихнамада тарихи тұлғаларды, оның ішінде XVIII ғасырдағы батырларды зерттеу әдістері едәуір кеңейді. Зерттеушілер батыр бейнесін тек соғыс және саяси тарих аясында ғана емес, мәдениет, тарихи жады және әлеуметтік байланыстар тұрғысынан да қарастыра бастады. Мұндай пәнаралық бағыттар тарихи тұлғаның табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Бұл бағытта тақырып аясында зерттеу жүргізу мақсатында микротарих әдісі қолданыс тапты.

Тарихшылардың нақты бір жеке тұлғаға деген қызығушылығының заңды түрде артуы және бет бұрысы әдіснамалық сипаттағы салдардың пайда болуына алып келді: қазіргі кезеңдегі микротарих тәсілі контексінде тарихи-биографиялық зерттеулердің сыртқы формасы жаңа мазмұнға ие болды. Сондықтан, қазіргі уақытта аталған саладағы пайда болған тенденциялар зерттеудің өзіндік ерекше міндеттері мен рәсімдеріне ие жаңа бағыттың – тарихи тұлғатанудың пайда болғандығын дәлелдеп берді. Тарихи тұлғатанудың негізгі зерттеу объектісі – тұлғалық мәтіндер болса, ал зерттеудің пәні ретінде бір өмірдің (тұлғаның) тарихын толық және бірегей түрінде зерттеу. Белгілі бір әдіснамалық эклектизмге (түрлі идеяларды дәйексіз пайдалануға) қарамастан тарихи тұлғатану бағытының жалпы ұстанымы – жекелеген тарихи тұлғалардың жеке өмірін және қайталанбайтын тағдырын рекострукциялау, тұлғаның ішкі әлемінің қалыптасуы мен даму тарихын, сақталып қалған қызметінің іздерін тану зерттеудің негізгі мақсаты ретінде және тұлға өмір сүрген тарихи социумды танудың әдісі ретінде қарастырылады [68, б. 108].

Микротарих әдісінің негізгі мәні – жекелеген тарихи тұлғалардың жеке өмірін және бір-біріне ұқсамайтын және қайталанбайтын тағдырын қайта қалпына келтіру. Микроанализ жүргізу арқылы біз тек қана Қожаберген батырдың жеке басына қатысты ғана емес, сонымен қатар тарихи тұлғаны қоршаған әлеуметтік-мәдени панорама мен тарихи шындықты зерттеуге мүмкіндіктерге қол жеткіздік. Нақтырақ айтқанда, Қожаберген батырдың өмірі, шығу тегі мен өскен ортасы, батыр ретінде қалыптасу кезеңдері мен ірі шайқастардағы қызметін талдауға талпыныстар жасалды.

Диссертациялық жұмыста көрші халықтармен және мемлекеттермен әскери, сауда және дипломатиялық байланыстарды қарастыруда тарихи тұлғаның жеке ерекшелігіне негізделген күрделі дәуірді кезең-кезеңімен, жүйелі және жан-жақты зерттеу жүргізу қолға алынды. Осы бағытта тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерді талдау және архивтік дереккөздерге сараптау

жасалды. Тақырыпты зерттеуде ғылым методологиясының дәстүрлі және заманауи түрлері қолданылды. Зерттеуде тарихилық және әлеуметтік принциптер тарихи деректерді талдауда, оларға сыни талдау жасауда пайдаланылды. Батырдың тұлғалық келбетін зерттеу феноменологиялық, пәнаралық бағыттар (дипломатика, география) бойынша жүргізілді.

Тақырып ұлттық мүдде және пәнаралық тұрғыдан қарастырылды. Зерттеу жұмысы тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық рухты көтеру мен Ұлы Даланың ұлы есімдерін жаңғырту көзқарастары тұрғысында жазылды.

Оң нәтижелерге қол жеткізу мақсатында салыстырмалы тарихи талдау, жинақтау және қорыту әдістері кешені қолданылды. Тарихи тұлғалар және олардың ғұмыр кешкен ортасына қатысты бірқатар факторларды ескере отырып, оқиғалар тізбегін тұтастай қарастыруда жоғарыда аталған ғылыми-әдістемелік негіздер пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Қазақстан тарихнамасында Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметінің ерекшеліктері кешенді қарастырылып, төмендегідей жаңалықтарға қол жеткізілді:

- Ғылыми жұмыстың тарихнамасында Қожаберген батырға қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерден материалдар тұңғыш рет жинақталып, тарихнамалық талдау жүргізілді;
- Ауызша деректер мен шежіре кітаптарды талдау барысында Қожаберген батырдың шығу тегі мен ұрпақтарына қатысты бірқатар ғылыми тұжырымдар жасалды, сондай-ақ батыр ретінде Орта жүз керей тайпасының шұбарайғыр руының қолбасшысы ретінде жауға қарсы әскер бастағаны анықталды;
- Қожаберген батыр Жәнібекұлының жеке-дара қолбасшылық, елшілік қызметі нақты деректерді талдау арқылы сараланып, Қожаберген есімді өзге қазақтың көрнекті тұлғалары арасынан шатасушылықтарға ұрынып, танылып келген тарихи тұлғалық келбеті мен мемлекеттік қызметінің ерекшелігі ғылыми тұрғыда айшықталды;
- Қазақ–қытай байланыстарында Қожаберген батыр Қытаймен шегаралас аудандарда шегарашы функциясын Абылайдан кейінгі орында атқарып жүргендігі дәлелденді;
- Қожаберген батыр Жоңғар хандығындағы ішкі және сыртқы саяси оқиғаларға белсене араласқан беделді тұлға екендігі анықталды;
- Абылай мен Әмірсана, Қожаберген және басқа да қазақтың батыр қолбасшылары мен ойрат билеушілері арасындағы байланыстар түрлі алмағайып кезде қалыптасып орныққандығы талданды;
- Жоңғария жойылғаннан кейін, Қожаберген батыр бастаған әскер ата-бабаларының байырғы мекенін қайта қалпына келтіру жолында күрескендігі, батырдың өзі қазақтың беделді батыры болғандығы ғылыми тұрғыда негізделді;
- Батырдың – дипломатиялық медиатор ретіндегі функциясы анықталды. Қытай шекаралық билеушілерімен келіссөздер жүргізу, қақтығыстарды ушықтырмай басқару, қажетті жерде шегініс, қажет жерде қарсы тұру

тактикаларын қолдану арқылы жауластықпен қатар, екіжақты сауда және елшілік қатынастарды дамытудағы Қожаберген батырдың рөлі айқындалды;

- Стратегиялық маңызды өңір Тарбағатайдың жазғы әрі қысқы жайылымы мол, су қоры жеткілікті, қазақ даласы мен Іле аңғарының арасындағы өткел, сауда жолдарының торабы, қазақ пен Цин мемлекетінің арасындағы буферлік аймақ болғандығы анықталды;

- Қожаберген батырдың қазақ–қытай қарым-қатынастарында Абылайдан кейінгі кезеңде саяси-әскери дауларды шешіп, Цин патшалығының стратегиялық жоспарына тосқауыл қоюға ұмтылған халықаралық дипломат ретінде қызмет атқарғандығы түсіндірілді;

- Қожаберген батырдың «Жылқыға – жібек» халықаралық сауда қатынастардағы рөлі сипатталып, Цин патшалығы Қазақ хандығымен арадағы сауданы саяси мақсатта пайдаланғаны анықталды;

- Қожаберген батыр – экономикалық саясатты үйлестіруші беделді қазақ батырлары қатарындағы функциялары, атап айтқанда, шегаралық сауданы реттеу, қазақ керуендерін қорғау, шегаралық нарық жағдайын бақылау, малдың шегарадан өткізілуін қадағалау қызметтеріндегі рөлі айқындалды. Сонымен бірге, экономикалық факторлар қазақтардың шекаралық стратегиясына әсер еткен, сауданың пайдасы әскери мақсаттарды теңгеріп отырғандығы дәлелденді;

- Шегарадағы коалициялар жасаушы тұлға ретінде Қожаберген батырдың ру ішіндегі әрекеттерді үйлестіруші, қақтығыстар кезінде жасақты жинақтаушы, сыртқы қысым жағдайында ішкі бірлікті қамтамасыз етуші белсенді тұлға болғандығы анықталды;

- Қазақ хандығы мен Ресей империясы арасындағы тарихи оқиғалардағы Қожаберген сардардың қайраткерлік келбетіне тарихи-логикалық талдау жүргізілді;

- Қожаберген батыр Жәнібекұлы және оның ұрпақтарының Қазақ елінің жер тұтастығын қамтамасыз ету жолындағы ерлік қызметі осы әулеттің шежіресі мен архив құжаттарын талдау нәтижесінде дәлелденді;

- Қазақтың Қожаберген батырына әділ баға беріп, батырдың төл тарихымыздағы орны толық тұрақтандырылды;

- Бүгінгі уақытқа дейін халық жадында аты аңыз күйінде ғана сақталған, кейбір тарихи құжаттар мен еңбектерде есімі кездессе де, дерек тапшылығына байланысты зерттеу мүмкіншілігі болмаған, ғалымдар мен оқырман қауым арасында пікірталас туындатқан Қожаберген батырға қатысты кейбір мәселелер түбегейлі анықталып, батырдың тұлғалық келбеті мен мемлекеттік қызметі нақтылы деректер негізінде жазылды.

Зерттеу пәні. Қайраткер тұлғаның Қазақ тарихындағы орны мен рөлі, тұлға мен халық тағдырының екіжақты байланысы, Қожаберген батыр және оның ұрпақтарының қызметі, олардың қазақ халқының азаттығын алу жолындағы қосқан үлесі.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері, негізінен, XVIII ғасырды қамтиды. Зерттеу хронологиясын бұлай алудың себебі аталған тарихи кезеңде батырлар институты зор маңызға ие болды. Сонымен қатар осы кезеңде қазақ-

жоңғар, қазақ-цин шайқастары жүріп, халқымыз аса күрделі тарихи тағдырды бастан өткерді. Бұл тарихи кезеңде зерттеу жұмысының басты тарихи тұлғасы Қожаберген батыр Жәнібекұлы өмір сүрді және әскери-дипломатиялық қызметімен Абылайдың ерекше назарына ілініп, сенімді батырына айналды. Сол себепті тақырыптың хронологиялық шеңбері жоғарыда аталып өткен себептерге байланысты туындайды.

Зерттеудің географиялық ауқымы. Зерттеу жұмысының географиялық ауқымы негізінен Қожаберген батыр өмір сүріп, мемлекеттік қызмет еткен қазақ даласының Шығыс шегаралық бөліктері, кейбір орталық Қазақстанның аумақтары және Тарбағатай мен Жетісу далалық аймақтарын қамтиды.

Зерттеу жұмысының теориялық және қолданбалық маңызы. Диссертация ғылыми-қолданбалық қырынан айтарлықтай маңызға ие. Зерттеу қорытындылары ғылыми орта мен зерттеушілердің жоғары сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Диссертациялық жұмыс қазақ батырларына қатысты жұмыстардың қатарын толықтырады. Ұсынылып отырған диссертациялық еңбекте халқымыздың бүгінгі бейбіт өмірі жолында күрескен және қазақ жерінің территориялық тұтастығын сақтап қалу жолында жауға кеудесін тіккен Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмір тарихы мен әскери-дипломатиялық қызметі архив құжаттары мен ауызша деректер негізінде жазылған. Зерттеу жұмысы нәтижесінде алынған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар қазақ батырлары мен қолбасшылары туралы энциклопедиялық анықтамалықтар даярлауда, тұлғаның тарихтағы орны мен рөлін айшықтауға арналған зерттеулерде, «Қожаберген батыр Жәнібекұлы және оның саяси-дипломатиялық қызметі» тақырыбын 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» мектеп оқулығына енгізу, жазылып жатқан «Қазақстан тарихы» көптомдығының бесінші томына материалдар жинақтауда, XVIII ғасырдағы қазақ батырлары мен қолбасшылары туралы ғылыми зерттеулер мен гранттық жобалар даярлауда, ғалымдарға, жоғары оқу орнының оқытушыларына, білім алушы жастарға пайдалануға арналған зерттеу еңбегі ретінде пайдалануға негіз бар.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай тұжырымдар алдыңғы қатарға шығарылды:

1. Қожаберген батырдың ғұмырнамасы туралы алғаш деректер ел аузындағы әңгіме-аңыздарда, мәнжу-қытай тіліндегі жазба құжаттар мен орыс мемлекетінің архив құжаттарында кездеседі. Батыр Орта жүздегі керей тайпасының ұрпағы шұбарайғыр руының атақты қолбасшы батыры ретінде мемлекеттік саясатқа белсенді араласты.
2. Қожаберген батыр Жәнібекұлы XVIII ғасырдағы ірі империялар тоғысында Абылайдан кейінгі орында іс атқарған беделді тұлға ретінде қызмет атқарған, дипломатиялық-сауда саласындағы өзінен кейінгі қатарда соғыс-мәмілегерлік мәселелерді шешуге араласатын мәртебелі батыры ретінде танылды.
3. XVIII ғасырдың 40–50-ші жылдардағы қазақ–жоңғар қарым-қатынастарында Қожаберген батыр қазақтың хан-сұлтандарымен және батырларымен бірге ойрат билеушілерімен түрлі байланыстарда белсенді рөл

атқарды. Жоңғар нояндары арасындағы алауыздық нәтижесінде XVIII ғ. орта шеніне қарай Жоңғария құлдырай бастады. Осы тұста шығыстан Қытай империясы жоңғар еліне тарпа бас салды. Жоңғарияны талқандаған соң, Қазақ жеріне шабуылын жалғастыратынын Қожаберген сынды қазақ халқының беделді адамдары алдын ала болжай білді. Міне, сол себепті де Жоңғария мемлекетін сақтап қалуға Қожаберген батыр атсалысты. Қытайдан төнген қауіпті жоңғар нояндары арқылы бәсеңдетуге ұмтылды.

4. Қожаберген батыр мен ойрат нояны Әмірсана арасындағы қарым-қатынастардың тамыры тым әріден басталды деуге ғылыми негіз бар. Абылайдың ойраттармен арадағы түрлі байланыстары оның ойраттарға тұтқын болған кезінен басталады десек, Қожабергеннің ойраттармен мұндай қатынасы одан әлдеқайда бұрын басталуы мүмкін.

5. Цин патшалығының басты қарсыласы Жоңғария нояндарымен Қожабергеннің достық байланыстарын сезген Қытай императоры Қожабергенді басты назарда ұстап, әрқашан беделді батырды өзінің одақтасына айналдыруға ұмтылған. Қожаберген батыр Қазақ хандығы мен Цин қатынастары шиеленіскен тұста Абылайдың ерекше назарына түсіп, сенімді серігіне айналды. Батырдың қызметі Цин патшалығымен шайқастардан бөлек, екіжақты сауда ынтымақтастығы мен елшілік байланыстардан белсенді көрініс тапты. Қожаберген батырдың қазақтың елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолында қытайлармен жаугершілік қарым-қатынастарда болса, артынша бейбіт амалдарға құрылған дипломатиялық жолдармен өз ісін жалғастыруымен көзге түсіп отырды.

6. Цин патшалығы Қазақ хандығымен арадағы сауданы саяси мақсатта пайдаланды. Сауданың сәтті дамуы Цин патшалығы енді ғана жаулап алған жердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының орныға түсуіне оң әсер етті. Олар қазақтардан сатып алған жылқы арқылы патшалықтың әскери әлеуетін көтеру мәселесін шешті. Қожаберген батыр Абылайдың бауыры Әбілпейіз, Қабанбай батыр, Қара-Барақ, Дәулетбай қатарлы халық жанашырларымен бірге Қытай шегарасы маңында тұрақтап, сауда қатынастарын дамытуға елеулі үлес қосты. Қазақ хандығы мен Цин арасындағы сауда қатынастарын орнату істеріне араласып, алғаш рет Үрімжі және Құлжа қалаларында «Жылқыға –жібек» саудасының ашылуына елші-мәмілегерлік қызмет атқарды.

7. Қазақ жерінің шығыс шегарасына қатысты жер дауын реттеуде басты шегарашы рөлін атқарып, өзінің әскери және дипломатиялық ұтымды қадамдары нәтижесінде Қытай әскерлерінің Қазақстан аумағындағы қозғалысына тосқауыл қойды. Жоңғар иелігіне өтіп кеткен арғы бабаларымыздың атамекенін, атап айтқанда, Жетісу мен Тарбағатай өңірлерінің шұрайлы жайылымдық жерлерін қазаққа қайтару жолында күресті.

8. Қожаберген батыр – Цин ұлықтарымен, жоңғар нояндарымен қатар, орыс қолбасшыларымен және бауырлас халықтардың көсемдерімен де дипломатиялық ынтымақтастық орната білген стратег. Батыр сауда байланыстары арқылы Ресей империясымен қарым-қатынасқа шығып отырған. Қожаберген батыр XVIII ғасырдың 40-шы жылдары Ресей империясымен дипломатиялық байланысқа көп жағдайда тек қана қазақ сұлтандары мен

хандары шығып отырған. Алайда Қожаберген өзінің ұлы Байтайлақты Семей бекінісіне жіберіп, сауда қатынастарына араластыруға ұмтылған.

9. Алпауыт империялардың ортасында тұрған Қазақ хандығының күрделі жағдайын түсінген Қожаберген батыр өзінің әскери-дипломатиялық және сауда қатынастарындағы жанкешті қызметімен Абылайдың жақтасы ретінде өмірінің соңына дейін күрес жүргізді.

Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу жұмысы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында орындалды. Диссертация жұмысының алғашқы қолжазба құқығындағы нұсқасы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми кеңесінің талқылауынан өтті. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері тарих мәселелері бойынша өткен халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда баяндалып, ғылыми журналдар мен жинақтарда жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 13 мақала негізінде жарық көрді:

1. Scopus, Web of Science базасына енген журналдарда 1 мақала:

а) The Internal and Foreign Policy of Khan Tauke // Oriental Studies. 2025. T. 18. №6. DOI: 10.22162/2619-0990-2025-82-6

2. ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен ғылыми журналдарда 7 мақала:

а) «Қожаберген батыр Жәнібекұлының халықаралық қатынастар тоғысындағы тұлғалық келбеті (XVIII ғ. 2-ші жарт.)». «Отан тарихы» ғылыми журнал. 2023 ж., №1, Т. 26. 43-57 бб. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_43-57

ә) Қожаберген батыр және қазақ даласының шығыс шекарасы // Отан тарихы. 2024. Т. 27. No 2. 413-431 бб. https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_413-431

б) Қожаберген сардардың шығу тегі мен күрескерлік келбеті туралы кейбір деректер // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. No 2. 435–446 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_435-446

в) Абылай хан, ноян Әмірсана және Қожаберген батыр (1750–1757 жж.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. No 2. 432-449 бб. DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_432-4

г) Қазақ–орыс байланыстарындағы Қожаберген батыр // Отан тарихы. 2025. Т. 28. No 1. 200-211-бб. (қаз.). DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_200-211

ғ) Қазақ батырларының әскери-дипломатиялық қызметі: Қожаберген батыр Жәнібекұлы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(85), 2025. DOI: 10.51889/2959-6017.2025.85.2.026

д) The Historical Role of Kozhabergen batyr in the eastern frontier policy of the Kazakh Khanate // Asian Journal «Steppe Panorama». ISSN 2710-3994. Vol. 12. Is. 6, pp. 1707-1719, 2025 https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1707-1719

3. *Халықаралық және республикалық конференция жинақтарына 3 мақала:*

а) «The Role of the Batyr Kozhabergen Zhanibekuly in Kazakh-Chinese relations». «Еуразия даласындағы ортағасырлар заманындағы этносаяси, әлеуметтік экономикалық және мәдени үрдістер» тақырыбындағы III Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Бішкек – Барнаул, 9–11 маусым 2025 ж.

ә) «Қожаберген батыр Жәнібекұлы – хан Абылайдан кейін іс атқарған мәртебелі тұлға». «Абылай ханның 310 жылдығына орай «Абылай хан және қазақ мемлекеттілігі: тарихи үдерістер мен сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2023. Қазақстан, Алматы, 18-мам-23-18-мам-23. 173-179 бб. УДК 94 (574) ББК 63.3 (5Каз.) Б41. ISBN 978-601-261-567-8

б) Қазақтардың Шығыстағы атамекеніне қайта оралу үдерісіндегі махачиндер және Қожаберген батыр // «Абылай, Уәли және Бөкей хандардың мемлекеттік қызметі: тың тарихи деректер және ғылыми интерпретациялар мәселесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. 200-210-бб. Алматы, 16 қыркүйек 2025 ж.

4. Ұжымдық монографияларда жарияланған мақалалар саны – 2:

а) «Абылай хан және іргелес мемлекеттер мен халықтар» (Жалпы ред. басқ. Ж. Ошан. – Алматы: ИП «Радуга», – 2023. – 344 бет) атты ұжымдық монографияда &2.5 Абылайдың сенімді сардары – Қожаберген [130-137 бб.] атты бір тарауы (1б.т.) ретінде баспадан жарық көрді.

ә) Қожаберген Жәнібекұлы. XVIII ғ. – XX ғ. басындағы қазақ батырлары (ғылыми мақалалар мен энциклопедиялық материалдар). Алматы: «Рамис», 2025. – 432 б. 167-170-бб. ISBN 978-601-82356-1-0

б) Арнайы ҚР ЖБҒМ аясында жүзеге асырылған ғылыми жобада («Абылай, Уәли және Бөкей хандардың мемлекеттік қызметінің зерттелмеген кезеңдері (сирек кездесетін мұрағаттық және фольклорлық деректер негізінде)» гранттық қаржыландыру жобасы) орындаушы ретінде тәжірибе жинақталды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Жұмыс құрылымы белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан және сегіз бөлімнен тұрады. Сонымен қатар зерттеу жұмысында қорытынды бөлім, пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі және қосымшалар қамтылады.

1 ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕКТІК ҚОРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

1.1 Тақырыптың деректік негіздері. Диссертация жұмысы бұрын ғылыми айналымға енбеген тарихи архивтік деректер негізінде XVIII ғасырдағы мықты тарихи тұлға – Қожаберген Жәнібекұлының әскери-дипломатиялық қызметін жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ батырдың іргелес елдердің саяси-тарихи оқиғаларына ықпалын түсінуге серпін береді. Сол себепті мәселенің деректік негізін қарастыру барысында тақырыпқа қатысты деректерді теориялық деректану пәнінің қағидалары негізінде шартты түрде үш топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: архив құжаттары, жарияланған құжаттық жинақтар және ауызша деректер.

Диссертация архив құжаттары, Қожаберген батырға қатысты қазақ–ойрат, қазақ–орыс және қазақ–цин қатынастарында әскери-елшілік және сауда қызметтері туралы нақты деректерді қамтитын жарияланған құжаттық материалдар жинақтары, батырдың ұрпақтарынан жазылып алынған ауызша деректер мен шежіре кітаптар негізінде жазылды.

Тақырыпты тереңірек зерттеуде жазба деректердің маңызы артты. Қожаберген батыр туралы ең алғашқы архив құжаты Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік архивінен (РФ ОрОМА) табылды. 1738 жылғы 9 наурыздағы «Экстракт из письма калмыцкого хана Дондук-Омбо Анне Иоанновне о нападении на его улусы тридцатитысячного войска казахов Младшего и Среднего жуза во главе с султанами и многими знатными людьми» деп аталатын істе қалмақ ханы Дондук-Омбоның Анна Иоановнаға хатында Орта жүздің ең беделді батырлары қатарында Қожабергеннің есімі аталады.

Жұмыс барысында Қожаберген батырға қатысты бұрын жарияланбаған және ғылыми айналымға енгізілмеген құжаттар кешені Омбы облыстық мемлекеттік архиві (ООМА) – «Дивизионная канцелярия командующего войсками Сибирской дивизии и линиями Военной коллегии» деп аталатын №1 қорынан алынды. Зерттеу жұмысының ғылыми негізін дәйектеу мақсатында қордағы жекелеген істер тақырыптың деректік қоры тараушасында арнайы талданады. Құжаттардың бірқатарын тап айтар болсақ, «... 1745 г., января 29. – Рапорт командующего в Ямышевской крепости полковника Т. Зарина командующему регулярными и иррегулярными войсками на Сибирских пограничных линиях генерал-майору Х.Х. Киндерману о сопровождавшем джунгарского посла Наурус-Хазы конвое из Семипалатинской крепости, о желании казахов Кожаберген-батыра торговать с Россией»; «1745 г., февраля 7. – Рапорт командующего в Ямышевской крепости полковника Т. Зарина командующему регулярными и иррегулярными войсками на Сибирских пограничных линиях генерал-майору Х.Х. Киндерману о сопровождавшем джунгарского посла Наурус-Хазы конвое из Семипалатинской крепости, о проживании российских военных в улусах Кожаберген-батыра, о желании казахов торговать в российских крепостях, о башкирском повстанце Карасакале и о прочем»; «1745 г., февраля 8. – Рапорт командующего в Ямышевской крепости полковника Т. Зарина командующему регулярными и иррегулярными войсками на Сибирских пограничных линиях генерал-майору Х.Х. Киндерману

о приезде в крепость старшины Аблая, брата Кожаберген-батыра»; «1745 г., февраля 11. – Рапорт командующего в Ямышевской крепости полковника Т. Зарина командующему регулярными и иррегулярными войсками на Сибирских пограничных линиях генерал-майору Х.Х. Киндерману о событиях, происходящих в Джунгарии, о сопровождении посла в Ургу, о приезде казахов в Семипалатинскую крепость»; «1748 г., декабря 16. – Рапорт полковника Я.С. Павлуцкого командующему регулярными и иррегулярными войсками на Сибирских пограничных линиях генерал-майору Х.Х. Киндерману о благополучии по Иртышской линии и о торговле с казахами Аблай-султана и Кожаберген-батыра»; «1752 г., июля 9. – Промемория помощника оренбургского губернатора И.И. Неплюева А.И. Тевкелева командующему на Сибирских пограничных линиях генерал-майору И.И. Крофту о известиях, привезенных из Среднего жуза казаком М. Араповым и башкирскими старшинами по поводу приезда беглых джунгарских нойонов и собираемом казахами большом совете»; «1752 г., сентября 30. – Сказка казака М. Арапова о добытых им в Среднем жузе сведениях о пребывании беглых джунгарских нойонов Даваци и Амурсаны у Аблай-султана, об отношении к поддержке этих нойонов, как самого Аблай-султана, так и Абулмамбет-хана, Богенбай, Кабанбай и Кожаберген батыров, Толе-би и других представителей казахской элиты, о взаимоотношениях с каракалпаками»; «1752 г., декабря 25. – Рапорт секунд-майора П. Киндермана командующему на Сибирских пограничных линиях генерал-майору И.И. Крофту о приезде казахов Кожаберген-батыря на Новую линию за украденными у них лошадьми, о их кочевье» атауындағы істер алғаш ғылыми айналымға еніп отыр.

Тақырыпты зерттеуде Ресей империясы сыртқы саясатының архивіндегі (РИССА) ҚІҚ, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) – 2300-қордағы құжаттар қарастырылды. Пекин бірінші тарихи архиві (ПБТА) – мәнжу-қытай тіліндегі 70-ке жуық жарияланған құжаттар кешені қарастырылып, Қожаберген батырға қатысты материалдарға талдау жүргізілді.

Қазақ ордасының үш жүзінің барлық ру-тайпаларының беделді батырлары Ресей патшалығына 1745 жылы 30 тамыз күні ант берген. Патшаға ант берген батырлардың қатарында Қожаберген батырдың да есімі айтылады. Ресей империясы сыртқы саясаты архивінің Қазақ істері қорындағы (ҚІҚ) 4-істе [69] батыр Қожаберген Жәнібекұлының керей руының беделді батырларының бірі екендігі айтылады, жоңғарға қарсы күресте абыройлы батыр болғандығына көз жеткіземіз.

Батыр туралы алғашқы құжаттар Омбы облыстық мемлекеттік архиві қорларынан табылды. Мәселен, 1738 жылғы 9 наурыздағы қалмақ ханы Дондук-Омбоның Анна Иоановнаға хатының үзіндісінде Орта жүз бен Кіші жүздің сұлтандары мен белгілі ақсүйектері бастаған 30 мыңдық қазақ әскерінің оның ұлысына шабуыл жасағандығы туралы айтылады. Құжатта бірқатар қазақ батырларымен бірге Қожаберген батырдың да есімі аталады. Деректе: «... *А по объявлению взятых нами касак приходили с войском владельцы. А именно Абулхаиров меньшой брат Батарджин-султан, хана Турсуна сын Кучик-хан, Тауке-хана племянник Обулай-султан. Из знатных: Средней орды – Джанабак,*

Ходжи Бергень, Мирзагол, Джантала, Джабак, Доин, Гол Ходжишь, Акча Бекчи, Мирза Гелдю, Доулат, Бембеть, Итекмень, Токта, Болот, Хошхор, Абусшам-мирза, Отно, Мамуршем; Меньшой орды – Атногуль, Дуулатбек, Отномнош, Сарке. Всех числом тритцать тысяч человек» [70]. Көріп отырғанымыздай, батыр Қожаберген есімі Орта жүз батырларының беделді батырлары қатарында аталады.

Қазақ хандығы пен Жоңғар хандығы атты екі көшпелі мемлекеттің тарихи қарым-қатынасының көп мазмұны бірінің жерін бірі жаулап алу, шұрайлы жайылымдар, керуен жолдары, ірі сауда және қолөнер орталықтарын иемдену үшін жасалған ірілі-ұсақты шайқастардан тұрғаны мәлім. Дегенмен қазақ пен ойраттың арасында достық байланыстар да өрбігенін, Қожаберген батыр иелігінің ойрат ауылдарымен араласып жатқандығын архив деректері айғақтайды. Мәселен, 1744 жылдың қыс мезгілінде Қожаберген батырдың ауылы жоңғар қарауылдарына жақын Шар өзенінің маңында орналасқандығын Ресей мемлекеттік көне актілер архивіндегі құжат [71] айшықтайды.

Қожаберген батыр Абылайдың тапсырмасымен әскери-елшілік қимыл-әрекеттерін орындап отырды. Абылай хан башқұрт халқымен де бейбіт қарым-қатынас жолын таңдады. Қожаберген мен Қарасақал арасында өзара бауырластық сезімдері болғанын аңғаруға болады. Оған мысал – 1745 жылғы 7 ақпандағы Семей бекінісінен капитан Карачиновтың Ямышев кеңсесіне жолдаған рапорты [72]. Қожабергеннің ірі қолбасшы екендігі және үш мыңға жуық қарулы әскері болғандығы, жазғытұрым Семей бекінісіне сауда мақсатымен өзінің ұлы Байтайлақты жібергендігі және сол бекініste оның баласына қамқорлық танытып, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өтінгені туралы архив құжаты жаңадан ғылыми айналымға енгізілді.

Жоғарыдағы құжаттан тағы бір үзінді талдайық. *«... А по возврате ис того улуса в Семиполатную крепость наезжали в том пути войска ево. Кочуют в разных местах в урочище по Чар-Гурбану пятнатцеть юрт. И проехав помянутыя юрты встретилса-де с ними казак, имя ему Аблай, которой объявил о себе, что помянутому башлыку Кожеберды-батуру брат, а кочую-де я против Семиполатной крепости в камне в пятьдесят юртах и буду-де в Семиполатную крепость нынешним временем с торгом»* [73]. Құжат мазмұны Қожабергеннің Абылай атты ағайын бауыры Семей бекінісі жанында елу киіз үймен көшпелі өмір салтын ұстанғаны туралы ақпараты Қожаберген қарамағындағы адамдар әр жерде шашыраңқы түрде көшпелі өмір кешкендігін дәлелдейді.

Мәнжу құжаттарында Байтайлақты Қожабергеннің елшісі ретінде Цин әскери лагеріне маңызды хабарларды жеткізіп отырған бұл адамды Қожаберген батырдың ұлы деп анық айтылады. Келесі күні, яғни 7-күні (1757 жылдың 21 тамызы – авт.), айдаһар уақытында, Далишан Қожабергеннің Байтайлақ есімді ұлы және Қара Барақтың інісі Мәми сынды 10 адамды Нарит асуы арқылы осында бастап әкеліпті. Сонда Қожабергеннің ұлы Байтайлақ былай деді: «Абылай әскер бастап осында келіп, ұлы армияларыңызбен қауышқан екен. Ол өзі барша қазақты бастап ұлы Еженмен қарым-қатынас орнатқандығы туралы хабарды хат арқылы біздің барлық ру-тайпаларымызға жеткізген. Осыдан

хабардар болған соң біздің Қожабергеніміз әскер бастап, қашқан Әмірсананы тұтқындауға шықты. Ол мені сіздер, цзюнцзюнь-ұлықтармен кездесіп, сіздерге сәлем беруге жіберіп отыр. Бізде хат жазатын адам жоқ, сондықтан мұнда біз өзіміз келіп, өз аузымыз бен өз тілімізді сенім хат ретінде пайдаланбақпыз» [8, б. 161].

Әрине, осындай қамқорлықты, қауіпсіздікті көрген және сезінген орыс әскери өкілдері жауап ретінде келешекке саудамен келетін Қожаберген батырдың адамдарын жақсы қарсы алуға ниет білдіреді. Осы жағдайға талданып жатқан құжаттың үзіндісі осыған дәлел: *«Ежели предписанныя Казачьей орды люди в оную Семиполатную или другую крепость с торгом прибудут, то оным для торгу в жилье тех крепостей впуск чинить ли или приказать быть им вне крепостей»* [74]. Құжатта қазақтарды қарсы алып, тек қана бір мәселе – бекініс ішіне немесе сыртына қалдыру мәселесін шешу қажеттілігі еді.

Қазақ ордасынан Абылайдың сенімді сардары Қожаберген батырдың туыс ағасы Абылай өзімен бірге үш адаммен сауда жасау мақсатында келгендігі туралы дерек бар. Құжатта: *«Того ж-де февраля 5 числа в девятом часу дни прибыли в тое крепость из зарешной стороны реки Иртыша Казачьей орды Аблай Беляков Коже-Берды-батур брат и при нем казыков три человека. Которые-де ему, капитану, между протчем объявили: приехали-де во оную крепость сказать да и для торгу. А стоят-де против Усть-Каменогорской крепости в камню в пятидесяти юртах. А войска-де при нем двести человек»*, – [75] делінген. Берілген құжаттан біз Қожабергеннің ұлысы Өскемен бекінісінде тұрақтағаны, қыстауында 50 киіз үй мен 200 сарбазды құрайтын тұрақты әскері болғандығын анықтаймыз. Тұрақты әскерді жасақтау және қамтамасыз ету – көшпелі өмір салтын ұстанатын халықта өте сирек кездесетін жағдай.

Қожаберген батырдың дипломатиялық қызметінің көрінісі ретінде Семей бекінісінде сауда жасау әрекеті өз нәтижесіне жетті. Бұның дәлелін 1745 жылғы 12 наурызда полковник Я.С. Павлуцкийдің Сібір әскери шебінің басшысы генерал-майор Х. Киндерманның төмендегі хатынан білуге болады. *«Секретной ордер вашего превосходительства минувшаго февраля от 13 на представление г-дина полковника Зарина (а надежно, что в такой же силе и от меня уже представление вашим превосходительством получено) о допущении киргиз-кайсаков к Семиполатной крепости Гожебердеева сына и с ево киргиз-кайсаками торговать, а о не допущении оных в город, и о нечинении им озлобления, и о разведывании между разговорами о намерениях зенгорского владельца, и что кому от тех киргисцов объявлено о чем будет, то секретно стоящей* [76], *в той Семиполатной крепости капитан Карачинцов немедленно репортовал вашему превосходительству, и о подтверждении, чтоб в той крепости караул и фарпосты во всякой предосторожности находились, дабы, паче чаяния, от показанных киргизцов злых поступок не могло произойти, и пока оные киргисцы для торгу в Семиполатной находитьца будут иметь в день, так и в ночь в том городе сверх караула при афицере пекет и в воротах караул умножить, и те ворота, кроме калитки не отворять, и в ночное время*

закладывать покрепче, и о умножении круг крепости часовых, а которого числа те киргизцы в каком числе людей и с каким товаром прибудут, о том к вашему превосходительству репортовать, сего марта «11» дня получен» [77].

1746 жылғы 20 қазанда вахмистр С. Соболевтың Ямышев бекінісінің полковнигі Т.Г. Заринге Жоңғар хандығындағы оқиғалар жайлы рапорты батыр Қожабергеннің ойрат нояны Әмірсанамен достық қатынастарына дәлел болады. Құжатта: «*В бытность нашу при Амурсанане приезжали при нас киргиз-кайсаки тритцать человек команды Аблай-салтана и Барак-салтана для покупки и мены верблюдов. И вышеписанному ноену привел в подарок коня Коджи-Бергень сын Байтеля. За которого коня вышеписанный ноен одарил киргиз-кайсака кафтаном парчовым, сайдаком. И видно изо всего, что находится не в малой дружбе»* [78]. Әмірсана иелігіне Абылай мен Барақ сұлтандардың отыз шақты адамы түйелерді айырбастауға келгендігі айтылған. Ал жоңғар ханзадасы Әмірсана сыйға жауап ретінде паршадан тігілген кафтан мен садақ сыйға берді. Батыр Қожабергеннің ұлы Байтайлақтың Әмірсанаға сыйлық ретінде жылқы тарту еткендігінен қаншалықты екіжақты достықтың орныққандығын аңғарамыз.

1752 жылы 30 қыркүйектегі М. Араповтың жазбаларынан ойрат нояндары Даваци мен Әмірсананың Абылай сұлтан иелігінде екендігін, аталған нояндардың Абылаймен, сонымен қатар Әбілмәмбет ханмен, қазақ батырларынан Бөгенбай, Қабанбай, Қожаберген батырлармен қарым-қатынастары туралы қызықты деректер көрнекті тұлға Қожаберген Жәнібекұлының әскери-дипломатиялық қызметінің кейбір астарын ақтаруға жол ашты. Мәселен, құжатта*: «Но по выезде от него, Аблай-салтана, едучи уже сюда, в Атагайском роду слышал он, Арапов, что Керейского роду старшина Ходжа-берган-батыр чрез нарочно присланных от себя к Аблай-салтану в Зюнгорское владение с киргизцами ехать ныне отсоветовал. Для того, что они хотя-де они и не для нападения на зюнгорцов поедут, токмо-де, как киргизцы и их не воздержаны и не послушливы, то-де от воровства удержать их трудно. А ежели-де они им, зюнгорцам, хотя малую досаду учинят, тем-де они, зюнгорцы, не столько в угодность нынешнему владельцу, сколько сами для себя за обиду их ко отмщению побуждены быть и на самих на них возстать конечно уже не оставят. Они же-де, киргизцы кочуют от Зюнгорского владения неподалеку. К тому же-де ныне наступает зима. И тако-де, ежили от них, зюнгорцов, нападение случится, то-де не только раззорение, но и гибели им весьма опасны. Токмо с чем потому он, Аблай-салтан, в самом деле остался, того он, Арапов, не знает»* [79]. Көріп отырғанымыздай, керей тайпасының старшыны Қожаберген батырдың Абылай сұлтанды Жоңғар жеріне келуінен бас тартуға кеңес берген. Бұл дегеніміз, Қожаберген батырдың Абылай өмірінің қауіпсіздігіне алаңдағаны байқалады, сонымен бірге батырдың Абылайдың сенімді кеңесшісі екендігіне көз жеткіземіз.

1752 жылғы 25 желтоқсанындағы секунд-майор П. Киндерманның Сібір шебінің қолбасшысы И.И. Киндерманға жылқыларын ұрлатқан қазақ Қожаберген батырдың Хан Корғанға (Цар Курган) сапары жөніндегі құжатта

Орта жүз иелігіне қарасты старшина Қожаберген (*Кузы-берган-батыр)* батыр жеті адаммен Қорғанға келгендігі туралы айтылады [80].

Қожаберген батыр Жәнібекұлы туралы архив құжаттарының басым бөлігін Орынбор облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары құрайды. Орынбор архивіндегі 1-қордағы 58-істе 1757 жылғы 5 желтоқсандағы Ямышев кеңсесінен Сібір корпусының командирі, бригадир К.Л. Фрауендорфқа қырғыз-қайсақтардың Коряков форпостына және Ямышев бекінісіне айырбас сауда үшін көшуі, олардың Абылай сұлтан мен қытай әскерлері жайында баяндаған мәлімдемелері, сондай-ақ қырғыз-қайсақтардың керей тайпасы Аққөл маңында көшіп-қонып жүргендігі туралы рапорты берілген. Құжатта Абылай сұлтанның иелігіндегі керей болысының батыры Қожаберген жанына қырғыздың (қазақ-авт.) тағы бір старшыны Тувалдыны ертіп, Аққөл маңына табан тірегені айтылады. Осы кезде Абылай сұлтанның он күндік жолды қамтитын қашықтықтағы далада тұрақтағаны хабарланады [81].

Қожаберген батырға қатысты қытай және орыс архив деректеріндегі кейбір тарихи фактілерді салыстыра талдағанда, кей оқиғалардың мән-мағынасының үндестігі байқалады. Мәселен, мәнжу-қытай тіліндегі бір құжатта Цин империясының әскери адамдары өз патшаларына Ырысбай деген қазақтың қашып кеткендігін айтады [8, б. 194]. Логикалық талдауға салсақ, Қытай патшасы Қожабергенді Абылайдың сенімді серігі, мықты сардар ретінде мойындаған. Жылқыны қарауылдап жүрген Ырысбай атты қазақты іздеп-табу үшін Қытай билігі батыр Қожабергенге жүгінген секілді. Бұл ойымызға Омбы облыстық архивіндегі 1758 жылғы 23 наурыздағы Железинская бекінісінің комендантынан түскен хат [82] айғақтайды. Құжатта Ырысбай атты қырғыз (қазақ – авт.) жылқы қараушы Қожаберген батырдың ұлысына қарайтын Кіші керей (Абақ керей – авт.) болысының адамы болған.

Қазақ халқына ең үрейлі қауіп қытайлардан төнді. Цин патшалығы Жоңғар хандығын талқандау алдында және мүлде құлдыратқаннан кейін де Қазақ Ордасын қашан да қатаң бақылауда ұстады. Ал Қожаберген батырды Цин империясының өкілі ретінде өзіне тартқысы келді. Сол себепті де Цин империясы қазақтардың аса қауіпті жауы саналды. Бұл ойымызды Звериноголов бекінісіндегі қолбасшы, екінші майор Д.Скотиннің Сібір корпусы, бригадир К.Л. фон Фрауендорфқа 1758 жылғы 1 сәуірдегі жолдаған хабарламасы дәлелдейді. Құжатта: *«Олардан босаған қырғыз-қайсақтар, тергеу бойынша тұтқындалған қырғыздар қытай әскерлерінен үрейленеді, сол себепті де олар барлық уақыттарын жақын маңдағы Ресей бекіністері маңында көшпелі өмір салтын жалғастыруға ниетті»,* – делінген [83].

Қытай әскерінің соққысынан Жоңғария құлдырап жатқанда, қазақ даласының оңтүстік-шығыс бетіндегі Шар өзенінің жағалауында көшпелі өмір сүріп жатқан Қожаберген батыр Абылайдың тікелей тапсырмасымен жеңілген жоңғар әскері жағында күрескен. Абылайдың қытайлармен шайқастарының бірі туралы Сібір губернаторы В. Мятлев Ресей Сыртқы істер алқасына жасаған баяндамасында айтылған [84]. Қазақ Ордасына қытайлардың шабуыл жасайтынын сезген Абылай Сібір шебіне таяу тұрған қазақ әскерлерін шығыс қанатқа жинады. Қожаберген бастаған қазақтың бірқатар батырлары Ертіс

бойындағы бекіністердерді басып өтіп, Цин жасағына тосқауыл қоюға дайындалды.

Абылай Ресейге де, Қытай жағына да жақтаспай, тек Қазақ Ордасының тыныштығын сақтауды мақсат еткені анық. Бұл саясатты, әрине, Қожаберген батыр да өзінің әскери-дипломатиялық тактикасында басты ұстаным ретінде қолданды. Осылайша, қазақ пен қытай халықтары арасында орын алған дипломатиялық бейбіт келіссөздердің бірін 1759 жылдың 8 наурызында Орынбор губерниялық Кеңсесіне түскен мәлімдеме растайды [85].

Қытайлар мен қазақтар арасында жоңғарлардан босатылған жайылымдық жерлер үшін әскери қақтығыстар басталды. Мұны Сібір губернаторы Ф.И. Соймоновтың Сыртқы істер алқасына жолдаған 1763 жылғы 15 қаңтардағы Қазақ–Цин қақтығысы туралы баянатын [86] тарихи талдау арқылы астарын ақтаруға мүмкіндік туды.

Зерттеу жұмысын жазуда XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты бірқатар жарияланған құжаттар топтамасы пайдаланылды. Жинақтарда берілген құжаттық материалдар обьективті тұрғыда қарастырылып, тақырыптың негізгі мәселелерін шешуге ықпал етті.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі алыс және жақын шетелдердегі архив қорларына зерттеу жүргізу мүмкіндігі пайда бола бастады. Нәтижесінде отандық ғалымдар Қытай елінің архив және кітапхана қорларында сақталған Қазақстан тарихы мен руханиятына қатысты материалдарды елге жеткізу, жүйелеу, зерттеу, аудару, баспадан шығару жолындағы ізденісі нәтижесінде бірқатар құнды еңбектер жазылды. Тақырыптың ғылыми маңыздылығын нақтылауда үш ғасыр бойы жарық көрмей жатқан Қытай архив қорындағы Қожаберген батырға қатысты жүздеген құжатты ғылыми айналымға енгізген Б. Еженханұлының «Қожаберген батыр» [8] кітабының маңызы зор. Жинақ 1756-1767 жылдардағы мәнжу-қытай архив деректері негізінде құрастырылған. Міне, осы аталған еңбекке енген құжаттардың бәрінде Қожаберген батырға қатысты мәліметтер кездесіп отырады. Б. Еженханұлы «Қожаберген батыр» монографиясы негізінде қазақ батыры Қожабергеннің тарихтағы орнын тұрақтандыруға нақты қадам жасады. Автордың кітабындағы құжаттар жинағындағы архивтік деректерге ғылыми талдау жасау арқылы бірнеше мәселені, атап айтсақ, Жоңғар хандығы жойылуы қарсаңындағы қазақ–жоңғар қарым-қатынасындағы Қожаберген батыр Жәнібекұлының қазақтардың шығыстағы жерлерін жоңғардан тартып алу мақсатында жасаған жорықтарына ықпалы; Қожаберген батырдың ауылы, көші-қон маршруттары; Жоңғар билеушісі Әмірсанамен байланысы; қазақтар мен Цин патшалығы арасындағы жер дауы; екі ел арасындағы саяси және сауда қарым-қатынастарындағы Қожаберген батырдың рөлі сияқты тақырыптардың астарын ақтаруға үлкен септігін тигізді. «Қожаберген батыр» атты монографияның жарық көруі отандық тарих ғылымындағы аталған кезеңдегі деректер қорын толықтырды, есімі ғалымдар мен көпшілік қауым арасында кей кездері тартысты дискуссиялар туғызатын қазақ халқының көрнекті тарихи тұлғасы Қожаберген батыр Жәнібекұлының тарихтағы орнын толық сомдауға зор мүмкіндіктерге жол ашып берді.

Дегенмен автордың аталған монографиясындағы құжаттарды ғылыми айналымға енгізу – келер кезектегі үлкен міндет. Сол себепті де біз мәнжу-қытай тіліндегі архив материалдарына деректанулық талдау жасау арқылы батыр Қожаберген Жәнібекұлының тарихтағы орнын сомдауды диссертациялық жұмысымыздың басты нысаны ретінде алып отырмыз.

Қожаберген батырдың Абылайдың қолдауымен Цин патшалығымен жүргізген саяси-дипломатиялық және әскери қызметі туралы мәліметтер бар. Отандық тарихшылар К.Ш. Хафизова, Б. Еженханұлы т.б. ғалымдар зерттеушілердің назарына құнды материалдар ұсынып, ғылыми айналымға енгізді. Осы тұрғыдағы жарияланған еңбектердің бірі – «Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в.» құжаттар жинағы [87]. Аталған іргелі еңбек әлемнің тарихшы ғалымдары арасында кең таралып, жоғары бағасын алды. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастарды зерттеуге іргелі еңбектерін арнаған ғалымдар К.Ш. Хафизова мен В.А. Моисеев даярлаған құжаттар жинағында қазақ даласының көрнекті тұлғалары Абылай, Сұлтанмәмет, Әбілпейіз, Айшуақ деген хан-сұлтандармен қатар, Қабанбай, Қошқарбай, Қалыбай батырлармен бірге Қожаберген батырдың да есімі аталады. Нақты айтқанда, Ресей сыртқы саяси архивіндегі 1762 жылы шілде айында Сібір губернаторы Ф.И. Соймоновтың Сыртқы істер алқасына Цин патшалығы сарайына қазақ елшілігін жіберу туралы рапорты берілген [87, б. 184-185]. Құжатта абақ керей тайпасының старшыны Қожабергеннің өз адамдарымен Өскемен бекінісіне қарама-қарсы беткейіндегі Ертістің жағалауына келгендігі туралы айтылады. Цин патшалығы Шығыс Түркістан қалаларын талқандағаннан кейін, қазақ даласын бағынышты ету мақсатында жаңа стратегиялық жоспарға көшті. Атап айтқанда, циндіктердің Қашғариядағы жеңісі бұған түрткі болған сияқты. Осылайша, Цин патшалығының қолбасшылары бұрындары Жоңғария мемлекетінің қоластында болған аумақтың барлығы тұтастай Цин империясының территориясына кіреді деп шешті. Оған мысал, 1761 жылы Абылайға оның елшісі Жолбарыс арқылы Аягөздің оң жақ жағалауында көшіп-қонуға тыйым салу жөнінде хат жолданды. Алайда қазақтар Цин патшасының үкіміне назар аударған жоқ, бұрынғыдай бұл жайылымдарда көшпелі өмірін жалғастыра берді. Сонда да Қытай билігі XVIII ғасырдың 60-шы жылдары Іле, Қорғас, Лепсі, Алакөл, Ертіс өзендері маңындағы және Тарбағатай таулы жайылымдарынан қазақтарды ығыстыру мақсатында шабуылдарын тоқтатпады. Жинақта қазақ–қытай байланыстарының әскери-дипломатиялық және сауда қатынастарындағы ерекшеліктерге қатысты архив құжаттары қамтылған.

«Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» атты жинақтың бірінші кітабында Қожаберген батырдың жорықтары, әскер саны мен құрамы, Цин ұлықтарымен елшілік қатынастардағы дипломатиялық қызметтері жайында құжаттар берілген. Атап айтсақ, Хебей амбан Агуйдің қазақтардың Хэшочиді қалай әкеліп тапсырғандығы және оның Бейжіңге жіберілгендігі туралы мәлімдемесі берілген 53-құжат бар. Бұл құжатта қытай елшісінің Ертіс өзенінің

айрығынан түн жамыла өтіп, әрі қарай алты күндік жолды артқа тастап, Қожаберген батырмен кездескендігі айтылады. Құжатта Қожабергеннің інісі Жолбасардың (Жаубасар) да олармен бірге жүргендігі [59, б. 75-76] туралы мәлімет келтірілген. Жинақтағы 99-құжаттың мазмұнында Цин ұлықтарының қазақ елшілерімен өзара сый-сияпат жасағандықтары туралы түсіндірме хатында қазақтың сұлтандары мен батырларынан Әбілпейіз, Қожаберген, Қарабарақтардың қытай елшілеріне жылқы сыйлап, ал олар жауап ретінде бір топ торғын сыйлағандығы [59, б. 162] туралы мәліметтер кездеседі. Ал 54-құжатта Букучуганды алып келген Әли қатарлы 10 адамға, сондай-ақ бөлек жылқысын сыйға тартқан Қожаберген, Дәулетбай және Санияз қатарлы адамға бір-бір топтан торғын сыйлағандығы [59, б. 77-78] жөнінде мәліметтер бар. Аталмыш жинақтағы 44-құжатта Қожаберген батырдың мың сарбазбен Ертіс пен Аярақ көліне дейінгі жерлерді барымталап шыққандығы жазылған. Қытай патшасы махачиндерден тоналып қалмасын деген ниетте тағы 500 әскер қосып бергендігін [59, б. 60] де құжат мазмұны арқылы біле аламыз.

«Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» кітабының екінші бөлімінде «Тарбағатайға мал бағып барған қазақтарды қуғандықтары және қазақ ханы Абылайға жіберген хатнамаларын патша назарына жолдағандықтары туралы хебей-амбан Агуй қатарлылардың мәлімдемесі берілген 218-ші құжатта [61, б. 63] Қожаберген батыр туралы айтылады. Қазақ ақсүйектері Цин патшалығы ұлықтарына Тарбатайда мал бағуға өтінішін білдіргенде, Цин билеушілері бұл сұранысты жауапсыз қалдырғаны белгілі. Хаттың мазмұнына үңілсек, Цин әскери қолбасшылары Қожабергеннің адамдарына сұрау салғанда олар: «Біз – Қожабергеннің қоластындағы адамбыз. Қожаберген қазір Чоргоның батысындағы Улиясуту жерінде тұрады», – деп мәлімдейді. Хаттың енді бір үзіндісінде: «Мен, патшаның құлы Агуй оларға: «Сендердің ауылдарың неліктен осында көшіп келген? Қандай болмасын ертең мен Улиясутуға барып бекінемін. Қожабергенге барып айтыңдар», – деп бұйырады. Екінші күні аталған жерге барса, Қожаберген киіз үйлерін бұзбай-ақ, түнделетіп батысқа қарай көшіп кеткендігі мәлім болады. Құжаттан нені аңғаруға болады? Әрине, біріншіден, Қожаберген батырдың Цин патшалығының бұл ескертуіне құлақ аспай, қазақтардың ата-бабаларының байырғы мекенінде өз адамдарымен киіз үйлерін тігіп, малдарын жайып жүргендігін аңғарамыз. Екіншіден, батыр Қожаберген адамдары киіз үйлерін бұзбағаны олардың қайта осы қонысқа оралу мақсатының бар екендігін білдіреді.

Тақырыптың мәнін түсінуге айтарлықтай себеп болған ғылыми еңбек – Б.Еженханұлының құрастыруымен оқырманға жол тартқан – «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» жинағының екі томдық жинағы. Жинақтың бірінші томы («Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» (I том), (Алматы, «Дайк-Пресс» баспасы, 2009 ж.) 2009 жылы ғылыми қауымға жол тартса, екінші томы 2012 жылы жарық көрді. Екі бөлімнен тұратын ғылыми жинақта 1757–1760 жылдар шамасын қамтитын Қазақ-Цин қарым-қатынастарына қатысты тың құжаттар берілген. Жинақтың бірінші бөлімінде

Қожаберген туралы қытай деректері кездеседі. Мысалы, «Қазақтардың махачин тарапынан тонауға ұшырағандығы мен олардың Үрімжіге саудаға келуі жөнінде Қалқаның орынбасары цзюнцзюні Цебденжабтың жолдаған мәлімдемесі» берілген 94-ші құжатта [61, б. 57-61] Қожаберген батырдың Үрімжідегі сауда базарын ашуға араласқандығы туралы айтылған. Хатта Қытай ұлықтары қазақтың Абылай, Әбілпейіз, Хамбаба, Қабанбай, Қожаберген және Дәулетбай қатарлы адамдарымен ақылдасқаннан кейін, Үрімжіде сауда базарын ашу жөнінде мәлімдеме жасағандығы жазылады. Осы жинақта берілген 95-ші құжатта Қожабергеннің інісі Қазыбек пен Өмір батырлардың 260-тан астам адам жалпы саны 2400-ден астам жылқыны айдап, сауда жасамақ ниетте келгендігі туралы жазылған [61, б. 62-63].

Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары жинағының II томында [62] тікелей Қожабергеннің есімі аталмағанымен, Қожаберген батырдың «Жылқыға–жібек» саудасына ықпалына қатысты 1757–1763 жылдар аралығында қамтылған деректемелер зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуға серпін берді.

Қожаберген туралы бірер құжат архивтерден өзі ізденіп, қазақша аударып, түсініктеме жазған профессор, абылайтанушы, тарихшы, журналист Зарқын Тайшыбайдың екі бөлімнен тұратын «Қазақтың ханы – Абылай: дәуірі, өмірі мен қызметі» еңбегінен де кездестіреміз. Абылай ханның өмірі мен мемлекеттік қызметіне қатысты 250-ге тарта архив құжаттарын түпнұсқадан аударған ол Қожаберген батыр туралы да азды-көпті құжаттарды көпшілік назарына ұсынған. Зарқын Тайшыбайдың еңбегінде: Қазақ–қытай соғысында Қожабергеннің ойрат ханзадасы Әмірсанамен бірге Цин әскеріне қарсы соғысқандығы туралы айтып: «қытай құжаттық материалдарында Қожабергеннің есімі Қабанбай және Дәулетбай батырлармен, Әбілпейіз сұлтанмен қатар «көрнекті», «беделді қазақтар» ретінде аталады», – деп жазады.

Тақырыптың мән-мағынасын деректер арқылы ашуға Қ. Салғараұлының «100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар) жинағының маңызы айтарлықтай зор. Қытай архивінің нақты деректерінен құрастырылып, қазақ тілінде тұңғыш рет шығарылған жинақта 1755–1862 жылдар аралығын қамтитын Цин билеушілерінің нақты жазбалары берілген. Жинақта батыр Қожабергенге қатысты құжаттар кездеседі. Мысалы, Чианлұң жылнамасының жиырма бірінші жылы тоғызыншы айы 4-күнінде (1756 жылдың қыркүйек айының 27-күні) генерал Дардананың мәлімдемесі берілген құжатта Ярла деген жерде жаудың екі мыңдай адамымен кездесіп, Нұра маңында аянбай шайқасып, бірнеше адамын өлтіріп, біршамасын тұтқынға алғанын айтады. Қатаң тексеру барысында бұлардың Әмірсана мен Қожаберген (Хожубургун) бастаған әскер екендігіне көз жеткіздік делінеді. Бір қызығы, тұтқынға түскен Шүрек деген қазақтың айтуынша, екеуіне Абылай қатты сенім білдіреді екен» [66, б. 22-23] деген мәліметінен Қожабергеннің Абылайдың сенімді сардары болғанын дәлелдей түседі. «Чин гаузұнның нақты жазбаларынан алынған 85 құжаттың

ішінен Қожабергеннің әскери-дипломатиялық қызметіне байланысты деректерді талдау тақырыптың мазмұнын аша түсті.

Зерттеу жұмысын жазуда «Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках» [65], И. В. Ерофеева, Б.Т. Жанаевтың құрастыруымен жарық көрген «История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков» он томдық жинағының 6-бөлімі [67], «Султаны и батыры Среднего жуза (вторая половина XVIII в.)» [57] атты құжаттар жинағы сынды іргелі еңбектерді қарастыру Қожаберген батырдың тарихтағы рөлін бағамдауға мүмкіндік туғызды.

Тақырыптың деректік негізінің келесі қайнар көзі – батырдың ұрпақтарынан алынған ауызша аңыз-әңгімелер мен шежіре кітаптар. Архив құжаттарында кездесетін деректер нарративті ауызша деректердегі мәліметтермен салыстыра отырып қолданылды. Олардың қатарында М. Оңғарұлы, М. Сіләмұлы, Т. Базарбекұлы, Д. Баймолда, Т. Тынысбек, Ж. Қойшыбайұлы сияқты батырдың ұрпақтарынан естіген ауызша деректер де ескерілді.

Бүгінгі күнге дейін Қожаберген батыр туралы деректердің жинақталмауы және арнайы қарастырылмауы бұл тарихи тұлғаның өмірі мен әскери дипломатиялық қызметі мәселесінің зерттелмегендігін көрсетеді. Зерттеушілер тарапынан батыр туралы архив деректеріне жекелеген ғылыми талдау жүргізілмегені анықталды. Сол себепті Қожаберген батыр туралы қытай және орыс архивтеріндегі құжаттарға деректанулық талдау жүргізудің маңызы зор. Жұмысты жазу барысында Қожаберген батырдың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттық материалдар түрлі архив қойнауларынан жинақталды. Келешекте тақырыпты одан әрі тереңдете зерттеу мақсатында жаңаша деректерді іздестіру жұмыстары жалғаса бермек.

1.2 Зерттеу жұмысының тарихнамасы

Тақырыптың тарихнамасын талдау барысында Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмірі мен XVIII ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық деңгейдегі әскери-дипломатиялық қызметінің кешенді түрде зерттелмегені анықталды. Батыр Қожаберген Жәнібекұлы туралы қазіргі уақытқа дейін нақтылы деректердің іздестірілмеуі оның XVIII ғасырдың екінші жартысындағы саяси сахнадағы рөлінің ғылыми тұрғыда зерттелуіне қолбайлау болғаны айқын.

Қазақ халқының мақсат-мүддесі мен болашағы үшін аянбай еңбек еткен қазақтың көрнекті тарихи тұлғаларының алдыңғы толқынындағы батырларымыздың бірі – Абылай ханның сенімді серігі Қожаберген батыр. Соған қарамастан ол – қазақ тарихында лайықты орнын ала алмай келген тұлғаның бірі. Оның өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі жайындағы зерттеулер мен архив құжаттарына үңілгенде осыған көз жеткізілді. Әлем тарихы және Қазақстан тарихнамасында тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы зерттеулер шығуда. Алайда біз қарастырып отырған батыр Қожаберген Жәнібекұлы туралы арнайы зерттеу жоқ. Батырдың есімі шағын ғылыми-көпшілік бағыттағы баспасөз мақалаларында, кейбір ғылыми еңбектерде жанама түрде ғана кездеседі. Енді біз осы мәселені

тереңінен тарқатып, батыр туралы еңбектерге тоқталып, хронологиялық талапқа сай тарихнамалық талдау жасайық.

Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмірі мен тарихтағы орны кешенді түрде зерттелген емес. Дегенмен батыр туралы кейбір мәлімет XVIII ғасырдан бастап орыс патшасының отарлау саясатына байланысты қазақ даласына аяқ басқан орыс зерттеуші-саяхатшыларының еңбектерінде көрініс табады. Бұл зерттеулердегі тарихи фактілер де біздің зерттеу нысанымыздың тарихнамасында маңызды орын алады. Мәселен, зерттеуші Г.Н. Потанин «Очерки Северо-Западной Монголии» очеркінде [3] Қара Ертістің далалық аймағында қоныстанған қырғыздарды абақ керей тайпасына жатқызады да, абақ керей тайпасынан тараған рулардың шежіресін ішінара тарқатып айтады.

Г.Н. Потаниннің зерттеулері Қожаберген батырға қатысты фольклорлық деректердің зерттелуіне айтарлықтай үлес қосты. Қазақ батыры Қожаберген Жәнібекұлының ата-тек шежіресі, өскен ортасы және мекен ету аймағы туралы мәліметтер қалдырған. Мәселен, ол өзінің 1876–1877 жылдардағы қырғыздар туралы жазбаларында Қожаберген батырдың шыққан тегі абақ керей руы деп жазып, «... Қара Ертістің далалық аймақтарын мекендеген қырғыздардың жері абақ керей және қара керей руларының иелігіне кірді: абақ керейлер Ертіс-Зайсан ойпатының шығыс бөлігінде қоныс жайған», – дейді.

Потанин жазбаларында батыр Қожабергеннің ата тегі шұбарайғыр руы туралы дерек ерекше назарға ілінеді. Автор еңбегінде шұбарайғыр руының шығу тарихына қатысты қызықты дерек қалдырған: «Шұбарайғырлардың (шұбар айғыр) атасы Жанат деп аталды; ол батыр адам ретінде халыққа танылған. Аңызға сүйенсек, оншақты шұбар жылқыға көзі түскен Жанат оларды ірі қамыстың арасына қуып кіріп, біртіндеп сойып жеген. Сол себепті де бұл рудың атауы шұбарайғыр деп аталып кеткен».

Келесі зерттеу еңбегі – «Оренбургские губернские ведомости» газетінің бірнеше санынан орыс ғалымы В. Вельяминов-Зерновтың 1853 жылғы «Исторические известия о киргиз-кайсаках и отношениях России с Средней Азией со времени кончины Абуль-Хайр Хана (1748-1765 гг.)» мақаласынан Қожаберген батыр Жәнібекұлының әскери-дипломатиялық қызметі мен оның Абылайдың сенімді сардары ретіндегі тұлғалық келбеті туралы тың деректер табылды. Ғалым В. Вельяминов-Зерновтың жазбаларында [4] Абылайға жіберілген орыс елшілері М. Арапов пен А. Яковлевтердің баянхаттарында абақ керей тайпасынан тараған Қожаберген батырдың Қалдан Сереннің үлкен ұлы, жоңғар қоңтайшысы Лама-Доржыға елші ретінде жіберілгені туралы деректер айтылады. Еңбекте: «На возвратномъ пути Арапова, ему говорили въ Атагайскомъ роде, что Гирейскаго рода Старшина Ходжа-Берганъ батыръ посылал нарочныхъ къ Аблаю, чтобъ уговорить его неездить къ Чжуньгарской границы» [4, б. 96-98] деп жазады. Көріп отырғанымыздай, Абылай халық тағдырына қатысты кейбір мәселелерде сенімді сардары Қожабергеннің ақыл-кеңесіне жүгінген.

Орыс тарихшысы, белгілі этнограф әрі өлкетанушы Н.А. Аристовтың еңбегінде [5] қытай және Орынбор деректерінде Қожаберген батырдың есімі аталатындығын, батырдың Абылаймен жақтас ретінде жауға қарсы күрескендігі

атап өтіледі. Н. Аристовтың пікірін тікелей талдар болсақ, автор: «О киреях и байджигитах встречаются в китайских известиях войн с цзунгарами в начале второй половины XVIII века между прочим такая упоминания, что около 1757 года подчинился Китаю Ходжаберген, казацкий вождь, стоявший ранее с Аблай ханом на стороне цзунгаров, а в 1758 году глава рода байджигит Байбурак, прозванный храбрым, пленил одного мятежника и выдал китайцам. Упомянутый Ходжаберген в 1750 году управлял киреями», – деп жазады. Берілген жазбада Абылай жағында жоңғарлармен күрес жүргізген Қожаберген батырдың керей тайпасының мықты батыры болғандығына көз жеткіземіз. Дегенмен, орыс ғалымы Н.А. Аристовтың «Қожаберген батыр Қытайға тәуелді болды» деген тұжырымы шындыққа жанаспайды. Сол дәуірдің тұлғасы Қожаберген батыр тек қазақ халқының мүддесі үшін Цин империясымен әскери-дипломатиялық және сауда байланыстарында белсенді рөл атқарды. Орыс зерттеушілерінің жазбаларында қазақ батырларының рөлін төмендету пиғылдары үнемі көрініс табатындығы жасырын емес.

Тарихи деректер мен фольклорлық мұраларда Қожабергеннің тарихи тұлға ретінде қалыптасуы көбінесе қазақтар мен қытайлар арасындағы түрлі шайқастарда, сонымен бірге ойрат ханзадасы Әмірсанамен достық ынтымақтастықта өрбіген байланыстары арқылы көзге түскен ерекше батырлығы мен дипломатиялық шеберлігіне қатысты хатталады.

Ойымызды тағы бір орыс зерттеушісі [6] В.Н. Витевскийдің зерттеуіндегі Қожаберген батыр туралы мағлұмат растайды. Жоңғария хандығындағы ішкі талас-тартыстан жеңіліс тапқан Даваци ноян жиендері Әмірсана мен Баньджурды алып, 1751 жылдың көктемінде қазақтарға қашып келіп, абақ-керейдің билеушісі Қожабергенді паналағандығы айтылады. Әмірсанадан бастап басқа да Жоңғар хандығының беделді ақсүйектері мен қазақтың Қожаберген қатарлы батырлар арасында тығыз қарым-қатынастар сақталды. Бұл қатынастар жай ғана саяси мақсаттағы «одақтастық» шеңберінен шығып, тіпті дос-туыстық байланыс негізінде қалыптасқан.

Жалпы, орыс зерттеушілерінің жазбаларында Қожаберген батырдың соғыс әрекеттері мен қазақ–ойрат қатынастарындағы кейбір әрекеттері астыртын айтылса да, Қожаберген батырдың ата-тек шежіресі, батыр елінің орналасу аймағы, ойрат ханзадасы Әмірсана мен қазақ батыры Қожаберген арасындағы жақын байланыстар, Жоңғар хандығымен елшілік қызметінің кейбір тұстары қатарлы мәселелер азды-көпті көрсетіледі. Бұл жазбалардың батырдың өмірі мен қызметін зерттеудегі ғылыми маңызы жоғары, себебі тәуелсіздік жылдарына дейінгі кезеңде батыр туралы кешенді зерттеу ғана емес, тіпті жалпылама еңбектерді де кездестіру қиын. Дегенмен орыс жазба деректеріндегі қазақтың хан-сұлтандары мен батырларын кемсітіп сипаттаған тарихи фактілер мен оқиғаларға сын көзбен қарап, дұрыс түсінік беру қажет.

Дала халқының пайдалануындағы «бос» жерлерді зерттеу және анықтау мақсатында жүргізілген Ю.А. Щербинаның Семей облысы Өскемен уезін мекен еткен рулар тарихы бойынша жинақтаған 9 том экспедиция материалдары [7] зерттеу жұмысымызда кеңінен пайдаланылды. Щербина материалдарына көз жүгіртсек, ол он екі ата абақ керей тайпасының бірқатар руларының қоныстану

орындары бойынша мәліметтер жазған. Алайда өкінішке орай, Қожаберген батыр шыққан шұбарайғыр руының мекен ету маршруттары бойынша мәлімет кездестіре алмадық.

Тақырып аясындағы деректер мен әдебиеттерге талдау жасау нәтижесі Қожаберген батырдың әскери-саяси қызметі қазақ–қытай қатынастары тоғысында ерекше назарға ілінеді. Оның себебі, батыр қазақ даласының шығыстағы шегаралық аймағын күзетті. Сол себепті де Қазақ елі мен Цин империясы арасындағы саяси-дипломатиялық және сауда-экономикалық байланыстардағы ерекшеліктерді тереңірек зерттеу арқылы ақтаңдақтарды толықтырудың ғылыми салмағы басым екені анық. Осы бағытта жазылған ғалым Б. Еженханұлының тағы бір «Абылай хан дәуіріндегі Қазақ–Цин қарым қатынастары» атты кезекті еңбегі [9], оның XVIII ғасырдың екінші жартысында орнатылған Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы күрделі оқиғалардағы Қожаберген қатарлы көрнекті тұлғалардың тарихтағы рөлін бағамдауға бағытталған зерттеулерінің заңды жалғасы деп қабылдауға толық негіз бар. Автор кітабының «Қожаберген елінің Арқадағы мекені және олардың шығысқа оралуы» атты бір тарауын Қожаберген батырдың Арқа жерінен шығысқа жылжуы тарихи оқиғасындағы қазақ ақсүйектерінің, оның ішінде Абылай мен Қожаберген батыр Жәнібекұлы, Қара Барақ қатарлы батырлардың шебер дипломатиялық және әскери қызметін нақты құжаттармен сипаттайды. Кітап Қазақ хандығы мен Цин патшалығының арасындағы күрделі оқиғалар, атап айтқанда екіжақты байланыстардың орнатылуы, шегаралас аймақтардағы көші-қон үдерісі және одан туындаған дау-дамайлар, XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақтар мен өзге ортаазиялық елдер арасындағы қарым-қатынастар және оған Цин патшалығының ықпалы сияқты мәселелерге тереңірек тоқталған. Еңбектегі құнды тарихи тұжырымдар Қожаберген батырдың Цин патшалығымен әскери-елшілік қызметінің тарихи мазмұнын ашуға көп септігін тигізді.

Жоңғар мемлекеті жойылған соң, Цин және Қазақ елдері бір-бірімен іргелес көршіге айналып, екіжақты қатынас қыза түскені анық. Сол себепті де бұл еңбектің тақырып мазмұнын толықтай ашуға маңызы орасан зор екендігін айтуға тиіспіз. Қожаберген батыр Жәнібекұлы Цин империясымен дипломатиялық байланысқа түсіп, қазақ халқының мүддесін қорғау жолында күреске шығып, сауда-экономикалық мәселелерге белсене араласып, қызмет атқарды.

Бұрын-соңды ғылыми әдебиеттерде ғалымдардың назарына түсе қоймаған Қожаберген батырдың дипломатиялық қызметін зерттеуге ғалым К.Ш. Хафизова қалам тартқан. Белгілі шығыстанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы К.Ш. Хафизова қазақ даласын билеуші ақсүйектердің дипломатиясын зерттеген өзінің жеке монографияларында Қожаберген батырдың саяси және әскери қызметіне қатысты жеке тарауларын арнаған. Қазақ–қытай қатынастарын зерттеуші ғалым «Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках» [10] атты монографиясының «Қазақ батырлары Қожаберген, Қожамерген и Бердіқожа» деп аталатын көлемді бір тарауында батыр Қожаберген есімді адамның қытай деректерінде жиі кездесетіндігін

айтып, батырдың Цин әскери қолбасшыларымен әскери-дипломатиялық мәселелерде беделді тұлға болғандығын тарихи деректер арқылы түсіндіреді. Ол кітабында: *«1756 жылдың жаз мезгілінде Қожаберген ауылында таққа таласқан жоңғар ханзадалары тағы да бой көрсетеді. Абылай үш мың жауынгерден тұратын әскер жинақтап, Әмірсанаға таққа отыруға қол ұшын бермекші болады. Бірінші қанатты Әмірсана, екіншісін Абылайдың өзі, ал үшінші қанатты Қожаберген басқарады. Генерал Дарданаға Абылайдың Қожабергенге Әмірсананы «батысқа» ертіп баруды тапсырғаны, ал өзі Цин әскерлеріне қарай жылжығандығы мәлім болды»*, [10, б. 392] – деп жазады.

Қожаберген мен Әмірсананың қарым қатынасы туралы К.Ш. Хафизова былай деп жазады: *«1756 жылдың шілде айында Абылай, Әмірсана және Қожабергеннің біріккен әскері Цин әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, жеңіліске ұшырайды да, кері шегінуге мәжбүр болады».* Отандық белгілі тарихшы ғалым К. Хафизова «Казахская стратегия Цинской империи» [11] атты монографиясында Цин империясының қазақ әскеріне бағытталған әскери стратегиясының қыр-сырын ғылыми тұрғыдан түсіндіріп жазады. Оның ішінде Қожаберген батырдың ойрат нояны Әмірсанамен бірлескен шайқастарын кеңінен тарқатады. Еңбектен жоңғар ханзадасы Әмірсана қашан да Абылайдан қолдау тауып отырды, атап айтқанда, басына ауыр күн түскен кездерде одан жылқы, түйе, әскер және басқа да сипаттағы көмектерге ие болды. Цин империясы 1755–1757 жж. бұл одақтастықты жою мақсатында бірнеше шайқас ұйымдастырды. Дегенмен қазақ батыры Қожаберген мен ойрат ханзадасы Әмірсананың арасындағы байланыс достықтан да тереңірек, туыстық қатынасқа айналғанын тарихи деректер растайды.

Қожаберген батыр жайында жазылған еңбектің бірі – С.М. Борбасов, А.У. Тоқтабай, Ж. Шәкенұлы бірлесіп жазған «Қожаберген батыр Жәнібекұлы» атты монография [12]. Еңбекте Қожаберген батыр мен оның заманындағы тұлғалар, керейлердің шығысқа көшін бастаған Қожаберген батырдың рөлі, оның Цин және Жоңғар билеушілерімен арадағы байланыстары жайындағы тақырыптар қозғалған. Сондай-ақ Қожабергеннің көркем әдебиеттегі бейнесін ашуға тырысқан, бұл өзкезегінде батырдың тарихтағы орнын айшықтауда үлкен маңызға ие болды.

Дегенмен кітапта қолданыс тапқан батырдың әскери-дипломатиялық қызметі туралы деректер бұрын жарияланған құжаттар кешенін құрайды. Бұл диссертациялық жұмыста бұрын-соңды жарияланбаған құжаттарды талдау арқылы батырдың тарихи тұлғалық келбетін ашуға тырыстық.

Л. Әділханұлы редакциясымен шығарылған абақ керей шұбарайғыр руының шежіресіне сүйенсек, Әмірсананың басына күн туып жансауғалап қашқан кезде өзінің Мұлтар (Мұнтыр) атты баласын Қожабергенге аманат етіп қалдырған. Бұл баланы Қожабергеннің Жүзік (Дүзік) атты үшінші әйелі бағып өсірген. Қожабергеннің бұл әйелінен Шындәулет, Жандәулет, Рыстанбек, Бөгенбай, Меңдібай және Кенжебай атты алты ұлы болған. Әмірсананың баласы делінетін Молтер (Мұлтар немесе Мұнтар) батырдың жетінші ұлы саналады. Оны басқа балалардан алалап, өгейсітпей өсіру мақсатында оған «Қазақбай» деген ат қойылған. Осы Қазақбайдан Қосан, Жанбол, Бибол атты үш ұл туып, кейін

ұрпақтары өсіп, үлкен әулетке айналған. Шежіре деректерде оның ұрпақтары шұбарайғыр руының ішінде әйел атымен аталатын *жүзік* (Дүзік) руынан таратылады [13, б. 224].

Біз бұл жерде қазақ шежірелеріндегі абақ керей рулары ішіндегі Әмірсана мен ойраттардың қазақ арасында қалған ұрпақтары туралы халық жадында сақталып келген бірер деректерді ғана көрсетіп отырмыз. Қазақ арасындағы мұндай деректерді арнаулы тақырып ретінде жинар болсақ, бұдан да мол мәлімет табуға мүмкіндік зор.

Шежіреші Рысбек Зұрғанбайұлы Қожаберген батыр туралы ел аузындағы әңгімелерді жинақтап, Моңғолиядағы батыр ұрпақтарының аузынан жазып алынған жыр-шежірелерді «Қожаберген батыр» кітабында жариялады[14].

Қожаберген Орта жүздің керей тайпасының ішіндегі абақ керей деп аталатын үлкен тармағының шұбарайғыр деп аталатын руынан. Бүгінгі кезде бұл рудың аз ғана бөлігі Қазақстанның Абай облысында, Шығыс Қазақстан облысында тұрады. Көпшілігі Қытайдың Алтай және Тарбағатай аймағында, Санжы облысы мен Құмыл аймағында, сондай-ақ Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында тұрады [15, б. 140-141].

Тақырып тарихнамасының мазмұнын батырдың өмірі мен саяси-дипломатиялық қызметіне зерттеулерін арнаған өлкетанушы ғалымдар да құрайды. Оның бірі – белгілі ғалым, журналист, өлкетанушы, батырдың ұрпағы Досан Баймолданың «Қожаберген батыр» атты тарихи-танымдық кітабы [16]. Автор батыр бабасының өмірі мен мемлекеттік қызметін қолда бар орыс, қытай және моңғол дереккөздері мен жарияланған құжаттарға, сонымен қатар ел аузынан естіген аңыз-әңгімелерге сүйеніп жазған. Ғалым Д. Баймолда: «Қожаберген батыр Қазақ елін сыртқы дұшпандарынан қорғауда Абылай ханның хас батырларының бірі болған, Қазақ жерін кеңейтуге ерекше үлес қосқан. Ол Абылай ханның тапсырмасымен Қытай елімен арадағы шығыс шегараны тыныштандыруда және алғаш рет Үрімжі мен Құлжада «Жылқыға – жібек» саудасын ашуда елші-мәмілегерлік қызмет атқарған», – деп, өзінің қорытындылары мен пікірлерін батыл айтады. Алайда кітап батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметін толықтай қамтымаған, оған қолда бар деректердің аздығы себеп болған деп санаймыз. Дегенмен бұл еңбек қазақтың хас батырының тарихтағы рөлін сомдауға бағытталған туынды ретінде маңызды.

Қожаберген батырдың Жүзіктен тарайтын ұрпағының бірі Оңғар Маусымұлы «Біз жүзікпіз» атта тарихи естелік кітабында [17] Қожаберген батыр туралы аңыз-әңгімелерге көбірек сүйеніп, жарияланған құжаттық деректерді ішінара тарқатуға тырысқан. Аталған тарихи естелік кітапта Абылайдың бір жасағын басқарған Қожаберген батырдың елші-мәмілегерлік қатынастарда киген шапаны мен жауға қарсы ұрандатып, қолына ұстап шыққан ақ туы туралы ауызша деректер мен аңыз-әңгімелер берілген.

Тағы бір еңбек – Қожаберген батырдың өмірі мен қайраткерлік қызметіне арналған мақалалар жинағын қамтитын, Т. Тынысбекұлы құрастырған «Ұлы дала батыры – Қожаберген» атты ғылыми-танымдық мақалалар мен өлең-жырлар топтамасы [18]. Жинаққа 2018 жылдың 19 қазанында Астана қаласындағы ҚР Қарулы күштерінің әскери-тарихи музейінде «Ұлы Дала

батырлары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында жарық көрген материалдар енгізілді, онымен қоса, Қожаберген батырдың ел басқарған әйгілі ұрпақтары туралы мақалалар, аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар, деректі құжаттар мен фотолар топтастырылған. Аталмыш конференция материалдары тақырыптың зерттелу деңгейін толықтыруға үлес қосқанын жоққа шығармаймыз, себебі батыр туралы ғылыми-танымдық баяндамалар жарияланған мақалалар жинағы батыр туралы азды-көпті мағлұматтарды қамтиды. Келесі ғылыми маңызы бар мақала – Ошан Ж., Борбасов С.М., Оралова А.А. бірлесуімен жазылған «Хан Абылай, нойон Амурсана и Кожаберген батыр (1750–1757 гг.)» тақырыбындағы «Отан тарихы» ғылыми журналының 2024 жылғы №2 санына жарияланған зерттеу мақаласы [19]. Авторлар қазақтың хан-сұлтандары мен батырларының ойрат билеушілерімен XVIII ғасырдың 40-50 жылдардағы арақатынасын сипаттап беруді мақсат еткен. Зерттеу еңбегінде Даваци, Әмірсана және басқа да жоңғар ақсүйектері мен Қазақ хандығының хан-сұлтандары, батырлары мен билері арасындағы тығыз қарым-қатынастардың ерекшеліктері баяндалады. Соның ішінде Орта жүзден Абылай ханның, Қожаберген мен Дәулетбай сияқты батырлардың еңбегі сипатталады.

Шетелдік зерттеушілер қатарынан J. Noda мен T. Onuma бірлескен авторлықта шығарған «A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty» [27] еңбегінде Қожаберген батырдың Әмірсанамен бірігіп циндіктермен соғысқандығы туралы жазылады. Моңғол тарихшысы Ч. Далай Ойрад «Монголын Түүх. Тэргүүн боть. Улаанбаатар хот» кітабында [28], «Қожаберген батыр мен ойрат ханзадасы Әмірсананың арасындағы өзара ынтымақтастық пен қытай әскеріне қарсы шабуылдарын баяндайды. Ч. Далай: «1756 жылдың 2 тамызында Қожаберген әскері Дардана мен Фудэнің қолбасшылығындағы әскерімен Ярла мен Нұра маңында соғысады. Қиян-кескі ұрыс жеті күнге созылды. Екі жақтың да әскерлері үлкен қырғынға ұшырайды. Алайда мәнжу әскеріне қосымша 5 000 сарбаз тартылып, Дардана әскеріне қосылуы себебінен Қожаберген мен Әмірсана бастаған әскер кері шегінуге мәжбүр болады», – деп баяндайды. Ал түрік ғалымы E. Kalan «Cungar Hanlığı'nın Siyasi Tarihi» монографиясында 1756 жылдың тамыз айында қазақ батыры Қожаберген әскері Дардана мен Фудэнің қолбасшылығындағы қытай әскерімен Ярла мен Нұра маңында шайқасқа түскендігін жазады [29].

Ойрат батыры әрі ханзадасы Әмірсананың тарихтағы рөлін зерттеген ғалым В.С. Кузнецов «Амурсана» атты кітабында [30] XVIII ғасырдағы ірі саяси тарихи тұлғаның бірі – моңғол халқының батыры Әмірсананың өмірі мен оның тарихи оқиғалар тоғысындағы рөлін баяндайды. Автор Қожаберген батырдың Жоңғария ханзадасы Әмірсанамен бірлесе шүршіттерге қарсы соғысын әдеби-көркем тілде сипаттаған, қазақ батырының ержүректігі мен жауға қарсы шапқандағы өжеттігін әсерлі баяндаған. В.С. Кузнецов еңбегінде: «... Қожабергеннің жасағы кескілескен шайқасқа түсті. Дардана әскері арбалеттерінің (садақ – авт.) жебелері қазақ батырларының шынжырлы сауыттарын тесіп өте алмады. Әскербасылардың дәл ортасында мәнжүрдің жебелерімен ұшып келген өрт қойғыштар жарылып жатты. Жарылыстар

шабандоздарды әбігерге салды. Қожаберген әскерін қуып келе жатқан Дардананың салт аттылары олармен жақын шайқаста кездесті», – деп, Қожаберген мен Әмірсананың бірлікте жаумен шайқасқа түскенін көркем баяндайды. Шетелдік зерттеушілердің еңбектерін қарастырып, қазақ батыры Қожабергеннің ойрат ханзадасы Әмірсанамен достық жақын қарым-қатынастары әлем тарихында белгілі мәнге ие екендігіне көз жеткіздік.

Міне, осыған байланысты Әмірсанамен бірге келген оның жақтастары, ел-жұрты Қожаберген батырға қарасты жерлерде көшіп-қонып жүрген. Қожаберген батыр өзіне қарасты қазақ жасақтарын бастап, Әмірсана қатарлы ойрат ақсүйектерінің өз елі мен жерін сақтап қалу жолындағы күресінің бел ортасында жүрді. Мұндай әскери жорықтар бастапқы кезеңде ойраттардың жерінде, кейін келе Қазақ даласында шүршіттерге қарсы жалғасын тапты. Жалпы айтқанда, XVIII ғ. 2-ші жартысында халықаралық қатынастар тоғысындағы беделді қазақ батыры Қожабергеннің соғыс амалдары мен саяси сахнадағы тұлғасы шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқандығы қуантады.

Даваци, Әмірсана және басқа да жоңғар ақсүйектерінің Қазақ хандығының хан-сұлтандарымен, батырларымен және билерімен, соның ішінде Абылай ханмен, Қожаберген, Қара Барақ, Дәулетбай сияқты батырлармен тығыз қарым-қатынас орнатқанын жоғарыда айттық. Бұл қатынастар жай ғана саяси-дипломатиялық мақсаттағы «одақтастықтан» немесе адамдар арасындағы «дос-андалық» байланыстар шеңберінен асып кетіп, әке-бала, аға-бауыр, қайын-ата, күйеу бала, балдыз қатарлы туыстық байланыс негізінде орныққан. Тақырыпты зерттеуде ханзада Әмірсана мен Қожаберген батырдың арасында достық байланыстарымен қатар, туыстық қатынастар өрбігендігіне көз жеткіземіз.

Қожаберген батыр туралы арнайы зерттеулердің жұтаңдығын оның өмірі мен мемлекеттік қызметі жөнінде ғылыми жинақтар мен энциклопедияларда көрініс таппауынан аңғаруға болады. Тек 2019 жылы ғана Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми кеңесі ұсынған «Қазақстан тарихы. Энциклопедиясында» батыр туралы ақпарат жарияланды. Дегенмен бұл мақалада батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі толық сипатталған жоқ.

Белгілі ғалым А.И. Левшин «Описание киргиз-казачьих или киргиз-казахских орда и степей» еңбегінде Қожаберген батырға нақтылы тоқталмаса да, батырдың шыққан тайпасы Орта жүз абақ керей тайпасының географиялық орналасу аймағын атайды. А.И. Левшин: «Орта жүздің абақ керей тайпасы Обаған, Есім, Уй, Тоғызақ, Ертіс, Есіл, Сарысу және Цу немесе Шу өзендері аймағы; сонымен қатар Учкунгур құмы даласы; Кешубай Шарқар өзені маңы және Степнаядан Жоғары Ертіс бекіністеріне қарама-қарсы аймақ; сондай-ақ Звериноголовский мен Пресногорьский аймақтарын мекен етті» [32] деп жазады.

Қазақ халқының шығу тегін зерттеген ғалым И.И. Крафт өзінің белгілі «Сборник узаконений о киргизах степных областей» еңбегінде батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметіне қатысты мағлұматтар бермегенімен, Қожаберген батырдың шыққан тегі бойынша, атап айтқанда, қазақтардың шығу тегі туралы

баяндай келе үш жүзге бөлінуі, ондағы рулардың, тайпалардың аттары аталып, оның ішінде Абақ керей тайпасының шежіресіне тоқталады, сонымен қатар 1731–1865 ж. қазақтардың Ресеймен қарым-қатынасы туралы мағлұматтар берген [33]. Көрнекті ғалым М.С. Мұқанов «Қазақ қауымы: (Тарихтық және этнографиялық шолу)» кітабында [34] Орта жүзге қатысты зерттеулерінде жүздердің бастапқы шығу төркініне, қазақ ұлтын құрап отырған үлкен тайпалар мен рулардың генезисіне, этникалық құрамы мен олардың өзара бірігу процесіне кеңінен тоқталады. Мұндай мағлұматтарды аңыз-әңгімелер арқылы түсіндіреді. Оның Абаққа қатысты зерттеуіне сәйкес, Керейдің Абақ атты сұлу да ақылды әйелі болады. Көп кешікпей Керей өледі де, Абақ жеті жасар баласымен жесір қалады. Осы аңызда ашамайлы керейлердің арғы атасы Абақтан тарайды деп жазады. Мұқанов еңбегінен батыр Қожабергеннің шығу тегіне қатысты мағлұматтар бойынша ой түйеміз.

Көріп отырғанымыздай, тақырыпқа жүйелі түрде кешенді зерттеу жүргізу нәтижесі батырдың өмір сүрген жылдары, шығу тегіне қатысты деректердің басым көпшілігін халық жадындағы естеліктер, аңыз-әңгімелер құрайды. Ал батырдың әскери-дипломатиялық белсенді қызметіне қатысты құнды материалдар жазбаша архив құжаттарынан талдауға мүмкіндік алдық.

Қазіргі тарихнамада тарихи тұлғаларды, оның ішінде XVIII ғасырдағы батырларды зерттеу әдістері едәуір кеңейді. Зерттеушілер батыр бейнесін тек соғыс және саяси тарих аясында ғана емес, мәдениет, жады және әлеуметтік байланыстар тұрғысынан да қарастыра бастады. Мұндай пәнаралық бағыттар тарихи тұлғаның табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Тарихи тұлғаның кейінгі ұрпақ санасындағы, халық жадындағы және мемлекеттік идеологиядағы бейнесі фольклор, тарихи аңыз, әдебиет және ескерткіштер арқылы ұжымдық жадыда сақталады. Мәселені осы тұрғыдан алғанда, шетелдік ғалым Я. Ассманның [88] іргелі зерттеуіндегі негізгі теориялар тарихи тұлға бейнесінің ұлттың өзін-өзі тану процесіндегі рөлін айқындаған. Аталған еңбектегі тұжырымдарды түсіну Қожаберген батырдың образын тек тарихи дерек қана емес, ұлттық бірегейліктің символына айналған мәдени феномен ретінде қарастыруға септігін тигізді. Автор зерттеуінде Ежелгі Шығыс қоғамдарындағы мәдени және ұжымдық жадыны бөлудің теориялық негіздерін тұжырымдады. Зерттеушінің айтуынша, ұжымдық жады – қоғамның көпшілігінің санасында сақталған, жақын өткенге қатысты естеліктердің жиынтығы. Ассман ұжымдық жадтың екі нұсқасының бар екенін жорамалдайды: негіздеуші естелік (таңбалық және мнемоникалық жүйелер) және библиографиялық естелік. Олардың негізі – әлеуметтік ықпалға сүйенуі болып табылады [88, б. 54]. Ол тарихи жады мәселесін «канон» түсінігімен тікелей байланыстырады. Бұл термин естеліктердің ұжымдық жадтан мәдени жадқа өту кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді. Тақырыпты осы тұжырым тұрғысынан қарастырғанда, Қожаберген батыр туралы ұрпақтары аузынан естіген аңыз-әңгімелердің тарихи тұлғаны канонизациялау процесінің орын алғандығы көрінеді. Батыр туралы ел аузындағы ауызша естелік-әңгімелер бұл ойымызды дәлелдей түседі.

Көшпелілер өміріндегі шайқастар мен ірі текетірестер батырлардың психологиясына едәуір ықпалын тигізгені анық. Олар өздеріне тән рухани-адамгершілік құндылықтармен астасқан дала заңдарна бағынды. Осы тұрғындан қарастырғанда, олардың мемлекеттік халқымыздың этномәдени жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға тиіспіз.

Зерттеуде батырдың өмірлік тәжірибесі, соғыс пен қақтығыстардағы рухани күйі, жеке трагедиялары тарихи оқиғалар контекспен бірге қарастырылды. Ал, Қожаберген батырдың психологиялық болмысын, ішкі уәждері мен шешім қабылдау механизмін талдауда американ ғалымы Э.Эриксонның «Трагедия личности» [89] еңбегін қарастыру тарихи тұлғаның мінезі мен іс-әрекеті оның жеке тәжірибесінен туындайтын психологиялық факторлармен байланысын ашуға мүмкіндік берді. Автор «Өлім алдындағы өмір» деп аталатын екінші бөлімін қарастыру арқылы Қожаберген батырдың әскери-мәмілегерлік әрекеттеріндегі психологиялық жай-күйін сезінуге болады. Мәселен, автордың «Даналық – бұл өлімнің алдында өмірдің өзіне ерекше қатысу» [89, б.125] деген тұжырымды ойы Қожаберген батырдың ірі қақтығыстардағы ерлік жолының даналықпен үндесетіндігін дәлелдейді. Ғалым Э. Эриксон кітабында үміт, еркіндік, талапшылдық, қамқорлық, даналық сынды қасиеттердің құндылығын атап өтеді. Осы тұрғыда мәселені қарастырғанда, Қожаберген батырдың өлім алдындағы өміріндегі іс-әрекеттерінің барлығы да халқының азаттығы жолындағы жанкештілік танытатын болмысынан туындағанын айғақтайды. Яғни, біздің ойымызша, Қожаберген батырдың тұлға ретінде қалыптасуы оның жеке өмірлік тәжірибесі негізінде құрылған деген ой түйеміз.

Тақырыпқа тарихнамалық шолу жасау отан тарихындағы көрнекті тұлға Қожаберген Жәнібекұлы туралы зерттеулердің тапшылығын анықтап берді.

Зерттеу жұмысында Қожаберген батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметін зерттеуге септігін тигізетін еңбектер алғаш рет жинақталды. Бұл зерттеулердің құндылығы батыр Қожаберген Жәнібекұлының ғұмыры мен әскери-дипломатиялық қызметіне қатысты бұған дейін бізге белгісіз болып келген ондаған мәселенің басын ашты деп түйіндейміз. Жинақталған зерттеулердегі тарихи деректерді пайдалана отырып, ғылыми сараптамадан өткізіп, батырдың тұлғалық келбетін сипаттау біздің ұлттық тарихымызға үлкен олжа болары анық.

Тақырып аясындағы зерттеулерді анықтау және іздестіру жұмыстары келешекте де жалғаса бермек.

2 ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЫҒЫСҚА КӨШІ-ҚОН БАҒЫТТАРЫ ҮШІН ДАУ-ТАЛАСТАР

2.1 Батырдың шығу тегі және халық жадындағы тұлғалық бейнесі

Абылай ханның билігі тұсында Қазақ хандығының мәртебесі үстем болды, яғни XVIII ғасырдың екінші жартысында асқақ абырой мен жеңісті сәттермен тарихта хатталды. Ол сол кезеңдегі халықаралық тарих сахнасындағы екі алып империя – Қытайдың Цин патшалығы мен Ресей империясы тоғысында Қазақ хандығының азаттығы мен бейбіт өмірін сақтап қалды. Қазақ халқының тарихи тағдыры мен емін-еркін ғұмыры сынға түскен аумалы-төкпелі замандарда Абылай ханның жанынан оның сенімді серігі, сардары, керей тайпасының старшыны Қожаберген батыр Жәнібекұлы табылды.

Алайда отандық тарихнамада Қожаберген Жәнібекұлының тарихтағы орнын айшықтар ғылыми әдебиеттер мен зерттеулердің таяздығы қынжылтады.

Өкініштісі, кеңестік тарихнамада XVII–XVIII ғасырдағы қазақ халқының басындағы қасіретті жылдар ғалымдар тарапынан зерттеу нысанына алынбады, хандар мен батырлардың тарихы ескерілмеді. Бұл келеңсіздіктің салдары тұлғатану және батыртану саласына да кері ықпалын тигізді. Қожаберген батыр жайлы деректік құжаттар Ресейдің және Қытайдың архивтерінде кездеседі. Ал енді батырдың ерлік жолын тарқата айту үшін Ұлы Даланың ауызша деректеріне сүйенуге тура келеді.

Отандық тарих ғылымында есімі аңызға айналған немесе зерттеу аясынан тысқары қалған тарихи тұлғаларды зерттеу арқылы ғалымдар белгілі бір тарихи оқиғалардың көрінісін жаңа қырынан жаңғырту мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Қожаберген батырдай тұлғаға деңгейлес тарихи тұлғалардың шығу тегі мен өмірін, саяси-дипломатиялық қызметін, қайраткерлік келбетін тарихи тұрғыдан зерттеу – қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселе. Қожаберген батыр туралы кешенді түрде зерттеу ғалымдар назарынан тысқары қалуы, қазіргі таңда батыр жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының мардымсыздығы, көпшілікке батыр есімінің лайықты тұрғыда ұлықталмауы тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.

Батыр Қожаберген Жәнібекұлының ғұмыр тарихы мен шығу тегін зерттеу оның батырлық келбеті мен Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы тарихының кейбір тұстарын анықтауға жол ашады.

Өкініштісі, кеңестік тарихнамада XVII–XVIII ғасырдағы қазақ халқы басындағы қасіретті жылдар, атап айтқанда, қазақ–жоңғар соғысы, қазақ–цин қарым-қатынастары сынды тақырыптар ғалымдар тарапынан зерттеу нысанына алынбады, сол себепті де, хандар мен батырлардың тарихы ескерілмеді. Бұл келеңсіздіктің салдары тұлғатану және батыртану саласына да кері ықпалын тигізді.

Батырдың шығу тегі хақында халық арасында да, зерттеуші-ғалымдар арасында да пікірталастар бар. Дегенмен зерттеу жұмысының осы тараушасында батырдың шығу тегін ғылыми негізде тарқатуға тырысамыз.

Қазақ батырларының қатарында әскери-дипломатиялық қызметі мен ғұмыры толықтай зерттеліп, барша жұртқа мәлім болған батырлар болса, ал екінші бір тарапта әлі де өз деңгейінде ғылыми-зерттеу таразысынан өтпей, осы күнге дейін лайықты орнын ала алмай келе жатқан батырлар есімі бар. Соның бірі – абақ керей тайпасының шұбарайғыр руынан тараған Қожаберген батыр Жәнібекұлы.

Осы тұжырымды 1758 жылдың ақпанындағы мәнжу тіліндегі «Қазақ ру-тайпаларының отбасы саны туралы тізім» дәптеріндегі төменде берілген құжат растайды:

«Ашамайлы керейдің 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Ашамайлы керейдің құрқар (?) руының 2 000 отбасы Мазаркелді батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Абақ керейдің 1000 отбасы Қожаберген батырдың билігінде;

Абақтың 5 000 отбасы Нияз (?) батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Ителі керейдің 1000 отбасы Жантөре батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Бұл керейдің 5 руы»... [8, б. 47-50].

Осы құжаттан атақты батыр Қожаберген Жәнібекұлының он екі ата абақ керейден тарайтын ұрпақ екендігіне көз жеткізуге болады. Екіншіден, бұл дерек Қожаберген батырдың Абылай хан билігі тұсындағы қазақ жасақтарының белгілі бір бөлігін басқарған ірі қолбасшы болғандығын айғақтайды. Үшіншіден, бұл ақпараттың өзін Абылай ханның өзі мәлімдегендіктен, мұнда осы деректе есімі аталған батырлардың барлығының да абыройы биік, мемлекетшіл, Абылай ханның сенімді сардарлары болғандығын дәлелдей түседі. Деректен батыр Қожаберген қоластында мың отбасыдан құралған Абақ керейдің әскеріне қолбасшылық ететіні көрсетілген.

Тарихи деректерде Қожаберген есімді бірнеше тарихи тұлғаның есімі аталады. Ғылыми-көпшілік қауым арасында Орта жүз абақ керей тайпасынан шыққан батыр Қожаберген мен ашамайлы керей тайпасынан тараған батыр әрі жырау Қожаберген атты екі тарихи тұлғаны бір-бірімен шатастыру жағдайлары да кездеседі. Екі Қожабергеннің де қазақ елінің жер тұтастығы мен бірлігі жолындағы қызметінде ұқсастықтар мен ерекшеліктер кешенді зерттеуді қажет етеді. Біздің мақсат – батыр Қожаберген Жәнібекұлының тарихи келбетін ашу. Мәселен, Бұхараға арнайы Орынбордан жіберілген поручик Я.П. Гавердовскийдің Қазақ даласының тарихы, географиялық жағдайы мен этнографиясы туралы қолжазбаларында «Қожаберген» есімі айтылады. Алайда бұл Қожаберген (Хочжаберген) – Әбілғазы сұлтанның жанындағы Кіші жүз әлім тайпасынан тараған шекті руының атақты би-батырлары Жаназар, Жанұзақ (Чжанзак), Утуған (Утюган) сынды елдің беделді адамдарымен қатар тұрған тарихи тұлға [67, б. 416].

Батырдың өмір сүрген жылдары туралы нақты жазба деректер кездеспейді. Алайда Қожаберген батырдың ғұмырнамасы туралы алғаш деректер ел аузындағы әңгіме-аңыздарда, мәнжу тіліндегі жазба құжаттарда

азды-көпті кездеседі. Қожаберген батыр Жәнібекұлы туралы халық аузындағы деректерді жинақтап, оны сақтаумен айналысқан Аңдақайұлы Шәкер деген кісі болған екен. Оның қолындағы шежіре деректер қалай болған күнде де Құнанбай Шәкерұлының қолына түседі. «Мәулімнен Шотпан, Етікші, Етікшіден Өтес, Өтестен Мұрат, Қанымбике, Сарыкөз, Тоғызақ, Қабыл, Шотпаннан Жәнібек, Жәнібектен Қожаберген, Қожаберген 61 жасында зертең ауруынан қайтыс болған. Табыты Сарыарқаның Қызылағаш деген жерінде қойылған. Қожаберген 2-күні (сейсенбі) дүниеге келіп, 5-күні (жұма) туын тігіп, жауға аттанып, жеңіске жеткен» [14, б. 48] деген дерек келтірілген. Осы шежіреде батырдың қайтыс болған жылы туралы мынадай мәлімет жазылған: «... Екі баласын ертіп, таудан асып, Индияға дейін жауын жаулап барып, 90 қонақ жүріп, қайтып келе жатқанда сырқаттаған екен. 61 мүшел жасында зертең ауруынан қайтыс болған дейді. 1860 (1870) жылдардың маңайында болған» [14, 58-б.] делінеді. Әрине, Р. Зұрғанбайұлы Қожабергеннің дүниеге келген уақыты мен өмірден озған жасын ауызша деректерге сүйеніп келтіреді. Өкінішке орай, батырдың өмір сүру уақыты туралы нақты жазба деректер әлі де ізденісті қажет етеді.

Дегенмен логикалық тарихи талдауға жүгінсек, Қожаберген батырдың жас шамасы хақында 1757 жылғы 25 тамыздағы «Шет аймақтарды тыныштандыру армиясының оң қол орынбасар генералы Жаохуэйдің мәлімдемесінде» дерек берілген. Ойрат ханзадасы Әмірсананы ұстап беруін өтінген Цин ұлығы Жаохуэйға айтқан сөзінде Қожаберген батыр: «... Мен өзім алпыстан асқан адаммын. Ненің жақсы, ненің жаманын білмейді дейсіз бе?!» – [8, б. 171] деп жауап қайтарған.

Бұл айтылған деректерді Цяньлун жылнамасының 32-жылы 8-айдың 4-күніндегі, яғни 1767 жылғы 4 тамыздағы Тарбағатайдың хебе-амбаны Улден мен Фухудың мәлімдемесіндегі ақпарат толықтыра түседі. «Биыл кәбісе 7-айдың 23-күні, қарауылымыздағылар абақ керей тайпасының қазағы Қожаберген мен Қазыбектің Жандәулет, Бекмырза есімді ұлдарын бізге бастап әкелген екен. Әлгі қазақтар пақырыңыз бізге сәлем бергелі келіпті. Біз олармен кездесіп, мән-жайды сұраған едік, олар: «Әкелеріміз амбан сіздермен амандасу үшін бізді арнайы осында жіберіп, сіздерге екі жылқы тарту етті. Келуіміздің басқа себебі жоқ», – деді» [8, б. 418] – деп, Қожаберген мен Қазыбектердің сәлемдемелерін патшалық қабыл алып, қазақтың екі жас елшісін құрметпен шығарып салады.

Мәнжу тіліндегі бұл құжаттан біз 1767 жылы Қожаберген батырдың 70 жасты еңсергенін түсіндік. Себебі мұның алдындағы 1757 жылғы құжатта Қожабергеннің алпысты алқымдағанына көз жеткізіп едік. Бұл тұста, он жылдан соң батыр Қожаберген 70-тен асқан шағында да Мәнжүр-Цин империясымен сауда және дипломатиялық қарым-қатынастарда белсенді рөл атқарып жүргендігін аңғаруға болады. «Амбан» деген сөз – мәнжүрлердің саяси жүйесіндегі мәртебелі титул.

Батырдың ғұмырнамасына қатысты деректерге қарағанда, оның 61 жасында зертең ауруынан көз жұмғаны шындыққа жанаспайды. Себебі мәнжу тіліндегі жазба деректерге сүйенсек, батыр 1757 жылы алпысты алқымдаса,

1767 жылдары жетпістен асқан шағында Қытаймен сауда-дипломатиялық қатынастардағы белсенділігін байқаймыз.

Батыр Қожаберген Жәнібекұлы мәнжүр-қытай, моңғол және орыс деректерінде кездеседі. Мұнымен қоса батыр туралы деректер халық ауыз шығармаларынан шежірелерде, аңыз-әңгімелер мен жырларда көрініс табады. Бұл деректерге сүйене отырып, Қожаберген батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметіне сипаттама беруге мүмкіндік туады. Бұл деректерге мұқият назар аударсақ, көп жағдайда батырдың Ұлы Дала төсіндегі атақты да танымал адамдардың оған деген сый-құрметі мен ұмтылыстары байқалады.

Шұбарайғыр шежіресі бойынша, Қожаберген батыр 3 әйел алған екен. Олардан тараған ұрпақтары әйелдерінің атымен аталған. Бәйбішеден: Байтайлақ, Қалыбай, Тоқбура, Малкелді, Ертісбай. Бибісарыдан Байбура, Байбурадан: Кененбай, Кенен, Мәті, Қоңқа. Жүзіктен: Шындәулет, Жандәулет, Рыстанбет, Меңдібай, Бөгенбай, Кенжебай, Қазақбай. Қожаберген батырдың Байтайлақ, Қалыбай, Жандәулет қатарлы ұлдары әкелерімен бірге соғысқа қатысып, ерлік көрсетіп, батыр болғаны жайында ел аузындағы шежірелерде айтылған. Онымен қатар орыс, қытай тарихи құжаттарында да олардың аттары аталып, әке жолымен елінің тәуелсіздігі жолындағы күрестері нақты деректермен келтіріледі [16, б. 107].

Бұл айтылған пікірді, батыр бабасы жайында ауызша естелігінде Маусым Оңғаруұлы жалғастырады: «... Бабамыз Қожаберген үш әйел алған. Бәйбішесіне 18 жасында үйленіп, тұңғышы Байтайлақ 1715–1716 жылдар шамасында дүниеге келеді. Онан кейін Қалыбай, Малкелді, Тоқбура, Ертісбай деген төрт ұл туады. Байтайлақ, Қалыбай, Малкелділер ерте ержетіп, әкесіне серік болып, жоңғарлармен шайқасып, батыр атанады. Байтайлақ әкесі қайтыс болғаннан кейін, шығыста ел билігіне араласып жүрген шағында, Семей бекінісіндегі орыс басшысы Иван шақырып алып, түнекте екі ай қамап, шығарда ұрып-соғып, ауыр азаптайды. Ауыр жарақаттанған Байталақ Тарбағатайдағы еліне жете алмай, Байбура асуынан аса алмай, жолда Қалба тауындағы Ер Жәнібектің ауылында 1777 жылы қайтыс болып, сонда жерленеді. Байтайлақтан екі ұл қалған, олар: Шал мен Шала. Бабамыздың екінші әйелі – Бисара, одан Байбура туады. Ол да батыр болған. Байбураның бәйбіше әйелінен Көшебай туады. Малкелді ерте жауда қайтыс болып, жүкті қалған жесір келінін Қожаберген Байбураға қаратады. Келіні аман-есен босанып, ұл туады. Қожаберген Малкелдім төленді деп, атын Төлен қояды. Бұл әйел Төленнен кейін, Байбурадан едел жедел төрт ұл: Қонқа, Кенен, Кенбай, Мәтіні табады. Бабамыз Қожаберген кіші әйелі апамыз Жүзікке елуге қараған шағында, 1746 жылдар шамасында үйленеді. Жүзіктің шын аты – Дүдэг (Дүдэг-Дүзік-Жүзік) қалмақ қызы деген аңыз әңгіме бар. Жүзіктен Жандәулет, Шындәулет, Рыстанбет, Меңдібай, Бөгенбай, Кенжебай, Қазақбай (Мултар) – жеті ұл туады. Қожабергеннің ұлдары: Байтайлақ, Қалыбай, Малкелді, Байбура, Жандәулет, Шындәулеттер жаумен шайқасқан, бәрі де батыр болған» [18, б. 98].

Бұл мәліметтерге сүйенсек, Қожаберген батырдың ұлдары да қазақ халқының азаттығы жолында күрескен нар тұлғалар. Батырдың ұрпақтарынан, оның ұлдары Байтайлақ пен Қалыбайдың іргелес елдермен сауда-

дипломатиялық байланыстардағы елшілік қызметтеріне алдағы тарауларда кеңірек тоқталамыз.

В. Велямьинов Зернов еңбегінде *«...На возвратномъ пути Арапова, ему говорили въ Атагайскомъ роде, что Гирейскаго рода Старшина Ходжа-Берганъ батыръ посылал нарочныхъ къ Аблаю, чтобъ уговорить его неездить къ Чжуньгарской границы»* [4, б. 96-98] деген дерек кездеседі. Дерекке зейін қоя сараласақ, мұнда Абылайдың Жоңғар шегарасына қарай бет алмауын өтініп, Араповпен қоса өз адамдарын жібергендігін жазады. Себебі бұл жағдай қырғыздарға (қазақ – авт.) қауіпті еді. Осы тұста да Қожаберген батырдың сұлтан Абылайға деген адал қызметі мен жанашырлығын аңғарамыз.

1748 жылғы 24 қыркүйектегі М. Тевкелев құрастырған Орта жүз және Ұлы жүз қазақтарының рулық құрамының сипаттамасында былай дейді: «В Средней же орде в трех родах Увак, Гирей так же соединены от в Средней орде всех родов безсильнея, да всех богатея, а имянно: Увак, Гирей, Тараклы.... И Средняя орда кочюет по реке Тобол и по реке Ишим и на вершине реки Иртыш и на урочище Куктав» [65, б. 407]. Ал, зерттеуші А.И. Левшин абақ керей тайпасының көші-қон маршруттарын Обаған, Есім, Уй, Тоғызақ, Ертіс, Есіл, Сарысу және Цу немесе Шу өзендері аймағы; Учкунгур құмы даласы; Кешубай Шарқар өзені маңы және Степнаядан Жоғары Ертіс бекіністеріне қарама-қарсы аймақ; сондай-ақ Звериноголовский мен Пресногорьский аймақтары [25] деп көрсетеді.

И.И. Крафт қырғыздардың далалық аймақтарындағы қырғыздарды басқару туралы еңбегінде абақ керей ұрпақтарын Абақ, Герей (Керей) және Тарақты (Тараклы) деп үшке бөліп көрсетеді [33, б. 16].

Керей тарихта соңғы мыңжылдықтың аржағынан мәлім. «ашамайлы», «абақ» болып бөлінетін керей мың жылдан астам (мүмкін одан да көп болар) жасаған өмірінде, егер жүз жылда орта есеппен үш ата жасайды деп мөлшерлесек, кемінде отыз ата болып бұтақталады. «Абақ», негізінде, Қытай мен Моңғолияда, «ашамайлы» Совет Одағында, Октябрь революциясына дейінгі әкімшілікте 50 болыстан астам ел болған [34, б. 21].

Г.Н. Потанин қырғыздардың Қара Ертістің далалық алқабын, Тарбағатай мен Саура жоталарының солтүстік беткейлерін және Алтайдың оңтүстік аймағын алып жатқанын, ал кейбір қырғыздар Қобда өзені жағалауларында көшпелі өмір сүргендігін айтады. Ол өзінің 1876–1877 жылдардағы қырғыздар (қазақ – авт.) туралы жазбаларында Қожаберген батырдың шыққан тегі Абақ керей руы жайында мәлімет қалдырған. «Қара Ертістің далалық аймақтарын мекендеген қырғыздардың жері абақ керей және қара керей руларының иелігіне кірді: біріншілері Ертіс-Зайсан ойпатының шығыс бөлігін қоныстанса, екіншілері батыс аймағын алып жатты [3, б. 2].

Орта жүздегі керей, уақ тайпаларының тарихын түсінбегендіктен, уақ-керей және керей руларын шатастыру жиі кездеседі. Тәуке ханның тұсында шашырап жүрген рулардың басы біріктіріліп, «уақ-керей руы» деген атаумен арғын тайпасына қосылған бұл дербес ру Солтүстік Қазақстандағы Преснов бекінісінен батысқа қарай, Обаған-Тобыл төңірегін мекендеген. Кезінде орыс авторлары бұл ерекшеліктерді түсінбегендіктен, уақ-керейдің бір тармағын

«кіші керей» деп бөліп атаған сияқты. 1755–1756 жылдары осы кіші керейлер Қожаберген батырдың бастауымен Шығыс Қазақстанға қарай көшіп, керей тайпасына қосылған, Тарбағатай, Алтай тауларын мекен еткен [64, б. 134].

Абақ керейлер өздерін «ашамайлы керейлер» деп те атаған. Алайда түпкі атасы бір рулардың қандай себеппен 12 атаға бөлінетіндігі түсіндірілмейді. Барлық керей халқы Сары үйсіннен тарайды. Сары үйсіннен – Қараби, Қарабидің ұлы – Абақ, Абақтан – Керей; ең соңғысынан керей тайпасының 12 ұрпағы тарайды. Бұл он екі атаның атаулары: Жантекей; 2) Жадық; 3) Шіреуші; 4) Ителі; 5) Қарақас; 6) Молқы; 7) Шұбарайғыр; 8) Меркіт; 9) Итемген; 10) Жастабан; 11) Сарбас; 12) Шимойын.

Алғаш төрт атадан – Жантекей, Жәдік, Шіреуші және Ителінің ортақ әкесі – Байлау-Құйлау. Осы рулар және керей халқының төрт атасы жайындағы мәліметтерді шұбарайғыр руының өкілі Теңізбайдан (Тэнгисъ-бай) жазып алынған. Жантекейден Сәмамбет тарады, оның үш әйелі болған. Үлкені Бадан деп аталды; үш ұлы – Атантай, Есембай және Есентай; Есентайдан алты ұл – Базаркүл, Шақабай, Қыстаубай, Тоқыбай, Барқа және Тәттібай; соңғысына кіші ұлы болғандықтан арнайы «сүйікті», «тәтті» деген мағынада осы есімді қойған секілді. Атантайдан алты ұл тарады. Олар: Итқара, Ақ-қошқар, Ақ-жігіт, ал қалған ұлдарының есімін Теңізбай (Тэнгисъ-бай) ұмытыпты. Бұл мағлұматтарды Теңізбайдың ұлы Көбештің деректерімен толықтырайық... Базаркүлдің ұлын Қотырақ деп атады, ал Қотырақтың ұлы – Мамыт, Мамыттан – Қондыбай. Самамбеттің екінші әйелінен туылған ұлдардың есімдерін Сүйіншәлі және Орыс деп атады. Сүйіншәліден төрт ұл – Секел, Кебек, Тайлақ, Қангелді (Кангильды) тарады. Орыстан Ботаға және Тәнібек атты екі ұл туды [3, б. 3]. Сәмембеттің үшінші әйелі Соқсұрдан екі ұл – Есағасы және Қазбек тарады. Соқсұрдың бойы аласа болады, әйел ұзақ уақыт бойы бала көтермеді, сол себепті де Сәмембет оны жақтырмады. Күндердің бір күнінде Соқсұр айдалаға кетіп қалып, көз жасын көл етіп жылап, көзі ілініп кетеді. Сол мезетте бір сары үкі әйелдің иығына қонып, сыбырлайды. Соқсұр оянып кетіп, ол жүкті болғандығын біліп, Сәмембетке қайта оралады. Көп ұзамай Соқсұр екі ұлды өмірге алып келеді. Біріншісін Есағасы деп, ал екіншісін Қазбек деп атайды. Соңғы ұрпақ бұларды филиндік құстың ұрпақтары санайды. Тіпті олар тұзаққа түскен филиндік құстарды сатып алып, еркіндікке ұшыруды дәстүрге айналдырған. Құсты тұзаққа түсірген кез келген жанға Қазбек: «*Зачемъ мучишь моего отца*? деп, жанұшыра дауыс көтеріп, онымен күресуге дайын болған екен. Филинді еркіндікке ұшырып: «*Акебызь уку! Аманъ булъ! Кудай берды, джаксы кылъ! Кудайнынгъ кузю курубъ, джаксы булдукъ! Отец наш, филинъ, прощай! Явясъ предъ очи Бога, съделай нам добро*» – деп, жар салады. Қазбек пен Есағасының ұрпақтары өте дәулетті екендігі және олардың әулеті өз байлықтарын нақтылап мұраға қалдыруды жөн санайды. Қазбектің «Ескіқаз» деген лақап аты да болған деген деректерді келтіреді.

Одан әрі Есағасынан – Ақжігіт, Меңлібай, Кенжәлі, Беген; Қазбектен – Ақмырза, Бекмырза, тауасар, Қожас «Коджось), Жанқабыл, Байғабыл, Назар; Тауасардан – Кемпір туған.

Керей тайпасының екінші ұрпағы Жәдік Керейдің Жонтай атты екінші ұлынан тарайды. Жонтайдан – Қадыр, Тілеке, Итэнгмэнъ, Дәулетбике, Назбике. Назбикеден: Боқай, Құстай, Майма және Байыс.

Керей тайпасының үшінші ұрпағы Шіреуші Бай-Тайлақ тарады. Ал Керейдің үшінші ұрпағы «ителі» атауын иеленді. Осы рудың бір қырғыз (қазақ – авт.) өкілінің сөзіне қарағанда, бұл рудың атауы атасы иттің сүтімен қоректенгендіктен, осылай аталды деген деректі айтады. Ителінің Тоқтағұл мен Елтоқ деген ұлдары болған.

«Қарақас» руы деп аталу себебі қастарының қап-қара түсті болуында деген мәлімет бар [3. б. 4].

Молқыдан Мошан немесе Машан, Қошақ, Айтуған және Ботубай. Айтуғанның туылуын айдың жаңа тууымен байланыстырады.

Керей тайпасының ендігі бір ұрпағы Шұбарайғыр жөнінде төмендегі деректер келтірілген. Міне, осы шұбарайғыр руынан батыр Қожаберген Жәнібекұлы тарайды.

Шұбарайғырлардың (шұбар айғыр) атасы Жанат деп аталды; ол «батыр-қарақшы», «қарақшы-баты» ретінде танылды. Аңызға сүйенсек, оншақты шұбар жылқыға көзі түскен Жанат оларды ірі қамыстың арасына қуып кіріп, сойып жеген екен. Сол себепті де бұл рудың атауы осылай атанған делінеді. Шұбарайғырдан Балта, Қабыл, Түлек, Өтез «Отезъ) тарайды. Өтездің ұлы – Жәнібек.

Міне, бұл тұстағы дерекке үңілсек, біз Қожаберген батырдың әкесі Жәнібектің Өтезден тарайтындығын байқаймыз.

Меркіттер өздерінің арғы атасы ретінде Толымқожаны (Толумъ-годжа) санайды. Толымқожадан Қарағай, Қарағайдан Алтан, Алтаннан Татан, Татаннан Бабақан, Бабақаннан Меркіт. Меркіттен төрт ұл: Лепші (Лэпишъ) немесе Лепсі (Лэписъ), Шағыр, Мыңлы және Сақау тарайды.

Жастабан Сарытоқа деп те аталды. Бір кедей малшы аяғының үлкендігінен жалаңаяқ жүрген деседі. Сол себепті де бұл ата солай аталды. Жастабаннан екі ұл – Еламан және Тұрынтай туды. Сарбастардың рубасы Сарбас Жастабанмен бір анадан туған кіші бауыры еді, шашы сары болғандықтан, Сарбас деп аталды.

Көнсадақ аңшы еді, ол аңшылықта қолына ораған белбеуді жуатын (кунъ – жазда жоғалған малдың терісі, садакъ – діріл).

Шимойын мойыны ұзын болғандықтан, осындай лақап атқа ие болған: Моинъ – мойын, «ши» – діңі ұзын, тіпті сым тәріздес діңі ұзын дәнді дақылдар тұқымдасына жататын өсімдік деген мағына білдірді.

Бұл рулардың ең көп тарағаны – жантекей мен жәдік, бұл рулар жалпы абақ керейлердің тең жартысын құрады. Олар жазда Алтайдың таулы қыраттарында, ал қыста Қара Ертіс пен Үліңгірдің далалық аймақтарында көшпелі өмір салтын ұстанды. Шіреуші, ителі, қарақас және молқы олармен аралас көшіп жүрді, соңғы екеуі Алтайдың оңтүстік беткейін, қырғыз халқының ең көп таралған шығыс шегаралық аймағына қоныстанды. Шұбарайғыр, итемген, жастабан, меркіт Қара Ертістің сол жақ жағалауларын немесе Көксу жоталарында (Коксунъ) көшіп-қонды [3, б. 5].

Жәнібек ұлы Қожаберген – шұбарайғыр руының ұраны, қолына қазағымның қасиетті төрт туының біреуін ұстаған, алып батыр адам. Осы Қожаберген батырдан Байтайлақ, Қалыбай, Тоқбура, Малкелді, Ертісбай, (бұлар – бәйбіше аталады). Кененбай, Кенет, Мәті (Бабура аталады). Жандәулет, Шындәулет, Рыстанбет, Меңдібай, Бөгенбай, Кенжебай, Қазақбай, (Бұлар «Жүзік» аталады) [14, б. 75].

Рулық ұрандар әр рудың елдік дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтаудың үлкен құралы болған. Мысалы, жиындарда жанжал, төбелес шыға қалса немесе барымта болса, ру ұраны шақырылғанда, әр ру өз ұранымен топталып, қарсы руға төтеп берген. Жауға, барымтаға аттанғанда ру ұранын атаса, ермейтін еркек қалмаған. Жер дауы, жесір дауы сияқты жанжалдарда да руына ұран шақырған [34, б. 30].

Қалмақ шапқыншыларының ең алғашқы соққылары Қазақ ордасы құрамына кіретін тайпалардың ішінен керейлерге ауыр тиді [38, б. 183].

Қазақ мемлекетінде тұрақты әскер болған жоқ, оның қызметін сырттан жау шапқанда жиналатын халық жасағы атқарды. Жасақтар рулық-тайпалық принцип бойынша құрылып, әрбір жасақты әйгілі батырлар басқарды. Әрбір рудың, әр тайпаның жасағының өз жауынгерлік ұраны болатын. Әдетте ұран екі жақтың жасағы кездескен кезде, қақтығыс алдында айғайлап айтылатын. Ұран қазақ сарбазын осындай қиын-қыстау сәтте тек ағайын-туысына ғана емес, бүкіл халықтың намысын қорғап шыққан қазақ жасағының күш-қуатын сезінуге жігерлендіріп, ерлік жасауға шақырды. Қазақтың бүкілхалықтық әскери ұраны – «Алаш». «Алаш» сөзі бүкіл қазақ пен бірқатар түркі тілдес халықтардың мифтік арғы тегінің атын білдіреді [32, б. 312-313].

Алайда А.И. Левшиннің қазақ мемлекетінде тұрақты әскер болған жоқ деген пікіріне күмәнмен қараймыз. Осы тұста ескерте кетерлік жайт, Қожаберген батыр 200-ге жуық сарбаздан құралған тұрақты әскер ұстағанын Омбы облыстық архивіндегі құжат [75] растап отыр.

Әр рудың немесе тайпа жасағының жеке жауынгерлік ұраны болғандықтан, Қожаберген батыр Жәнібекұлының шыққан тегіне қарай абақ керей тайпасының да өзіндік ұранымен ерекшеленді.

Абақ керей тайпасы төмендегідей ұрандарды (шартты айқай); Жантекейлерде – Шақабай (қырғыз деректеріне сүйенсек, бұл әйел адам болған деседі, ал кейбір мағлұматтарға қарасақ, Шақабай барлық абақ-керейдің арғы атасы саналады); жәдіктерде – Жантай, ителілерді – Бұқарбай, басқаша Күйлеу деп айтылады, шіреушілерде – Бай-тайлақ, шұбарайғырларда – Қожаберген (Кодже-бергенъ); меркіттерде – Шағыр, жастабандарда – Бай-мұрат, шимойындар мен қарақастарда – Қаптағай, молқыларда – Машан, ал барлық абақ-керейде – Жәнібек ұран болып есептелді [3, б. 6].

Жалпы керей бірнеше атаға бөлінеді, қазақ ішінде ашамайлы керей, абақ керей, керейіт аталатын бөліктері бар. Соның ішінде он екі ата абақ керей бір қыдыру ел: жантекей, жәдік, қарақас, молқы, ителі, меркіт, шимойын, жастабан, шұбарайғыр, шеруші, көнсадақ, құлтайболат. Абақ керейді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында Қотырақ батыр бастап жүрсе,

Абылай заманында ел тізгіні Қожаберген батырдың қолында болғанға ұқсайды» [18, б. 141].

Қожаберген батыр Жәнібекұлының шыққан тегі – керей тайпасының шұбарайғыр руы жайында бірқатар аңыз-әңгімелерді өз жазбаларында Г.Н. Потанин қалдырады. «Есекен батыр» (Эсекень-батырь) деп аталатын 5-аңызға сүйенсек, қазақ (қырғыз) халықтарының байырғы атасы Майқаби еді: оның ұлы Құрдым; Құрдымнан – Қызылқұрт; Қызылқұрттан – Шұбарайғыр тарады. Шұбарайғыр ұрпақтарының ішінде Есекен батыр болған. Ол Қаба өзені арғы жағалауында Қарабұта есімді кісінің егістік жерін жыртқан. Осы кезде егістік алқапта Оралтай Мамыр ханның (төре) бір топ табыны жайылып жүреді. Есекен батыр табынды егістіктен қуып жіберіп, «Қырғыз баласы!» деп бар жігерімен айтты. Бұл сөзді естіген Оралтай Есекен батырдың мойнына және аяғына темір кісен салып, суға тастауды бұйырды. Шұбарайғыр руы ағасын іздеп, оны су ішінен тауып алады. Осыдан кейін шұбарайғырлар Оралтайды тонауға кіріседі. Төре болса бір түйеге мініп, қаша жөнеледі. Ол шұбарайғырлармен бейбітшілікті үш құнға сатып алуға мәжбүр болды, осылайша төрелігінен айырылды. Сондықтан қырғыз сұлтандары да Жайық ұрпақтары сияқты нағыз тума емес, тек байлар. *Тарбағатайдан шыққан шұбарайғыр руының* қырғызы [3, б. 149-150].

«Аңыз түбі – ақиқат» демекші, Потаниннің жазып қалдырған бұл әңгімесінен шұбарайғыр руының беделі мен ержүректігі басым, бай-қуатты рудың бірі екендігі байқалады. Шұбарайғырлардың арғы атасы Қызылқұрттан тарайды делінеді.

Осы әңгімеге сәйкесінше, 6-аңыздағы мәліметтерді тарқатып көрелік. Алтайдағы Қанас көлінің маңында көшіп-қонып жүрген, қазірде өзі дүние салған Әжі (Аджи) сұлтан: Кәпір Мәліктің Қырғыз деген ұлы болған, Қырғыздан – Абылай, Абылайдан – Семен (Сэменъ), Семеннен – Жабаға, Жабағадан – Көгедай, Көгедайдан – Әжі сұлтан тараған. Қырғыз тайпасы дінге мойынсұнбады, кәпірлер болды; Сол себепті де қазақ халқының батыры Қожаберген (Ходжа-Берганъ) олармен соғыс жүргізді; соғыс жүрген аймақтан тастанды бала табылды, сол баланы Қожаберген тауып алып, бауырына басып, қазақтың ханы етті; міне, осы себепке орай, Оралтай Мамыр хан кәпірлердің ұрпағы ретінде Есекен батырдың «Қырғыздың баласы» деген сөзіне ашуланған еді [3, б. 150].

Берілген аңызда Қожаберген батырдың есімі аталады. Қазақ халқының батыры Қожабергеннің кәпірлермен соғыс жүргізгендігі айтылады. Бұл дегеніміз, батыр Қожабергеннің дінге мойынсұнғаны деп топшылаймыз. Екіншіден, «соғыс болған жерден баланы тауып, хан етті» дегені – Қожаберген батырдың ақыл-кеңесі арқылы Абылайдың әлемге танымал, көршілес іргесі мықты алпауыт мемлекеттермен арасындағы беделінің жоғары болғандығымен байланысты.

«Қожа» (ходжа) сөздік қосымшасы бар есімдердің кездесуі далалық аймақта ислам дінінің кең таралуын білдіреді. «Қожа» тіркесі бар кісі есімдерінің Орталық Азиядағы белгілі бір діни кастаға қатысты әлеуметтік санатқа жатқызылуы да мүмкін. Сонымен қатар бала атына есім таңдауда

«қожа» тіркесін қосуды дәстүрге айналдырған отбасыларда дүниеге келген болуы да ықтимал [10, б. 388].

Осылайша, бұл аңыз-әңгіме Қожаберген батырдың мұсылман дінінің жақтаушысы әрі исламға берік тұлға болғандығын меңзейді.

Қазақ халқының дәстүрінде ата-тек, қай рудан таралуы, қай атаның ұрпағы деген мәселелерде шатасулар көп кездесетіні анық. Себебі халқымыздың әдет-ғұрып, тарихи санасында бірінші кезекте қан тазалығыжоғары бағаланатыны анық. Сол себепті де дәстүрлі ауызша дерек көздеріндегі батырдың шығу тегі жөніндегі деректердің шынайылығы басым деген ой түйеміз.

Қожаберген батыр XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ жерінің шығыс шегарасына қатысты жер дауын реттеуде Абылай ханның тіке тапсырмасымен дипломатиялық міндеттер атқарды [31, б. 645].

Қазақ–қытай қарым-қатынастары тұсында Қожаберген батыр Қазақ хандығының оңтүстік-шығыс өңірінде, яғни қытайлармен шегаралас аймақта тұрақтады.

Қытайдың кейбір дереккөздеріне сүйенсек, Цин әскерлерінің Солтүстік Тянь-Шань аймағына шабуылына дейін қазақ феодалдары 1753–1754 жылдары жоңғар билеушілері тұрақтаған Іле алқабы, Құлжа жоталарына шабуыл жасағандығы айтылады. Мұнда олар негізгі ғибадатханаларды, бірі алтын шатырлы, екіншісі күмістен жасалған екі ламаист храмдарын қиратып, барлық азық-түлікті тартып алды. Жоңғар тағына үміткерлердің арасындағы өзара тартыстарда да жоңғар нояндары Қазақ ордасынан пана тауып отырды. Қазақ феодалдары өз мүдделеріне қарай бірде Жоңғария мемлекеті жағына шықса, келесі жолы Қытай жағына жақтасты. Көптеген аумақтардың, соның ішінде Шыңжаңның өзінде де (таулы Бедел, Шағанобо, Баймырза, Жоңғар қақпалары, Қашы, Күнгес, Қорғас, Іле, Эмиль, Урунгу, Қара Ертіс, Ебі Нұр, Сайрам көлдері т.б.) қазақ феодалдарының отрядтары Цин шапқыншылығына қарулы қарсылық көрсетті. Қазақ билеушілері бұл территорияларға қатысты дауды келіссөздер арқылы шешуге бастама жасады. 1755 жылы қазақ елшілері Жоңғариядағы Цин әскерлерінің басқарушысына Ташкентке бақылау орнатқанын мәлімдеді. Расында да, 1757 жылы Цин Үкіметінің бақылау отряды Ташкентке сапарында ежелгі керуен жолдарының осы маңызды нүктесін бақылау үшін қаланы қоршап, оның шетіндегі суды жауып тастаған қазақ әскерлері екендігіне көз жеткізді.

Ал 1757 жылы қазақ елшілері Тарбағатайдағы жайылым жерлерді қайтаруды талап етті. Осылайша Цин империясы жаулап алғанға дейін Жоңғария Қазақ, Қоқан, Ташкент билеушілерінің қолдауына мұқтаж еді. 1758 жылы Қытай ұлтшылдары иемденген Орталық Азиядағы Жоңғар мұрасы туралы сөз болуы мүмкін емес еді. Әлбетте, жердің тарихи құқығы жөнінде мәселені екіқырлы қарастыру қажет екендігі белгілі, бірақ бұл жағдайда оны тек бір тарап қана, яғни Қытай тиімді пайдалана білді [45, б. 77].

Революцияға дейінгі кезеңдегі зерттеушілердің бірі Н.А. Аристовтың еңбегінде қытай және Орынбор деректерінде Қожаберген батырдың есімі аталатындығын, батырдың Абылаймен бірлесе отырып жауға қарсы күрескендігін атап өтеді. Оның жазбасына сүйенсек, *«... керейлер мен*

байжігіттер туралы айтқанда, қытай деректерінде XVIII ғасырдың екінші жартысындағы жоңғарлармен күресте батырдың есімі кездеседі, шамамен, 1757 жылы бұрындары Абылай ханмен бірге жоңғарлардың жақтасы болған қазақ батыры Қожаберген Қытайға бағынды, ал 1758 жылы «ержүрек» деген лақап атқа ие байжігіт тайпасының көсемі Байбурақ бір көтерілісшіні тұтқындап, қытайларға тапсырады. Аталған Қожаберген Есіл өзенінің жағасында қыстап, абақ керейлердің старшыны ретінде 1750 жылы керейлерді басқарды» [5, б. 84] – деп көрсетеді.

Дәл осымен үндес те мазмұндас мәліметтердің тағы бірі орыс ғалымы В.В. Вельяминов-Зерновтың жазбаларында келтіріледі. Оның айтуынша, *«... Абылай ханмен бірге Қытайға қарсы күрес жүргізген қазақ қолбасшысы Қожаберген 1757 жылы Қытай үкіметіне бағынды. Дәл осы Қожаберген 1750 жылы керей тайпасын басқарды. Осы уақыттарда Қожаберген басқа да керей тайпасы халқымен бірге Есіл өзені бойында шығысқа қарай қоныс аударды»* [4, б. 113-114].

Қазақтарды әлсіретуді көздегенімен, Қытайдың сол кездегі басты жауы жоңғарлар еді. Бұл сәтте Абылай мен Қытай саясаты бір мүддені көздеді, яғни жоңғарларға қарсы бағытталды. Бірақ Қытай мен қазақтардың жоңғарға қарсы қимылының бір-бірінен айырмашылығы болатын. Қытай тарапы Жоңғарияны біржола жойғысы келді. Қазақтар жоңғар билеушілері арасындағы алауыздықты және қытайлардың күшін пайдаланып, жоңғарларды әлсіретті. Сол саясаттың астарын түсінбеген Аристов Қожаберген батырды Қытай жағына шықты деген жансақ пікірді алға тартады. Бұл тұрғыда орыс саяхатшысының бұл ойы – қате пікір. Мысалы, 1757 жылы Цин патшалығымен қарым-қатынастарында өзінің әуелгі ұстанымын өзгертуге қадам жасауды ойластыра бастаған Абылайға да сондай кінә тағуға болады. Осы жағдайды талқылағанда бір жағдайды ескермей отырмыз. Қожаберген батыр 1752 жылы Ресей империясы мен Қытайдың сол жақ территориясын тартып алып, шегараны түзетті. Қазақтардың Қытай жаққа жақындауының басты себебі – Жоңғария мемлекетінен босап қалған ата-бабаларының байырғы жерлерін қайтаруға ұмтылуы еді. 1758 жылы Жоңғария тарих сахнасынан жойылды. Бұл мемлекетті құлатқан – Қытай, ал тікелей осы саяси процестерге атсалысқан – қазақтар. Ендігі тұста Жоңғариядан босап қалған өздерінің байырғы атамекеніне қазақтар қайта орала бастады. Жылда Қытай әскері қазақтарды шығарып тастауды көздеп, әскер жібереді. Қазақтар қытайлармен ара-қатынасты реттеу үшін босап қалған жерлерден жылжиды. Ал қытайлар кеткен соң қайтадан сол орындарға жайғасты. Қазақ халқының Қытайға мойынсұнбай, ата-бабаларынан қалған байырғы жерлерді бермейтіндігін түсінген қытайлар 1767 жылы қазақтардың Шыңжаңға көшіп, қоныс аударуына рұқсат етті. Қожаберген ешқашан да Қытай билігіне берілген жоқ, тек қытайлармен әскери-дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуға мәжбүр болды. Оның негізгі жоспарында қазақтың территориялық тұтастығын сақтап қалу мүддесі бірінші орында тұрды. Қожаберген батыр Жәнібекұлы да Абылайдың көпвекторлы ұтымды саясатын ұстанғаны анық.

Қожаберген есімі қытай қазақтарының арасында кең тараған. Қожаберген мен Бердіқожа батырлардың Абылай ханның 1755–1757 жылдардағы Цин жасақтарымен қиян-кескі шайқастарында шығыс қанатты басқарғаны нақты. Қазақ халқының әдеби мұраларында, сонымен қатар орыс және қытай деректерінде батырлар туралы айтылады, бұл орайда көбінде «хочжа», «ходжа» хоцзи», «қожа» сөздері батыр атауымен бірге құрамдас болып кездеседі. Мәселен, Қожаберген, Хочжайбильде, Ходжа Мерген, Қожамерген, Қожымберді, Қожагельде, Қазиберген, Қожаберді батыр, Бердіқожа, Ходцибоэрген аттары кездеседі. Атаулардың осылайша әртүрлі оқылуы қолжазбалардың ауызша және жазбаша ертегілер («скасок»), шетелдік эмиссарлардың хабарламалары мен түрлі ведомствоға қарасты жазушылардың жазбалары негізінде жасалынғаннан, сондай-ақ олардың сауаттылығы мен оларда бар ақпараттың толыққанды еместігіне байланысты. Сөздік құрамында «қожа» (ходжа) атауы жалғанған есімдер далалық аймақта ислам дінінің таралуын айқағақтайды. Бұл дегеніміз, белгілі бір сөздің құрамдас бөлігінде «қожа» атауы жалғанған есімге ие адамдар Орталық Азиядағы белгілі бір әлеуметтік құрылымға немесе діни кастаға жатқызылуы әбден мүмкін деген пайым жасауға мүмкіндік береді [10, б. 388].

«Ходжа-бергенъ (монг. мэргэнъ, стрелок) былъ богатыръ кирейскаго рода въ прошломъ столетіи; обыкновенно кочевал на реке Чаръ-гурбанъ къ юго-востоку отъ г. Семипалатинска и участвовалъ въ набегах на калмыцкія кочевья, когда Джунгарское ханство рушилось подъ ударами Китайцев; но здесъ, очевидно, следует разуметь какое-то легендарное лицо; у Киргизъ въ обычае давать новорожденнымъ имена древнихъ предковъ, отчего въ легендахъ происходить путаница [3, б. 35].

Бұл деректе батырдың есімі «мерген» сөзімен байланыстырыла айтылып тұрғаны анық көрінеді. Өз дәуірінде керей тайпасының ірі батыры атанған Қожаберген Жәнібекұлының Семей қаласының оңтүстік-шығыс бетіндегі Шар өзенінің жағалауында көшпелі өмір сүріп, қытай әскерінің соққысынан Жоңғар хандығы құлдырап жатқанда, жеңілген қалмақ әскерлері жағында күрескендігі айтылады. Екіншіден, деректе Қожаберген батырды аңызға айналған тұлға екендігін анық жазады. Үшіншіден, қырғыздарда жаңа туған нәрестеге байырғы ата-бабаларының есімін қою дәстүрі аңыздардағы тұлғалардың есімін шатасуларға алып келетіндігін айтып өткен. Жоғарыда көрсетілген деректің астарын ақтара келе, ел арасында аты аңызға айналған батырдың өз халқынан бөлек, орыс, қытай, ойрат-жоңғар әскерлері арасында беделі мен батырлық тұлғасының биік екендігіне көз жеткіземіз.

Қазақ, жоңғар, қырғыз және мәнжүр халықтарындағы батырлардың есімдеріне «мерген» – дәлдеп атқыш» сөзі қосылып аталды. Сондықтан «Хочу-мерген» есіміндегі батырдың жоңғар ма, әлде қазақ батыры ма? «Хочу» сөзі ходжа, қожа сөздерімен мағыналары бір ме? Мерген» сөзі мергендік өнеріне қатысты аталған ба? Немесе тек кісі есімінің бір құрамдас бөлігі ғана ма?» деген сауалдарға жауап беру қиынға соғады [10, б. 389].

Сол дәуірде кісі есімінің жазылуына қазақ, орыс, моңғол, мәнжу және қытай халықтарының тілдік ерекшеліктері де әсер етті. Сол себепті де

батырлардың біркелкі аталуы мен олардың қызметін үзік-үзік өмірбаяндық деректерге сүйеніп анықтау қиындық туғызады. Осы тұрғыдан алғанда, халық мұрасындағы ауызша деректер мен орыс, қытай және моңғол деректерін салыстыра талдау әдісін қолдану біршама мүмкіндіктер туғызады. Мәселен, Қожаберген мен Бердіқожа батырлардың рулық шежіресін анықтауда біршама алшақтық байқалады. Бердіқожа батырды кейбір деректер Орта жүздің керейлеріне жатқызса, енді бірі шанышқылы руынан тарайтындығын алға тартады, ал Қожаберген батырды найман тайпасынан қаракерей руына жатқызса, екіншілері абақ керейге, ал тіпті кейбір деректерде жоңғар деп айтылады. Себебі Қожаберген батыр қазақ–жоңғар және қазақ–қытай қарым-қатынастарының бел ортасында белсенділік танытқан тұлғалардың бірі еді. Оның ауылында ойраттар жиі төбе көрсететін. Қазақ старшындары мен батырлары көршілес жоңғар феодалдарымен және батырларымен достық қарым-қатынастар орнатты. Барлық уақыттарда ойрат әйелдері қазақ жауынгерлерінің ең бір көрікті әскери олжаларының біріне айналған, ал қазақ батырлары қалмақ батырларымен жиі жауынгерлік шайқастарға түсіп отырды [10, б. 388].

Осы мәліметтерден, біріншіден, Қожаберген батырдың халықаралық қатынастардағы беделінің жоғары болғандығы мен оның дипломаттық қырының шеберлігі байқалады. Екіншіден, қазақ батырлары мен жоңғар батырлары арасындағы байланыс өте тығыз өрбіді, тіпті қазақ Қожабергеннің ауылы ойрат тайпаларының мекенімен көршілес орналасты. Осылайша, екі халық арасындағы қарым-қатынастың соншалықты жақын болғандығы, кейбір деректерде батыр Қожабергенді жоңғар халқының батыры деп көрсететін қате мәліметтердің кездесетіндігі айтылады [23, б. 443].

Батырдың кім болғандығы жөнінде тағы бір дерек қытайдың Цяньлун жылнамасының 22-жылы 7-айдың 13-күні, яғни 1757 жылғы 27 тамыздағы құжатында шет аймақтарды тыныштандыру әскерінің оң қол орынбасар генералы Жаохуэйдің мәлімдемесінде кездеседі. Аталған құжаттағы *«Қожаберген мен Қара Барақ сендерде Абылайдан кейін іс атқаратын мәртебелі адамдар болып саналады екен, оның үстіне олар алыстан келіп, бізбен кездеспекші екен. Ендеше біз екі адамымызды сендермен бірге жіберіп, сол Қожаберген мен Қара Барақ сәлем бергізейік дедік те, карачин қосынының жалан-и-жаңгины лауазымды Наваң мен былтыр Қожабергенмен танысып қалған авангард қосынында габсихян лауазымын атқарып жүрген фунде-бошоку лауазымды Сахатайды жібермек болдық»* [8, б. 163] деген мәлімет берілген. Құжатқа зейін қойып зерделесек, біріншіден, бұл тұста Қожаберген батырдың Абылай хан иелігіндегі ең бір жоғары мәртебе мен асқақ абыройға ие болған тұлға ретінде танылғанына көз жеткіземіз. Екіншіден, цзянцзюнь ұлықтарына кездесуге келе жатқан Қожаберген батырдың Цин империясының әскери шенді шенеуніктері арасындағы беделінің аса жоғары дәрежеде екендігі анық байқалады. Қытай патшалығының Науан және Сахатай атты лауазымды адамдары да Қожабергеннің Қытай еліне елшілік сапарынан соң Қазақ еліне қайта келгендігі айтылады. Бұл – екіжақты мәмілегерлік және достық қатынастардың белгісі.

Келесі күні, яғни 7-күні (1757 жылдың 21 тамызы – авт.), айдahар уақытында, Далишан Қожабергеннің Байтайлақ есімді ұлы және Қара Барақтың інісі Мәми сынды 10 адамды Нарит асуы арқылы осында бастап әкеліпті. *Сонда Қожабергеннің ұлы Байтайлақ былай деді: «Абылай әскер бастап осында келіп, ұлы армияларыңызбен қауышқан екен. Ол өзі барша қазақты бастап, ұлы Еженмен қарым-қатынас орнатқандығы туралы хабарды хат арқылы біздің барлық ру-тайпаларымызға жеткізген. Осыдан хабардар болған соң біздің Қожабергеніміз әскер бастап, қашқын Әмірсананы тұтқындауға шықты. Ол мені сіздер, цзюнцзюнь-ұлықтармен кездесіп, сіздерге сәлем беруге жіберіп отыр. Бізде хат жазатын адам жоқ, сондықтан мұнда біз өзіміз келіп, өз аузымыз бен өз тілімізді сенім хат ретінде пайдаланбақпыз»...* [8, б. 163].

Бұл тұста мәнжу тіліндегі кездесетін бұл құжаттың Цин патшалығының мүддесі тарапынан жазылғанын ескеруіміз керек. Сол себепті де құжатта қазақ елшілерінде хат жазатын адам жоқ, нақты айтқанда «сауатсыз» дегенге жақындатып айтылған. Шын мәнінде, Қожаберген мен Қара Барақ сынды қазақтың абыройлы елшілері мен батырлары өздері бармай-ақ, алдын ала жанына жақын сенімді адамдарын Цин сарайына жіберіп отырған. Бұл сөзімізге дәлел, тура осы құжаттағы Цин ұлығының Байтайлаққа: «Сендердің басшыларың Қожаберген мен Қара Барақ, сондай-ақ ел-жұрттарың түгел аман-есен бе?» – деп амандасқаны. Құжаттың осы үзіндісінен Қытай патшалығы алдындағы Қожаберген батырдың қаншалықты танымалдығы мен абыройының жоғары деңгейде екендігін болжауға болады.

Ал ендігі кезектегі мәнжу тіліндегі 1757 жылдың қазан айының 17-сіндегі құжатта жоғарыда есімі аталған генерал орынбасары Жаохэй және басқалардың Әмірсананы тұтқындау туралы Қожаберген батыр мен Қара Бараққа түсірген бұйрық хаты. Құжатта: *«Ұлы Ежен былай деп бұйрық түсірген: «Қожаберген мен Қара Барақ – Абылай мен Қабанбайдан кейін іс басқарған адамдар». Олар менің қамқорлығыма бөленеміз деп шын ниеттерімен келіп бағыныпты. Мен олардың бұл әрекеттерін өте жоғары бағалаймын. Осыдан бұрынырақ, Абылай елші жібергенде, мен дереу оларға «қазақтар – шалғайдағы шет жерде тұратын адамдар болғандықтан оларды қалқа, ішкі жасақ немесе улеттермен салыстыруға болмайды. Олар өз бетімен бұрынғы салттары бойынша тыныш өмір сүре берсін. Өздері осында келіп, менімен кездесіп жатса немесе елші жіберіп маған сәлем айтып жатса, мен олардың барлығына қамқорлық көрсетермін деген болатынмын. Қожаберген мен Қара Барақ та осылайша бізге бағынып, іс атқарды. Жол алыс болғандықтан көп сыйлықты тасып апарғызу қиын болар. Дегенмен олардың шын ниетпен бағынғандығын жоғары бағалай отырып, мен олардың әрбіреуіне 2 топ молұн мен 2 топ ені кең торқа сыйлап, марапаттау туралы бұйрық жарияладым. Олар осыдан былай менің қамқорлығымда болып, бұрынғыдан да жақсы ықылас көрсетсін»*, [8, б. 185] – делінген. Берілген деректі мұқият талдасақ, біріншіден, құжат мынадай тұжырымдарға жетелейді: бұл дереккөздерді жазып қалдырған император жанындағы мәнжүр ұлықтары Цин патшалығының мүддесіне толықтай қызмет етті. Сол себепті де бұл деректерде «қазақ халқын

өздеріне бағынышты халық», «жасқаншақ», «әлсіз» халықтар қатарында көрсету сынды бұрмалаушылық әрекеттері көптеп байқалады. Екіншіден, батыр Қожаберген Жәнібекұлының Абылай ханның иелігінде Қабанбай батырлармен қатар ел басқару ісіне араласқан ірі дипломат, саяси қайраткерлік қызмет атқарғандығы дәлелденеді. Үшіншіден, Мәнжүр–Цин империясы ханының Қожаберген батырдың қазақ халқының әскери шенді қайраткері ретінде жоғары баға беріп, құрмет тұтатынын аңғарамыз. Деректі талдауда алынатын тағы бір қорытынды ой, бұл Мәнжүр–Цинь императорлары әрқашан қазақ хандары, сұлтандары мен батырларына сый-сияпат, яғни аталған деректе айтылғандай айдahap бейнесі салынып тоқылған торқа мен ені кең торқа сынды сыйлықтар, сондай-ақ әскери шендер тағайындап, жағынуға тырысып отырған. Себебі түркітектес, моңғолтектес көшпелі өмір сүретін мәнжүр халқы көшпенді қазақ халқынан қаймықты. Көшпелі өмір салтының қыр-сырын меңгерген ат үстіндегі қазақтар (қырғыз-қайсақтар) кез келген уақытта шабуыл жасап, күл-талқан етуі мүмкін еді. Мәнжүр-Цин патшалары өзімен дипломатиялық байланыс орнатқан шегаралас елдерді өзіне бағындыру мақсатын көздеп, сол елдердің шенділеріне сыйға түрлі лауазымдар ұсыну сияқты түрлі айла-амалдар қолданған. Бұдан шығатын қорытынды, мәнжу халықтары қазақ халқының жоғары лауазымдағы тұлғаларына сый-марапат беру арқылы жағынып, өз халқының тыныштығын сақтауға талпынды.

Қорыта келгенде, қазақ халқының дәстүрінде ата-тек, қай рудан таралуы, қай атаның ұрпағы деген мәселелерде шатасулар өте көп кездесетіні анық. Себебі халқымыздың әдет-ғұрып, тарихи санасында бірінші орында ұрпақ тәрбиесі, қан тазалығы бойтұмар ретінде биік тұратыны белгілі [23, б.445].

Дегенмен батырдың шығу тегі мен өскен ортасын қолда бар зерттеулер мен деректерді талдау арқылы біршама тұжырымдар жасалды:

- Қожаберген батырдың керей тайпасының шұбарайғыр руынан шыққан беделді батыры екендігі анықталды.

- Батырдың өмірге келген уақыты мен жерленген орны туралы мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді. Қазіргі қолжетімді дереккөздерге сүйенсек, Қожаберген батыр – XVII ғасырдың соңы – XVIII ғғ. 80-ші жылдары аралығында өмір сүрген қазақтың көрнекті тұлғасы. Батырдың өмір тарихына қатысты деректерге логикалық талдау жасасақ, ауызша деректерде оның 61 жасында зертең ауруынан көз жұмғаны айтылады. Бұл дерек шындыққа жанаспайды. Себебі бұл ойымызды мәнжу тіліндегі Цяньлун жылнамасының 32-жылы 8-айдың 4-күніндегі, яғни, 1767 жылғы 4 тамыздағы Тарбағатайдың хебе-амбаны Улден мен Фухудың мәлімдемесіндегі жазба дерек растайды. Аталған жылы Қожаберген мен Қазыбектердің сәлемдемелерін Цин патшалығы қабыл алып, екі жас қазақ елшісін мәмілегерлік байланыста шығарып салғандығы айтылады [8, б. 418]. 1757 жылғы 25 тамызындағы «Шет аймақтарды тыныштандыру армиясының оң қол орынбасар генералы Жаохуэйдің мәлімдемесінде Қожаберген батыр: *«Мен өзім алпыстан асқан адаммын. Ненің жақсы, ненің жаманын білмейді дейсіз бе?!»* [8, б. 171] деп айтады. Яғни батыр 1757 жылы алпысты алқымдаса, 1767 жылдары жетпістен асқан шағында Цин патшалығымен сауда қатынастарында беделді рөлге ие

болғандығы жөніндегі деректер кездеседі. Ал батырдың ұрпағы О. Маусымұлы «Бабамыз Қожекең өзі 80-ге қараған шағында, 1774 жылдар шамасында аурудан қайтыс болған» деген пікірін білдіреді.

Өкінішке орай, батырдың өмір сүрген жылдары туралы нақты жазбаша деректердің қолжетімсіздігі бұл мәселенің әлі де болса зерттелуін қажет етеді. Дегенмен, мәселе шеңберінде қарастырған ауызша деректердің сәйкестігі байқалады. Бұл мәселені қорытындылай келе, біздің ойымызша, қазірде қолда бар ел аузындағы әңгімелер мен мәнжу тіліндегі деректемелердегі ақпараттарға сүйене келе, батыр XVIII ғасырдың аяғында, 90 жасты еңсерген шағында өмірден озды деп топшылауға негіз бар.

Ойымызды түйіндей келе, төмендегідей бірқатар қорытындалар жасалды:

- Қожаберген батыр Жәнібекұлының ұрпақтарының қазақ мемлекеттілігінің негізін қалыптастырудағы қызметі арнайы зерттеуді қажет етеді деп санаймыз.
- Қожаберген батырдың ата-тек әулетін қарастыру оның Қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру жолындағы ерлігін, қазақ халқының азаттығы жолындағы күресін зерттеуге мүмкіндік береді. Батыр туралы аңыз-әпсаналық сипаттағы деректерден, архив құжаттарынан Қожаберген Жәнібекұлының керей тайпасының шұбарайғыр руының әскербасы ретінде тұтас Қазақ халқының азаттығы жолындағы күрескерлік танытқан тұлға екендігіне көз жеткіздік.

Қорыта айтқанда, Абылайдың оң қолы, сенімді сардар-батыры Қожаберген Жәнібекұлының шығу тегі мен өмір жолын қарастыруда түйгеніміз, батыр туралы зерттеулер мен ел аузындағы аңыз-әңгімелер, шежірелерін жинақтаудың маңыздылығы анықталды. Бұл алдағы уақытта әлі де табанды ізденіс пен ғылыми негіздеуді қажет ететін мәселе болып қала бермек [23, б. 445].

2.2 Қазақ–жоңғар қарым-қатынастарындағы Қожаберген батырдың соғыс-мәмілегерлік қызметі

Қазақ тарихында халқымыздың Ресей империясының құрамына қосылуы мәселесі айтарлықтай дәрежеде зерттеліп, ал қазақ–жоңғар қарым-қатынастарындағы кейбір мәселелер зерттеу нысанынан тыс күйде қалып қойды. Қазақ–жоңғар қатынастары халықаралық қатынастар тарихындағы өзекті мәселелерге жатқызылады. Ғасырларға созылған соғыс Қазақ хандығы мен Жоңғария мемлекетінен бөлек, көршілес жатқан Ресей мен Цин империясының саясатына да ықпалын тигізді. Екі ел арасындағы текетірес тұтас Орта Азия халықтарының хал-ахуалына да үлкен өзгерістер әкелді. Осы кезеңдегі халықаралық қатынастарды түбегейлі түсіну үшін қазақ–жоңғар байланыстарын тереңнен қарастыру қажет. Өйткені мәселені осы қырынан зерттеу сол тарихи кезеңде өмір сүрген мемлекеттер мен халықтардың ірі билеушілерінің, оның ішіндегі батырларының рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ хандығы осы замандарда алпауыт екі империяның тоғысында хандарының, сұлтандары мен батырларының саяси-дипломатиялық қызметі

арқасында мәртебесін биік ұстады. XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы жоңғарларға және Еділ қалмақтарына қарсы күресте Абылай ханның шебер ұйымдастырушылық дарыны арқасында ірі жеңістерге қол жеткізді.

Қазақ–жоңғар қарым-қатынастары жөнінде айтылғанда, қазақ ханы Абылай, Жоңғар қоңтайшылары Қалдан Серен, Лама Доржы, Даваци, ханзада Әмірсана сынды тарихи тұлғалардың есімі мен тарихтағы рөліне тоқталып өткеніміз тақырыпты толық ашуға мүмкіндік туғызады.

Қазақ хандары мен сұлтандары, батырлары мен билері, соның ішінде Абылай хан, Қожаберген, Дәулетбай қатарлы батырлар Жоңғарияның Даваци, Әмірсана сияқты тұлғаларымен тығыз қарым-қатынастар орнатты. Бұл қатынастар жай ғана саяси мақсаттағы «одақтастықтан» немесе адамдар арасындағы «дос-андалық» байланыстар шеңберінен шығып, әке-бала, аға-бауыр, қайната, күйеу бала сынды туыстық байланыс негізінде мықтап орныққан.

Қожаберген батыр Жәнібекұлынан басқа Бөгенбей, Барақ сұлтанның ұлы Ханбабай, ақ-найман тайпасынан шыққан Әзібек (Азибякъ батыръ) абақ керей тайпасынан шыққан Қошқарбай, Досымбет, Досымбеттің бауыры Өмір, Құлсары, Құлеке және Әлімбет секілді қазақ батырларының есімдері аталады. Автор жазбаларында Қожаберген батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін негізгі зерттеу нысанына алмағанымен, батырдың шығу тегі мен оның әскерінің орналасуының географиялық жағдайы жөнінде деректер қалдырады. Орыс тарихшысының жазбаларында Абылайға жіберілген орыс елшілері М. Арапов пен А. Яковлевтердің баянхаттарында абақ керей тайпасынан тараған Қожаберген батырдың Қалдан Сереннің үлкен ұлы – Жоңғария қоңтайшысы Лама-Доржыға елші ретінде жіберілгені туралы мәліметтер кездеседі. Қожаберген батыр туралы тарихнамалық фактілерді қарастыруда оның замандастары Даваци, Лама Доржы, Әмірсана, Байнджур сияқты тарихи тұлғалар туралы деректер де батырды зерттеуге көп көмегін тигізеді. Орыс тарихшысы В. Вельяминов-Зернов зерттеулерінде жоңғар қоңтайшысы Даваци мен Абылайдың арасындағы дипломатиялық байланыстар мәселесіне біршама тоқталған. Мұнда Абылай мен Давацидің саяси ойларының үндесуі туралы айтылады [4].

Жоғарыда аталған қазақ батырларының бәрі – Қожаберген батырмен үзеңгілес, қазақ жерінің тұтастығы мен қауіпсіздігі жолында күрескен тарихи тұлғалар. Қожаберген батыр Жәнібекұлы Абылай ханның нұсқауымен Қытай империясымен шегаралас аймақтарды, шығыс шегара бойындағы қазақ территориясына қатысты дауларды шешуде маңызды әскери-дипломатиялық міндеттерді шешті.

Қожаберген батыр шұбарайғыр руының ұраны болса, бүкіл керей елінің ұраны – Ер Жәнібек еді. Ер Жәнібек жасаған дәуір де қазақ-жоңғар шайқастары тұсына тұспа-тұс келеді. Жәнібек батырдың керей елінің ұранына айналу себебі де Абылайдың Жәнібек батырға ел мүддесін қорғауды сеніп тапсырған құрметіне орай орныкса керек. «Жоңғар өктемдігі» өршіп тұрған қилы кезеңде Ер Жәнібек батырлық ерлік істерімен қатар жаудың жойқын шабуылдарын ауыздықтау мақсатында жанкешті күресті.

Ер Жәнібек батыр да, Қожаберген батыр Абылайдың оң тізесін басқан қазақ батырлары қатарында көзге түскен. Ер Жәнібектің елді жаудан азат ету жолындағы күресі, сондай-ақ Абылайдың сенімді батырларының бірегейі болғандығына фольклорлық материалдар дәлел болады. «Бабалар сөзі» сериялық жүз томдық басылымның 27-ші томында «Ер Жәнібек» атты тарихи жырдан үзінді келтірейік:

Салмақ боп қалмақтар да күш зорлыққа,
Қазақ та шыдамады бұл зорлыққа.
Жәнібек қазақ қолын бастағанда,
Есе алған он екі рет зор жорықта.
Қазыбек шешен еді ағалаған,
Жәнібек өнеге алып жағалаған.
«Бұл күнде шешендіктен жан өтпес» деп,

Қазекең Жәнібекті бағалаған [90, б.130-131]. Берілген жыр мазмұнынан тайға таңба басқандай байқалып тұрған ақпарат – Қазыбек бидің Жәнібек батырға ақыл-кеңесін айтып, жауға қарсы жігерлендіріп, әскер басқаруға лайықты тұлғалық қасиеттерді сақтауға ықпалын тигізіп отырғандығын көрсетеді.

Халық Жәнібектің көкбөрі қонған киелі батыр санайды. Ол туралы нағашы жұрты жағынан тараған мынандай аңыз бар. Қазыбек би отардағы малына барып, амандығын білуді ойлайды. Әр жылы қыста қос-қос атты жолдас ертіп, жол бойы қыран құстарына аң ілдіріп, сол бетінде отардағы жылқысына дейін барып қайту бидің әдеті екен. Жас кезінде батыр болып, желдің өтінде, жаудың бетінде жетілген Қазыбек енді би атанып, ел басқарып, қазақ хандарының ақылшысы болып жүргенімен, қыста салбуырын құрып, отардағы малына барып, амандық жамандығын көзекі көріп қайту әдетін тастамапты. Көшпелі қазақ байларының үлкен байлығы тек мал еді. ол банктегі ақша, сандықтағы алтын сияқты салулы құлпы, соғулы қорғаны бар дүние емес, кезең асса, көз жаздыратын, сынап тай толқып тұратын байлық болғандықтан, байлар қос қолын малдан ала алмайтын. Сондықтан Қазыбек бидің бұл сапарын кім көрсе де өрескел дей алмаушы еді. Ал Қазыбек секілді әрі батыр, әрі ақылман болып өскен кісілерге ақпанның аязын да қырау басқан тұлпарды бар тебінімен ағындатып, аппақ қарды жосыта тартып жол алудың өзі бір ғанибет сезіледі. Сол сапарын бастаған би отардағы жылқысына жол алып, көңілдегі жерін көздеулі уақытында басып келе жатыпты. Таң қараңғылығы серпілмеген, есекқырған жұлдызы төбеге таяп қалған кез екен. үйреншікті мекенінде топ-топ сексеуіл өскен 98 тарихи аңыздар құмды төбелердің баурайында таңғы жусауындағы жылқы лар үйір-үйірімен тыныштық алып тұрады. Жылқыға жетіп келген би құсбегі, саятшы серіктерін қосқа жібереді де, өзі бірер жолдасымен жылқысын аралап, жылқысының межесін байқап, күйін көре бастайды. Белгілі-белгілі айғыр үйірлерін тұра қалып түстейді, тіпті жабағыларын санап, жылқының таңғы жусауына қарап күйін байқайды. Сөйтіп келе жатқанда таң да атады. Бидің көзі тебіндегі жылқының қарсы алдындағы бір биік құмның бауырында қаңтарулы тұрған тобылғы торы айғырға түседі. Жылқышылардың алғашқы кезіккені де осы екен. Таяп келген би үстіндегі қара

киізден тіккен кебенегін астына салып, қой етігін шешіп, атының шылбырын жамбасына басып ұйықтап қалған Жәнібектің үстінен арлы-берлі екі көкжал бөрі секіріп түсіп ойнап тұрғанын көреді де, қатты көңілденіп, көңіл-күйі толқып, ежелгі әдетімен былай толғайды:

«Аруақты батыр боларсың,
Алысқан жауды аларсың.
Еліңді ел етерсің,
Ежелгі жерге жетерсің.
Егіз бөрі тұрғанда,
Екіленбей нетерсің?!» [91, б.97-98] – деп бата берген екен.

Жоңғар басқыншыларына қарсы күрес сарыны осы кезеңде өмір сүрген жыраудың бірі Үмбетей Тілеуұлының шығармаларынан айқын көрінеді. Мәселен, талантты жыраудың Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту жырынан үзіндіде мынадай жыр жолдары кездеседі:

Аруағына болысқан,
Әділ билік қылысқан.
Қашпаған қандай ұрыстан
Керейде батыр Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қаркерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Абылай сенің тұсыңда

Сол бесеуі болыпты ай» – деп жырлайды [92, б. 87]. Демек, Абылайдың ең сенімді серіктерінің қатарынан Қожаберген батырмен қатар Ер Жәнібек батырдың да тұлғалық орны айқын көрініс табады. Халықтың арман-аңсарының аңызда көркемделетіні соншалық, қазақ елі атынан жаумен күрес жүргізген Ер Жәнібек батыр, Қаздауысты Қазыбек пен Қабанбай, Бөгенбай, Қожаберген батырлардың айбат-айбарынан Лама Доржы, Даваци сынды жоңғар қонтайшыларының сескендігін аңғаруға болады.

Демек, қазақ тарихының беттерінде Абылайдың орны қаншалықты биік тұса, Ер Жәнібек батырдың да есімі онымен қатарлас тұғырдан орын алады.

Даваци (Дабачи, Дебача) (өмір сүрген жылдары: 1723–1760 жж. қаңтардың ортасынан кеш емес) – үш жылдай билік құрып, өлер алдында азаппен жан тапсырған Жоңғарияның ең соңғы ханы. Тағдыр оған қуатты көшпелі мемлекеттің тағына отыруға мүмкіндік берді, алайда ол үлкен мемлекеттің қирағанына куә болды. Оның жер иелігі қазақ көшпелілеріне көршілес Шығыс Қазақстан аумағын алып жатты. Давацидің бастамасымен Қазақ хандығы Жоңғарияның саяси өміріне белсенді араласа бастады [10, б. 86].

Мұнан біз Даваци мен Қазақ билеушілерінің арасындағы қарым-қатынастың кейбір кезеңдерде мейлінше жақсы дәрежеде өрбігенін аңғарамыз. Жоңғария билеушісі Даваци тек Қазақ хандарымен ғана емес, көршілес жатқан елдердің басшыларымен де бейбіт саяси-дипломатиялық байланыстар орнатқан.

Бұл жөнінде Вельяминов-Зернов өз жазбаларында былай дейді: «Қалай болғанда да, Даваци өзінің бұрынғы Жоңғария иелігіндегі ұлыстарын құтқару үшін Абылайдың көңілінен шығып, одан әскер алу әрекетін тоқтатпады. Оның ойынша, қазақ әскері жоңғарлармен соғыспай, тек шегараға ғана жақындап, қалмақтардың барлық жақтастарын сол жерден қабылдап алып, шығаруға көмектесуі керек еді. Ханзаданың өтінішін ұтымды деп санаған Абылай оны орындауға келіскен. Автор осы тұста мынадай қосымша түсіндірме беріп кетеді: *«Абылайдың Давацимен ойларының бір-бірімен сәйкес келуінің себебі – Абылай сұлтан да княздықты Жоңғарияның барлық бұрынғы аймағынан шығаруды дұрыс шешім деп қабылдады. Ол оны сол аймаққа мәңгілікке қалдырып, өз мүддесі үшін қырғыздарды жоңғарлардың шабуылынан қорғайтын, тіпті кей жағдайда оларды талқандап, жекелеген мықты ұлыс құруға үміттенген сияқты»* [4, б. 96] – деген қосымша пікірін келтіреді.

Бұл тұста айта кететін жайт, әрине, орыс тарихшысының бұл ойы тарихи шындыққа жанасады. Абылай сұлтан жеке билігін шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарына қарай кеңейтіп, ойраттарға ықпалын жүргізуді жоспарлағаны анық.

Даваци екі рет дұшпандарынан бой тасалап, қазақтар мен ұйғырлар арасында жасырынуға мәжбүр болды. Екі ретінде де жасырынар жерін өзі таңдады. Қалдан Серен билігінің соңғы жылдарында ол Шаргурбан өзені жағасындағы көшпелілерге иелік етті. Осы алқапта кейбір орыс эмиссарлары ойрат деп атайтын Қожаберген (Хоццибоэрген) батырдың да ауылдары орналасты. Даваци Жоңғарияның солтүстік аумағын күзетіп, Сібірден Құлжаға баратын орыс керуендерінің қауіпсіздігіне жауап берді [93, б. 342-410].

Көріп отырғанымыздай, ойрат пен қазақ халықтары бір-бірімен аралас-құралас күн кешті. Бұған дәлел, Г.Н. Потаниннің жазбаларында айтылғандай, орыс елшілерінің батыр Қожабергенді ойрат халқының батыры деп қателесуінде жатыр. Екіншіден, Қожаберген батыр тек жоңғар ханзадасы Әмірсанаға ғана емес, Давациге де қорған болып, өз ауылынан пана бергенін байқауға болады. Бұл мәліметтер қазақ пен жоңғардың билеушілері мен батырларының кейбір саяси жағдайларда өзара келісімде болғанын көрсетеді.

Осы кезде тағы бір Зайсан (Цзайсанъ) 15 адамымен бірге келді. Оның әкелген жаңалығы Давациға үміт ұялатты. Ол қашқындардың барлығының сөзін растап, оның жақтастары көптігін, тіпті олардың кейбіреулері қайда қоныстанғанын білмей, оған жете алмай жүргендігін хабарлайды. Зайсан Давациден өз ағасының атынан қырғыздар ішінен әскер жинауға кірісуге және өз ұлыстарын алуға келуін өтінді. Айта кететіні, Давацидің ағасы Жоңғарияда қалған болатын. Айлакер Доржы оның Давацимен бірігіп одақтас болуынан және де оны өлтірген жағдайда адалдығына күмәнданып қарайтын Давацидің бұрынғы ұлыстарына жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін деген ойлардан қауіптенді. Сол себепті де Лама-Доржы оны өз қолында ұстаудың амалын іздеп, оған мейірімділік танытып, жақсылық жасауды және Давацийдің барлық мүлкін оның Әкімшілігіне беруді жөн көрді. Алайда бұл әрекетінен ешбір нәтиже шықпады. Давацидің ағасы сырттай өзін шын жанашыр, адал ретінде көрсеткісі келгенімен, Доржыдан алыстап, ағасымен қарым-қатынасқа түскісі

келді. Бұдан хабардар Даваци Абылайдан және басқа да старшындардан қарулы әскер сұрауын жалғастыра берді. Ол адамдардың Жоңғар ұлысына келіп, жасырын адам жіберсе, онда оларды қуанышпен солардың жақтастарына айналатындықтарын айтты. Онымен ғана қоймай, оған бағынышты сарттар, қашқарлықтар мен Алтай қырғыздарының да бағынуға дайын екендігін жеткізді [4, б. 96].

Девачи (Даваци) өз өмірінен қауіптеніп, қазақтың Орта жүзіндегі Абылайға қарай қашты, дәл сол жаққа хошоут тайпасынан шыққан Әмірсана да бірге кетті. Даваци мен Әмірсана Лама-Доржыға қарсы белсенді күресті. Басында жеңіліс тапқан олар қазақтарға барып бас сауғалап, 1751 ж. Абылайдан пана тапты [44, б. 429-430].

Нәтижесінде Даваци қалмақтарды «өзіндік» ұлысына көшіріп, олармен бірге жеке ұлыс ретінде көшпелі өмір сүріп, ал қалған халықты алғыс ретінде Абылайдың билігіне беруге міндеттенді. Бұл ұсыныспен ол өзі сұлтанға арнайы барды. Абылай оған көмектесуді ұйғарады: ол өзінің мөрлерін Орта Орданың барлық ұлыстарына жіберіп, қырғыздарды белгілі бір уақытты белгілеп, Семей бекінісіне таяу маңдағы Баянауыл шатқалына жинауды бұйырды [4, б. 96].

Осы тұста Лама-Доржыға қауіп төніп келе жатқандай сезілді. Ол енді бүкіл ордалықтармен қақтығысуға мәжбүр болды, оның үстіне осыдан кейін көп уақыт ұзамай, қырғыздардың ерекше жасағы – Қабанбай батыр мен Барақ сұлтанның ұлы Ханбабай бастаған әскер оған қарсы аттанды. Бұның себебі мынау: 1752 жылы Лама-Доржы Ташкентке жақын маңдағы ташкенттіктермен қатар өзінің бодандығындағы халық ретінде саналатын, Шыршық өзенінің жоғары жағында көшпелі өмір сүретін құрамалықтарды өз еркімен берілуге үндеу мақсатында елші жіберді (Араповтың мәлімдемесіне сәйкес, Шыршық өзені Жоңғариядағы таулардан шығып, Ташкенттен өтіп, Сырдария өзеніне құяды) [4, б. 96]. Орыс деректері бойынша, шамамен 1875 жылы құрама халқы туралы деректер кездеседі. Бұл атау XVIII ғасырда ғана пайда болды делінеді. XIX ғасырда Қоқан хандығының билігі тұсында құрама деген атау тек этнографиялық тұрғыда ғана емес, сондай-ақ географиялық және әкімшілік тұрғыда қолданылды. Кендір-даван өткелі арқылы Қоқаннан Ташкентке дейінгі жол «Құрама жолы» деп аталды [94, б. 552-553].

В. Радловтың ғылыми көзқарасында: «... *құрамалар, негізінен, әртүрлі өзбек және ішінара қазақ рулары мен тайпаларынан құралған. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, олардың шығу тегінде қазақ руларының рөлі басым»*, – деп көрсетіледі [95, б. 604].

«Қожаберген батыр сынды қазақтың батыры неліктен ойрат нояны Әмірсананы жақтады, неге көмек қолын созды?» деген сауал туындайды.

Оның ішкі астары мынадай себептерде жатыр деп топшылаймыз. Жоңғария бейбіт жатқан қазақ халқына шабуыл жасап, елді қырғынға ұшыратты. Алайда Жоңғария нояндары арасында өзара ішкі бақталастық орын алып, хандық XVIII ғ. орта шеніне қарай құлдырай бастады. Осы тұста шығыстан Қытай империясы жоңғар еліне басып кірді. Жоңғарияны талқандаған соң, Қазақ жеріне шабуылын жалғастыратынын Қожаберген батыр да, қазақ билеушілері де алдын ала болжай білді. Міне, сол себепті де Жоңғария

мемлекетін сақтап қалуға Қожаберген батыр атсалысты. Қытайдан төнген қауіпті жоңғар нояндары арқылы сейілтуге тырысты.

Моңғол деректерінде батыр Қожабергеннің әскери-дипломатиялық қызметі жөнінде, оның ішінде батырдың Жоңғария ханзадасы Әмірсанамен достық қарым-қатынастары көрініс табады: «Амарсанаа Хасагт очиж Аблай хантай уулзаад хэргийн байдал учрыг танилцуулан, улмаар Манжийн эсрэг тусгаар тогтнолын төлөө тэмцехэд тусламж үзүүлэхийиг хүсч ъэлэлцээ хийж байжээ. Гэтэл Хадха, Далдангаа, Фудэ нар тэргүүтэй манжийн түм орчим цэрэг Эрчис, Тарвагатай зэрэг газрыг өнгөрч, шууд Хасагийн хязгаарт дөхөж ирж яваа мэдээ авчээ. Амарсанаа, Аблай нар хоорондоо зөвлен хэлэлцээд манжийн цэргийг тосож эсэргүүцэн байлдахаар шийдзэ. Тэгэхдэ Амарсанаа хол зам туулан ядарч зүдэрсэн манжийн цэргийг нааш цааш дагуулан улам цуцааж байгаад цохино гэж Аблайд бас зөвлөжээ. Тэгэд Амарсанаа, Хасагин Хожибэрген ноены хамт 3 мянган цэрэг удирдан Далантай, Фүдэ нарын цэрэгтей байлдах, Аблай бас 3 мянган цэрэг авч Хадахагийн цэрегтэй тулалдахаар болжээ. 1756 оны 8-р сарын 2-нд Хожибэргэн, Далантай, Фү Дэ нарын цэрег Хасагийн Ярлаг, Нурачийн газарт Далантай, Фү Дэ нарын цэрэгтэй учран байлджэ. Тулалдаан бүтэн долоон хоногийн турш маш ширүүн үргэлжилсэн байна Хоер тал ихээхэн хохирол үзжээ. Гэтэл Далантайн цэргийн араас туслах хүч болох 5000 гаруй манжийн цэрэг иржээ. Иймээс Амарсанаа, Хожибэрген нар ухран явахаас өөр аргагуй болжээ. Дайныг Амарсанаа өөрийн биеэр удирдаж буйг Далантай олж мэдээд барьж авахаар улайран нэхэмжилжээ. Дараахан нь Аблай ханөөрийн хязгаарын Баян уул, Хуу хасан зэрэг газарт Хадахагийн цэрэгтэй учирч байлджэ. Гэвч өөрийн талаас дөнгөж 100 гаруй хүн алагдаад байхад гэнэт цэргээ авч зугатан оджээ. Түүний нэг цэрэг манж нарт баригдаад «Энэхүү хүчлэн байлдсангүй даруй цэрэг авч хол буурулсан гэж өчсөн байна. Үнэн хэрэг дээрээ Аблай манжийн цэргийн сүрээс айсандаа биш, харин өөрөө хүнд шархадсны улмаас тийнхүү зугатаж одсон ажээ» [28, б. 334].

Жоғарыда берілген моңғол жазбасында, жоңғар ханзадасы Әмірсана Абылай ханның ордасына барып, мән-жайды түсіндіріп, қытайларға қарсы тәуелсіздік үшін күресте көмек сұрап, өзара келісімге келгендігі айтылады. Алайда осы кезде Хадаха, Дардана мен Фудэ басқарған мәнжүр әскері Ертіс пен Тарбағатайдан өтіп, қазақ шегарасына жақындап қалғаны туралы хабар келеді. Хабарды естіген кезде Абылай мен Әмірсана өзара кеңес жүргізіп, қытай әскеріне қарсы бірлесе күреске шығуға шешім қабылдайды. Осылайша, Әмірсана Қожабергенмен бірігіп, Дардана мен Фудэге қарсы 3000 әскер жинайды, ал Абылай Хадаха әскерімен ұрысқа тағы да 3000 сарбаздың басын біріктіреді.

1756 жылдың 2 тамызында Қожаберген әскері Дардана мен Фудэнің қолбасшылығындағы әскермен Ярла мен Нұра маңында соғысады. Қиян-кескі ұрыс жеті күнге созылды. Екі жақтың да әскерлері үлкен қырғынға ұшырайды. Алайда тағы да қосымша 5000 мәнжүр әскері Дардана әскеріне келіп қосылғандықтан, Қожаберген мен Әмірсана бастаған әскер кері шегінуге мәжбүр болады. Қожабергенмен бірге жанкешті күрес жүргізген Әмірсананы байқаған Дардана ызаға булығып, оны қалай да тезірек қолға түсіруді көздеді.

Бұдан кейін олардың әскері Хадаханың әскерімен Абылай ханның ордасына жақын тұста, Баянауыл тауларында кездесті. Алайда 100 адамы өлім құшқан соң, ол бірден әскерін жинап, шегініп кетті. Мәнжүрлердің қолына түскен тұтқын өз жауабында «Абылай күресті бастамас бұрын-ақ әскерін жинап, жанұшыра қашып кетті» дейді. Алайда ол Абылай мәнжүр әскерінен қорыққанынан емес, ауыр жарақат алған соң кері қайтты» дегенді мәлімдейді.

Сондай-ақ Әмірсананың бұл шайқастарда оны танымас үшін арнайы киімде жүргендігі айтылады. «*Амарсанаа манжийн цэрэгтей Нор уулын орчимд бас л ширүүн тулалджээ. Тэр үед Амарсанаа Манжийн цэрэгт үл танигдахын тул өөрөө хасаг хувцас өмсөж явжээ*» [28, б. 334].

Моңғол тарихшыларының зерттеулерінде де Қожаберген батыр мен жоңғар нояндарының арасындағы, оның ішінде ең мықты жоңғар ханзадасының бірі ретінде тарихта орны бар Әмірсанамен әскери-дипломатиялық қатынастардың мейлінше өрбігендігіне көз жеткізуге болады. Қожаберген батырдың жүргізген бұл саяси-дипломатиялық ұстанымы мен соғыс өнері сол замандардағы озық үлгідегі саясат деуге келеді [21, б. 50].

1756 жылдары шығыс өңірдегі қазақтар Цин империясының басты жауына айналды, нәтижесінде жаз мезгілі өткен соң соғыс басталды. Цин патшалығы жазбаларына сүйенсек, Батыс аймағындағы әскердің бас қолбасшысы Динси-цзянцзюн (Ch. Dingxi Jiangjun) Дардана (Ch. Daledang’a) Ярла мен Нұра маңында өткен шайқаста Абылайдың ізін жалғастырушы Қожаберген (Ch. Huojibolegen) мен Әмірсана бастаған қарақшыларды жеңді [27, б. 95].

Көріп отырғанымыздай, Цин патшалығының Қазақ жеріне құрған саясатының басты нысаны – Қазақ жерінің шығыс аймағынан бастап жаулап алу болды.

Қожаберген батыр мен жоңғар ханзадасы Әмірсананың арасындағы өзара ынтымақтастық пен қытай әскеріне қарсы шабуылдары туралы төменде келтірілген құжаттың маңызы айтарлықтай зор. Батысты тыныштандыру генералы Цереннің қазақтармен шайқасқандығы және Әмірсананы тұтқындау туралы жазған мына мәлімдемесі айғақтайды: *«Әмірсана Қожабергенмен бірге жүр. Біреулердің айтуына қарағанда, олар сіздердің ұлы армияларыңыздың келе жатқандығын естіп, ауылдарын бастап, Есіл жеріне көшіп кеткен. Ал тағы біреулер Әмірсана Қожабергенмен бірге әскер бастап, сіздерге қарсы жорыққа шыққан деседі. Сонымен бірге біз мынаны естідік: ұлы армияларымыз осылай енді келе жатқан шақта, біздің найман тайпасының нояны Қабанбай 2000-нан астам әскер бастап, сіздерге қарсы шыққан, алайда ол ойсыра жеңіліп, ол басқарған қазақтар төрт тарапқа тарап кеткен»* [8, б. 112].

Мәнжу тіліндегі бұл деректен жоңғар нояны Әмірсана мен батыр Қожабергеннің Нұра жерінде бірге жүргендіктері айтылады. Біріншіден, Қожаберген мен Әмірсананың ортақ мүдде көздегені байқалады. Екіншіден, Цин сарайы ұлықтары мен әскербасыларының қазақ батырларын өздерінен жасқанады немесе аяқ тартады деген кемсітушілік көзқараста құжаттар қалдырғаны белгілі болып тұр. Үшіншіден, қазақ–қытай қарым-қатынастарына

қатысты құжаттардың басым бөлігінде Қожаберген батырдың есімі Қабанбай батырмен қатар айтылады. Бұл деректе де Қабанбай батырдың әскерінің жеңіліс тапқандығы сөз етіледі. Қабанбай батыр Әмірсананы қуып келген Цин әскеріне тойтарыс беруде ерлік көрсетті. Қабанбай батыр екі мың әскерімен Қожаберген мен Әмірсананың бірге жүрген Нұра маңында жүргендігі туралы осы құжатта айтылады.

«Қардай бораған жебелердің атысынан оянған кең дала күтпеген келімсектердің шабуылын қарсы алды. Ұланғасыр далада «Қарақожа» деп бар жігермен жаңғырған қазақтың керей тайпасының әскери ұраны естілгенде, Қожаберген бастаған әскердің жігіттері жауға қарсы шапты. Сөйтіп, олар шабуылға қайтарылған оқтың жауғанынан шошып кеткендей, кері шегініп, төбеге қарай кетті. Цзянцзюнь Дарданның кетіп бара жатқандығын сыртынан көрген тұста, сақтық шараларын ұмытып кетіп, кейбір сарбаздарын оның артынан қууға жөнелтті. Тұтқынға түскен олар аттарынан түсіп, мықтап бекітілген қадалардан жасалған қоршауды айналмалы қорғанысқа айналдырды. Осы қоршауды қорғаныс еткен олар өздерінің қаруларын даярлады, бірнеше мылтықтан атылған оқтың әсерінен де бірде-бір жігіт ер-тоқымынан сыпырылмады. Отты қарудың күші қазақ жылқыларын үркітіп жіберді және олардың шабысын бәсеңдетті. Жылқылардың бір тобы артқа шегініп, теріс бұрылса, ал екінші бір тобы артқы аяқтарымен жерді тіреп тұрып, бір орнында айнала берді. Осылайша Дардана әскерінің негізгі күштері майдан алаңына шабуылға шықты. Қожаберген орнатқан алдыңғы қатарлы үлгідегі тосқауыл тас-талқан болды. Осы қорқынышты хабармен бірге аман қалған салт атты жігіттер Қожабергенге қарай беттеді. Алайда жеңіліс туралы бұл хабар Қожабергенді қорқыта қойған жоқ. Қожаберген: «*Біз әлі де көппіз*!... – деп жайбарақат үн қатты. Әмірсанаға бұрылып: «*Мына шұршіттердің сыбағасын бер, ноян!*» – деп сенімді сөйледі.

Қазақ батыры Қожаберген батыр мен ойрат ханзадасы Әмірсана Абылайдың ойраттармен арадағы түрлі байланыстары оның ойраттарға тұтқын болған кезінен басталады десек, Қожабергеннің ойраттармен мұндай қатынасы одан әлдеқайда бұрын басталуы мүмкін деп топшылаймыз. Оған тарихи деректер дәлел бола алады.

Қожабергеннің әскери жасақтары кескілескен шайқасқа түсті. Дардана әскері арбалеттерінің (садақ – авт.) атқан жебелері қазақ батырларының шынжырлы әскери сауыттарын тесіп өте алмады. Әскербасылардың дәл ортасында мәнжүр жебелері арқылы лақтырылған өрт сақтандырғыштар жарылып жатты. Жарылыстар шабандоздарды әбігерге салды. Қожаберген әскерін қуып келе жатқан Дарданың салт аттылары олармен жақын шайқаста кездесті. Иілген жүзі бар кескіш қылышымен ызаға булыққан Әмірсана келді. Оны барлығы да таныды. *«Қызыл киімдегі аға – Әмірсана. Қазақтар қашып барады. Кету керек» деген дауыстарды бүйір тұсынан адамдарының бірі айғайлағанын* естіді. Өзіне шапқан жасақтың соғуға ұмтылған найзасынан жалтарып, Әмірсана тартыстың қалың ортасынан осылайша аман қалды. Ол енді қажет емес (бунчук) найзасын (*қазақ көсемдері арасында көп кездесетін биліктің белгісі ретінде байланған ат құйрығы бар қысқа білік*), сауыт-

саймандыларақтыруды бұйырып, атты тізгіндеді. Алдынан да, бүйірінен де Қожаберген жасақтарының өлі денелерін, қару-жарақтарын, қыран қауырсындарымен әшекейленген дулығаларын қалдырған [30, б. 120-121].

Ресей империясы қазақ–жоңғар және қазақ–қытай қарым-қатынастарын қашан да назарда ұстады. Осы орайда, Орынбор губернаторлығына қарасты генерал-лейтенант А.П. Лочиновтың Қылшақты өзені бойындағы Абылай ханның штабындағы өкілі (1764 ж. маусым – тамыз) М. Арапов атқарды. Елшіліктің негізгі міндеті Абылайдың сыртқы саясаты туралы мәліметтер жинау және Ресей мен Қазақ хандығы арасында әскери және сауда байланыстарын орнату деп бекітілді.

Елші Арапов осында жүріп, Түркістан маңайындағы, Шыршық өзенінің жоғары аймақтарындағы қарақалпақтарды Жоңғария бодандығын қабылдауға көндірді. Қырғыздардың (қазақ-авт.) жекелеген шабуылдары салдарынан тек үш мың отбасы ғана жоңғарлардың қарамағында тыныш та бейбіт өмір сүруге уәде берді. Елшіге оларды өз жағына тарту қиынға соққан жоқ. 1752 жылдың көктемінде Доржы енді арнайы Зайсангты 1000 әскерімен бірге жаңа бағыныштыларды қабылдау үшін жіберді, алайда оның бақытсыздығына орай қарақалпақтар алған бетінен тайып, жоңғарлар пұтқа табынушылыққа итермелейді деген оймен, өздерін тәуелсіз деп жариялады. Осыдан кейін, Доржы оларға қарсы 3000 әскермен жасақ жібергендігі туралы хабар жетті [4, б. 96].

Әуре-сарсаңға түскен қарақалпақтар Жоңғарларға бағынышты болғаннан гөрі, қырғыздарға беріліп, олардың Ордаларында тұруға дайын екендіктерін жеткізу мақсатында тез арада найман-керей елінің Орта жүз старшыны Қабанбай батырға кісі жіберді. Жіберілген елші Қабанбай батырдан тиісінше ертерек уақытта қарақалпақтарды алдыртып, оның ұлыстарымен бірге аралас өмір сүруді өтінді. Қабанбай бұл ұсынысты қуанышпен қабылдап, Барақтың ұлы Ханбабаймен бірге жорыққа аттанды [4, б. 97].

Әрине, бұл жағдай Ресей империясының алаңдаушылығын туғызды. Осы мақсатта патша өкіметі өзінің елшілерін арнайы бақылау жүргізу үшін бірінен соң бірін жіберіп отырды. Солардың қатарында М. Арапов, А. Яковлев, аудармашылар Ерофеев пен Арслановтар бар.

Ғалым Вельяминов-Зернов орыс елшілері жөнінде де мәліметтер келтіреді: «Бұдан бұрын Тевкелев Араповты князьдарды барлау мақсатында жіберген болатын. Араповтың келуіне бірнеше күн қалғанда, оның үстінен 1752 жылдың 23 қыркүйегіндегі Сыртқы істер алқасының жарлығымен Уфа атқыштар полкінің капитаны Андрей Яковлев қасындағы аудармашылар Ерофеев пен Арслановтармен бірге Орта Ордаға арнайы тапсырыспен жіберілді. Оның сапарының мақсаты – князьдарға Ресей құрамына кіруді ұсынып, ұсынысты қабылдаған жағдайда көмек пен қауіпсіздік қамтамасыз етілетіндігін жеткізу еді. Бұл ұсыныс тура есептелген: Давацидің кетуі орыс билігіне Жоңғария істеріне араласуға даусыз құқық беретін еді. Бұл араласудың себебін Вельяминов-Зернов былай түсіндіреді: *«Бұл жағдай орыстардың Жоңғарияға бір жағынан Орынбордан, екінші жағынан Сібір тарапынан әрекет етуіне мүмкіндік береді»,* – деп дәйектеді. Сондай-ақ Орта Ордадағы Абылай

иелігіндегі қырғыздардың қолайлы жағдайларда Жоңғарияның жақын жерлерін иемденіп, олардың арасында екінші ықпалға енді ғана ие бола бастаған орыстардан бөлінуіне және Кіші Ордадағы руластарының жазасыз бүлікшілеріне айналуына ықпал етер еді [4, б. 97].

Яковлев арқылы жоғары мәртебелі Лобачи мен Әмірсана нояндарына Орынборға шақырту туралы хат жолданды. Оның сапары ол Абылайға арнайы жіберіліп, сұлтаннан Троицк саудасын жүргізуге ықпалдасуға және оның ұлыстары арқылы өтетін қашқарлықтар, ташкенттіктер мен басқалардың көшіне қорған болуға жіберілді-мыс дегенді меңзеді. Бұл сылтаудың орынды екендігі, жаздыгүні Орта Орда жолындағы бірнеше қашқарлықтың қайта қайтуға да батылдары жетпеген. *Расында да, қайтып келе жатқанда, олар линиядан далаға аттанған бойда (соның бойымен, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Әкімшіліктің бұйрығымен Сібір бөліміне қарай бет алды) Орта Орда қырғыздары оларға шабуыл жасады. Құрамында 96 адамнан құралған қашқарлықтар ерлікпен олардан қорғанып, 45 қырғызды өлтірді, дегенмен де «жыртқыштар» жеңді. Олар екі қашқарлықты өлтіріп, төртеуін жаралап, 6000 рубльге тең тауарларын тонады* (1752 жылғы 12 желтоқсандағы Тевкелевтің рапорты). Яковлев Орынбордан кеткеннен кейін (24 қыркүйекте) Араповпен кездесуінде Абылай Сібір тарапынан Краснояр бекінісіне алты күндік жол жүретін қашықтықтағы Қасқатау (Кагик тау) шатқалында көшіп-қонып жүргендігін мәлімдейді. Осы тұста даладағы жағдай қырғыздар үшін мүлдем қолайсыз бағытқа өзгерді. Біз Абылайдың Давацидің ұлыстарына көмекке аттанғалы жатқанын көрдік, ол тіптен съездің өтетін орны мен уақытын белгілеген. Алайда көп ұзамай ол өз ойын өзгертіп, орнында қалды. Бұл жағдайдың нақты себептері жоқ. Арапов қайтар жолында оған атығай руының өкілдері керей тайпасының старшыны Қожаберген батыр Абылайға арнайы адам жіберіп, оны Жоңғария шегарасына бармауды өтінгендігін хабарлайды. Қожаберген қырғыздар олармен тікелей соғысуға бармағанымен, алайда тонаушылық пен зорлық-зомбылықтан аман қалулары екіталай. Жоңғарлар Джоршыға берілгендіктен емес, өздері үшін олардан кек алудан тайынбайды, қырғыздар үшін қандай жағдайда да қауіпті күрес басталады деп, Абылайды райынан қайтарды [4, б. 97].

Жоғарыда айтылған тарихи фактілерге зейін қоя сараласақ, мұнда Абылайдың Жоңғария шегарасына қарай бет алмауын өтініп, Араповпен қоса өз адамдарын жібергендігін жазады. Себебі бұл жағдай қырғыздарға (қазақ – авт.) қауіпті еді. Осы тұста да Қожаберген батырдың хан Абылайға деген адал қызметі мен жанашырлығын аңғаруға болады.

Осы орайда, Үкімет қаулысын орындап, Неплюев пен Тевкелев те 1753 жылдың қыркүйегінде Орынбордан капитан Яковлев жіберілгендігін жазады. Даваци мен Әмірсана Жоңғарияға оралып, Лама-Доржы билігіне қарсы соғыс ашып, оны өлтіреді. Абылай сұлтанның көмегімен Немех-Жиргалдың тобын талқандап, Даваци Жоңғария ханы атанады [44, б. 435].

Даваци ойраттармен өзара соғыс нәтижесінде хан атанды. Әмірсананың уысында оның қуыршағы ретінде қызмет атқарды. Ол алдымен Еміл өзені бойын жайлаған дэрбет, төртуыл, ойрат, хойт сынды ойрат тайпаларына билігін

жүргізді. Оның шығысында тывалықтар, алтайлықтар мекендесе, ал олардың солтүстігінде уақ, керей мен найман тайпаларының қазақтары көршілес өмір сүрді. Даваци екі мәрте өзінің жауларынан – қазақтардан және ұйғырлардан жасырынуға мәжбүр болды, екі жағдайда да ол жасырыну орнын өзі таңдады. Қалдан Сереннің билігінің соңғы жылдарында ол Шар өзені аймағындағы көшпелілерге иелік етті. Осы ойпатта «Ходзиберген» (Қожаберген) батырдың ауылы орналасты. Оны кейбір орыс эмиссарлары ойраттарға жатқызды [10, б. 89].

1744 жылдың қыс мезгілінде Қожаберген батырдың ауылы жоңғар қарауылдарына жақын Шар өзенінің маңында орналасқан [64]. Әрине, қазақ ауылдары мен ойраттардың қоныстары бір-бірімен шегаралас, аралас-құралас жатқандықтан, керей болысының старшыны, Қожаберген батырды ойраттармен шатастыруы әбден мүмкін жағдай еді. Тіпті Давацидің билік еткен аймағы қазақ ауылдарымен көршілес жатқандықтан, оның қазақ билеушілерінен пана сұрауы да қиынға соқпайтыны анық.

XVIII ғасырдың ортасында Қожабергенге қатысты ел «Гучин Гурбан Торгой» деп аталатын жерде қоныстанған [9, б. 236].

Орталық Азияға алғашқы саяхатын 1876–1877 жылдары жүргізген тарихшы-этнограф Г.Н. Потаниннің жазбаларында керей тайпасының батыры Қожабергеннің Семей қаласының оңтүстік-шығыс аймағындағы Шар өзені жағалауында әскерімен тұрақтағанын жазады: *«Ходжа-бергенъ (монг. мэргэнъ, стрелок) былъ богатыръ кирейскаго рода въ прошломъ столетіи; обыкновенно кочевал на реке Чаръ-гурбанъ къ юго-востоку отъ г. Семипалатинска и участвовалъ въ набегах на калмыцкія кочевья, когда Джунгарское ханство рушилось подъ ударами Китайцев; но здесъ, очевидно, следует разуметь какое-то легендарное лицо; у Киргизъ въ обычае давать новорожденнымъ имена древнихъ предковъ, отчего въ легендахъ происходить путаница* [3, б. 35]. Көріп отырғанымыздай, Г.Н. Потаниннің еңбегінде батырдың есімі «мерген» сөзімен байланыстырыла айтылып тұрғаны анық. Өз дәуірінде керей тайпасының ірі батыры атанған Қожаберген Жәнібекұлының Семей қаласының оңтүстік-шығыс бетіндегі Шар өзенінің жағалауында көшпелі өмір сүріп, қытай әскерінің соққысынан Жоңғар хандығы құлдырап жатқанда, жеңілген қалмақ әскерлері жағында күрескендігі айтылады. Екіншіден, тарихи деректе Қожаберген батырды аңызға айналған тұлға екендігін анық жазады. Үшіншіден, қырғыздарда жаңа туған нәрестеге байырғы ата-бабаларының есімін қою дәстүрі аңыздардағы тұлғалардың есімін шатастыруға алып келетіндігін айтып өткен. Жоғарыда көрсетілген деректің астарын ақтара келе, ел арасында аты аңызға айналған батырдың өз халқынан бөлек, орыс, қытай, ойрат-жоңғар әскерлері арасында беделі мен батырлық тұлғасының биік екендігіне көз жеткіземіз.

Көріп отырғанымыздай, орыс билігінің Абылайға жіберген елшілерінің аузынан, жоғарыда атап өткен, А. Яковлев, М. Арапов, М. Шихов, премьер-майор Тирянның баянхаттарында Қожаберген батырдың есімі аталады. Қожаберген батырдың есімінің қытай-мәнжу деректерінде де кездесетіндігіне көз жеткіздік.

Қожаберген батырдың сұлтанға айтқан сөздері оған әсер етпей қоймады. Оның үстіне Абылай сұлтан бұрынғы ұлыстарының өзіне деген сенімімен мақтанған Давациға сенген жоқ. Себебі Лобаченің халық алдында көптеген өтіріктері әшкереленді, ол әскердің аз еместігін айтты, оның жиендері Әмірсана мен Байнджурдың ұлыстарының түп-тамырымен бөлініп, жойылып кеткендігі туралы хабар жетті, ендігі орында Лабачиден ешқандай үміт жоқтығы байқалды. (Абылайдың Яковлевпен әңгімесі). Ал жоңғарларға келсек, олар әрекетсіз қалмады: қырғыздардың князьдерді беруден бас тартқанына ызаланған және Абылайдың жорығы туралы қауесеттерден шошыған Лама-Доржы оған ескерту жасауға бел буды. Сайын-Болок (Лама-Доржының тақты заңсыз басып алуына көмектескен) пен Шадыр қолбасшылығына қарасты үш мың қалмақ қырғыздарға қарсы шықты. Орта Ордаға бірінен соң бірі екі шабуыл ұйымдастырылды: бірі Ұлытау шатқалында, ал екіншісі әсіресе найман, керей және басқа да тайпалар көп қырылған Шілентіде (Чилянти) болды [4, б. 97].

Мыңдаған мал айдалып кетті, ал шамамен 3000-ға жуық адам тұтқынға алынды. Олардың қатарынан уақ керей тайпасының белгілі перзенті Баян батыр (Баякъ батыр) ұлымен, ақ найман руынан Әзібек батырлар бар. Оларды тез арада Жоңғарияға аттандырды. Алайда олардың әрі қарай тағдыры белгісіз еді. Қорыққан қырғыздар жан-жаққа бытырап, қаша бастады. Күндіз-түні тоқтаусыз көшкен олар көш жүргенде қиындық туғызған керек-жарақ заттарын жол-жөнекей қалдырып кетті. Даваци осы қырғынның басты себепшісі ретінде өзінің жиендерімен және қалмақтармен (олардың ішінде 200 адам болған) бірге жоңғарларды қууға мәжбүр болды. Оған абақ керей тайпасынан Қожаберген, Қошқарбай, Досымбет және оның інісі Өмір қосылды. Абылайдың айтуынша, олар көп ұзамай жоңғарларды басып озып, олардың 200-ін соққыға жығып, бірнеше тұтқынды қайтарып, малын айдап әкетіп, жоңғар шегарасына жақын жерде, Баян-Тау шатқалында тоқтаған (бұл аймақ Абылай көшіп-қонған Арақарағайдан бір айлық жылдам жүретін жерде және 15 күн жүріп өтетін Абыралы тау шатқалында орналасқан), одан әрі алыс емес жерде жоңғар ұлыстары басталып кетеді [4, б. 98].

Алайда бұл айтылғандардың барлығы сенімге лайық дерек емес. Давацидің Жоңғарияға, Баянтау маңына жақындағаны дау туғызбайды, дегенмен Абылай айтқандай қалмақтарды артынан қуып жетіп, соққыға алғандары күмән туғызады. Қалай болған жағдайда да, Ордадағы қырғыздар да, тұтқынға түскен башқұрттар да бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтындығын алға тартты. Даваци әскерінің жеңісі туралы қауесетті айлакер Абылай өз халқын тыныштандыру мақсатында айтуы әбден мүмкін. Әбден жүректері секем алған қырғыздар жаңа шабуылдарды күтті. Ол жерден қашып үлгерген қырғыздар Лама Доржының тұтқындар арқылы Давациді беруін талап еткенін, ал егер қарсылық танытса, өз шабуылдарын жалғастыра беретіндігін мәлімдеді. Қалмақтар отыз мыңнан аса әскерімен шабуылға шыққандығы туралы хабар тарады. Мұны Абылайдың өзі де растады. Қырғыздардың бойын үрей билегені соншалық, Тобыл мен Обаған бойында бір де бір қыстақ қалмады. Обаған өзені бойы, Тобыл мен Тоғызақ арасындағы далалық аймақ (Қаракөл қамалынан

төмен Уй өзеніне құятын) өртке оранды. Барлық Орта жүз халқы Тоғызақтың осы аймағына қарай қоныс аударды. Тек Даваци мен оның жиендерін паналатып отырған Қожаберген батыр басқарған абақ керей тайпасы ғана Ертіс бойын, Есілдің сағасындағы аймақты, кейбір қырғыздар Тобылдың сол жағалауындағы Бақлан (Бакланка) өзенінің жанындағы Бақлан бекінісін қыстап қалды. Орыс бекіністерінің күшіне үміттенген көптеген билер Орыс билігіне шегара бойында қыстап қалуға өтініш білдіре бастады. 1752 жылғы 20 қыркүйектегі Тевкелевтің хатында, Дәуіт Тархан Тевкелев арқылы Уй өзені шегаралық аймағына көшіп келуге рұқсат сұрады. Тобыл бойында көшіп жүрген, тіпті ауылда әулие деп саналатын, барлық қырғыздар мен Абылайдың өзінің құрметіне бөленген Құлсары батыр, Құлеке батыр және Әлімбет батыр Яковлевке Қаракөл және Крутоярск бекіністеріне жақын маңдағы Уй өзені бойына қоныс аударуын жеткізуді сұрады. Соңында Абылайдың өзі Яковлевке Уй өзені бойына көшіп келуіне араша түсуін айтқан [4, б. 98]. Уй – Тобыл өзенінің сол саласы, Жайық өзені жағалауларынан бастау алады [46, б. 42].

Дегенмен осы тұста мәселені қарастыруда назар аударатын қырлары өте көп. Соның бірі, орыс деректерінде, орыс саяхатшыларының жазбаларында қазақтарды кемсітіп, Қожаберген батырдан бастап, Құлсары, Құлеке, Әлімбет батырларды, тіпті Абылайдың өзін де келемеждеп, қорқақ етіп көрсеткісі келген пиғылмен қағазға түсірілген оқиғаларға сын көзбен қарап, ғылыми негіздеуіміз абзал. Сол іспеттес жүздеген, тіпті мыңдаған тарихи деректер мен фактілерді көрсетуімізге болады.

Бұл тұста тағы бір топшылайтын пайым, Қожаберген батырдың әскері ғана Ертіс бойы мен Есіл сағасынан жылжымай, қыстап отырғандығы айтылады. Мұның өзі батырдың қаншалықты ержүректігін көрсетсе, екінші жағынан Жоңғария нояндарымен дипломатиялық қарым-қатынастарындағы ерекшеліктерді аңғартады.

Жоңғария жерін жаулап алған Қытай Әмірсананы жоңғар билеушісі етпейтінін сезген ноян, қашып шығып, мәнжүрлерге қарсы азаттық күресін бастады. Алайда соғыста жеңіліп, 1756 жылы ақпан айында қазақ даласына, Абылай хан мен Қаздауысты Қазыбекке келіп, пана сұрады. Сол жылы жаз-күз айларында Қожаберген батырмен бірге қазақ қолын бастап, шүршіт әскерлеріне қарсы соғысты [63, б. 433-434].

Абылай хан батыл қолбасшы болуымен қатар, дана да іскер дипломат, амал-айласы шебер тұлға. Ол басқарған кезеңде қазақ жері Ресей патшалығы, Қытай империясы, Жоңғария, Бұхар, Хиуа, Қоқан хандықтары сияқты азулы мемлекеттердің ортасында еді. Бұл мемлекеттердің ортақ мүддесі – қазақ жерін өз иеліктеріне бағындыру болды. 1756–1758 жылдары Цин империясы Жоңғарияны қиратқанда Абылай хан жеңімпаз тараппен дипломатиялық байланыс орнатты. Бұл жеңімпаз елдің қазақ еліне шабуыл жасауынан сақтанған амалы болатын. Осы әрекетімен Ресей империясын суытып алмау мақсатында 1758 жылдың 15 қаңтарында Орынбор губернаторы И. Неплюев пен генерал-губернатор А. Тевкелевке хат жолдаған. Хатта қазақ ханы Қытай елінің билеушісі Богдыханмен қарым-қатынасы жайында баяндаған.

1745 жылы патша Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін Жоңғарияда болған ішкі алауыздық кезеңінде жоңғар елінен қашқандарға князь деген құрметті атақ берілді. Олардың ішіндегі ең көрнектісі атақты Әмірсана еді, ол 1754 жылы таққа үміткер адамдардың барлығымен дерлік қиын қарым-қатынастан кейін Қытайға кетті. Оған бірінші дәрежелі қос ханзада (шуан цинзан) атағы берілді. Жоңғарияны жаулап алумен Цин императоры Әмірсананы төрт қуыршақ ханның бірі – хойттардың хандары етіп тағайындауды көздеді.

Титулдар Қытайда мәртебелі барымташылар мен тұтқындарға ғана тағайындалды. Үштұрфан шаһарының билеушісі Хожесі-бек Цин әскерлеріне тапсырған соңғы жоңғар ханы Даваци тез арада Бейжіңге жеткізілді. Даваци тұтқындалған кезде Әмірсана бастаған көтеріліске байланысты Жоңғариядағы жағдай күрт өзгерді. Осымен қатар Цин патшасының мәртебелі тұтқынға деген көзқарасы да өзгерді. Қалай болғанда да, жеңілген ханға да, оның мұрагеріне де жұмсақ болуға мәжбүр еді.

1755 жылы желтоқсанда Давациге Цинванның 1-дәрежелі князі атағы берілді, ал императорлық жарлықта «тұтқындалған шетелдік ханға титул беру пайдасыз болмайды. Давациге ұлымен бірге тұруға рұқсат етілген мүлік берілді. Оның жанұясына, сондай-ақ ізбасарларына қызмет көрсету үшін бұрынғы қол астындағы адамдарының арасынан 40-50 отбасын тапсыруға бұйрық берілді».

Моңғолия жерін жайлаған қазақтардың руларына билік жүргізген Орта жүз ұрпақтарына қатысты Цин дипломатиясы дәл осындай саяси тәсілге көшті. Бірқатар сұлтандардың штаб-пәтері Ресей империясының шегаралық территориясында орналасты, алайда бұл сұлтандардың кейбірі империялар арасындағы шегараға дейін екі жағында маусымдық немесе толығымен көшпелілер қосындары Шыңжаңда қоныстанды. Алайда бұл бөлік Ресей шегарасындағы сұлтандарды өздерінің билеушілері ретінде санағандықтан, Цин патшалығының дипломатиясы тығырықтан шығудың жолдарын іздеді [96, б. 150-151].

Бір ғасыр бойы қонтайшы чоросына (ойрат этнотерриториялық бірлестігі) бағынышты күн кешкен дорбот, хошот, хойт тайпалары өз бақылауынан шығамыз деп қауіп төндірді, бұл Жоңғар мемлекетінің соңғы дәуірі еді. Соңында Цзерен Донлубтың немересі және хойт тайпасының ханзадасы Әмірсананың серігі, Қалдан Сереннің күйеу баласы билеуші Даваци (Таваджи) билеуші Даваци (Таваджи), Құлжаға жылжып, Доржыны (1753 ж.) өлім жазасына кеседі. Даваци өзінің бұрынғы серігі, әлі де Іле аймағына қоныстанып, тәуелсіз өмір сүріп жатқан Әмірсанаға қарсы күрес жүргізіп, оның ізіне түседі [97, б. 213-214].

Қазақ халқын қырғынша ұшыратқан Жоңғар хандығы билеушілерінің бақталастығы 1745–1755 жылдары күшейе түсті. Жоңғариядағы ішкі бытыраңқылық салдарынан мемлекет толығымен жойылды. Сөйтіп, Жоңғар хандығының құлауы нәтижесінде Қазақ хандығы Орта Азиядағы хандықтардың ішіндегі ең ықпалды да, саяси күші мықты аймаққа айналды. Онымен қоса саяси аренадағы екі алып империя – Қытай мен Ресей тарих сахнасында

маңызды рөлдерді иеленді. Дегенмен екі империяның да түпкі мақсаты қазақтарды билеп-төстеп, жерін иелену еді.

Зерттеушілер Жоңғарияның талқандалуына бірнеше себепті алға тартады. Бұл мемлекеттің тарих сахнасынан жоқ болуына қытайлар маңызды рөл атқарды. Қазақтың беделді батырлары мен билеушілері жоңғар нояндарымен достық қатынасты қолдап, бірге күрес жүргізсе, Қазақ елі әскери жағынан күшті мемлекетке айналады деп қауіп болды.

Цин империясы көрші қазақ елінің күшейіп кетуінен қауіптеніп, қалай да Жоңғария мемлекетін жоюды, осы арқылы өз күштерін көрсетіп қалуды көздейді. Осы мақсатпен Әмірсананы қолдап отырған Абылайға қарсы Орта жүз жеріне қытай әскері басып кірді. Абылай біріккен қазақ-ойрат жасақтарын басқарып, Цин империясына қарсы шығып, Әмірсананың азаттық күресін қолдады [98, б. 191].

Түйіндей келгенде, Қожаберген батырдың жоңғар билеушілерімен өзара байланысы Абылайдың тұтқынға түсуінен кейінгі жағдайларда орнықты. Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейінгі уақыттарда, Жоңғарияда XVIII ғасырдың 50-жылдардың басына дейін жалғасқан тақ үшін күрестер легі тоғысында Қожаберген батырдың қазақ–жоңғар байланыстарындағы рөлі сипатталады. Қазақ–жоңғар қатынастары мәселелерін шешудегі көрнекті рөлінің арқасында Қожаберген батыр қазақ қоғамында үлкен саяси ықпалға ие болды. Батыр жоңғар ақсүйектерімен, оның ішінде Әмірсанамен өзара тығыз байланыс орнатып, көтерілісші ойрат ханзадалары Даваци мен Әмірсананың билік үшін талас-тартысына белсене араласты. Абылайдың саяси ұстанымын нығайту жолында екі алып мемлекетпен де бейбіт дипломатиялық қатынасты ұстануға тырысты.

2.3 Қазақтардың шығыстағы атамекеніне қайта қоныстану үдерісі және қазақтың шұрайлы жайылымдық жерлері үшін күрес

Қазақ халқы Абылай хан тұсында өзінің ерлік дәуіріне жетті, себебі Абылай өзі қандай әділетті болса, елі мен жұртына адал қызмет етсе, жан-жағына да сенімді серігі ретінде елім деп еңіреген ерлерді жұмылдырды. Соның ішіндегі бірегейі, өресі биік, тұлғасы заңғар батыры – Қожаберген Жәнібекұлы.

Ол замандағы Қазақ–Цин қарым-қатынастарындағы елеулі мәселенің бірі– қазақ халқының шығысқа көші.

Қожаберген батырдың қазақ халқының 1720–1728 жылдары айырылып қалған Жетісу, Тарбағатай сынды өңірлердегі шұрайлы жерін қайтару мақсатындағы күрестері, іс-әрекеттері архивтік құжаттарда біршама қамтылған. Мәселен, 1730 жылы Аңырақай шайқасы болды. Кейінгі уақыттардағы Тарбағатай үшін күрестердің алдыңғы шебінде Қожаберген сынды қазақ батырлары жауға қарсы тұрды.

Мәселені осы тұрғыдан қарастырғанда, қазақ батырлары Жоңғар мемлекеті құлағаннан кейінгі кезеңде Цин империясының аумақтық экспансиясына және гарнизондар орнатуына қарсы Тарбағатай шекара өңірін қалай қорғады деген мәселе туындайды.

Тарбағатайдың географиялық және стратегиялық контексті жағдайын қарастыру қойылған мәселеге жауап беруге мүмкіндік туғызады. Бұл тарихи маңызды аймақ Тарбағатай жотасы (қазіргі Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Шыңжаң шекарасы) аймағында орналасқан дала мен Жоңғар ойпатын байланыстыратын стратегиялық тау асулары, таулы аңғарлардағы бай жазғы жайлаулар, қорғалған ойпаттардағы қысқы қыстаулары бар, мал шаруашылығы өте қолайлы суармалы бұлақ көздері бар өңір.

Тарбағатайды стратегиялық маңызы жоғары аймақ ретінде бірнеше маңызын атап өтуге болады: Біріншіден, Қазақ даласы мен Іле аңғары арасындағы қақпа, екіншіден, шығыс–батыс бағытындағы сауда жолдарын бақылау нүктесі, үшіншіден, Қазақ жерлері мен Цин империясының Шыңжаң иеліктері арасындағы буферлік аймақ, төртіншіден, Қазақ–Цин қатынастарында жер дауы туындаған тарихи аймақ.

Шығыс Қазақстан географиялық жағынан алып қарағанда шығыс ендікте 76-87^0 аралығы мен солтүстік бойлықта 47-51^0 аралығында орналасқан үлкен аумақ болып табылады. Өлкенің шегарасы, негізінен әкімшілк жағынан бірнеше бөлікке бөлініп отыр: солтүстігінде Ресей Федерациясының Алтай өңірі, шығыс, оңтүстік–шығысы Қытай Халық Республикасымен шектессе, ал оңтүстік–батысы республиканың Алакөл және Сасыққөл көлдеріне дейінгі аралыққа созылады. Мамандар тарапынан Шығыс Қазақстан өз кезегінде Кенді Алтай, Оңтүстік Алтай, Зайсан қазаншұңқыры, Сауыр–Тарбағатай, Шыңғыстау – Аякөз – Көкпекті сынды бірнеше тарихи аудандарға бөлінеді. Олардың әрқайсысы белгілі бір мәдени-тарихи кезеңдерде осында тіршілік еткен халықтардың тыныстіршілігінде маңызды рөл атқарды. Ал Алтайдың оңтүстігінде Тарбағатай, Сауыр жоталары бар. Тарбағатай – Зайсан және Балхаш–Алакөл қазаншұңқырлары арасындағы су айрық жота. Абсолюттік биіктігі: 2 991 м. (Тастау). Жота ендік бағытта батыстан шығысқа қарай 300-км-ге созылып жатыр, ені 30-50 км, шығысында Сауыр жотасына ұласады [99, б. 13-14].

Бүгінде археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары Тарбағатай аймағында шекаралық аймақ ретінде сұрапыл шайқастардың іздері қалған өлке ретінде дәлелдеп отыр.

Жалпы алғанда, Тарбағатай теріскейі бірнеше археологиялық мәдениеттердің тоғысар тұсы, шекаралық аймағы болғандықтан, бұл жерде соғыстар, әскери қақтығыстар жиі болып тұрған секілді. Мұны қабірлерден алынған заттардың жұпыны болуы, мүрде жанына аз ғана бұйымдардың қойылуы (олардың өзі де тоналып кеткен) да дәлелдесе керек [99, б. 127].

Осылайша, Тарбағатай өңірінің қазақ-цин қатынастарындағы шекаралық (фронтирлік) аймақ ретінде стратегиялық маңызы анықталды.

Қожаберген батыр Абылаймен кеңесе отырып, 1750 жылдарға дейін жалғасқан жоңғар жеріндегі ішкі талас-тартыстарға араласты. Жоңғар ақсүйектерінің алауыздығы нәтижесінде ойраттарды қазақ даласының шығыс шегарасы мен Жетісудың әртүрлі аймақтарынан ығыстырып шығаруға мүмкіндік туды. Осындай айла-тәсілдерінің арқасында қазақ елінің Ертістің орта және жоғарғы ағысы алқабына, Зайсан ойпатына және Іле өзенінің

ағысының жоғары жағына қарай жылжуына жағдай жасалды. Осылайша, Қожаберген батыр одан кейінгі уақыттарда жоңғарлармен арадағы әскери-дипломатиялық саладағы мәселелерге белсене араласып, қазақ ордасында беделді тұлғаның біріне айналды.

Осы тұста белгілі тарихшы Б.Б. Кәрібаевтың «Қазақ хандығы біртұтас мемлекет ретінде 250 жылдай, ал одан кейін бытыраңқылық күйде тағы 10 жылдан астам өмір сүріп, XIX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің бірден-бір көрінісі болды» [52, б. 21] деген пікірі өте орынды. Осылайша, XXI ғасырда қазақ елінің ұлан-ғасыр территорияны иеленіп, мемлекеттік шегарасын бекітіп, халықаралық деңгейде әлемге әйгілі атануы дала жауынгері Қожаберген қатарлы батырлардың еңбегі деп түсінеміз.

Қожаберген батырдың басқа батырлардан бір ерекшелігі – аты-жөні қытайдың және орыстың жазба деректерінде, оның ішінде орыстың атақты ғалымдары Григорий Потанин мен Карл Струвенің ғылыми еңбегінде кездеседі. Атақты ғалымдар Қожаберген бастаған керей руларының 1750 жылдың өзінде-ақ Хабарға Базар өзеніне жеткенін көрсетеді. Хабарға Базар – қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы өзен атауы. Сонымен қатар осы деректе қазақтың шығысқа қарай жылжыған көшінің бастаушысы керейлер екені айтылады. Шын мәнінде, бұл ешқандай мазмұнсыз көш емес еді. 1740 жылдардың ортасынан бастап қазақтар жаудан басым түсе бастады. Абылай бастаған қазақ әскері шығыстың әрбір шаршы метр жерін азат етіп жатты. 1750 жылдардың төңірегінде 30 жылға созылған қазақ–жоңғар соғысын жеңіспен аяқтаған қазақ елінің рухы тасып, мал-жаны өсіп, кегін жоқтар ел туып, дауын сөйлер би туып, бақ қонған елге айналған еді. Халық Зайсан ойпаты, Сауыр, Сайхан таулары, Қара Ертіс аңғары, Алтай, Тарбағатай, Іле өңіріне қоныстана түсті. 100 жылдай Сыр бойына сығылысып қалған халық Абылай бастаған батырлардың жеңісті соғысынан кейін «.....Ұлы жүз рулары....бұрынғы қонысы Қаратал өзеніне дейін, керейлер мен наймандар Тарбағатайға оралып, ары қарай Кара Ертіс өзені бойына, Убинур (Үлінгір) көлі алқабына өтті... Бұл көш процесін орыс тарихшысы Г.Н. Потанин былайша нақтылай түседі: «Қазақтар Алтайға келіп, XVIII ғасырдың 70-80-ші жылдарында Қара ертіс бойымен Тарбағатай, Сауыр тауының солтүстігі мен Алтайдың оңтүстігін мекендейтін болды». Қазақ көшін ең алғашқы бастаушылардың бірі шұбарайғыр руынан шыққан абақ керейдің батыры Қожаберген болды. Ол туралы тарихи деректерде молынан мәлімет кездесетіндігін ескерсек, Қожаберген батыр тарихта өз бағасын алуға тиіс деп айта аламыз [18, б. 15].

Сауыр–Тарбағатай таулы аймағы табиғи жағдайы бойынша Алтай мен Тянь–Шань таулары аралығын алып жатыр. Бірақ оның ландшафты Орталық Азияға қарағанда Сібір, Моңғолия аумағындағы ландшафтқа ұқсас болып келеді. Екі жота да Зайсан ойпатының оңтүстігінде батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Тарбағатайда далалық ландшафт басым болса, Сауырда таулы-орманды және жайылымдық-далалық ландшафт басымырақ. Батыстан шығысқа қарай созылған Тарбағатай жотасы 300 шақырымға жетеді, оның ені – 30-50 шақырым аралығында. Қазақстан жағына шығыста Хабарасу асуынан Аягөз өзеніне дейінгі шақырымдық батыс бөлігі енеді [99, б. 15].

Қазақтардың шығысқа қарай жылжуы Цин патшалығы үшін алғашында (1757–1759) тиімді болған. Себебі, Цин патшалығы жоңғар әскерінің қалдықтарын тек қана қазақ батырларының күшімен толық талқандауды мақсат еткен. Цин империясы қазақтармен байланыс орнатудың саяси тұрғыдан ғана емес, экономикалық тұрғыдан да тиімді жақтары көп екенін түсінді.

Дегенмен, Цин қолбасшылары қазақтардың шығысқа қарай, өз атажұртына оралу үдерісіне барынша тосқауыл қоюға тырысып бақты. Мұндай саяси жоспарларды жүзеге асырудағы ұмтылыстар Цин патшалығының ірге кеңейту саясатынан туындады.

Жоңғар хандығы жойыла салысымен кезінде жоңғарлықтар басып алған қазақтың жерін кері қайтару, сөйтіп ірге кеңейту Абылай ханның негізгі мақсатының бірі болған. Осы мақсатын іске асыру үшін 1756–1756 жылдары Арқаның Торғай даласы, Нұра іспетті жерлерін мекендеп жүрген Қожаберген елін жедел көшіріп (2 ай ішінде), жоңғарлардан азат еткен Темір-Чорға, Улан-Ерхе (Қызылжар-Үржар), Улиясуту (Қайыңды), (Қарун-Мулу (Қара өзені), Жимерсек (Шеміршек) сияқты жерлерге қоныстандырған [18, б. 38].

Қожаберген, Қара Барақ сияқты қазақ батырлары бастаған жорықтар Жетісу, Тарбағатай және Жоңғар жерінің батыс бөлігін қамтитын үлкен аймақта жүргізілген. Қазақ батырларының бұл жорықтарды ұйымдастырудағы көздеген мақсаты – қазақтардың байырғы жайылымдық жерлерін қайтару, ата-бабаларының шығыстағы қоныстарынан босып жүрген ойраттарды ығыстыру.

Жаңа айтылғандай, қазақтардың шығысқа қарай жылжуы Цин патшалығы үшін әуелі тиімді болды, өйткені Жоңғарияның біртұтас билігі жойылғанымен, дәл сол 1757–1759 жылдар аралығында Жетісудың шығыс бөлігі мен Тарбағатайда, Жоңғарияның ішкі бөлігінде әлі де болса жоңғарлардың жекелеген қарулы топтары босып жүрген. Әмірсананы тұтқындай алмаған Цин патшалығының армиясы қауіпсіздікке нұқсан келтіретін күштерді жоюға қауқары жетпеді, сол себептен олар жоңғарлармен жауласып келген қазақтардың күшін пайдалануға мәжбүр еді. Қазақтардың жақын келіп тұрғаны Цин патшалығы үшін экономикалық жақтан да тиімді. Мұндайда Цин патшалығы үшін стратегиялық маңызы зор ресурсты, яғни жылқыны айырбастап алуға өте ыңғайлы жағдай туындайтын еді [9, б. 234].

Бұл көшпен бірге Қожаберген елінің де адамдары ата-бабаларының байырғы қоныстарына, шығысқа қарай беттеді. Қожаберген батыр бір ғана абақ керей руының батыры ғана болып қоймай, шығысқа қарай көшті бастаған мықты қолбасшы ретінде танылды.

Қытай деректеріне сүйенсек, Цянлунь жылнамасының 21-жылы 8-айдың 13-күні /1756 жылы 7 қыркүйек/ – Қожаберген бастаған абақ керей шұбарайғыр руының шығысқа қарай көшінің басталған күні [9, б. 240] деп айтылады.

Цянлунь жылнамасының 26-жылы 10-айдың 5-күні Агуй, Ижу және Фуңнехендердің Патшаға мәлімдемесінде: *«Таяуда біз қазақтар арасынан қашып, бізге бағынып келген улеттерден «қазақтар бізбен таласып, Тарбағатайдың күңгейі мен теріскейіне келді» дегенді естігенбіз, және біз өзіміздің қазіргі атқарып жатқан махачиндарды тінтіп-ұстау*

жұмыстарымызды тәмамдаған соң, осы келген қазақтарды қуу ісін атқарамыз», – [8, б. 256] деп алдын ала хабарлағандарын ескертеді.

Құжатта айтылып отырған мән-жайды Қожаберген батыр алдын ала болжай білді. Батыр Шорға, Улиясуту жерінде қоныстанып жатқан халқымен бірге қытайлардың әскері тұтқиылдан шабуыл жасауы мүмкін деген уақытты шамалап, ол маңнан көшіп кетеді. Дәл осы Шорға жерінде Шығыс өңіріндегі жоңғарлармен ең ірі шайқастардың бірі болғаны нақтыланған. Осы соғыстың нәтижесінде қазақтар бір кездері Жоңғарияға қараған Тарбағатайды жоңғарлардан біржолата тартып алып, өз иелігіне алған болатын.

Құжатқа мұқият назар аударсақ, келесідегідей ой түйіндеуге болады. Біріншіден, Қытай қолбасшылары Қазақ шегаралық аймақтарындағы жерлерді біржолата өздеріне иемдену үшін қазақтарға барынша айла-амалдар мен күш қолдану, сес көрсету сияқты әрекеттерді ұстанған. Екіншіден, Қожаберген батыр кеудесін оққа төсеп, әскерінің қырылғанына қарамастан, мал-мүлкінің тоналғанына да назар аудармастан, қазақ жерінің тұтастығын сақтау жолында күресті. Үшіншіден, Цин империясы қолбасшыларының Қожаберген және оның әскері тұрақтаған жерлерге келіп түнеуі Мәнжүр-Цин патшалығының қазақтарға үнемі үстемдік орнатқысы келгендігін білдіреді. Төртіншіден, Қытай патшалығының ордасында қызмет атқарған Агуй қолбасшының қалдырған мәлімдемесінде отарлық идеологияның көріністері байқалады. Ол Тарбағатайдан Аягөзге дейінгі қазақтарды өз атамекенінен өте оңай қуып шыққандай мәлімдеме жасап, Қожаберген батырды өзіне бағынышты немесе «қорқақ», «сужүрек», «жағымпаз» тұлға ретінде көрсеткісі келетін мәліметтерді жазып отырған.

Соңғы жылдары жарық көрген мәнжу тілді Цин патшалық мұрағат құжаттарында Қожаберген мен оның елі қоныстанған жерлер туралы нақты мәліметтер кездеседі. Ондағы тиісті деректерде мынадай сөздер сақталған:

- «Қожаберген қазір Шорға (мәнжуше мәтінде «Чорго» (corgo) деп жазылған жерінің батыс жағындағы Улисуту жерінде тұрады»;
- «9-айдың 22-күні Удай Улан-Ерхе жеріне барғаннан кейін, жауынгерлерді өзі бастап әрі Жимерсек өзені жеріне жеткенде, Қожабергеннің үйі сонда екендігін біледі»;
- «Сонан соң, Қожабергеннің ұлы Жандәулет те артынан келген. Удай дереу оны жаңгин лауазымды солаң Лайжуға тапсырып, оны ертіп алып әрі Темір-Чорға, Улиясуту және Карун-Мулу сынды жерлерде тұрып қалған қазақтарды қуғызуға жіберген».

Жоғарыдағы деректерден білгеніміз: 1760 жылдары Қожаберген мен оның елі «Улисуту», «Улан-Ерхе, Темір-Чорға және Карун-Мулу деп аталатын жерлерде қоныстанған. Тиісті өзге дереккөздеріндегі мәліметтерге қарағанда, аталмыш жерлер Қожаберген елінің қыстауы болса керек [8, б. 287-288].

Көріп отырғанымыздай, Қожаберген және оған қарасты елдің қоныс аймақтары Цин патшалығының қызығушылығына ілінген аймақтар болатын. Сол себепті де Цин қолбасшылары Қожаберген ауылын ығыстырғысы келіп, үнемі сес көрсетіп, малдарын айдап әкетуді әдетке айналдырады. Шегара

аймақтарында мал бағып жүрген қазақтардың тыныштығын бұзып, барынша қорқытып алу амалдарын жасаған.

Қожаберген батыр жоңғар ханзадаларымен біріге отырып Цин билігінің әскери күшін әлсірету мақсатында күрес жүргізген. Бұған дәлел – 1758 жылғы 29 тамыздағы Қытай патшасының уәзірі Агуйдің мәлімдемесі. Хабарламада: *«Мен, патшаның уәзірі Агуй, төмендегі іске байланысты осы мәлімдемені жіберіп отырмын. Шілденің 31 күні Букучаған мен Хэшоциді қазақтар айдап әкеліп тапсырды. Жауап алғанымызда, Хэшоци жоңғар әскерлерінің қалдығы Ертіс бойын тасалап жүргенде, ресейлік шегарашылар: «Сендер бізге бағынбасаңдар, Қытай жағына хабарласамыз», – дегенін, сонымен бірге қазақ Абылай бұлардың ізіне 30 мың адаммен түскенін және орыстар жоңғар әскерлерінің қалдығын Ертіс өзенінен ішке қарай өткізіп алғысы келетіні жөнінде айтқан. Содан кейін орыстардан қашып, Дауашыға (Даваци) қарайтын әскерлерден қорқып, қашып-пысып жүргенде: «...Түн жамыла өзеннен өтіп, әрі қарай 6 күндік жолды артқа тастап, қазақтарға бардым да, Қожабергенмен кездестім. Сонда, сол ауылда мен Букучағанды қузап келген Науанның қазақтар арасында екенін білдім. Сонан соң Қожабергеннің інісі Жолбасар (Жаубасар) мені Букучаған тұрған Байбарақтың үйіне апарып, Букучағанмен кездестірді. Одан кейін мен Науан мен Букучағанды бастап, әкеле жатқан қазақтармен бірге келдім», –* делінген [60, б. 75-76].

Біз осы деректі тарқата талдасақ, бірқатар қорытындылар жасауға негіз таба аламыз. Жоңғар нояндарының ішкі талас-тартысын пайдаланған Цин империясы 1755–1757 жылдар аралығында тоқтаусыз шабуыл жасап, Жоңғария мемлекетін біржолата құлатты. Жоңғария жойылған соң, қазақтар бұрынырақта жоңғарлар иеленіп алған жер аумақтарына оралуды көздеді. Ал қазақтардың тұтқынына түскен ойраттардың бір бөлігі Цин патшалығына қарай қашуға ұмтылды, ал кейбіреулері бейбіт түрде көше бастады.

Цин патшасы әскерінің қолбасшысы Хешоци жоңғарлардың кейбіреулері сандалып, Ертіс бойын паналап жүргендігін мәлімдейді. Осыны оңтайлы пайдаланғысы келген Ресей билігі жоңғар әскерлерінің қалдығын өздеріне қосып алғысы келді. Бір жағынан Ресей шегарашыларынан сескеніп, екінші жағынан қалған жоңғар әскерлерін орыстар өздеріне бағындырып алуынан қауіптенген қытай патшасының құлы, патша гвардиясының ойрат бөлімшесінің қолбасшысы болған Хэшочи қазақтардан көмек сұрауға мәжбүр болады. Оның дәл осы кезде батыр Қожабергенге жолығуы кездейсоқ емес. Бұл тұста Қожабергеннің ел ішінде қаншалықты беделі мен абыройының жоғары екендігі байқалады. Батырдың ойрат нояндарын өз панасына алып, қамқорлық танытқаны көрінеді. Науан мен Цин патшалық армиясының құдалауында болған жоңғар көсемдерінің бірі болған Букучағанды өз ауылында ұстап отырған Қожаберген Хэшоциді Букучағанмен кездестіреді. Қожабергеннің бұл әрекеттерінен оның қаншалықты дипломат әрі саясаткер екендігін аңғармау мүмкін емес.

Батырлардың ықпалы жеке басының батырлығы, соғыс қимылдары кезіндегі ерлігімен қатар, оның соғыстан түсірген олжасына, өзінің материалдық жағдайына және оны ерікті түрде қолдаушы халықтың санымен

анықталды. Кейбір батырлар байлығы мен саяси беделі жағынан хандардан биік тұрды [56, б. 54]. Қожаберген батыр да беделді батырлар қатарынан төбе көрсетеді. Олай дейтініміз, ол көшпелі қазақ қоғамында тұрақты әскерді қамтамасыз ете алған батыр. Қожабергеннің ұлысы Өскемен бекінісінде тұрақтағаны, қыстауында 50 киіз үй мен 200 сарбазды құрайтын тұрақты әскері болғандығы [75] айтылған. Әрине, тұрақты әскерді жасақтаған қазақ батырлары өте аз.

Қожаберген батыр 1758 жылы көктем мезгілінде махачиндермен соғысып, Ертістен Аярақ көліне дейінгі аралықты 1000 әскермен жорыққа шыққан. Бұл туралы Қожаберген батырдың Ертіс пен Аярақ көліне дейінгі аумаққа жорыққа шыққандығы туралы мәнжу тілді құжатта айтылады: «Біз, патшаның құлдары, 2-айдың 16-күні алдын ала аттанып кеткен соң, іле-шала артымыздағы қалған қосын бізге арнаулы адам жіберіп, Қалыбай сынды 11 қазақты жеткізіпті. Біз, патшаның құлдары, Қалыбайлардан мән-жайды сұрап едік, олар былай деп жауап берді: «Қожаберген 1000 сарбазды бастап, Ертіс пен Аярақ көліне дейінгі жерді барымталап шықты. Жорықта қолымызға түскен тұтқындар мардымсыз болды да, Қожаберген ауылына қайтып кетті [8, б. 199]. Бұл құжаттың үзіндісінен нені байқауға болады? Қожаберген батыр өзінің мың әскерімен бірге ұлан-байтақ Ертіс пен Аярақ көлі арасындағы территорияда емін-еркін, ешкімнен тайсалмай, жасқанбай жорыққа шыққандығы анық. Батыр Қожабергеннің бұл аймақтарға барымташылық жасауының себебі – Жоңғария мемлекеті талқандалғаннан кейін сабылып жүгенсіз қалған, бас сауғалап тасада тығылып жүрген жоңғарларды (махачиндер) іздеу және құрықтау еді. Ертіс пен Аярақ көлдері арасын шарлаған Қожаберген сол маңдағы махачиндерді тұтқынға алып, Жетісу, Іле, Тарбағатай өңіріндегі қазақтардың байырғы жерлерін қайтаруды көздеді. Абылай мен оның сенімді сардары Қожаберген батыр Жоңғар мемлекеті құлаған соң бірден жоңғарлардың бұрындары басып алған жерлерін игеруге кірісті. Сол мақсатта жоңғар халқынан босаған аймақтарға қазақтарды қоныстандырып, ол жерлерді игеруге кірісті. Қазақ көсемдерінің бұл әрекетін ұнатпаған Цин патшалығы аталмыш жерлерге қоныстанған қазақ ауылдарын шауып, қоқан-лоққы көрсетіп, үркітіп, тыныштығын кетірді. Қазақтар да күресіп бақты.

Іс жүзінде, Қожаберген мен Қара Барақтың бастауындағы әскери жорық жоғарыда айтылған қазақ қауымының жоңғарларға қарсы жүргізген аса үлкен көлемдегі әскери операциясы – «Сарыбел шайқасының» бір бөлігі еді. «Сарыбел шайқасына» бір-бірімен жалғасты екі тарихи оқиға себеп болған. Әуелі 1757 жылдың жазында қалмақ басшысы Церен 1000 әскер бастап, Ақтау Үкітау жерінде мал бағып жүрген Ұлы жүздің екі ауылын шапқан. Сонан соң аталмыш қалмақтар әлгі Сарыбел деп аталатын жерге барып, өзге өңірлерден ағылып барған ағайындарымен бас қосып, Жоңғария мемлекетін қайтадан қалпына келтірмек болған. Енді ғана тыныштыққа қол жеткізіп келе жатқан қазақ қауымы қалмақтардың мұндай қылығына жол бермейтіндігі айдан анық. Сол себептен де Қабанбай батырдың үндеуімен қазақтың үш жүзінен жасақ жиналып, әлгі Сарыбел деген жерде шоғырланып жатқан жоңғар қалмақтарына қарсы бірлескен жорық жасауға бел буған. Бір қызығы, әлгі «хандығымызды

қайта құрамыз» деп жатқан қалмақтар өзара жанжалдасып, тіршіліктерін бастамай жатып-ақ берекесіздікке жол берген. Осындай жағдайда, олар 1758 жылы қаңтар айында қазақтардың бір-екі соққысынан кейін-ақ жан-жаққа ыдырап кетіп, қайтадан «махачин», яғни босқынға айналған. Ал қазақ жасақтары Жетісу мен Тарбағатай өңірлерінен осы махачин деп аталатын қалмақ босқындарын аластату мақсатында жер-жерде шағын жорықтар жүргізген [9, б. 252-253].

Міне, осы махачиндерді іздестіру және құрықтау жұмыстарына Қожаберген батыр да белсенді атсалысты. Қожаберген батыр Тарбағатай және Жетісу аймақтарында жорық ұйымдастырып, жоңғар қалмақтарының ең соңғы ұрпақтарының Қазақ жеріне қайтадан көз алартуына жол бермеу жолында күресті. Бұл күреске Қожабергеннің ұлы Қалыбай да мың әскерді жинап, махачиндерге қарсы жорыққа атанғандығы туралы мәнжу тіліндегі құжат бар. Онда қазақтардың махачиндер тарапынан тоналғандығы және олардың Үрімжіге саудаға келгендігі туралы Халханың орынбасар цзюньцзюньі Чэбденжабтың мәлімдемесі берілген [8, б. 217-233].

«Ұлық патшамен дидарласуға барған елшілеріміз жақында оралар» деп 11 адамнан құралған бізді Қара Ертіс пен Қу Ертіс жерлеріне жіберіп, қайтып келе жатқан елшілерімізді күтіп алдырмақ болды. Біз Үліңгірден кіріп, сіздердің іздеріңізді қуып осында келіп қалдық». Осы сөздерді айтып болған соң, Қалыбай Цин қолбасшысына тағы *«Біз былтыр 12-айда ауылымыздан шыққанбыз»* дегенді айтқан. Осы деректерге қарағанда, Цин ұлықтарымен келісімге келіп, олардан «сенім хат» алғаннан кейін 4 ай өткен соң, Қожаберген әскер бастап жоңғар қалмақтарына қарсы үлкен жорыққа шыққан. Құжатта айтылған «Қожабергеннің жорығы Ертістен Аярақка дейінгі аумақта жүргізілді» деген дерек назар аударарлық. Деректе айтылған «Аярақ» жер атауы қазірге дейін сақталып қалған: Манас көлінің солтүстігіндегі шағын көл қазірге дейін осылай аталады. Бір ескерелік жайт: қазіргі Манас көлі XVIII–XIX ғасырларда «Аяр көл» деп аталған. Демек, 1758 жылдың басындағы Қожабергеннің жорығы оңтүстіктегі Ертіс өзеніне дейінгі үлкен аумақты қамтыған. Бұл жорық екі айдан астам уақыт созылған [9, б. 251].

Жоңғария мемлекеті жойылғаннан кейін сай-сайды сағалап бас сауғалап қашып жүрген жоңғарларды іздестіру және аулау ісіне қазақтар мәнжүлермен бірлесе кіріскен. Жоңғарларды жойғаннан кейін (1757–1759 жж.) Жетісудың шығысы, Іле, Тарбағатайда олардың қалдықтары топ-топ болып қашып шығып, қайта бас көтеруді ойластырады. Бұларды жою Цин патшалығына ауыр тиді, сондықтан оларды тек қана қазақтың қолымен қыруды мақсат етті. Бұл қашқындарды мәнжүр-циндіктер «махачин» деп атаған, бұл моңғол тілінде «жыртқыш» деген мағына береді. Ұсталған махачиндердің еркектерін мәнжүрлер өлтіріп, бала-шағасы мен әйелдерін қазақтарға тұтқын ретінде беріп отырды. Осы олжа және Жоңғар ішіндегі дүрбелең кезінде ру тайпаларымен қопарыла келіп қазаққа кірген жоңғар кірмелері «ақтабан шұбырынды» кезінде қырылған қазақтардың орнын толтыруға септігін тигізген сияқты. Жоғарыда айтылған деректер мен тұжырымдар Жоңғарияны жоюға Қазақ елі үлкен үлес қосқанын дәлелдейді.

Қазақ елін «ақтабан шұбырындыға» түсіріп, халықты қырып-жойып, орны толмас апат әкелген Жоңғария басшыларының арасында 1745–1755 жылдар арасында өзара тақталасы күшейе түсті. Шығыстан Цин империясының жоңғарларға қарсы іс-қимылы етек ала бастады. Олардың (Манжу-Чин) бұл іс-қимылы жоңғарды құртумен ғана шектелмей, Қазақ жеріне ауыз салатынын Абылай хан жақсы түсінді. Осы қауіптің алдын алу мақсатында жоңғарларды аман алып қалып, Цин империясы мен Қазақ елі ортасына аралық (буфер) мемлекет орнатуды ойластырды. Осы мақсатқа жету үшін халқы қаншама қарсы болса да, Әмірсанаға көмектесуді жөн деп көрген. Ең өкініштісі, бұл жоспардың орындалуына Жоңғария басшыларының өзара ынтымақсыздығы мен алауыздығы кедергі болды. Жоспарының орындалмайтынына көзі жеткен Абылай хан жоңғар басшыларының бірін қолдап көмек беріп, екіншісін оған қарсы қойып, өз қолымен өздерін жою саясатын қолданған. Бұл туралы жоғарыда сөз еттік. Абылай ханның бұл ұстанымы дипломатия мен соғыс өнерін бір-бірімен ұштастыра жүргізген шебер саясат болғанын мойындауымыз керек. Өйтпейінше, «ақтабан шұбырындыда» апатқа ұшыраған және қырылған халықты одан да үлкен қауіп-қатер күтіп тұрғанын Абылай хан жақсы түсінген [18, б. 26-27].

Қорыта келгенде, қазақтардың шығыстағы атамекеніне қайта қоныстану үдерісінде Қожаберген батырдың қосқан үлесі орасан зор. Қожаберген бастаған қазақтың бір топ батырлары Цин патшалығына қазақтардың байырғы ата-қонысы Тарбағатай өңірінен шегінуді талап еткен өтінішін Цин әскерінің қолбасшылары жауапсыз қалдырды. Дегенмен өзінің батылдығы мен елсүйгіштік қасиеті арқасында Жетісу мен Тарбағатай жерін жоңғарлардан тазартқан – қазақтың Қожаберген сияқты батырлары бастаған қазақ әскері. Нәтижесінде циндіктердің біршама әскері қазақ жерінен кері кетуге мәжбүр болды. Бұл үрдістің өзі Қожаберген батырдың қазақ–қытай шегарасының қалыптасуына сіңірген ерен еңбегі деп санаймыз.

1757 жылы тамыз айында Қожаберген мен Көкжал Барақ Цин әскери лагеріне (застава) барып, Цин ұлықтарымен кездесіп, қытай армиясының Тарбағатай өңірінен шегінуін талап еткен. Цин генералдары Қожабергендерге: *«Цэвэн-равдан мен Галдан-цэрэн заманында сендер қай жерде көшіп қонып жүрсеңдер, қазір де сол жерде тұра беріңдер»,* – деген. Қожабергеннің бұл талабын мәнжүрлер осылайша көзге де ілмеді. Әлсін-әлі аталмыш жерлерге қоныстанған ауылдарды шауып, адамын өлтіріп, малын тонап, әбден басынды. Қожабергеннің иелігіндегі қазақтарды үркітіп, тонап, бірнеше жыл бойы қорқытып, тыныштық бермеді. Қуып жібермегеннен кейін қайта келіп қоныстанып алып, басқыншылардың зығырданын қайнатты. Мал-мүлкінің тоналғанына, адамының өлгеніне қарамастан, жер үшін, ата қоныс үшін жан беріп, жан алысып, қарсыласып бақты [18, б. 28].

Жалпы, Цин патшалығының әскері атажұртына қайта қоныстануға бет бұрған қазақтарды үнемі үркітіп, сес көрстумен болды. Қоқан-лоққы жасап, малын тартып алуға тырысты. Сауда орындарын ашып, қазақтың жылқысын әскерге пайдалануды мақсат етті. Цин қолбасшылары қазақ халқымен етене танысып, Арқаға дейін табан тіреп, жергілікті рулары және олардың

көсемдерімен жақындасуға әрекет жасады. Цин империясы қазақ халқының жоңғардан қайтарып алған жерлерін игеру процесін бастап кетпек болды. Сонымен бірге шегаралық шептер құру, қала тұрғызу жоспарларын жүзеге асыру арқылы қазақ даласына толық иелік жасағысы келді.

Дегенмен Цин ұлықтарының Тарбағатай жеріне ойластырған қитұрқы жоспары мен қазақтарға жүргізген айла-әрекеттері еш нәтиже бермеді. Цин әскерлері қазақ жайылымдарын бақылауда ұстағанымен, олардың ізі басылғанша Қожаберген сияқты ру бастаған батырлардың көшбасшылығымен қазақ қоныстары Тарбағатай өңіріндегі орындарына қайта келіп жайғасып алды. Мұның өзі циндіктердің басқыншы саясатынан қазақтың Қожаберген қатарлы батырларының жауынан тайсалмағанын аңғаруға болады.

Қожаберген батыр Абылайдың жанындағы шебер дипломат, әскери қолбасшы ретінде қазақ халқының этнотерриториялық шегарасын қалыптастыруда өлшеусіз қызмет атқарды.

3 ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ БУФЕРЛІК АЙМАҚТЫҢ МЕНЕДЖЕРІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫ

3.1 Қожаберген батырдың қазақ–қытай саяси-дипломатиялық қарым-қатынасындағы қызметі

Қазақ–қытай халықтарының арасындағы алғашқы қарым-қатынастар XVIII ғасырдың бас кезінен-ақ көрініс тапқан. Алайда екіжақты байланыстардың өзара шиеленісуі де, бір мәмілегерлік келісімде өрбуі де Жоңғар хандығына байланысты десек болады, себебі екі елдің де Жоңғар мемлекетінен көздеген мақсаттары болды. Қазақтар жоңғарлардан байырғы ата-бабаларының жерін қайтарғысы келсе, қытайлар жоңғарларды пайдалану арқылы қазақ халқын ойрандағысы келді.

Жоңғария мемлекеті қираған соң қазақ–қытай қарым-қатынастары тарихында екіжақты тікелей байланыстар өрби бастады.

XVIII ғасырдағы ірі мемлекеттер тоғысындағы күрделі кезеңде қазақтың Қожаберген қатарлы батырлары қазақ даласының шығыс шегарасын жаудан күзетуде әскери-дипломатиялық қызметімен ерекшеленді.

Қожаберген батыр Абылайдың қасында болып, жауға қарсы күресті. 1757 жылы бұрындары Абылай ханмен бірге жоңғарлардың жақтасы болған қазақ батыры Қожаберген Қытайға бағынды, батыр Есіл өзенінің жағасында қыстап, абақ керейлердің старшыны ретінде 1750 жылы керейлерді басқарды [5, б. 84] Аристовтың бұл пікірі ол жасаған дәуірдегі деректер негізінде жазылды. Қазіргі деректер мен қатысты зерттеулер Аристовтың «Қожаберген қытайларға бағынды» деген көзқарасын теріске шығаруға толықтай әлеуетті. Себебі бүгінгі қолда бар деректер Қожаберген батырдың қазақтың елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолында қытайлармен жаугершілік қарым-қатынастарда болса, артынша бейбіт амалдарға құрылған дипломатиялық жолдармен өз ісін жалғастыруымен көзге түсіп отырады.

Атадан балаға мирас болып сақталып, бүгінгі күнге дейін жеткен ауызша деректерге негізделген Р. Зұрғанбайұлының еңбегінде Қожаберген сардар XVII ғасырдың соңынан XVIII ғасырдың жетпісінші жылдары аралығында өмір сүргені, Есіл, Тобыл өзендерінен Қытайдың Ұлы қорғаны аралығында, Тибеттен Алтай таулары аралығына дейінгі жерде әскер бастап, қазақ халқын жаудан қорғаған батыр болғандығын айтады [14, б. 3-4].

Жоңғарияда маньчжур–қытай билігі орнаған соң Қазақстанның шығыс бөлігінде жер мәселесі бірінші кезекке шықты. Қытайлықтар қазақтардың жоңғарлардан босаған өз ата мекеніне қоныстануына жол бермеу мақсатында Іле өзені мен Тарбағатайда әскери бекіністер сала бастады.

1757 жылы тамыз айында Қожаберген мен Қара Барақ (Көкжал Барақ) Циннің әскери лагеріне барып, Цин ұлықтарымен кездесіп, Тарбағатай өңірінен шегінуін талап етті [8, б. 12]. Алайда Қожаберген батырдың бұл өтінішін Цин билігі жауапсыз қалдырды. Әрине, Қожаберген қатарлы батырлардың бұл әрекеті Қытай билігіне ұнаған жоқ, сондықтан қазақтарға жасалатын шабуылдар мен жылқы айдап әкету амалдарына күшейді. Олар Қожабергеннің

иелігіндегі қазақтарды ойрандап, тыныштығын алды. Мал-мүлкі тоналып, иелігіндегі халықтың қырылғанына қарамастан, батыр Қожаберген табандылықпен күресе білді.

Қазақ-қытай қарым-қатынастары орнай бастаған тұстан әлдеқайда бұрын Қожаберген батыр оңтүстік пен шығыс Қазақстан өңірінде, яғни жоңғарлармен және қытайлармен шегаралас аймақта тұрақты қоныстанып отырды.

Абылайдың Қытаймен арадағы орын алған осындай шешімі ауыр мәселеге Қожаберген батыр белсене араласып, екіжақты қарым-қатынасты әскери қақтығыстан бөлек бейбіт жолмен шешуге де ұмтылды. Осылайша Абылайдың тікелей тапсырмасымен батыр Қожаберген Цин империясына байланысты стратегиялық жоспарлар құрып, әскери іс-қимылдан басқа дипломатиялық айла-амалдарды қолдануға бел байлады.

Мәнжулер Орталық Азия халықтарына алғашқы шабуылдарды XVIII ғасырдың орта шенінен бастап ұйымдастырды. Аталған уақытта бұл аймақта Жоңғар хандығына көршілес Қазақ хандығы мен Орта Азия хандықтары өмір сүріп жатты. Қазақ хандығы осы аталған мемлекеттердің барлығымен бірдей елшілік қарым-қатынастар орнатты, оның ішінде Ресей империясы да бар. Осы кездердің өзінде-ақ қазақтың кейбір ірі феодалдары Ресей бодандығын қабылдай бастады [45, 76-б.].

Абылай ханның сенімді сардары Қожаберген батырдың тарихи тұлға ретінде қалыптасуы көбінесе қазақ–ойрат және қазақ–қытай арасында орын алған қиян-кескі ұрыстар мен әскери-дипломатиялық және сауда қатынастарынан көрінеді. Абылай көптеген ірі саяси әрекеттер мен жорықтарға аттанар алдында Қожабергенмен жиі кеңесіп отырған. Мысалы, қытайларға жорыққа шығар кезде немесе жоңғар нояндарымен қарым-қатынас жасауда ол міндетті түрде батыр Қожабергенмен кеңесіп шешкен.

Деректерге негізделсек, Қытай дипломаттары Қожаберген батырмен жақын байланыстар орнатуға әрқашан қадамдар жасап отырған. Сөзімізге төмендегі мәнжу тіліндегі құжат дәлел болады:

«[7-айдың] 6-күні кеште, Нарит асуына жіберілген қарауылшыларымыздан мынадай мәлімет келіп жетті: «*Қазақ Қожаберген мен Қара Барақ әскер бастап осылай келе жатыр екен. [6-күні] біз жолаушы ізін қуып жүріп, олардың 10 адамымен кезігіп қалып, өзара амандастық. Осы қазақтардың айтуына қарағанда, Қожаберген мен Қара Барақ 700 әскер бастап, цзюнцзюнь-ұлықтармен кездесу үшін осылай келе жатыр екен»* [8, б. 161].

Айтулы құжатта берілген деректен мынадай тұжырымдар жасауға келеді: біріншіден, Қожаберген мен Қара Барақ батырлардың есімдері қатар айтылып, Абылайдан кейінгі беделді тұлғалардың қатарына жатқызылған; екіншіден, Қытай билігі уәкілдерімен арадағы дипломатиялық қызметте Қожаберген қатарлы қазақ батырлары елшілік қызметті қосымша атқарған; үшіншіден, Цин патшалығының басты қарсыласы Жоңғар нояндарымен Қожабергеннің достық байланыстарын сезген қытай императоры Қожабергенді басты назарда ұстап, өзінің одақтасына айналдыруға ұмтылған.

Бұл логикалық талдауымызды мына құжат толықтыра түседі:

«Қожаберген мен Қара Барақ сендерде Абылайдан кейін іс атқаратын мәртебелі адамдар болып саналады екен, оның үстіне олар алыстан келіп, бізбен кездеспекші екен, ендеше біз екі адамымызды сендермен бірге жіберіп, сол Қожаберген мен Қара Бараққа сәлем бергізейік дедік те, карачин қосынының жалан-и-жаңгины лауазымды Наваң мен былтыр Қожабергенмен танысып қалған авангард қосынында габсихян лауазымын атқарып жүрген фунде-бошоку лауазымды Сахатайды жібермек болдық» [8, б. 163]. Яғни, Цин патшалығының жоғары лауазымды адамдары Наваң мен Қожабергеннің өзімен бұрын таныс-біліс болған Сахатайды қазақтың қос батырын алдын ала күтіп алуға қамданған әрекеттері батыр Қожабергеннің Қытай империясы алдындағы биік абыройын байқатады.

Қожаберген Абылай сұлтанның жақын серігі бола отырып, қазақ–жоңғар, қазақ–цин қатынасының бел ортасында жүрді. Ойраттар оның ауылдарына жиі келетін, сондықтан кейде батырды ойрат деп қателесетін. Қазақ старшындары мен батырлары жоңғар феодалдарының көршілес әулеттерімен туыстық қатынасқа да түскен немесе ойрат батырларымен туысқандық байланыстар орнаған. Қай заманда да ойрат әйелдері қазақ әскерінің ең тартымды олжасы саналды. Ал қалмақ батырлары мен қазақ жауынгерлері талай рет кескілескен шайқасқа жиі түскен [10, б. 480].

1757, 1758, 1762 жылдары Қазақ Ордасының Орта жүз, Кіші жүз және Ұлы жүз биліктері бір-бірінен бөлек өздерін Цин империясының вассалдары деп таныды. Цин империясының сыртқы саясаты ежелгі Қытайда қалыптасқан және көшпелілер мемлекеттерін басқару қатынастарын реттеудің іргетасы ретіндегі вассалдық тәуелділік жүйесін көрсетті. Цинь империясы өзін қоршаған шегаралық халықтарды «ішкі вассалдар» және «сыртқы вассалдар» деп екіге бөліп қарастырды. «Ішкі вассалдарға» Цинь империясының әкімшілік жүйесіне енген халықтар жатқызылса, ал «сыртқы вассалдарға» империяның әкімшілік жүйесіне кірмегенімен, бұл патшалыққа тәуелділік қарым-қатынаста байланыстар орнатты. Қазақ хандығының Цин империясына деген қарым-қатынасы «ішкі вассалдық» жүйе деп танылды.

Халықаралық құқықтық қатынастар тұрғысынан қарастырғанда, қазақ-қытай шегарасының қалыптасу тарихын шартқа дейінгі кезең (1755–1863 жж.) және шартты (1864–1999 жж.) кезең деп екіге бөліп қарастыруға болады. Саяси қырынан алғанда екіжақты шегара жағдайы шартты негізде үш түрлі тең емес кезеңдерге бөлінеді: Біріншісі, егемендік кезең – бұл кезеңнің өзі екі кезеңге бөлінеді: а) 1755–1822 жж.; ә) 1991–1999 жж. Патшалық кезең (1822–1916 жж.); үшіншісі – кеңестік кезең (1917–1991 жж.).

Шегараның қалыптасу тарихының өзіндік ерекшеліктері мен кезеңдері бар. Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы Орта жүз және Кіші жүз тайпалары территориясының Ресейге қосылуына дейінгі кезең Қазақ хандығының Жоңғар хандығы біраз уақыт жаулап алған жерлерін заңды түрде қайтаруға күш салуымен сипатталады. Бұл жерлердің бір бөлігіне Жоңғария құлаған кездің өзінде қазақ рулары қоныстанып алған еді. Бұл міндет Жоңғар иелігін түгел иемденген жаңа жаулап алушы Цин империясымен келіссөздер жүргізу арқылы, сондай-ақ қазақтардың Солтүстік Тянь-Шань, Тарбағатай және

Моңғол-Алтай тау жоталарына рұқсатсыз қоныс аударуының ерікті бұйрығымен шешілді [45, б. 71].

1758 жылғы 15 наурыздағы Шегараны тыныштандыру армиясының оң қол орынбасар қолбасшы-генералы Жаохуэйдің Цин патшасына мәлімдемесінде Чахар қосынындағы «хуцзюнь» лауазымды Ырысбай бір жылқыға мініп, бір жылқыны жетектеп қашып кеткендігі туралы мәлімдейді. Бұл мәлімдемеге сәйкес, Цин ұлығы мән-жайды анықтап, жауап беруді бұйырады. Осы бұйрық жете салысымен, мынадай жауап айтылады: «*Былтыр біз патшаның қазақ Қожаберген қатарлыларға сыйлаған торғын-торқаларын апарып берген болатынбыз. Сонан соң біздің қайтып келе жатқан жолымызда, 10-айдың 21-күні түнде, кезегімен жылқыларымызды күзетуге шыққан Ырысбай кенеттен ізін көрсетпей қашып кетті. Біз ол туралы мәлім еткенбіз», –*дегенді айтты. Осыған қарағанда, Ырысбайдың қашып кеткендігі шын болып шықты. Біз қазақтарға оны тауып, тұтқындап әкеліп беру туралы хатнама жолдадық [8, б. 194].

Бұл құжаттан Қытай империясының әскери адамдары өз патшаларына Ырысбай деген қазақтың қашып кеткендігін айтады. Қытай әскерлері Қожаберген батырды жақсы білгендігі және Қытай патшасы батыр туралы хабардар екендігін білдіреді. *«Былтыр біз патшаның қазақ Қожаберген қатарлыларға сыйлаған торғын-торқаларын апарып берген болатынбыз»* деген дерек мәтіні осы сөзімізге дәлел. Ал енді құжатты саралар болсақ:

Біріншіден, Қытай патшасы Қожабергенді сардар ретінде таныған. Екіншіден, Қожаберген сияқты беделді батырларға оларды өздеріне тарту үшін торғын-торқаларын сыйлаған. Үшіншіден, 1758 жылы қазақ–қытай байланыстарында Қожаберген батыр Қытаймен шекаралас аудандарда болғандығы аңғарылады. Төртіншіден, батыр Қожабергеннің шекарашы функциясын Абылайдан кейінгі орында атқарып жүргендігін байқаймыз. Жалпы, бір сөзбен айтқанда, осы заманның шекара аймағында Қожаберген Жәнібекұлы қазақтың жер тұтастығын сақтап қалу қызметін зор атқарған, Ал енді, шекара маңында қақтығыстар орын алмас үшін Ресей империясы Қожаберген сынды батырларға сый-сияпат жасап тұрған.

Құжатта айтылмаса да, жазылмаса да мынадай тұжырым жасауға болады. Жылқыны қарауылдап жүрген Ырысбай атты қазақты іздеп-табу үшін Қытай билігі батыр Қожабергенге жүгінуге мәжбүр болған секілді. Қытай жағының логикасы бойынша, Абылай Қытай бодандығына 1757 жылдары өтіп, екі жазға жалғасқан соғыс аяқталып, енді осындай жеке, жеңіл-желпі, ұсақ-түйек мәселелерге бола, Қазақстанға әскерін енгізбей, қазақтармен шайқаспай, беделі жоғары Қожаберген сынды батырлармен шешімін табатындығы көрінеді. Бір қызығы, сол кезде Қожаберген бабамыз жетпіс жасқа таяп қалған. Дегенмен егде жаста болса да атқа қонып, қазақ жерінің тұтастығын сақтап, шегарашылардың басшысы ретінде үлкен қызмет атқарып жүрді. Абылай 1757 жылы дипломатиялық әдістерді қолданып, Қытайға 1757 жылы бодандыққа ант берсе, Қожаберген батыр елдің тыныштығын қорғап, Қытай жаққа сес көрсету әрекеттерімен көзге түсті. Бұл оқиға 1758 жылдың наурыз айында орын алған.

Қожаберген батыр қытайлармен 1756 жылдың шілде-тамыз аралығында бірнеше шайқасқа қатысқан. Тарихшы ғалымдардың зерттеуінше, сондай соғыстың бірі Ярла (Үржарда) маңында болған. Абылай мен Қожаберген жасағы сайға бекініп, қытайларға торуыл құрып, соғысқан [29, б. 645].

Батыр Қожаберген Жәнібекұлының қытайлармен қиян-кескі ұрыстарының тағы бірі Есіл маңында өтті.

1756 жылы қазақ-шүршіт соғысында ойрат нояны Әмірсана екеуі қол бастап, мәнжүр-қытай басқыншыларына қарсы Баянауыл, Қу, Қарқаралы тауларының аңғарында болған қанды ұрыстарда Бөгенбай, Жауғаш сияқты батырлармен қатар ерекше көзге түседі. 1758 жылы сәуір айында махачиндермен соғысып, Ертістен Аярақ көліне дейінгі аралықты 1000 әскермен шолып шықты. 1766 жылы Үржар, Тарбағатай жайлаулары үшін қытайлармен шайқасқан. Одан кейінгі қытай құжаттарында Қожаберген есімі Қабанбай, Дәулетбай батырлармен, Әбілпейіз сұлтанмен қатар «көрнекті», «беделді қазақтар» қатарында аталады [63, б. 478].

Батыр Қожаберген қытай әскерімен соғыста алдыңғы шепте жүріп, қолбасшылық қызмет атқарды.

1756 жылы 3 шілдеде Қожаберген батыр мен Әмірсана бастаған жасақтар Дордана есімді генерал бастаған шүршіт әскерлерімен Есіл жерінде соғысты деген дерек бар [31, б. 645].

Деректерге сүйенсек, қазақ пен шүршіт арасындағы соғыс 1756–1757 жылдары жүрген. Генерал Цереннің қазақтармен соғысы туралы мәнжу тіліндегі мәлімдемесінде Дужбур есімді улет (жоңғар қалмағы) адамының айтқан хабарын былай деп жеткізеді: «*Мен карачин тайпасының адамымын. Мені Абыралыдағы бекетке тұрғызуға жіберген. Осы айдың 8-күні, 200-ден астам қазақ әскері келіп, қарауыл бекетімізді тонады. Сонда олар мені тұтқындап алды да, әлсін-әлсін қинады, бекетімізді тонады. Мені тұтқындап алды да, ұрып-соғып сұраққа алынғандығыма қарамастан, мен оларға тек ұлы армиямыздың үш бағыт бойынша арт-артынан осылай келе жатқандығын, әскерлеріміздің сандары өте көп екендігін айттым. Сонан соң олар мені ертіп алып, осында келді. Мен ұлы армиямыздың осында жетіп келгендігін біліп, ақырын қашып шықтым»* [8, б. 194].

Жоңғар қалмағы Дужбурдың Қытай ұлықтарына берген жауабы осылайша өрбіді.

«7-айдың 3-күні, біз Жарлы жерінде болған кезімізде, Қабанбай, Наурызбай сынды қазақтар 2000-нан астам әскер бастап, қарақшы Әмірсанамен және Қожабергенмен бірге Нұра жерінде жүргендіктері жөнінде хабардар болдық. Дереу Шұрман есімді қазақ тұтқынына жол бастатқызып, тез-тез жүріп барып, қарақшы Әмірсананы тұтқындау жөнінде шешім қабылдаған болатынбыз және ол туралы біз патша ағзамға мәлімдеме жібергенбіз. Сонан соң біз патша бұйрығына сай ат шаптырып жүре келе 7-айдың 11-күні Нұра жеріне жетіп, Шұлық пен Аралбай есімді екі қазақты ұстап алып, сұраққа тартқан едік» [8, б. 112] делінген.

Құжатта «Жарлы» деп берілген жер атауы «Ярла», яғни қазіргі Үржар аймағы жөнінде айтылып отыр. Өкінішке орай, қазақ батыры мен жоңғар

ханзадасының бастаған әскері Ярла маңындағы соғыста жеңіліп қалады. Нәтижесінде қазақтар кері шегінуге мәжбүр болып, оларды қытай әскері Нұра өзеніне дейін қуып келеді. Тұтқынға түскен Шұлық пен Аралбай есімді қазақтардың мәлімдемелері Қожаберген батыр Әмірсанамен бірге және олардың қатарында қазақ батырларының бірі – Қабанбай болғандығын айғақтайды. Алайда бұл соғыс жайында Мәнжу-Цин ұлықтары ұлы патшаларына қазақтарды тас-талқан етіп жеңдік деп жалған ақпарат жіберген. Бұлай деуіміздің себебі, Қытай империясы жоңғарлармен соғыста тұтас Жоңғар мемлекетін тарих сахнасынан құлатқанымен, халқы өте көп шығынға ұшырағандығын айта бермейді. Мұның себебі, қазақтарға, жалпы Орта Азия халықтарына шабуыл жасаған Цин патшалығының атақ-даңқын шығарып, мәртебесін көтеру мақсатын көздеген деп топшылаймыз.

Халық арасында таралған аңыз-әңгімелер мен ауызша деректерге сүйенсек, «Шүршіт қырылған» оқиғасы туралы ел аузында көп айтылады. Бұл тарихи орынның географиялық аумағы Баянауыл маңындағы Шыбынды көлі мен Шідерті өзені арасындағы жазықты алып жатыр. Осы тарихи оқиғада қазақтың батыры Қожаберген өзімен үзеңгілес батырлар Қабанбай, Наурызбайлармен бірлесіп, шүршіт әскеріне тойтарыс берген. Бұл шайқаста жоңғар нояны Әмірсана Қожаберген батырдың сенімді серігі ретінде әскер бастаған.

В. Кузнецовтың «Амурсана» кітабында да Қытай тұтқынына айналған Шұлықтың есімі аталады. Мәнжүр генералы Дардана тұтқынға түскен қазақтардан Әмірсана туралы сұрауға алып, оны ұстап беруді талап еткен жағдайын былайша баяндайды:

– Сендер біздің мұнда не себепті келгенімізді білесіңдер ме? Бізге қарақшы әрі бүлікші Әмірсана қажет. Егер де өз еріктеріңмен бізге оны тапсырмасаңдар, біз күш қолдануға мәжбүр боламыз. Барлығыңды сойып саламыз. Ал бұл сөзімізге не дейсіңдер?

Жауапқа ешбір үн қатылмады. Бұл жағдайды түсінген Дардана офицерді шақырып алып: «Мыналармен жұмыс істеңдер. Бұларды сөйлетіңдер!» – деп бұйрық берді. Бірнеше сағаттан соң шатырдан адамдардың жантүршігерлік дыбыстары шығып жатты. Осы тұста шатырға бір қазақ кірді де, былай деді: «Басқаларды азаптауды тоқтат. Менің есімім – Шұрық. Мен Абылайдың жақын адамымын. Мен Әмірсананы ұстап беру туралы Абылайды көндіруге тырысайын», – деді. Дардана келіскен сыңай танытып, оны босатуды бұйырды. Нәтижесінде Дардана Шұрық деген қазаққа 15 күн уақыт беріп, өзінде қалған басқа тұтқындар жайында да ойла дегендей сес көрсетті. Бұл оқиға тамыз айында болды.

Бұл уақыттарда Әмірсананы Хадаханың сарбаздары іздестірді. Алайда олар Әмірсананы таппағанымен, Абылайдың өзі басқарған қазақ әскерін талқандап, айдап әкетті. Тұтқында әбден қиналған Абылайдың адамдары сұлтанды Әмірсанамен айырылысуға көндіреміз деп уәде берді. Хадаха осы арашашылардың бірі Жауғашты жіберіп, екіншісі Хангелдіні кепілге қалдырады.

Кездейсоқ немесе арнайы бір-бірімен кездескен Шұрық пен Жауғаш белгіленген уақытта Қытай сарайына барады. Олар арқылы Абылай Цин

империясымен жауласу ой-пиғылында жоғын білдірді. Сонымен бірге Әмірсананы құрықтау қиын еместігін айтып, оны қолға түсіргеннен Қытай патшасына ешқандай да ұтымды болмайтындығын алға тартып, одан да Әмірсананы жайына қалдыруды сұрайды. Бұл мәлімдеме Хадаха мен Дарданаға ұнамайды. Қытай ұлықтары: «Әмірсананы дәл қазіргі уақыттарда қолға түсірмесек, кейін кеш болады», – деді. Сондай-ақ қазақ елшілеріне: «Егер Әмірсананы тығып отырсаңдар, ескертпеді демеңдер, оңдырмаймыз», – дегенді қадап айтты.

Мұны естіген қазақ тұтқындары Шұрық пен Жауғаш қытай ұлықтарына тағы да 15 күн уақыт бөлуді өтінеді. Екі қазақ елшісінің сөзіне көнбеген мәнжу ұлықтары, Абылайдың өзі осылай сұранды деген сөзіне иланып, тағы бір мүмкіндік берді. Алайда мәнжу ұлықтары Хадаха мен Дардана: «Егер сендер белгіленген уақытта Әмірсананы әкеліп бізге тапсырмасаңдар, біз ештеңеге қарамай, іздеріңнен барып, жол-жөнекей көрінген көштеріңді тас-талқан етеміз», – деп мәлімдеді [30, б. 122].

Берілген мәліметтерді талдар болсақ, Абылай сұлтан бостан-бос Әмірсананың жақтасына айналған жоқ. Абылайдың ойынша, қытай ұлықтарының Әмірсананы осыншама қолға түсіруге асыққандығынан, жоңғар ноянының оңай олжа еместігін аңғарды.

1756 жылдың көктемінде қазақ жасақтары Қытай әскерлеріне қарсы Жоңғарияға терең әскери күш қолданды. Бұған жауап ретінде Қытай императоры Қазақ еліне қарсы шабуылды бастауға бұйрық берді. Орта жүздің аумағына екі жағынан – оңтүстік пен шығыстан басып кіру көзделді. Бұдан басқа, қытай әскерлері осы уақытта Абылай сұлтан жасырып жүрген Әмірсананы тұтқынға алуға ниеттенген, Абылайдан жасырынған бүлікші Әмірсананы ұстап беруді үзілді-кесілді талап еткен. Бұл мәтіндегі хат Абылайға 1756 жылдың 1 сәуірінде жіберілді. Хатта былай делінген: *«Бүлікші Әмірсана, ең алдымен, қазақтардан әскер сұрады, алайда Абылай оған /әскер/ берген жоқ... Бірнеше жыл бойы Жоңғарияда тәртіпсіздіктер, жиі /төңкерістер/ орын алды, тайпалар арасында дүрбелең заман туындады. Ойраттар әлемде сенделіп жүріп, қиындықтарға тап болды, онымен қоса өмір сүрудің негізгі қайнар көздерінен де айырылды.... Олар Әмірсана опасыздық жасайды деп ойламаған /және таяу мерзімде/ ақымақтыққа бой алдырады деп топшылады. Ұлы әскердің генералдарына арнайы құғын ұйымдастырып, оны тұтқынға алуға бұйрық берілді. Жоңғар тайджалары, зайсандары әділеттілікті қорғауда өз әскери күштерін біріктіріп, /бізге/ Әмірсананы қолға түсіруге көмек береді. Қазіргі жағдайда Әмірсана шарасыз халде қалып қойды. Ол адамдарын тастап, қаша жөнелді. Міндетті түрде сіздің қоластыңыздағы қазақ территориясына енуі қажет. Оның барлық қылмыстары үшін бұл бүлікшіге өлім жазасы аз. Ол қайда қашса да, ерте ме, кеш пе, біз оны ұстап алып, өлім жазасына кесеміз. Ол біздің желілерден ешқашан алыстап кетпейді... Қарақшыны қайта қабылдауға ешқандай да орынды негіз /сізде / жоқ. Егер сіз оны үйіңізде қалдырсаңыз, бұл адам сіздің иелігіңізге зиянын тигізеді. Сіздің иелігіңіз Жоңғариямен шектеседі. Бұрын, Қалдан-Серен кезінде, сіз оның қысымына тап болдыңыз... Таяуда ғана жоңғар варварлары*

тарапынан сіздің иелігіңізге нұқсан келді. Ал енді сіз риза болуыңыз керек.... Егер сіз бүлікшіні тастап, жасырсаңыз, онда қақтығыстар міндетті түрде пайда болады, өйткені бүкіл Жоңғарияда бүлікші Әмірсанаға жанашыр бірде-бір адам қалған жоқ. Бір адам үшін сіз көпшіліктің теріс көзқарасын сезінесіз. Сонымен қатар Ұлы әскер сізге шектеулер жасайды. Сонымен қатар, бірнеше бөлімше оны талап етеді /қайтарады/. Сіздің тайпаларыңызға /тағдырыңызға/ тыныштық бола ма? Нәтижесінде сіз өкінетін боласыз. Сіз пайда мен зиянды дұрыс бағамдай аласыз. Сіз менің бұйрығымды орындауыңыз керек, бірден /Әмірсананы/ тапсыруыңыз керек, содан кейін сіз менің мейірімділігіме мәңгі ие бола аласыз. Императорға болмашы ұсақ-түйекті айта беру қаншалықты орынды? [87, б. 81-82].

Көріп отырғанымыздай, Қытай императоры беделді әрі ықпалды Әмірсананы құрықтауға бар күш-жігерін жұмсады: оның есімімен Жоңғар мемлекетінің қайта жаңаша гүлдену дәуірінің басталуы мүмкін еді. Екінші жағынан, осы хаттан біз Абылайдың жоңғар билеушісінің саяси тұлғасын сақтап қалуға деген ұмтылысын байқаймыз. Шамасы, жаңаша жанданған және қазақ халқымен достық қатынастағы Әмірсана Абылайдың тұлғасынан өңірде күшейіп келе жатқан Қытай империясына қарсы салмақты көргісі келсе керек.

Сондықтан да Абылай түрлі айла-амалмен, сылтаулармен одақтасы Әмірсананы ешкімге бермеуге тырысты. Мұны Цзянцзюнь Дагданның әскери кеңесте қазақ тұтқындарынан алған мәліметтерінен және 1756 жылғы 4 қазандағы императордың Қазақстаннан әскерді шығару туралы бұйрығынан аңғарамыз. Мұнда ойымызды дәлелдеу үшін Абылайдың мына сөздерін келтірсек: «*Мен өз әскеріммен қандай да бір күшті мемлекетпен жауласу туралы мүлде ойлаған емеспін. Мен Әмірсананы іздеп жүрген кезімде маған қалың әскер шабуыл жасады. Әмірсана бақытсыз құс секілді орманға қашты, оны ұстау еш қиынға соқпайды. Ұлы императордан тұзақтарды ашуды және оның жанын аман қалдыруды сұраймын*».

Одан әрі Қытай тарапы егжей-тегжейлі және мұқият түрде былай баяндады: *«Абылай осы күнге дейін қарақшыға опасыздық жасаған жоқ. Бір сылтаумен, әлде басқа сылтаумен ол Әмірсананы құтқарып қалуға тырысады. Сіз біздің әскерлердің ілгері жылжуын кейінге қалдыруды көздеп отырғаныңыз анық. Қазақ халқын апатқа ұшыратып жатқаныңызды түсінбейсіз. Қарақшы Әмірсана ешқашан көктегі торынан тайып, тағдырынан құтыла алмайды. Осы кезге дейін Абылай ол опасызды бізге ұстатпай келеді*» [87, б. 108].

Әмірсана мен Қожаберген батыр басқарған қазақ–жоңғар жасақтары шығыстан жылжып келе жатқан әскерге қарсы әрекет етті. Абылай мен Бөгенбай батыр жасағы оңтүстік әскерге қарсы шабуылға аттанды. Қазақтар Цин әскерлеріне бірнеше рет тойтарыс беріп, олардың дала қойнауына өтуін кейінге қалдырды. Бұл шара қазақ ауылдарының соғыс жүріп жатқан аймақтардан көшіп-қонып, жүз мыңдаған руластарын өлім мен тұтқындалудан аман алып қалды.

Абылайдың қытайлармен осындай шайқастарының бірі туралы Сібір губернаторы В. Мятлев Ресей Сыртқы істер алқасына жасаған баяндамасында жазған. 1756 жылы 27 қазанда қазақтар аз ғана шайқасқа түсіп, әскерінің

аздығынан шегінуге мәжбүр болған кезде: *«Қырғыз-қайсақтарды тастап, киелі Жоңғар жерінің шоқынуын қабылдаған қалмақтар Кубин Акдыев, Полвана Халваев, Түбеж Маряхалов, Бик Манкуевтардың хабарлауы бойынша, олар моңғолдардың (қытайлық-авт.) көп болғанын хабарлайды. Әскерлері қырғыз-қайсақтарға аттанып, қуғынға аттанады, ал қырғыз иесі Абылай сұлтан өз әскерімен сол моңғолдарға қарсы шайқасқа жиналып, олар шайқас болмағандықтан, Нұра-Есіл маңында кездесіп қалады. Абылай моңғол күштеріне қарсы жасақтардың құрамында бола алмай, ұлыстарымен Ырғыз-Торғай маңына қарай бет алады»* [69].

Қазақ жеріне, дәлірек айтқанда, Орталық Қазақстанға Қытай әскері басып кіруі мүмкін екендігін болжаған Абылай алдын ала дайындық жасап, Сібір шебіне таяу тұрған қазақ әскерлерін шығысқа қарай топтастырды. Қожаберген батыр мен Құлеке батыр өздері, ал Құлсары батырдың қолын Қарбағай батыр бастап, Ертіс бойындағы Жәміш, одан әрі Железин бекіністерінің тұсынан өтіп барып, шығыстан келуі мүмкін қытай-шүршіт әскерлерін күтті. Бұл соған байланысты шоғырлану [63, б. 456].

Білікті қолбасшы, саясаткер Абылай шүршіттерден төнген қауіпті алдын ала білді. Қожаберген батырмен қатар Құлеке, Құлсары және Қарғабай батырлар да қазақ-шүршіт әскеріне қарсы күреске қатысты.

1756 жылы Қожаберген Құлеке, Қарбағай (Бабақай) батырлармен бірге әрқайсысы қол бастап, үш мыңдай шаңырақты алып, Ертістің жоғары ағысына қарай көшкен. Кейінгі тарихи оқиғалардың өрбуіне қарағанда, бұлай үдере көшудің мәнісі қытайлық мәнжүр-шүршіт әскерінің қазақ жеріне басып кіруінің алдын алу, басқыншылыққа қарсы Абылай басқарған қазақ хандығы әскерінің стратегиялық жоспары еді [63, б. 113-114].

Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы бұл жойқын соғысты 1756 жылғы 28 қыркүйектегі қазақтардың әскери қимылдарының барысы жөніндегі фуцзянцзюнь Хадаханың әскери кеңеске хабарламасы да растайды. Дарчжа бейцзы (Цинь империясының аристократ өкілі) Баян тауының батысына қарай бет алған мыңдаған қазақ әскері көрінгенін мәлімдеді. Бұл хабарды ести салысымен қызметші бірден Саньдубуды 600 әскерімен оларды талқандауға бағыттады. Қызметші өзі оларға қолдау білдіру үшін соңынан ерді. Бірге шабуыл жасап, қарсыластарды талқандадық. Жүздеген адамды қырғынға ұшыратып, жылқысы мен жүктерін тартып алдық. Сонымен қатар 5 адам тұтқынға алынып, азапталды. Абылай әскерімен соғысқанымызды бәрі бірдей хабардар болды. Ал Әмірсана мен Қожаберген (Ходцибоэрген) мың жауынгерімен біздің әскерліміздің Батыс колоннасымен соғысуға аттанды [100, б. 106-107].

Көріп отырғанымыздай, деректе Хадаханың әскері қазақ әскерлерін талқандағаны баяндалады. Хабарламадағы қызметші (слуга) – бұл тұста Хадаха екенін айтып өткеніміз жөн. Қожаберген батыр мен Әмірсана ханзаданың бірлесе қытай әскерлерінің батыс бөліміне қарсы шабуылға аттанғаны айтылады. Мың әскермен жасақталған батыр Қожаберген мен Әмірсанананың әскері жеңіліс табады. Бұл тұста да, екі тарихи тұлғаның кезінде достық қатынасты ұстанғанын және бір мүддені көздегенін аңғармау мүмкін емес.

Тұтқындағылардың мәліметінше, *«... Әмірсана қазақ территориясына кіргелі ойраттардың Цин империясына қатысты төрт бірдей тайпасына залал келтірді. Енді ол біздің жерімізге қашып келіп, қазақтарға бақытсыздық әкеледі. Егер де оны тез арада құрықтап, оны Цин империясына тапсырмасақ, ешқашан тыныш өмір сүре алмаймыз»*, – делінген. Алайда Абылай Әмірсананы ажалдан қашқан құсқа теңейді. *«Абылай бастапқыда Хаохасалакэ тауына дейін жеткен мыңдаған әскерді басқарды. Ол мұнда біздің әскерімізді көріп, онда қорқыныш ұялады, сондықтан да біздің ұлы әскерден бірден-ақ жеңіліс тапты. Ал оның алдында ол біздің әскери жасақтарымыздың жақындап келе жатқандығын естіп, өз көшін басқа жаққа ауыстырды. Қызметші өзінің ойынша қазақтар тартынады деп ойлайды. Абылай Әмірсананы қорғаштаймын деп оның құрығына ілінді. Енді Әмірсана ұлы «бақытқа» ие болды. Абылай да қорқыныштыбастан кешірді. Цинь қызметшісі құдалауды жалғастыруда»* [87, б. 102] деп берілген.

Жоғарыда берілген деректегі «қызметші» деп аталып отырған кейіпкер– 1756 жылғы қазақтар мен циндіктер арасындағы соғыста шығыс қанатты басқарған манчжурлық әскери қолбасшы Хадаха. Цин үкіметінің тәртібінде әскери жорық алдында әскер басшыларына шегара белгілеу, шегараны тыныштандыру, алысты тыныштандыру деген атақтар беріліп отырды. Генерал Хадахаға да осы шайқас қарсаңында «шегараны тыныштандырушы» титулы берілген болатын. Бұл қиян-кескі күресте Цин әскеріне қарсы Абылай, Әбілпейіз, Ханбаба сұлтандардан бөлек, қазақ батырларынан Бөгенбай мен Қожаберген Жәнібекұлының да есімі аталады. Батыр Қожаберген Әмірсанамен бірлесе жасақ құрып, қытай әскеріне қарсы жанкештілікпен күресті.

Қазақ жасақтары күтпеген шабуылдар жасап, екі қытай әскерінің бірігуіне тосқауыл қойды. Сол себепті Қытай әскерлері алдағы қақаған қыстың кесірінен кері қайтуға мәжбүр болды.

Бірақ келесі жазда, дәлірек айтсақ, 1757 жылдың 29 маусымында императордың Ұлы жүз бен Орта жүзге Әмірсананы тез арада ұстап беруді талап етіп, арнайы елшілікті жіберу туралы Жарлығы шықты: *«Чингунжабқа Абылайға біреулерді жолдап, оған қауіп төндіретін апаттардан ескерту, оны байлап /Әмірсананы/ тапсыру туралы бұйрықтар жіберілді. ...Абылай бүлікші Әмірсананың тілегін орындайды, бұл жолы ол одан қашпауы тиіс. Бәлкім, бүлікші /Әмірсананы/ Оң бөлімнің қазағы – Тэлуке өзіне қалдыратын шығар. Еш нәрсені анық білуге болмайтындықтан, /Абылайдан кейін/ қазақтың Оң бөліміне бару керек. Қарақшының тұзағына түсіп, оған пана табуына мүмкіндік туғызып қоймас па екен деп қорқамын... Олар бүлікші /Әмірсананың/ сенімсіз, құбылмалы екенін білуі керек. Ешбір жағдайда кейін өкініп қалмас үшін оны өзіңізбен бірге қалдырмаңыз. Қайтадан /Қазақтарды/ Аспан әулетінің әскери-моральдық күшімен қорқытады. /Әмірсана/ экстрадицияланған (табыстау, беру) жағдайда, әрине, /қазақтар/ арнайы марапатталады* [87, б. 115-116].

Көріп отырғаныңыздай, бұл Жарлықта сендіру әрекеті, қауіп және тіпті марапаттар беру туралы ұсыныс бар. Шамасы, Әмірсана әлі күнге дейін Қытай империясына елеулі қауіп төндірсе керек.

Қытай императорының адамдары Әмірсананы тез арада қолға түсіріп, экстрадициялауды талап етіп, Абылайға тағы да адамдар жібереді. Келіссөздер күзге дейін созылды. Бұл туралы Чжао Хуэй 1757 жылы 19 қарашада өз халқының Абылаймен жүргізген келіссөздері туралы былайша баяндады, сол кезде Абылай өз кезегінде Қытай әскерлерін Қазақстаннан шығару туралы қарсы талаптарын алға тартып, Әмірсана оның қолында жоқ екендігіне тоқталады: *«Абылай бүлікші Әмірсананың қоршаудан қалай құтылғаны туралы егжей-тегжейлі айтып берді. /Біз/ қарақшы Әмірсана қолға түспейінше, әскерді шығару мүмкін емес /қазақ шегарасынан/ деп жауап берді... Біз былай деп жауап бердік: «Сіз ұзақ уақыт бойы / уақытты созасыз / және бізге/ қарақшыларға / бермейсіз, сондықтан көмекке жасақ жібергіңіз келді. Алайда біз сіздің қоныстарыңызды бұзып аламыз ба деп қорқамыз, сондықтан біз сізге оны алдын-ала хабарлаймыз»*.

Абылай бір күн араға салып кездесеміз деп уәде берді... Келесі күні тағы кездесеміз деп келістік. Сол күні Абылай ауырып жатқанын айту үшін кісі жібереді. 10 күннен астам кездесу болмады, сондықтан оның жақын серіктерін аралай бастадық, / олар/ Абылай Әмірсанаға антпен байланғанын айтты... Абылай балалары мен ағаларымен ант берді. Сол күннен бастап Абылаймен 10-нан астам кездесу орын алды... Абылай тағы да: *«Әмірсана Ресейге қашып кеткен дейді. Қазірдің өзінде барлау үшін адамдар жіберілді»*.... – деп мәлімдеді [87, б. 129-130].

Байқағанымыздай, Әмірсананың алдында белгілі бір міндеттемелерге байланған Абылай қытайлық делегаттармен кездесуден қашқақтап, уақытты тиімді пайдаланып, олардан құтылуға тырысты.

«Қожаберген – (моңғолша мерген, атқыш) өткен ғасырдағы керей тайпасының батыры; Семей қаласының оңтүстік-шығыс аймағындағы Шар өзені жағалауында әскерімен бірге көшпелі өмір сүрген және қытай әскерінің соққысынан Жоңғар хандығы құлдырап жатқан кезеңде қалмақтардың көшпелі қосындарына жорықтарға қатысты; бірақ қазіргі кезде ол әрине, қандай да бір есімі аңызға айналған тұлға ретінде айтылады» [3, б. 35]. Міне, бұл – Потанин өмір сүрген дәуірдегі Қожабергеннің халық арасында сақталған келбеті.

Тарихи деректерге сүйенсек, Жоңғария ханзадасы Әмірсана Абылай ханның ордасына барып, мән-жәйді түсіндіріп, қытайларға қарсы тәуелсіздік үшін күресте көмек сұрап, өзара келісімге келгендігі айтылады. Алайда осы кезде Хадаха, Дардана мен Фудэ басқарған мәнжүр әскері Ертіс пен Тарбағатайдан өтіп, қазақ шегарасына жақындап қалғаны туралы хабар келеді. Хабарды естіген кезде Абылай мен Әмірсана өзара кеңес жүргізіп, қытай әскеріне қарсы бірлесе күреске шығуға шешім қабылдайды. Осылайша, Әмірсана Қожабергенмен бірігіп, Дардана мен Фудэге қарсы 3000 әскер жинайды, ал Абылай Хадаха әскерімен ұрысқа тағы да 3000 қолдың басын біріктіреді [29, б. 110].

Осылайша 1756 жылдары шығыс өңірдегі қазақтар Цин империясының басты жауына айналады, нәтижесінде соғыс басталды.

Қожаберген батыр қытайлармен 1756 жылдың шілде-тамыз аралығында бірнеше соғысқа қатысты. Тарихшы ғалымдардың зерттеуінше, сондай соғыстың бірі Ярла (Үржарда) болған. Бұл жолы Абылай мен Қожаберген жасағы сайға бекініп, қытайларға торуыл құрып, соғысқан [31, б. 645].

1756 жылдың 2 тамызында Қожаберген әскері Дардана мен Фудэнің қолбасшылығындағы әскерімен Ярла мен Нұра маңында соғысады. Қиян-кескі ұрыс мерзімі жеті күнге созылды. Екі жақтың да әскері үлкен қырғынға ұшырайды. Алайда тағы да 5000 мәнжүр әскері қосымша әскери күш ретінде тартылып, Дардана әскеріне қосылуы себебінен Қожаберген мен Әмірсана бастаған әскер кері шегінуге мәжбүр болады. Қожабергенмен бірге жанкешті күрес жүргізген Әмірсананы байқаған Дардана ызаға булығып, оны қалай да тезірек қолға түсіруді көздеді. Бұдан кейін олардың әскері Хадаханың әскерімен Абылай ханның ордасына жақын тұста, Баянауыл тауларында кездесті. Алайда 100 адамы өлім құшқан соң, ол бірден әскерін жинап, қашып кетті. Мәнжүрлердің қолына түскен тұтқынның айтуынша, Абылай күресті бастамас бұрын-ақ әскерін жинап, жанұшыра қашып кетті деген ақпарат жеткендігін мәлімдейді. Алайда ол: «*Абылай мәнжүр әскерінен қорыққанынан емес, ауыр жарақат алған соң кері қайтты»,* – дегенді мәлімдейді [28, б. 334].

Көріп отырғанымыздай, тіпті түрік және моңғол тарихшыларының зерттеулерінен де Қожаберген батыр мен жоңғар нояндарының арасындағы, оның ішінде ең мықты жоңғар ханзадасының бірі ретінде тарихта орны бар Әмірсанамен әскери-дипломатиялық қатынастардың мейлінше өрбігендігіне көз жеткізуге болады. Қожаберген батырдың жүргізген бұл саяси-дипломатиялық ұстанымы мен соғыс өнері сол замандардағы озық үлгідегі саясат деуге келеді.

Батыр Қожаберген қытай әскерімен соғыста алдыңғы шепте жүріп, қолбасшылық қызмет атқарғаны орыс ғалымы В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегінде де кездеседі. Онда Қожаберген батыр Жәнібекұлымен қатар Бөгенбей, Барақ сұлтанның ұлы Ханбаба, ақ-найман тайпасынан шыққан Әзібек (Азибякъ батыръ) абақ-керей тайпасынан шыққан Қошқарбай, Досымбет, Досымбеттің бауыры Өмір, Құлсары, Құлеке және Әлімбет секілді қазақ батырларының есімдері аталады. Автор жазбасында Абылайға жіберілген орыс елшілері М. Арапов пен А. Яковлевтердің баянхаттарында руы абақ-керей тайпасынан болған Қожаберген батырдың Қалдан Сереннің үлкен ұлы жоңғар қонтайшысы Лама-Доржыға елші ретінде жіберілгені туралы мәліметтер кездеседі [4, б. 96-98].

Мәнжу тіліндегі келесі құжатта Қожаберген батырдың Абылайдың орнына сенімді серігі ретінде Әбілпейіз сұлтандармен бірге Цин шегарасында әскери-дипломатиялық міндет атқарғандығы айтылады. Құжатта: *«Наван Абылайдың өзімен кездесе алмағанымен, Абылайдың бауыры Әбілпейіз және Дәулетбай батыр, Қожаберген сынды адамдардың барлығы біздің шегараның маңында тұрады, сондықтан Наван соңғы аталғандармен де кездеспей қалмас.....»* делінген [8, б. 216]. Бұл деректер аймақтардағы қазақтардың атамекенін қайтаруды мақсат еткен Қожаберген батыр осы шептерде шегарашы міндетін қоса атқарды деп айтуға негіз болады.

Қазақ–қытай қарым-қатынасында екі халық арасында әскери-саяси шиеленістер ғана емес, бейбіт тату түрдегі дипломатиялық келісімдер жасалып, сауда және экономикалық байланыстар да өрбіген. Қожаберген Жәнібекұлы тек әскери-дипломатиялық қатынастардан бөлек, сауда байланысында елшілік келісімдерде алтын көпір орнатқан тұлға ретінде танылды. Қытай саясаткерлері мен елшілері арасында Қожаберген батырдың есімі беделді елші ретінде аталады. Бұл тақырыпты 1757 жылдың 18 қазанында премьер-майор Тирянның Сібір корпусының командирі бригадир К.Л. Фрауендорфқа керей тайпасының старшыны Қожаберген бастаған қырғыз-қайсақтардың Аққөл маңында орналасқан Ямышев бекінісіне келгендігі туралы хабарламасындағы мәліметтер ашады [94]. Қатысты мәліметте осы жылдың қазан айында К.Л. Терпигаревтың Фрауендорфқа берген рапортында азаматтық гвардия бастығынан Вологодск капитаны Фельшманның полкіне Ертіс өзенінің жанындағы мұнарадан сол бекіністе тұрған күзетшілерге Ертіс өзенінің жағасы мен арғы бетінен атқа қонған белгісіз адамдардың көрінгендігі туралы хабар жеткен. Сонда Терпигараев К.Л. Фрауендорф пен лайықты әскери командасы бар татар тілмәші Апсалимовтан Ертіс өзені жағалауынан көрінген адамдардың кім екендігін анықтап келуді бұйырады. Осы тұста олар бұл қырғыз-қайсақ бөлімінің керей руының старшыны Қожаберген батыр екендігін мәлімдейді. Және де батыр мен оның әскері Ертіс маңайынан өздеріне қолайлы аймақты табатын болса, онда олар биылғы қыста осында көшіп-қонуға дайын екендігін жеткізеді. Кейіннен Қожаберген старшын өзінің көшімен бірге Аққөл маңынан төрт мыңдай, ал Ямышев бекінісіне он бес верст қашықтықтай жерде бір аптадай уақыт тұрақтағандығы туралы мәлімет аламыз. Абылай сұлтан бұл кезде Баян Облай шатқалында болғандығы айтылады, ал моңғол әскерлері бұл кезде сұлтан Абылайды екі ай бұрын қалмақ жерінен Баранал шатқалынан көргендігін хабарлайды. Олардың мұнда келген әскер саны алты мың, оның ішінде қаруланғандары төрт мыңға жуық екендігі туралы ақпарат [101] кездеседі.

Орынбор облыстық мемлекеттік архивінен анықталған бұл құнды құжаттан Қожаберген батырдың қазақ – қытай саудасының дамуына ықпал еткен тұлғалардың бірі болғандығына көз жеткіземіз. Мәселен, бұл құжатта қалған әскердің қолында айырбас сауда үшін де ешқандай да қару-жарақ, құрал-сайман жоқ екендігі туралы мәлімет бар. Осы тұста екі жасар баланы алып келіп, өз қалауымен ынталы бір адамға белгілі бір тауар түріне айырбастауы қажет. Осылайша Вологоцкий драгун полкінің адъютанты Руднев осы кіші қалмақ баласын қырғыздық Құбағыштан жеті аршынға тең жібек матаға (бір аршын құны бір рубльге тең) айырбастағандығы жөнінде мағлұмат аламыз. Осы хабарландыруымен Руднев Ямышев бекінісіндегі шегаралық кеденге баж салығын төлеуі үшін арнайы барып, сол кеден кеңсесінен үзінді көшірмелерді алғандығын білеміз. Сонымен, осы хабарлама мәтінінің соңғы үзінділерінен қазақ–қытай сауда қатынастарының айтарлықтай жақсы дамығандығы көрінеді.

Қытай деректері қазақ жылқысының қасиеті мен табиғи ерекшелігіне қытайлардың қызығушылық танытқанын дәлелдейді. Қытай–қазақ сауда

қатынастары тарихында Цин империясы қазақ жылқыларына аса қызығушылық білдіріп, «Жылқыға – жібек» саудасын іске асырғаны белгілі. Бұл тұрғыда Қожаберген батыр да қазақтардың қытайлармен сауда байланыстарында да белсенділік танытқан.

Орынбор архиві қорындағы 1757 жылғы 5 желтоқсандағы Ямышев кеңсесінен Сібір корпусының командирі, бригадир К.Л. Фрауендорфқа қырғыз-қайсақтардың Коряков форпостына және Ямышев бекінісіне айырбас сауда үшін көшуі, олардың Абылай сұлтан мен қытай әскерлері жайында баяндаған мәлімдемелері, сондай-ақ қырғыз-қайсақтардың керей тайпасы Аққөл маңында көшіп-қонып жүргендігі туралы рапорты бұл мәселені тарқата түседі. «*И на что объявили: расположились кочевьем за Белою рекою, волости Кирейской, владения Аблай-салтана, старшины Куземергеня, и с ними в приезде за старшину киргизец Тувалди. И про Аблай-салтана объявили, что стоит в степи, день десеть езды. А про китайское войско, где находитца неизвестны. А были-де они с ними в летнее еще время и с ними согласно. И просили, чтоб их табуны на восточную сторону не перегоняли, а дали б в залог постоянства ис старшинских детей или братьев родных аманат. И на то объявили ж, что-де к старшине Куземергеню для оного послан будет. А он-де кочует вверх по Иртышу реки Семипалатинской крепости* [81].

Деректе қырғыз-қайсақтардың Коряков форпостына және Ямышев бекінісіне айырбас сауда үшін көшуі, олардың Абылай сұлтан мен қытай әскерлері жайында баяндаған мәлімдемелері, сондай-ақ қырғыз-қайсақтардың керей руы қырғыз-қайсақтарының Аққөл маңында көшіп-қонып жүргендігі айтылады.

Жоғарыдағы құжатты байыппен мұқият зерделер болсақ, Ямышев кеңсесіне жіберілген Коряков әскери бекінісінің капитаны Ветберг Ертіс өзенінің батыс жағалауынан қырғыз-қайсақтардың керей болысынан екі адам: Толпан Чади мен Тұрғысқын Құбыспайдың бір мылтық (при коих ружья одна турка), екі қой терісі мен бір бұзау етімен айырбас саудаға келгендігін мәлімдейді. Капитан Коряков әскери бекінісінде саудамен айналысуға тыйым салынғанын ескертіп тұрған тұста, татар аудармашысы Лазыревтан Абылай сұлтанның Ертіс өзенінің жоғары жағындағы далада екендігін естиді. Бұл жерде Құлсары ұлысы да тұр еді. Қытай әскері Жоңғария иелігінен қалған жерлерге баруға дайын болды. Ал Абылайға осы тұста қытай әскерлерімен соғысқа дайын болу жөнінде хат жолданған болатын. Тек қырғыздарға (қазақ - авт.) Абылай сұлтаннан бұйрық келген жоқ. Мұның себебі, қырғыздар (қазақ – авт.) қытай әскерлеріне жақын қарым-қатынас орнатып, шегаралық сауда байланыстарын жүргізіп жатқан болатын. Осыдан кейін олар аталмыш бекіністен Ертіс арқылы батысқа қарай жылжып, ендігі орында көріне қоймады.

Құжатты әрі қарай тарқатсақ, осы тұста Абылай сұлтанның иелігіндегі керей болысының батыры Қожаберген қасына қырғыздың (қазақ–авт.) тағы бір старшыны Тувалдыны ертіп, Аққөл маңына табан тірегені анықталады. Осы кезде Абылай сұлтанның он күндік жолды қамтитын қашықтықтағы далада тұрақтанғаны хабарланады. Бірақ қытай әскерлері туралы мәлімет кездеспейді.

Алайда қазақ–қытай әскерлері жаз мезгілінде бір-бірімен өзара келісімде күн кешкенін құжат мазмұнында айқын көрінген.

Сонымен қатар деректен Ямышев бекінісіне қырғыз-қайсақтардан аттылы он алты адам өздерінің жиырма жеті қосалқы (шаршаған жылқылардың орнын толтыру және қажеттілік туындаған жағдайда әбзелдеуге дайындалған әскердегі қосалқы қолға үйретілген аттар) жылқыларымен сауда үшін Ертістің батыс тарапынан келгендігі туралы айтылады.

Ескерте кетерлігі – Қожабергенге қатысты орыс деректерінің көпшілігінде болыс деген атау көп кездеседі. Мәселен, Қожаберген батырдың иелігіндегі керей болысынан (волости Кирейской) басқа атығай болысы (Атыгайской волости) деп беріледі. Бұл кезеңде болыстар пайда болған жоқ болатын. Жалпы «болыс» атауы қазақ жерінің патшалық Ресейдің қоластында болған кезіндегі пайда болған аумақтық әкімшілік бөлінісі екендігін ескерсек, бұл орайда орыс деректерінен қазақтарды Абылай заманында-ақ өздеріне бағынышты халық деп есептегісі келген қитұрқы саяси ойларын дәлелдей түскендей. Сол себепті Ресей архив деректеріндегі болыс атауын ғылыми айналымда ру немесе тайпа деген атаумен қолданғанымыз жөн деп санаймыз.

Сауда қалыпты, алайда әрқашан тиімді болмаса да, өзара байланыстар мен елшілік қатынастарды орнатудың алғашқы көрінісі болды. Саудада қазақ ақсүйектердің саяси және экономикалық мүдделері тоғысты – олар делдалдыққа ықыласпен қатысып, өз отандастарының сауда керуендеріне, сондай-ақ Орта Азияның басқа билеушілерінің көпестерімен бірге құрылған керуендерге қосылды. Ресейдің Сыртқы істер алқасының құжаттарында және Әскери кеңестің мәнжүр құжаттарында ірі мал әкелген негізгі саудагерлер мен жауынгерлердің қатарында Сұлтан Ханбаба, Қабанбай, Қарабарақ, Қожаберген қатарлы батырлардың есімдері кездеседі.

1757 жылы Қазақстандағы Цин әскерлерін басқарған генерал Чжао Хуэй Абылай, Әбілфейіз, Ханбаба сұлтандармен және Қабанбай, Қожаберген, Дәулетбай батырлармен Жоңғария жерінде сауда-саттық орнын ашуға келісіп үлгерді. 1758 жылы Қабанбай батыр ойраттың баласы Бұқу-Шағанды 300-ден астам үйір жылқысымен барлау үшін сатуға жібереді. Олар Үрімжіге 1758 жылы 18 қазанда келді [10, б. 379].

Қожаберген батыр өзінің жанындағы ортақ мүддені ұстанған замандас-үзеңгілес қазақ батырларымен бірге Қытай сынды алпауыт империямен әскери-дипломатиялық қатынастармен қатар, сауда байланыстарында белсенді рөл атқарды. Қожаберген өзі қатарлы Қабанбай, Дәулетбай сынды батырлармен және Әбілпейіз, Сұлтанмәмет сияқты сұлтандармен бірге сауда байланыстарын дамыту, қазақ халқын бейбіт өмірде күн кешкізіп, тұрмыс жағдайын оңалту жолында қызмет етті. Бұл мәселеде Цин билігінің негізгі мақсаты – шегаралық сауданы қолға алып, қазақ жылқыларының асыл тұқымдыларын сатып алу және пайдалану болды.

Цяньлун жылнамасының 24-жылғы 8-айдың 6-күніндегі түсіндірме хатта қазақ–қытай достық-сауда қатынастарынан хабар береді. Құжатта: *«Қазақ Қарабарақ бізді қарсы алып алдымыздан шыққанда бізге, патшаның құлдары Чебденжаб, Фулу, Чинұхұн, Чемчукжаб және Улден қатарлыларға бір-бірден*

белек (сыйлық) жылқы берді, біз де қару ретінде оған бір-бір топтан торғын бердік. Сонан соң Дәулетбай өзі келіп менімен кездескенде де маған, патшаның құлына 1 жылқы сыйлады, мен де оған қару ретінде 1 топ торғын сыйлап бердім. Бұдан тыс Әбілпейіз де, Қожаберген де бірінен кейін бірі адамдарын жіберді. Әбілпейіз пақырыңыз Чебденжабқа 1 жылқы сыйлады, біз де оларға қару ретінде бір-бір топ торғын сыйладық [59, б. 162].

Дерекке зер салып назар аударсақ, қазақтың белгілі батырлары Қожаберген мен Дәулетбайдың, Әбілпейіз сұлтанның қытай елшілерімен арасындағы достық қатынастары негізіндегі өзара сый-жоралғылары айтылған. Сондай-ақ құжат мазмұнынан қытай елшілерінің қазақ ауылдарына, ал қазақтың беделді ерлерінің қытай патшалығына емін-еркін елшілік сапарлардың ұйымдастырылғанын байқауға болады.

Құжаттың сырына үңіле қарасақ, мынадай сауал туындайды. Қазақ–қытай сауда қатынастарының дамуы қазақтар үшін қандай оң тұстарымен байқалды? Біріншіден, Цин патшалығымен екіжақты сауда ынтымақтастығы мен елшілік байланыстардың белсенді көрініс табуы Қазақ мемлекетінің нығаюына, халықаралық беделінің өсуіне, сонымен қатар Қожаберген қатарлы қазақ дипломаттары мен батырларының Орта Азия мен Орталық Азия халықтарының саяси өміріндегі рөлінің артуына ықпал етті. Нәтижесінде қазақ елі мен оның белді көсемдерінің Шығыс Түркістан билеушілері арасында танымалдығы артты [25, б. 365].

Қытайлардың дипломатиялық миссияларына жауап ретінде Абылай да елшілерін Пекинге жіберіп отырған. Бұл туралы 1759 жылы 30 қыркүйекте Сібір губернаторы Ф. Соймоновтың Сыртқы істер алқасына жазған баянатынан көруге болады: *«Абылай сұлтан жіберген қырғыз елшілері Қытай мемлекетінен қайтып оралып отырды, ал Абылайдың туысы Ұрыс сұлтан, Досай батыр, қатардағы отыз төрт қырғыз, барлығы отыз алты адам... Сол елшілер Пекинге жеткен тұста // Абылай сұлтаннан Қытай билеушілеріне жолдаған хатында оларға жеткілікті мөлшерде азық-түлік пен жалақы тағайындалды, оның үстіне оларға көптеген сыйлықтар берілді... тек қана олардан қырғыз-қайсақтардың Қытай халықтарымен бірге Ерен-Қабырға шатқалының жанында Жоңғар жерінде салынған сауда қаласында болуын талап етеді, қырғыз халқы онда барып, қытайлықтармен жылқыларын алмастырады. Қытай Богдыханы Абылай сұлтанға Ресей бодандығына кірмейтін басқа да халықтар мен қырғыздардың Қытайдың иелігіне кіруге көндіруге үгіттеуін өтініп, хат жолдайды. Сонымен бірге сол елшілер арқылы Богдыханнан Абылай сұлтанға көптеген сыйлықтар жіберілді: фанзалар, жібек матасының барқыттары»* [87, б. 169-170]. Осы хаттан бірқатар толымды қорытындылар шығады. Біріншіден, Қытайға Абылай сұлтанның туыстары – Ұрыс сұлтан бастаған дипломатиялық миссия жіберілді. Екіншіден, бұрынғы Жоңғар мемлекеті территориясында орналасқан Ерен-Қабырға деген жерде қытайлармен сауда жасау туралы алдын-ала келісімге қол жеткізілді. Қытай тарапы әлі Ресей бодандығын қабылдамаған басқа да көрші халықтарды өз бодандығына алуға әрекет жасады.

Одан кейінгі жылдарда Қытайдан төнген қауіп екінші орынға ығыстырылып, қазақтар өздеріне қатысты Қытай тарапынан болуы мүмкін қатердің мүмкін жолдарын қарастырды. Звериноголов бекінісіндегі қолбасшы, екінші майор Д.Скотиннің Сібір корпусы, бригадир К.Л. фон Фрауендорфқа 1758 жылғы 1 сәуірдегі жолдаған хабарламасында*: «Олардан босаған қырғыз-қайсақтар, тергеу бойынша тұтқындалған қырғыздар қытай әскерлерінен үрейленеді, сол себепті де олар барлық уақытын жақын маңдағы Ресей бекіністері маңында көшпелі өмір салтын жалғастыруға ниетті»* [83]. Яғни, қазақ халқына ең үрейлі қауіп қытайлардан төнгендігін байқаймыз.

1762 жыл 12 шілдедегі Сібір губернаторы Ф.Соймоновтың Сыртқы істер алқасына қазақ–цин саудасы туралы және Қазақ елшілігінің Пекинге кетуі туралы баяндамасынан: «Генерал-майор фон Веймарн маған осы жылдың 15 маусымында жіберілген рапортында 1762 жылы Железин бекінісінде Сібір шебінде Құдайдың рақымымен істер жақсы жүріп жатқанын және жаудың арам ниеті немесе олардың әскерлерінің кездесуі туралы хабар болмағанын, тек Өскемен бекінісінен майор Поливанов генерал-майорға рапортпен оған жібергендігін хабарлайды. Хабарламада мамырдың 31 күні Орта қырғыз-қайсақ ордасынан Абылай сұлтан иелігінен Қалыбай батыр қарамағындағы абақ-керей тайпасы бөлімінің старшыны Қожаберген он шақты қырғыздарымен Ертістің жағалауына ат басын тіреп, олар аудармашы арқылы төмендегідей мәліметтерді хабарлаған:

1. Осыдан бір ай бұрын олардың қырғыз ордасынан Жолбарыс сұлтанның кіші інісі отыз адамымен бірге Қытай ордасына олардың қырғыз-қайсақтарына Ертіс бойындағы бұрынғы Жоңғарияның Қытай жағындағы жерінен үлестіріп беру туралы өтінішімен жіберілді. Осы мақсатта оларға сол елшілер арқылы жүз елу жақсы жылқы сыйға жіберді.

2. Бұрынғы Жоңғария жерінде, оның ортасында Ерен-Қабырға тауы мен Іле өзені бойындағы Қытай тарапы жағында оларға бағынышты халықтардан моңғолдар мен басқа да алуан түрлі адамдар тұратын, тастан соғылып, сырты балшықпен қапталған және ағаш пен қылшықтан өрілген баспаналарда тұрақтады, олардың кейбірі егін шаруашылығымен айналысады.

3. Бұл қырғыз-қайсақтар Қытаймен шегаралас Үрімжіде әлі күнге дейін қытай халқымен сауда жасайды, бұл жерде жоғарыда аталған шатқалдардан бөлек бір айлық жолда олардың қоныстары бар, алайда өткен жылғы қыста Еміл өзені бойында көшіп жүрген қырғыз ұлысының найман тайпасының Шыңғай (Чюнгай) батыр мен Қалмай Дәулет старшындардан қытай бодандығындағы адамдар үш жүздей жылқыларын айдап әкеткендіктен, олар, қырғыз жылқыларын өз иелігінде ұстады. Жылқылар Абылай сұлтанның өтініші бойынша арнайы жіберілген қырғыздарға қайтарылды.

4. Өзендегі қырғыз-қайсақтар Қытай ордасының рұқсатымен ғана малдарын бағу мақсатында Ертіс жағалауына, ал күзге қарай олар белгіленген Нор-Зайсан көліне дейін қоныс аударуды көздейді [102].

Ресей архив қорындағы бұл құжаттан біз XVIII ғасырдың 60-шы жылдарынан кейінгі уақыттарда Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы байланыстың шиеленісе түскендігін көреміз. Қазақ жеріне

жоңғарлардан төнетін қауіптің әлсіреуіне байланысты қазақ көшпелі жұрты Ертістің оң жағалауына қоныс аударуға ниетті еді. Әрине, қазақтардың бұл байырғы атамекенін меншігіне айналдырып үлгерген Ресей билігі бұл әрекеттеріне қарсылық танытты. Дегенмен берілген құжатта Орта қырғыз-қайсақ ордасынан Абылай сұлтан иелігінен Қалыбай батыр қарамағындағы абақ-керей тайпасы бөлімінің старшыны Қожаберген батырдың он шақты қырғызбен бірге Ертістің жағалауына ат басын тірегендігі айтылады. Көріп отырғанымыздай, Ресей әскери қолбасшылары Қожаберген батыр бастаған көшпелі қазақ халқын Ертістің жағасынан қуып шығуға тырысып отырған.

«... 1762 жылы Цин империясы бір жақты тәртіппен көшпелі қазақтар мен қырғыздардың шегарасын орнатты, шегаралық аумақтарды тазарту бойынша бірнеше әскери операция жүзеге асырды. Цин билігі Құлжа аңғарындағы Іле өзені жағасына және Тарбағатайдағы ойраттар мен қазақтардың жайылым алқаптарына бекініс орнатты, кейін оларды қарауылдар желісімен байланыстыруды көздеді. Алғашқы соққыларды Шығыс және Оңтүстік-шығыс Қазақстан, Ертіс пен Іле арасындағы Әбілпейіз бен оның балалары, Қазыбек би, Қабанбай, Қожаберген және басқа батырларға қарасты рулар қабылдады. Әбілпейіздің бір әйелі мен Қожаберген батыр тұтқынға түсті [87, б. 55]. Дегенмен бұл жағдай кейін келе біртіндеп оңала бастады.

1762 жылы Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Санияз сұлтан, Ханқожа, Болат сұлтан қатарлылардың елшілігінен кейін император Цяньлунның айтулы мәселеге болған позициясында өзгерістер байқала бастады. Бұдан кейінгі уақытта «қазақтарды қуыңдар» деген патша тапсырмалары да, шегара аймақтардағы Цин шенеуніктерінің бұл туралы жазған мәлімдемелері де азая бастады. Бара-бара мұндай сөздер айтылмайтын болды, тек жылына бір мәрте барып тексеріп қайтқаны туралы ғана мәліметтер тіркеліп отырды. 1765–1766 жылдарда Тарбағатайда Қожаберген батырға байланысты оқиғаға себепші болған Цин шенеунігінің әрекеті өзін көрсету үшін жасалған орайшылдық, тіпті оғаш қылық ретінде бағаланды. Оның іс-әрекеті күдік тудырып, ісі тексерілді [105, б. 95].

Қожаберген қатарлы батырлардың қазақ жерінің шығысы мен оңтүстік-шығыс шегарасын қорғаудағы табанды күресі арқасында Цин империясының шегара туралы саяси айла-жоспары орындалған жоқ. Қазақтар көктем шығысымен жайылымдық жерлерге көшіп-қону құқығына ие болды. Қазақ халқының Қытайға мойынсұнбай, ата-бабаларынан қалған байырғы жерді бермейтіндігін түсінген қытайлар 1767 жылы қазақтардың көші-қонына рұқсат етті. Қожаберген ешқашан да Қытай билігіне берілген жоқ, тек қытайлармен әскери-дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуға мәжбүр болды. Оның негізгі жоспарында қазақтың территориялық тұтастығын сақтап қалу мүддесі бірінші орында тұрды. Қожаберген батыр Жәнібекұлы да Абылайдың көпвекторлы ұтымды саясатын қолдағаны осы тұста анық байқалады.

Дүниежүзі тарихындағы елеулі тарихи оқиғаның бірі – 1771 жылғы «Шаңды жорық», яғни Еділ қалмақтарының орыс отаршылдары езгісінен құтылу мақсатында шығысқа қарай жорығы. Патша өкіметінің тосқауыл болуына байланысты олар Қазақ жері арқылы жүріп өтуді дұрыс санады.

1771 жылғы 20 маусымдағы Сібір корпусының командирі С.К.Станиславскийдің кабинетінде жасалған Қытай шегарасындағы әскерилерді барлауға мүмкін болатын қалмақтарды іздеу жолы мен оларды табу туралы Өмір батырдың сөзінен алынған аудармасы бар Онда Абылай сұлтанның қалмақтардың Қытайға кетуіне жол бермеу үшін жасаған әрекеті жөнінде айтылады: *«Керей тайпасынан Өмір батыр және оның ағасы Қожаберген (Козя-берды), арғын тайпасынан – Атығай, найман тайпасынан – Қалыбай (Қалабай) және уақ (Увакской) тайпасынан – Қалыбай, Телеу және Өтеген батырлар олардың жорықтарына кедергі келтіріп, жылқыларын айдап әкетеді. Абылай сұлтан қалмақ қосынынан екі күндік уақыттай жүретін шақырымда жүз мыңдық әскерімен қалмақтарды одан әрі кетіп қалмауын қадағалап тұр. Сонымен бірге ол Ресей жағынан да, Қытайдан да көмекке әскер күтуде. Сонымен қатар Өмір батыр бұл ақпараттан басқа мәліметті жарияламады»* [103].

Бұл құжаттан керей руының Қожаберген бастаған батырлары қалмақтардың жолына тосқауыл қою мақсатында малдарын тонап, кедергі келтіргендігін аңғарамыз. Ал Абылай сұлтанның өзі 100 мыңдық әскерімен қалмақтардың Қытай шегарасына өтіп кетпеуін бақылауында ұстады. Сондай-ақ құжатта Абылайдың екі алып империядан да қолдау күткендігі айтылады. Қалмақтардың шығысқа қарай жылжуы Ресей үшін де, Қытай империясы үшін де елеулі оқиғаның бірі саналды. Қалмақтардың орыс отарынан қашып құтылу мақсатында шығысқа бет алу әрекетін орыс билігі міндетті түрде аяусыз жазалауға тұратын үлкен сатқындық деп есептеді. Еділ қалмақтары әуел бастан өздерін Цин патшалығының бодандығын қабылдауға ниеттіміз деген ұранды сылтау ретінде пайдаланды, алайда олардың көздеген мүддесі басқа болатын.

Тағы бір айта кетерлігі, Еділ қалмақтарының көші мәселесі бойынша Қожаберген сынды батырлар бірнеше рет саяси-дипломатиялық сапарға аттанған.

Бұдан шығатын қорытынды, қалмақтардың Цин империясына бағынамыз деген сылтауы арқылы іске асырғысы келген мақсаттарының орындалмағаны Абылай ханның және Қожаберген, Өмір, Атығай, Қалыбай, Телеу, Өтеген сияқты батырлардың қызметінің нәтижесі екені белгілі.

Қожаберген батыр өзінің жанындағы үзеңгілес қазақ батырларымен бірге алпауыт империямен әскери-дипломатиялық қатынастармен қатар, сауда байланыстарында да белсенді рөл атқарды. Қожаберген бастаған қазақ батырларының Цин империясына сапарлары, әрине, Абылай ханның тікелей тапсырмасы негізінде ұйымдастырылып отырды. Біздің пайымдауымызша, Қожаберген қатарлы қазақтың беделді батырлары Қазақ хандығының территориясы туралы Цин патшалығының ұстанымына алдын ала болжам жасай алған, сондай-ақ шегара мәселесін басты назарда ұстанған.

Қазақ-қытай қарым-қатынастары тұсында Қожаберген батыр оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірінде, яғни, қытайлармен шекаралас аймақта тұрақтады. Батыр қазақ даласының шығыс шегарасын нақтылап белгілеп, бұл аймақтың төл мұрагері қазақтар екенін мойындатуға бар күш-қайратын жұмсады. Қожаберген өзі қатарлы Қабанбай, Дәулетбай сынды батырлармен және

Әбілпейіз, Сұлтанмәмет сұлтандармен бірге сауда байланыстарын дамыту, қазақ халқын бейбіт өмірде күн кешкізіп, тұрмыс жағдайын оңалту жолында қызмет етті. Қожаберген батыр Жәнібекұлы Қытаймен шегаралас аймақтарда өз әскерімен Қазақ жерінің шығыс бөлігінде жортуылда болды, екіжақты шиеленіскен дау-дамайларды шешуге атсалысты. Қожаберген батырдың өзінің ұстанған әскери ұтымды тактикасы болды. Батыр әскерімен бірге қытайларға шағын соққы бере отырып, соңынан жалған шегініп отыру тәсілін қолданды. Қожаберген қазақ халқының беделді адамдарының бірі ретінде жер тұтастығын сақтап қалу жолында қытаймен өзара достық қатынастардың жақтасы қатарында да танылған. Абылайдың тікелей тапсырмасымен әскери-елшілік амал-әрекеттерін ұйымдастырған Қожаберген батыр сияқты қазақтың беделді тұлғаларының табанды ерлігі нәтижесінде Цин билеушілерінің қитұрқы саясаты іске аспады. Абылайдың бұйрығымен Қожаберген сияқты батырлар Қазақ даласының шығыс шегарасын бекемдеп, Жоңғар шапқыншылығына дейінгі қазақ халқының байырғы атамекені тұтастығын қайта қалпына келтірді [22, б. 429].

Абылайдың тікелей басшылығымен Қожабергенмен үзеңгілес батырлар жоңғарлардың ойсырата соққысы кезінде айырылған аймақтарын қайта қайтарып, территория тұтастығын қалпына келтірудегі қызметі орасан зор [26, б. 1718].

3.2 Қазақ сауда керуендері мен шегаралық сауда жәрмеңкелерінің Қазақ-Цин қатынастарына ықпалы

Қазақ–қытай қарым-қатынасында екі халық арасында әскери-саяси шиеленістер ғана емес, бейбіт түрдегі дипломатиялық келісімдер жасалып, сауда және экономикалық байланыстар да өрбіген. Қожаберген Жәнібекұлы тек әскери-дипломатиялық қатынастардан бөлек, сауда байланысында елшілік келісімдерде алтын көпір орнатқан тұлға ретінде танылды. Қытай әміршілері мен саясаткерлері арасында Қожаберген батырдың есімі сауда байланыстары тұрғысындағы беделді елшілер қатарында аталады.

Қожаберген батыр шекарааралық сауданы реттеу, қазақ сауда керуендерін қорғау, шекаралық жәрмеңкелердің жұмысын басқару, малдың мемлекеттік шегаралар арқылы қозғалысын бақылау функцияларын атқарды. Бұл тарауда екі ел арасындағы экономикалық мүдделер шекаралық стратегияға ықпалы, батыр мен Цин арасындағы қатынастарда сауданың рөлі, қазақ–цин экономикалық өзара тәуелділіктерін қадағалау мәселелерін қарастырамыз.

Абылайдың идеясын қолдаушы Қожаберген батыр 1755–1757 жылдар арасындағы шайқастардан соң бұл шиеленістердің орнын сауда-мәмілегерлік қатынастармен алмастыруды ұйғарды. Абылай елшілерін Цин патшалығына жіберіп, сауда нүктелерін ашу туралы келіссөздер жүргізеді. Осы уақыттарда атты әскермен қорғаныс күшін жасақтау мақсатында қазақ жылқыларын пайдалануды көздеген Цин патшалығы бұл ұсынысқа қолдау білдірді. Сөйтіп, Абылайдың бастамасымен Қабанбай, Қожаберген, Өмір қатарлы батырлар сауда керуендерін жасақтап, дипломатиялық-сауда қатынастарын дамытуға кірісті.

Қожаберген батыр өзінің жанындағы үзеңгілес қазақ батырларымен бірге Қытай сынды алпауыт империямен әскери-дипломатиялық қатынастармен қатар, сауда байланыстарында белсенді рөл атқарды.

Қожаберген батыр Қазақ-Цин елдері арасындағы сауда қатынастарын орнату істеріне араласып, алғаш рет Үрімжі және Құлжа қалаларында «жылқыға–жібек» саудасының ашылуына елші-мәмілегерлік қызмет атқарды [31, б. 645].

Цин патшалығы қазақтармен сауда байланыстарын орнату астарында үлкен саяси стратегияны жүзеге асыруды көздеді. Қазақ халқы қытайлардың қолөнер бұйымдарын алуға ұмтылса, циндіктер жолға ерекше төзімді, әртүрлі климаттық жағдайларда асырап-бағуға жарамды асылтұқымды қазақ жылқыларына қызығушылық танытты. Бұл ойымызды төмендегі құжатты талдау арқылы көз жеткізіп көрелік...

Мәнжу тіліндегі деректе қытай қолбасшысы Чжао Хояның Қожаберген батырмен бірге жүргізген дипломатиялық келіссөздері туралы баяндалады. Келіссөз мәтінінің мазмұны қазақ халқының мәртебелі адамдарынан Қожаберген батыр мен Қара Барақ өз адамдарын ертіп, қытай ұлығына арнайы дипломатиялық миссиямен келгендігі туралы айтылады. Ал енді Қожаберген батырдың қытай ұлықтарымен әскери-дипломатиялық қызметіндегі ерекшеліктерді анықтау үшін құжатқа жүгінелік: *«7-айдың 6-күні Ебкун жерінің батысындағы қарауыл бекетемізде тұратын 200-ден астам қарауылшыларымыз Аягөз (Айхұсы), Яр (Үржар) өзендерін бойлап жүргенде онда жолаушылардың ізі бар екендігін байқаған. Әрі анықтап қараса, ондағы жылқының табаны үлкен екен, демек, ол қазақ жылқысының ізі болып шыққан. Сонан соң қарауылшыларымыз Нарит асуы мен Багин асуын тексеріп шыққан екен. Олар осы жайтты мәлім еткен соң, пақырыңыз біз дереу хия (Цин патшалық әскери лауазымы) лауазымды Далишанға 100 әскермен Нарит асуына барып бекінуге, сондай-ақ нируй-жаңгин міндетін атқарып жүрген куаран-и-да (Цин патшалық әскери лауазымы) лауазымды Жакучи мен қалқа қосынының жалаң-жангин лауазымды Бинтуға 100 әскермен Багин асуына барып бекінуді бұйырдық. 7-айдың 6-күні кеште, Нарит асуына жіберілген қарауылшыларымыздан мынадай мәлімет келіп жетті: «Қазақ Қожаберген мен Қара Барақ әскер бастап осылай келе жатыр екен. [6-күні] біз жолаушы ізін қуып жүріп, олардың 10 адамымен кезігіп қалып, өзара амандастық. Сонан соң әлгі 10 адамның үшеуін жол көрсеткізу үшін қалдырып, жетеуін кері жібердік. Осы қазақтардың айтуына қарағанда, Қожаберген мен Қара Барақ 700 әскер бастап, цзянцзюнь-ұлықтармен кездесу үшін осылай келе жатыр екен»* [8, б. 160-161].

Берілген құжаттағы деректерді талдар болсақ, біріншіден, бұл тұста қазақ жылқысының қасиеті мен табиғи ерекшелігіне қытайлар қызығушылық танытқан. Қытай–қазақ сауда қатынастары тарихында Цин империясы қазақ жылқыларына аса қызығушылық білдіріп, «Жылқыға – Жібек» саудасын іске асырғаны белгілі. Қытай қарауылшылары қазақ жылқысының ірі іздерін байқағаннан кейін, әскери лауазымы жоғары Далишан, Жакучи және Бинтуға жүз әскерімен Багин асуына барып торуылдау туралы бұйрық беріледі. Қытай

әскері бұл адамдардың Қожаберген батыр мен Қара Барақ бастаған 700 қазақ әскері екендігін мәлімдейді. Қожаберген мен Қара Барақтан бөлек, Қожабергеннің ұлы Байтайлақ та бар. Осы тұста батыр Қожаберген Жәнібекұлының қазақ халқының тағдырын шешуде ірі дипломатиялық қызмет атқарған.

Бұл дерек жеткілікті толық ақпаратпен Циннің негізгі екі деректі жинағында орналастырылған. Бұндай жағдай жиі кездеспейді. Дерек Цин қолбасшылығы мен Әскери кеңестің Қожаберген (Хоцзибоэргэн) тұлғасы мен онымен өтетін келіссөздерге аса мән бергенін айғақтайды. Император генерал Чжао Хояның баяндамасымен жеке танысып, өз қолымен: «Төменгі ведомствоға таныстырылсын» деп жазды.

Қожабергенмен болған кездесу мен келіссөздер туралы есеп Бейжіңдегі Әскери кеңесте жан-жақты талқыланды. Әскери кеңес қолбасшысының Қожабергенмен кездесіп, келіссөздер өткізгені сияқты, өз жағымызға шығарып алу үшін Кіші жүздегі Ералы сұлтанмен де кездесу керек деген нұсқау берілді [104, б. 399].

1758 жылғы 9 қазандағы Тұй-жаңгин Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандары туралы мәнжу тілінде дерек растайды. Құжатта: *«... Біздің ұғысуымыз бойынша, Қабанбай – (қазақтың) Орта жүзінің Қожаберген сынды 4-5 адамның ішіндегі мәртебесі биіктеуі. Былтыр патшаның құлдары Шундэна мен Нұсан мәлімдеме жазып, (патшадан) рұқсат алып, патшаның Абылай мен Қожаберген екеуіне сыйлық ретінде берген оқалы тон тігуге арналған молун торқасының біразын Қабанбайға бөліп берген соң, патшаның шапағатына бөленген риза болды. Сондай-ақ Қазақ мемлекетіндегі елдің барлығы алғыстарын айтып, бірінен соң бірі жоңғарлардың басшыларын тұтқынға алып, оларды бізге әкеліп тапсыруда»,* [59, б. 40] – делінген.

Деректе айтылған мәліметтерді былай топшылауға болады. Біріншіден, Қожаберген батыр қазақтың Орта жүзінің ішіндегі ең беделді адамдарының бірінші бестігіне кіретіндігі айтылған. Екіншіден, Қытай патшасы бағалы сый-құрметін ең алдымен Абылай мен Қожаберген екеуіне жасаған. Үшіншіден, Қытай елінің билеушілері Жоңғария мемлекетін түбегейлі талқандау мақсатында, қазақ батырлары мен сұлтандарына бағалы сыйлықпен марапаттау арқылы, қазақтарды жоңғар нояндарына қарсы айдап салып отырған. Міне, Қытай империясының бұл қитұрқы саясатының астарында осындай айла-амалды қолдану арқылы жоңғарларды өзіне бағындырып, одан кейін қазақтарға шабуыл жасау пиғылы жатқаны анық.

Осы құжатта: «*Наван Абылайдың өзімен кездесе алмағанымен, Абылайдың бауыры Әбілпейіз және Дәулетбай, Батыр, Қожаберген сынды адамдардың барлығы біздің шегарамыздың маңында тұрады, сондықтан Наван соңғы аталғандармен кездеспей қалмас»* [59, б. 41]. Құжаттың жалғасы болатын бұл ақпараттан қазақ–қытай сауда қатынастарындағы кейбір мәселелерді Абылайдың орнына Қожаберген батырдың атқарып отырғандығы көрінеді. Сондай-ақ батыр Қожабергеннің қытайлармен шегаралас Қазақстанның шығыс аймағында әскерімен тұрақтағанын тағы да айғақтайды. Қытай патшалығының лауазымды шенділерінің бірі Науанның Қожаберген сынды адамдарға жолығуы

міндетті екендігі нақтылап айтылған. Бұл да батыр Қожаберген Жәнібекұлының екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарда маңызды рөл атқарғандығын аңғартады.

Бастапқыда-ақ Цин билеушілері қазақтармен сауда қатынастарында баға саясатын, сауда орындарын, айырбас сауда қағидаларын өздерінің көзқарасы мен таңдауларына орай орнатқысы келген. Циндіктердің сауда қатынастарындағы бұл айла-амалдары қазақ халқының екіжақты саудаға ынтасын, қытаймен сауда жасауға болған қызығушылығын төмендеткен. *«Біздің Қазақ жерінен Үрімжіге бару үшін бір айдай уақыт кетті, арадағы жол тым ұзақ екен. Оның үстіне, онда үлкен бір атпен екі киім ғана шығатын бір топ жаман торғын алмастырып алады екенсің деп келді. Оны естіп, біздің елдегі адамдардың барлығы Үрімжіге сауда істегісі келмей қалды»* [61, б. 60] деген мағлұматтар сөзімізге дәлел болады.

1759 жылға жататын келесі құжаттар Цин патшалығы баға саясатының қазақтарға тиімсіз екені Қазақ билеушілерінің де назарына іліккенін, әрі баға туралы өз саудагерлеріне нақты тапсырмалар берілгені сөз болады. Соның ішінде 1759 жылдың 5 қыркүйегі күнгі бір құжатта: *Абылай, Қожаберген және Қазыбектің атынан келген қазақ саудагерлері «Осы рет біз келерде Абылай бізге «Бұл реткі сауда бұрынғыларға ұқсамайды, сіздер еселеп пайда көріп, бұрын алмаған заттарды алуларың керек» дегенді тапсырғаны айтылған. Сонымен бірге «Егер былтырғыдай болса, онда біз саудаласпай-ақ кері қайтып кетеміз» дегенді ашық ортаға қойған* [61, б. 66].

Бізге таныс тарихи құжаттардан Цин патшалығы алғашқы сауданың өзінде неғұрлым көп пайда табуды көздегені белгілі болады. Сауда кезінде олар қазақ жылқысының бағасын өте төмен бағалап отырды. Мәліметтерге қарағанда, «Ішкі Қытайдан сатып алынған есек пен сиырдың құнын қазақ жылқысының құнымен салыстырып көргенде, Ішкі Қытайдан алынған бір сиырдың ақысымен төрт қазақ жылқысын, ал бір есектің ақысымен екі қазақ жылқысын сатып алуға болатын болған. Шын мәнінде, бұл нағыз алаяқтық сауда болатын. Цин шенеуніктері осыншама арзан бағамен алған қазақ жылқыларын тың игеру үшін жіберілген қарапайым қытай бұқараларына жоғары бағамен сатып, екі ортада қырғын пайдаға кенеліп отырған. Олар қазақтардан 2-3 лян (сәрі) күміс ақшаға бағалап, мардымсыз торғынға айырбастап алған 3-дәрежедегі жылқыны қайтадан 8 лян күміс ақшаға бағалап, тың игеруші қытай шаруаларына сатқан [105, б. 108].

Айтылған мәселе бойынша Қазыбек пен Қожаберген батырдың пікірі де бір ауызды болып келеді. *«Таяуда біз өзіміздің қазағымыз Қазыбекке кездесіп қалғанда, ол бізге: Мұндағы сауда былтырғыдай, баға қосылмаған. Егер [мұндағылар] осылай былтырғы бағаны ұстап, [жылқының бағасын] бір тиын да өсірмесе, онда біз сауда жасамай-ақ, дереу кері қайтамыз»* [61, б. 69] деп, саудаға уәжін білдірген.

1762 жылғы 12 шілдедегі Сібір губернаторы Ф.И. Соймонов қазақ–қытай сауда байланыстары мен Пекин қаласына қазақ елшілерін жіберу туралы Сыртқы істер алқасына жолдаған рапорты. *«Господин генерал-майор фон Веймарн присланным ко мне от 15 июня 1762 году ис крепости Железенской*

*репортом представил, что на Сибирских линиях по благодати божеской обстоит благополучно и о неприятельском злом намерении или о собрании их войск известия никакого не иметца, но только между протчим ис крепости Усть-Каменогорской секунд майор Поливанов присланным к нему генерал-майору репортам уведомляет, что минувшаго де мая 31 дня против той Усть-Каменогорской крепости назарешной реки Иртыша берег приезжали Средней киргис-кайсацкой орды владения Аблай-салтана Увак-керейской волости ведомства старшины Хожи Мергена при старшине Халыбай-батыре киргисцов человек десяти, которые между протчими разговорами, чрез толмача объявили: **I**-е. Назад те тому с месяц временами из их Киргиской орды Юлбарис-салтана меншей брат родной в тридцати человеках отправлен к китайскому двору с просбою их киргис-кайсацкого народа в уделении им китайской стороны из бывших зенгорских мест вверх по реке Иртышу... Для которого исходательства от них и тем посланцом и отправлено в подарок хороших со ста с пятьдесять лошадей. **2**-е. На бывшей же де Зенгорской землице по середине оной по урочищам Ирень Хабархи и по реке Илле якобы произведено довольное с китайской стороны каменное деревянное и плетеные ис хворосту обмазанное // снаружи глиною строение, где и жительствуют из их хлебопашество производят. **3**-е. Оныя киргис-кайсаки и поныне с китайским народом торг производят на их китайской границе при урочище Урумчи, где таковое ж как и при вышеписанных урочищах имеетца строение, до которого езды будет, где они кочевку имели, с месяц, но только де в прошедшую зиму от кочующих при реке Имели из их киргиских улусов найманской волости из ведомства старшин Чюнгай-батыря и калмай Даулет китайскими подданными людьми отогнато было лошадей сот до трех за то, что они, киргисцы, у них в их владении лошадей своих водержали, но якобы те отогнанные лошади по требованию Аблай салтана нарочно посланным киргисцам отданы обратно. **4**-е. Реченныя ж де киргис-кайсаки все ныне прикочевали к Иртышу для к предписанному озеру Нор-Зайсан, ежель де им в том от китайского двора дозволение дано будет. О чем Государственный Коллегии иностранных дел чрез сие покорно репортую, а том же и в высокоправительствующий сенат и в Государственную Коллегию донесено. Июля 12 дня 1762 году* [106].

Құжатта: «1762 жылдың 12 маусымда генерал майор фон Веймарн Железин бекінісінен маған жіберілген баянатында Жаратқанның рақымымен Сібір шенінің тыныш екендігі мен ешқандай теріс пиғылды жау әскерінің көрінбегені туралы баяндалады. Алайда майор Поливановтың генерал-майорға мәлімдемесінде өткен 31 мамырда Өскемен бекінісіне қарама-қарсы Ертіс өзенінің жағалауларында қырғыз-қайсақтардың Орта жүзін басқаратын Абылай ханның иелігіндегі Қалыбай батырдың қоластындағы Абақ Керей болысының старшыны Қожабергеннің он шақты адаммен табан тірегені айтылады. Бұл ақпараттың барлығы да өзара әңгіме барысында тілмаштар арқылы хабарланды: *Біріншіден*, бір айдай уақыт бұрын олардың Қырғыз ордасынан Жолбарыс сұлтанның кіші інісі отыз адаммен қытай сарайына жіберілді. Олардың негізгі өтініші – Ертістің бойындағы баяғы Жоңғар хандығына қарасты жерлерді

қырғыз-қайсақ халықтарына бөліп беру. Бұл елшілер арқылы ең мықты 50-100 шақты жылқы сый ретінде қоса жіберілді» делінген.

Құжатта айтылғандай, қазақтардың елшілері Қытай билеушісіне Жоңғар хандығының жерлері деп отырған территория қазақ халқының ата-бабаларының қоныстары еді. Алайда орыс деректері немесе қытай деректеріндегі жазба мәлімдемелерден шовинистік пиғылдағы сарындар байқалады. Яғни бұл деректердің Цин патшалығы идеологиясының ықпалымен жазылғаны айқын.

Деректі әрі қарай тарқатсақ, 1762 жылдың 12 шілдесінде Сібір губернаторы Ф.И. Соймонов Мемлекеттік Сыртқы істер алқасына, жоғары Үкімет сенатына және мемлекеттік алқаға хабарлады. Оның мәліметінше, қытайлар Жоңғария иелігіндегі бұрынғы территориялар, атап айтқанда, Ерен Қабырға шатқалы мен Іле өзені бойында қылшықтан өрілген, сыртына балшық жағылған, тастан жасалған ағаш құрылым өндірді, тұратын мекендерінде егіншілікпен айналысты. *Үшіншіден*, қырғыз-қайсақтар бір айға жуық жүретін қашықтықтағы орында, яғни Үрімжі маңында қытайлармен сауда қатынастарын жасады, бірақ өткен қыста Имелі өзені бойындағы Найман болысына қарасты Шұңғай (Чюнгай) мен Дәулет батырлардың көшпелілерден жүздеген жылқыны қырғыз болғандықтан қытай бодандығындағы адамдар еншілеп кетті. Олар жылқыларын өз иелігінде ұстады, бірақ айдалып кеткен жылқы кейіннен Абылай сұлтанның өтініші бойынша қырғыз халқына арнайы қайтарылды. Төртіншіден, айтып отырған қырғыз-қайсақтар Ертіс маңына Нор-Зайсан көлі жағалауларында көшпелі өмір сүрді. Бұл маңдарда көшіп-қону үшін Қытай сарайы рұқсат ету қажет» – делінеді.

Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында түрлі деңгейдегі байланыстар орнай бастады. Солардың бірі екі ел арасында қалыптасқан «Жылқыға–жібек» саудасы болды. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы мұндай сауда біртіндеп қалыптасып, орнықты түрде дамыды. 1758 жылы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы алғашқы сауда Үрімжіде басталды. Осыдан кейін 1760 жылы Іледе (Құлжада), 1762 жылы Қобдада, 1765 жылы Тарбағатайда (Шәуешекте) сауда жәрменкелері ашылды.

Цин патшалығының қазақтардың Қобдаға сауда жасауға рұқсат беруінің ең басты себебі қазақтармен арадағы сауданы патшалықтың монополиясында ұстап отырудың жолын қарастырудан туындағаны анық. Цин патшалығы бұған дейінгі Үрімжі жәрмеңкесін ұйымдастыру кезінде қазақтар мен тұрпандықтардың өзара сауда жасауына кедергі жасап отырды. Сол сияқты бұл жолы қазақтар мен уранқай, қалқа моңғолдарының сауда жасауына тосқауылдар қойды. Осы мақсатта патша билігі қазақтарды да, жергілікті моңғолдарды да Қобда қаласында ғана сауда жасау туралы арнаулы белгілемелер шығарды.

Қазақ хандығының мал өнімдерін экспорттау мақсатындағы әрекеті Қобдамен ғана шектеліп қалған жоқ. Қытайдың бірінші тарихи архивінде сақталған мәнжу тілді құжаттардың мазмұнына қарағанда, Абылайға қарасты қазақтар 1762 жылдары Ертіс бойында моңғолдармен сауда жасап тұрған [8, б. 133-135].

Осы кезеңде Цин империясы қазақ жылқыларына қызығушылық танытқан, себебі Цин басшылығына атты әскер құру қажеттілігі туындады. Бұл мәселені қазақтан жылқы сатып алу арқылы шешуге бел буды. Осылайша, ендігі кезекте сауда орындарын ашу туралы мәселе тұрды. Абылай хан алғашында қазіргі Қытайдағы Үлиңгір өзені маңына сауда орнын белгілеуді ұсынды. Алайда Цин ұлықтары қазақ көсемдерімен келіспей, Үрімжіде сауда орнын ашуды ұйғарды. Осыдан кейін, 1758 жылдың күз мезгілінде Қабанбай өз адамдарымен 300-ге жуық жылқы апарып, Үрімжіде алғашқы сауданы жүргізді.

Осы орайда Үрімжідегі сауданың дамуы туралы мәселелердің тарихи мән-мағынасын түсіну үшін төмендегі кестені ұсынамыз.

1-кесте. Қазақтардың Үрімжі жәрмеңкесінде жасаған саудасы [61, б. 40 – 116].

Қатысты мәліметтер жазылған уақыттың Қытай күнтізбесіндегі жыл көрсеткіші	Қатысты мәліметтер жазылған уақыттың Қазіргі жыл көрсеткіші	Сауда керуенін жіберуші	Керуен басы	Сауда ға келге н адам саны	Жылқы саны
Цяньлун жылнамасыны ң 23 жылы 9-айдың 7 күні	1758 жылыдың 8 қазаны	Қабанбай батыр	Қабанбайдың ұлы Едіге және Қабанбайдың інісі Төметай	57	500
Цяньлун жылнамасыны ң 23 жылы 10-айдың 25 күні	1758 жылдың 27 қарашасы	Абылай хан	Жарғы(?), Мәсі(?) қатарлы адамдар	?	1062
Цяньлун жылнамасыны ң 24 жылы 7-айдың 4 күні	1759 жылдың 11 тамызы	Қожаберген батыр	Қожабергенні ң інісі Қазыбек және Өмір батыр	260 тан астам	2400
Цяньлун жылнамасыны ң 24 жылы 7-айдың 4 күні	1759 жылдың 11 тамызы	Дәулетбай, Бердеш	Белгісіз	Белгіс із	1000 нан астам
Цяньлун жылнамасыны ң 24 жылы 7-айдың 14 күні	1759 жылдың 2 қыркүйегі	Абылай хан, Әбілпейіз, Қожігер	Қазыбек, Басырқу?, Байбұрған	60 тан астам адам	400 (мінген аттарын қосқанда)
Цяньлун жылнамасыны ң 24 жылы 7-	1759 жылдың 2 қыркүйегі	Абылай хан	Өмір, Батыр, Атақы?, Сүйіндік	200 ден астам	2000-нан астам

айдың 14 күні				адам	
Цяньлун жылнамасының 24 жылы 10-айдың 28 күні	1759 жылы жылдың 29 желтоқсаны	Қабанбай батыр, Абылай хан	Балапан, Орман	82 адам	600
Цяньлун жылнамасының 25 жылы 2-айдың 22күні	1760 жылдың 7 сәуірі	Әбілпейіз?	Айтан, Байтан		473
Цяньлун жылнамасының 25 жылы 10-айдың 19 күні	1760 жылдың 7 қарашасы	Абылай, Әбілпейіз	Танаш, Бұрыбай (?), Норыбай (?), Нияз және екі Ташкенттік сарт саудагер	10 неше адам	918
Цяньлун жылнамасының 25 жылы 12-айдың 27 күнінен Цяньлун жылнамасының 26 жылы 1-айдың 2 күні аралығы	1761 жылдың 2 қаңтар мен 6 қаңтар аралығы	Қожаберген Қабанбай	?	130 адам	875
Цяньлун жылнамасының 26 жылы 2-айдың 11 күні	1761 жылдың 16 наурызы	Абылай Қожаберген батыр	Матан, Құралбай т.б.	100 -ден астам адам	800-ден астам

Жоғарыда берілген кестедегі [61, б. 40-116] мәліметтерге қарағанда, біріншіден, 1759 жылдың 11 тамызында Қожаберген батыр жіберген сауда керуенін оның інісі Қазыбек пен Өмір батыр бастап келіп, Үрімжі сауда орнында қытайлармен сауда байланыстарында белсенділік танытқан. Қожаберген жіберген сауда керуенінде екі мың төрт жүз жылқымен 260 адамның келгені туралы мағлұмат бар. Екіншіден, Қожаберген батырдың есімі көбінесе қытай деректерінде Қабанбай батырмен қатар аталады, бұл деректе де Қожаберген мен Қабанбай батырлардың бірлесіп циндіктермен жылқы саудасын жүргізгендігі айтылады.

Бұл мәселеге қатысты мәнжу тіліндегі 98-құжатта Қожабергеннің інісі Қазыбек пен Өмір батырлар Цин лагеріне барып сауда жасамақ ниеттерін білдіреді. Сонда Цин патшалығының өкілдері: «Бұл жер – әскери лагерь, саудаға жарайтын зат жоқ. Қазір Үрімжіде үлкен базар ашылды. Сіздер сонда барып сауда жасағандарыңыз жөн», – деп жауап береді. Сонда Қазыбек қатарлылар: «Біз Үрімжіге баратын төте жолды білмейміз. Бізге жол бастаушы

бір адамды қосып берсеңіздер», – деп өтінеді. Сонда Цин патшалығының адамдары төрт қалқа және улет адамынан құралған екі топ жол бастаушыларды қосып берді. Олар Қазыбек пен Өмір қатарлыларды бастап, екі топқа бөлініп, кібісе 6 айдың 27-29 күндері осы жерден Үрімжіге қарай аттанып кетті» [61, б. 63] делінген.

Берілген деректен қазақ–қытай сауда қатынастарының белгілі дәрежеде айтарлықтай даму сатысында екендігін байқаймыз.

Дегенмен, қазақ-қытай сауда байланыстарындағы «Жылқыға–жібек саудасының» дамуы қазақ халқының мал шаруашылығын айтарлықтай дамытуға ықпал етті. Себебі, мал өнімдеріне сұраныс артып, қазақ халқы күнкөріске қажетті тауарлармен өздерін қамтамасыз етіп отырды.

Сауда мәселесінде қазақтың Қожаберген, Қабанбай қатарлы бірқатар батырлары жоғары беделге ие болды. Сауда жәрмеңкелерінің қалыптасуы мен дамуына Қожаберген батырдың үлесі айқын екендігіне тарихи деректер дәлел болады.

«Жылқыға–жібек саудасын» жүзеге асыруда Қожаберген батыр Цин империясымен сауда байланыстарын жүргізуді мемлекеттік деңгейде жүзеге асырып отырған. Мысалы, сауда орындары алғаш рет Үрімжіде, кейіннен Іледе (қазіргі Қорғас өңірінде), одан кейін Тарбағатайда ашылды. Міне, осы сауда қатынастарында Қожаберген сияқты батырлар халықаралық тәртіпті басты ұстаным деп қабылдады.

1763 жылы Чиң патшалығы Тарбағатайда тұратын әскерлердің санын көбейтеді. Осы әскердің малға болған қажетін сол өңірдің өзінен шешу үшін Тарбағатайдан да қазақтармен сауда жасайтын үшінші базарын ашады. Осы кезде Чиң патшалығы Ордасы «Қазақтармен арадағы сауданың жарғысын жасайды. Онда: «Қазақ саудагерлері әр жылдың жаз, күз екі маусымында заттары мен малдарын Іле, Шәуешек Тарбағатайға әкеліп, оған шай, мата, торғынторқа айырбастап алып қайтуына рұқсат етіледі. Қазақ саудагерлері біздің жерімізге келіп сауда жасауы үшін қолдарында өз руларының басшылары мәлімдеген сипаттамасы болу керек. Тарбағатай базары қазақтарға жақын болғандықтан сауда жасаушы қазақтардың көбі Тарбағатайға барады да, Іле базарына барушылардың қатары азаяды. Сондықтан Чиң патшалығы үкіметі Тарбағатайға Іледен тауар тасып апаруға, ал Тарбағатайдан айырбастап алған малдарын Ілеге апаруға мәжбүр болады. Сөйтіп екі ортада мың шақырым жерге сабылатын жағдай келіп шығады. Бұл мәселені шешу үшін Чиң патшалығы үкіметі шамалы мал әкелгендердің малын Тарбағатай базарына айырбастауды, көп мал айдап келгендерді Ілеге барып саудаласуға жіберуді белгілейді. Олар осы жоспарларын жүзеге асыру үшін тағы да бағаны реттейді. Атап айтқанда, Тарбағатайда айырбастайтын малдың бағасын төмендетіп, Іле базарындағы малды айырбастап алу бағасын жоғарылатады. Сол арқылы Ілеге саудагерлердің көбірек баруын ынталандырады. Осыдан соң Тарбағатай базарындағы қазақ-қытай саудаларының көлемі азаяды да Іледе екі жақтың саудасы күшейе түседі. Сол тұста қазақ саудагерлері қытай базарларына тек төрт түлік малды ғана апарып айырбастап қалмастан, Ресей заттарын, Әндижан кілемдері сияқты бұйымдарды да сатады. Демек, бұның өзі қазақтардан

саудамен (тіпті халықаралық саудамен) арнайы шұғылданатын топтың – қоғамдық жіктің қалыптасқандығын аңғартады [107, б. 49-50].

Бұдан тыс мал шаруашылығын дамытуға пайдаланып, арнаулы жылқы фермаларын ашты. Бұл патшалық енді ғана жаулап алған бұрынғы Жоңғария хандығы жұртына өз билігін жүргізуіне зор көмегін тигізді. Цин патшалығы үшін осының өзі үлкен игілікті жетістік саналуға тиісті еді. Бірақ сауданың тыңғылықты жүргізілуі патшалыққа үлкен пайда әкелді. Олар арзан бағамен жеткізілген қазақтың мал өнімдеріне ие бола отырып, ішкі нарықта оларды қымбатқа сатып, пайдаға кенелді. Бұл Цин патшалығының қазақ мал шаруашылық өнімдеріне тәуелділігін туындатты. Мұндай тәуелділік қазақтардың ұзақ мерзімдік тұрақты базарға болған сұранысын қанағатандыруға мүмкіндік тудырды.

«Жылқыға–жібек саудасының» қалыптасуы мен дамуы кезінде Қазақ хандығы өзінің мал өнімдерін саудалауға қажетті теңдессіз үлкен базарды ашты. Сауда кезінде қазақтар өздерінің өндірісі мен тұрмысына қажетті тауарға қол жеткізе алды. Ең бастысы, мал өнімдеріне болған үлкен сұраныстың болуы қазақтардың мал шаруашылығының дамуына серпін берді.

Екі ел арасындағы сауда барысында Қазақ хандығы сауда жәрмеңкесі өтетін жердің белгіленуіне Қазақ хандығы көп ықпал етті. Әйткенмен нақты шешім қабылдауда Цин патшалығы өзінің айтқанын орындауға тырысып отырды. Мысалы алғашқы сауда жоспарланған тұста Абылай хан Қазақ жеріне жақын, жер жағдайы қазақтарға таныс, қауіпсіз аймақ саналған Қара Ертістің бойы мен Үлкенгір көлін таңдады. Бірақ, бұл ұсыныс орындалмай, сауда жәрменкесі Үрімжіде өтетін болды.

Сөйтіп, сауда жәрмеңкелері енді ғана Цин патшалығына қарасты болған аумақта жасалатын болды. Жоғарыда айтылғандай, бұл Орталық Азия көшпенділерінің Қытаймен сауда жасауда атам заманнан бері жалғасқан үлгісі еді. Тарихи деректер бізге Ғұн империясының, Түркі қағанаттарының, Моңғол дәуірі қарсаңындағы көшпенділер мемлекеттерінің Қытайдың шегаралық аймақтарындағы маңызды сауда кенттерінде «жылқыға жібек» айырбастағанын хабарлаған. Қазақ хандары Цин патшалығымен сауда жасауда сол ескі дәстүрді жалғастырды.

Алайда Қазақ хандығы сауда жасауда көршісінің емеуіріне қарап ырқына жүгірген жоқ. Көбінесе өз дегенін жүзеге асыра алды. Қазақ хандары Қобдаға, Қара-Ертіс бойына, Қашқарға, Құлжа мен Шәуешекке алғаш сауда керуендерін жіберген кезде олар Цин патшалығына ешқандай ескерту жасаған емес. Міне осы тұрғыдан алып айтқанда Қазақ хандығы аталған сауда жәрменкелерін ашушы және оны дамытып халықаралық деңгейге жеткізуші ретінде бағалануы керек.

Цин патшалығы Қазақ хандығы билеушілерінің бұл саясатына қарсы өз тарапынан шешімдер шығарды. Олар әуелі Үрімжідегі сауда жәрменкесінің, кейін келе Құлжадағы жәрменкенің статусын сақтап қалу жолында түрлі шараларды қолданып, қазақтарды Үрімжі мен Құлжаға барып сауда жасауға мүдделі етті.

Жалпы айтқанда, Цин патшалығы Қазақ хандығымен арадағы сауданы саяси мақсатта пайдаланды. Сауданың сәтті дамуы Цин патшалығы енді ғана жаулап алған жердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының орныға түсуіне оң әсер етті. Олар қазақтардан сатып алған жылқы арқылы патшалықтың әскери әлеуетін көтеруге қажетті жылқы мен тың игеруге қажетті егіс көліктері мәселесін шешті.

Жоғарыда Қожаберген батырдың шекарааралық сауданы реттеу, қазақ сауда керуендерін қорғау, шекаралық жәрмеңкелердің жұмысын басқару, малдың мемлекеттік шегаралар арқылы қозғалысын бақылау функцияларын атқарғандығына көз жеткіздік. Қазақ-цин экономикалық мүдделері тоғысында шекаралық стратегияға ықпалы, қазақ батырлары мен Цин арасындағы қатынастарда сауданың рөлі, қазақ–цин экономикалық өзара тәуелділіктерін қадағалау мәселелерінде Қожаберген батырдың орасан зор рөл атқарғандығы айқын көрінеді.

Қорыта айтқанда, Қожаберген батырдың қытаймен сауда қатынастарын дамытудағы түпкілікті көздеген мақсаты – Тарбағатай аймағындағы шұрайлы алқаптарға қазақ көшін қоныстандыруға деген ниеттегі ойын жүзеге асыру болатын. «Жылқыға–жібек саудасын» іске асыру арқылы қазақтар шығысқа көшу әрекеттерін ішінара жүргізе берді.

3.3 Қазақ–Ресей байланыстарындағы Қожаберген батырдың рөлі

XVIII ғасырдағы жаугершілік замандарда Ресей империясы мен қазақтардың мүдделері бір-біріне сәйкес келді. Дәлірек айтқанда, Ресей Қытайды Жоңғарияға жібергісі келмеді, ал қазақтар бір кездері жоңғарлар басып алған бұрынғы ата-бабаларының жерін қайтаруға ұмтылды.

Орталық Азия үшін Ресей мен Қытай империялары арасындағы саяси бақталастық қазақ және жоңғар халықтарының тарихи тағдырына көп ықпалын тигізді. 1715 жылы қытайлар ойраттарға қарсы әскерін жылжытты. Қытай осы тұста ойраттардың қазақтардан жеңіліс тапқандығынан хабардар еді. Соғыс өртін ушықтырған Цин патшалығы өзін Орталық Азия елдерін ойраттардан қорғаушы ретінде көрсеткісі келді. Қытайдың бұл саясатының түпкі мақсаты– қазақтарды жоңғарларға қарсы айдап салу еді. Цин империясы орыстар мен жоңғарлардың мәмілеге келіп, өзара жақындасуына да барынша жол бергісі келмеді. XVIII ғасырдың басына қарай орыстар мен жоңғарлар арасында Қытайға бағынышты Сібір мен Орта Азия территориясы үшін талас-тартыс күшейді [42, б. 57].

Бүгінде төл тарихымызды жаңаша зерделеуге, оның ішінде Қазақ тарихында ерекше орын алатын тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен бұл тұлғалардың қатарында қазақ батырларының тарихи тағдырлары бұрмаланып немесе тарихтағы есімдері мен саяси-дипломатиялық қызметі түрлі шатасуларға соқтығысып жатқаны жиі кездеседі. Қазақ батырларының мемлекет мүддесі үшін жүргізген қоғамдық-саяси қызметін бағалау белгілі дәрежеде Патша өкіметі тұсында да, Кеңес заманында да бұрмаланды. Қазірде мемлекеттік қолдауға ие болып отырған тарихымыз жаңаша деректермен

толығуда. Осы тұрғыдан қарастырғанда, зерттеуді талап ететін тұлғалардың бірі – Абылай дәуірінде әскери-дипломатиялық қызметімен көзге түскен Қожаберген батыр Жәнібекұлы. Қожаберген батырдың тұлғалық қасиеті мен әскери-дипломатиялық қызметін зерттеу XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы сахнасындағы хан, сұлтан, батырлар дәуірінің шынайы көрінісін сипаттауға мүмкіндік береді.

Қожаберген алмағайып заманда Абылай ханның сенімді сардарларының бірі ретінде оның тікелей бұйрығымен Цин патшалығы мен Ресей империясының арасында Қазақ хандығының жер тұтастығы мен бейбіт өмірі жолында күресті. Батырдың қазақ–қытай және қазақ–жоңғар қатынастарындағы жанкешті қызметінен бөлек, оның қазақ–орыс байланыстарындағы әскери тактикалары мен сауда-елшілік әрекеттерін қарастырудың маңызы зор. Тұлғаның бұл қырын қолда бар деректер негізінде ғылыми тұрғыда талдау қазақ–орыс байланыстарының тарихи қатпарларын ақтаруға және батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметінің беймәлім қырларын ашуға бағыттайды.

Бүгінде еліміздің геосаяси жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ету мен әскери әлеуетін күшейтудегі батырлардың рөлі, тарихи сананы жаңғырту, батырдың Жоңғариямен және Цин империясымен қарым-қатынастарымен қатар, Ресей билігімен әскери-дипломатиялық байланыстарындағы ұтымды айла-тәсілдерін қазіргі саяси-дипломатиялық сахнада қолдану тұрғысынан қарастыру мақаланың өзектілігін салмақтайды.

Ендеше зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты бойынша Қожаберген батыр туралы, оның қазақ–орыс қатынастары тарихындағы рөлі туралы деректерді талдау негізінде мәселені тарқатып көрелік.

Жоңғарлардың Орта жүзге үздіксіз шабуылдарының нәтижесінде Абылай қапылыста тұтқынға түседі. Абылайдың мұндай жағдайға түсуі, әрине, қазақ жұртын алаңдатты. Абылайды өз қолына түсірген Қалдан Серен ендігі кезекте қазақ еліне арнайы елшілерін жіберіп, жоңғар билігіне бағынуды талап етті. Қазақтардың ішіндегі белгілі де абыройлы батырлардың перзенттерін аманатқа беруді сұрады. Қазақтарға салық төлетіп, олардың көшіп-қонатын жайылымдарын өз рұқсатымен ғана пайдалануға беретіндігін айтып, сес көрсетті. Ал енді бұл саяси шиеленіскен жағдайдан хабардар болып отырған Ресей билігі қазақтар уысымыздан шығып кетеді деп мазасыздана бастады. Сол себепті де Ресей жағы үш жүздің де беделді сұлтандары мен батырларынан қайта ант қабылдауға бекінді. Қазақтың үш жүзінің барлық ру-тайпаларының белгілі өкілдері мен қолбасшы батырлары Орыс патшасына қайта ант беруге мәжбүр болады. Бұл батырлардың арасында Қожаберген батырдың да есімі аталады. Бұған дәлел төмендегідей құжат саналады.

Тамыздың 30-ы күні Орта жүздің керей руынан Қожаберген батыр ант берді» [69]. Берілген құжаттан батыр Қожаберген Жәнібекұлының керей руының беделді батырларының бірі екендігі, сол кездегі жоңғарға қарсы күрес бастаған абыройлы батыр болғандығы айқын көрінеді.

Ресей мемлекетінің негізгі саяси стратегиялық жоспарының бастысы – Шығысқа қарай ілгерілей ену саясаты. Алайда XVI ғасырдан бастап-ақ қазақ

даласының шығыс шекарасына енуді мақсат еткен Орыс үкіметіне XVIII ғасырға дейін өзінің ықпал ету аймағына айналдыру оңайға соққан жоқ. Оның себебі, Қожаберген қатарлы батырлардың әскери-дипломатиялық қызметтерінің жемісі деп түсінуіміз қажет.

Бұрын жазылған зерттеу еңбектерінде батыр Қожаберген Жәнібекұлының ойрат билеуші-ханзадаларымен, әсіресе Цин патшалығы ұлықтарымен соғыс-жаугершілік, елшілік және сауда байланыстары туралы айтылса да, батырдың орыс мемлекетімен арадағы қарым-қатынасы мүлде айтылмаған. Оған батырдың Қазақ–Ресей байланыстарындағы рөлін зерделеуге мүмкіндік беретін дереккөздерінің тапшылығы себеп болғаны анық.

Қолға түскен архив құжаттарына мұқият назар аударсақ, Қожаберген батырдың есімі қытай дереккөздерінде жиі кездеседі, ал орыс архив деректерінен табылған құжаттарда батырдың есімі көбінесе Қожаберді (Гожебердей-батур, Кожеберды-батур, Кучебергань батырь) деп аталады.

1749 жылғы 10 қаңтардағы Сібір шекаралық шептеріндегі тұрақты және тұрақсыз әскерлердің қолбасшысы генерал-майор Х.Х. Киндерманның Сібір губерниялық канцеляриясына Ертіс шебі бойындағы жағдайдың тыныштығы және Абылай сұлтан мен Қожаберген батыр сынды қазақтарымен сауда жөніндегі ресми хатында: «*Да декабря-де 16 определенной для осмотру приезжающих киргис-кайсаков капитан Белевцов репортом к нему представил, что того ж декабря 11 числа прибыли к Ямышевской крепости киргис-кайсаки Кирейской волости старшины Кучебергань-батыря старшина Кулбай Мачибаев, Али-берды Алугаев с товарыщи одиннатцать человек, при них для продажи товаров лошадей тринатцать, лисиц и корсоков десять, войлоков четыре, овчин пятьдесят»* [108] *делінген.* Құжатта осы жылдың қаңтардың 9-ы күні Ямышев бекінісінен полковник генерал-майор Павлуцкийге жіберген рапортында: Өскемен, Семей, Железин, Омбы бекіністерінен алған мәліметтері бойынша, аталған бекіністерде және оларға қарайтын форпосттар мен станцияларында, сондай-ақ Ямышев бекінісі маңында да, Құдайдың жәрдемімен барлығы тыныш екендігі хабарланған. Сондай-ақ, желтоқсанның 16-сы күні Ямышев бекінісіне келуші қырғыз-қайсақтарды тексеруге міндеттелген капитан Белевцов өзі тапсырған рапортында мынаны мәлімдеген: «Осы жылдың желтоқсанның 11-і күні Ямышев бекінісіне Керей болысының старшинасы Қожаберген батыр өзімен бірге Құлбай Мачибаев, Әліберді Алуғаев және олардың жанындағы он бір адам келген. Олардың өздерімен бірге саудаға әкелгендері: он үш жылқы, он түлкі мен қорсақ, төрт киіз (войлок), елу қой терісі екендігі айтылады. Сауда-саттықтарын аяқтаған соң олар Ертіс өзенінің арғы жағына қайта кетті» [108] деген мағлұматтар кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды, Қожаберген батыр бастаған бір топ қазақтар Ертіс бойындағы Ресейдің шегаралық бекіністерінің бірі Ямышев бекінісінде сауда жүргізген. Батыр Ресей мен Қазақ ордасы арасындағы шегаралық сауданы реттеді.

Мәселен, 1758 жылғы 29 наурыздағы Железин бекінісінің комендантынан К.Л. Фрауендорфқа майор Кондырев жазған құжатта орыс бекінісінің жеріне қазақтардың малы түскендігі туралы мәлімдеме жетеді. Тұтқынға түскендер

Қожаберген батырға қарасты ауылдың адамдары болған. Хабарламада: «Наурыздың 2-сі күні Ертістің арғы жағынан мылтықсыз төрт адам келді. Олар абақ керей тайпасының старшыны Қожабергенге қарасты адамдар екендігі анықталды. Олардың ішінде Ханғали Қойбас пен Мәңгел Қонысбаев деген ақсақалдар бар екен. Оларды Болпақ Қойбас пен Өтел Қойбас жіберіпті. «Осында тұтқында жатқандарды тез босатыңдар, неге ұзақ ұстайсыңдар, олар кісі өлтірген жоқ. Жылқы табындарын шегара ішінен айдап әкетсек те босатпапсыңдар», –дейді.

«Біз оларға: «Жоғары жақтан нұсқау келсе, босатамыз», – дедік. Қонысбай бізге: «Енді төрт күнде босатпасаңдар, шабамыз, кісілеріңді алып кетеміз», – деді. Біз осындай мәлімдемесі үшін оны тұтқындадық. Ол: «Мені қамасаңдар, ертең 20, одан кейінгі күні 100 кісі келеді», – деп қоқан-лоққы жасады.

«... 23 наурыз күні Кіші керей (абақ керей – авт.) болысының ақсақалдары Болпақ Қойбас пен Ханғали Қойбас қарусыз, аз кісі болып келсе, Қожабергенге кісілерін қайтарамыз», – дедік [106].

«Шындығында, 1747 жылы біздің өкіметке қырғыздардың шегаралық елді мекендерге жасаған жорықтары және орыс халқының тұтқынға алынғаны туралы үнемі хабар келетіндіктен, қырғыздардың мұндай бағыныштығынан пайдасына күмән келтіріп, оларды қырғыз даласына айдау тиімсіз бе деген сауал туындағаны рас. Алайда кейіннен бұл мәселе Әбілқайыр ханның өлімі мен қырғыздарды тыныштандыру шараларын әзірлеу бойынша бригадир Тевкелевтің Орынборға іс-сапарынан соң қайта қозғалмады» [26, б. 49] – делінген.

Одан кейінгі жылдарда Қытайдан төнген қауіп екінші орынға ығыстырылып, қазақтар өздеріне қатысты қытайлық қауіп-қатердің болуы мүмкіндігін қарастырды, мұны Звериноголов бекінісіндегі қолбасшы, екінші майор Д. Скотиннің қолбасшыға берген қызметтік хаты дәлелдейді. Сібір корпусы, бригадир К.Л. фон Фрауендорф 1758 жылғы 1 сәуірде: «... Сонымен қатар олардан қашқан қырғыз-қайсақтар туралы, қытай әскерлерінен жауап алу үшін тұтқынға алынған қырғыздардың үрейі бар және олар барлық уақытын жақын маңдағы Ресей бекіністері маңында көшпелі өмір салтын жалғастыруға ниетті [83].

Сонымен бірге бұл хатта тағы бір жағдай анық көрінеді: Ресей 1752–1755 жылдары қазақ жерінде салынған жаңа бекіністер аймағында Новоишим (Жаңа Есіл) желісінің іске қосылуынан қауіптеніп, бұл қатерге біршама күмән келтірді. Бұл жағдай дәл осы кезеңде қазақтар мен Қытай арасындағы байланыс әрекеттерінің күшеюінен байқалады. Осыған байланысты Ресей империясы қазақтар мен Қытай билігі арасында тұрақты саяси байланыстар орнатуға жол бермеуге әрекеттенді. Мұны Сыртқы істер алқасы Орынбор губернаторының міндетін атқарушы А.И. Тевкелев пен оның кеңесшісі П.И. Рычковтың 1758 жылғы 6 мамырдағы Цин үкіметінің қазақ билеушілерімен саяси байланыс орнату әрекеттеріне тосқауыл қою шаралары туралы хатынан көреміз. Құжатта:

«... Орталық қырғыз-қайсақ ордасынан Абылай сұлтаннан Троицк бекінісі арқылы жеткен хатында, ол қытайлықтармен татуласқаны туралы және ол Қытайдың Боғдыханына өз адамдарын жібергенін, сондай-ақ қырғыз-қайсақтар

қытайлықтармен Ерен-Қабырға деп аталатын шатқалда сауда байланыстарын жасауға келісім жасасқаны хабарланды. Сізден бұл туралы талап еткен жауап хатты алғаннан кейін Абылай сұлтан, сізге арнайы хаттарын Орынборға жіберіп, оған қосымша хаттың жоғары тұсына [87, б.137-140] өткен жылдың маусым айының алғашқы күндерінен-ақ қытайлармен бейбіт бітімге келгені // Айғұз бен Айтансық деп аталатын шатқалдарда, сондықтан да жоғарыда аталған Ерен-Қабырға орнында өзара және осы негізде, Орынбордағыдай сауда өндірісін қолға алынғаны» деп хабарланды.

1752 жылғы 25 желтоқсанындағы секунд-майор П. Киндерманның Сібір шебінің қолбасшысы И.И. Киндерманға жылқыларын ұрлатқан қазақ Қожаберген батырдың Хан Корғанға (Цар Курган) сапары жөніндегі хабарламасында: «*Сего декабря 6 дня киргис-кайсацкой Средней орды владения Аблай-салтана старшины Кузы-берган-батыря киргизец Урас Ниязов с семью человеки киргисцами приехал ведомства Курганского в деревню Квартиры, где полку Вологоцкого рота гранадерская винтер-квартиру имеет. Которых той роты подпоручик Лавров при репорте прислал ко мне в Царев Курган. А по привозе оный киргизец Урс Ниязов мне объявил, что-де они сюда приехали от Аблай-салтана с тамгою, данную им для искания своих пяти лошадей, которыя-де у них украдены здешними обывателями, о коих напред сего, минувшаго декабря 20 дня подданному от казачьего сотника Беклемишева объявлению, коим объявлял, и последствие явилось. И те киргисцы гнались за здешними жительми Данилом Сединкиным да Наумом Чекушиным. И у оного Сединкина выняли лошад*ь» [109] делінген.

Құжатты мұқият назар аударсақ, Қожаберген батыр ұрланған бес жылқысына іздеу салу мақсатында Данил Сединкин мен Наум Чекушиннің артынан Хан Қорғанға қуып барғандығы белгілі болады. Құжаттан байқағанымыз, қазақ жылқысына тек қана циндіктер ғана емес, орыс әкімшілігі тарапынан да қызығушылық туғандығын аңғарамыз.

Орыс жазбаларында Абылайдың шынайы пиғылы мен мақсаты орыс билігінің одан ең болмағанда өзіне бағынышты халықтың ханы ретінде тікелей бағынуды талап еткенде байқалды деп жазады. Абылай хан патша өкіметіне бағынышты хан ретінде бекітілуіне дайын екенін білдірсе де, ол өзін «үш орда да түгел мен хан сайлады» деп жалған айтып, оны Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздердің ханы етіп бекітуді сұрайды. Ұлы Орда әлдеқайда бұрынырақта жоңғарларға бағынған, ал Кіші Ордада Жоғарғы билік бекіткен хан Нұралы болғандықтан, Абылайдың бұл екі орданы өзіне бағындыру туралы талаптары негізсіз деп танылып, ол 1778 жылы 24 мамырда бір ғана Орта Орданың ханы болып бекітілді.

Дегенмен Абылай хандық биліктің белгісі ретіндегі грамота мен адал қызмет ету үшін беретін ант қабылдау рәсіміне Орынборға да, Петропавлға да келмеді, артынан жіберілген офицерлер мен тілмәштарға суық қарым-қатынас жасап, тіпті өзінің қабылдауына кіруге бір рет қана мүмкіндік берген. Барлаушылардың мәліметінше, Абылай бұл уақыттарда Қытай патшалығына жанашырлық танытқансып, орыстарға қарсы түрлі амал-айлалар ойластырып жүргендігі белгілі болды [33, б. 53].

Средняя орда хотя и считается вступившею в русское подданство одновременно с Малой, но, по отдаленности кочевания главных родов влияние русской власти долгое время не могло проникнуть в среду населения. Благодаря исскуству и изворотливости главного властителя этой орды султана Аблая, Средняя орда оставалась совершенно независимою до самой смерти Аблая, последовавшей в 1781 году. Он умел, смотря по обстоятельстам, казаться преданным то России, то Китаю, то Джунгарии, но в действительности не подчинился никому, а при случае безпощадно грабил и разорял своих соседей [33, б. 51].

1757 жылдың 18 қазанында премьер-майор Тирянның Сібір корпусының командирі бригадир К.Л. Фрауендорфқа керей болысының старшыны Қожаберген бастаған қырғыз-қайсақтардың Аққөл маңында орналасқан Ямышев бекінісіне келгендігі туралы хабарламасы. Құжат мәтіні: «Сего октября 17 дня г-дин Терпигарев поданным ко мне репортам представил: По репортам к нему от гобвахтного ундер-офицера полку Вологоцкого каптенармуса Фельшмана донесено: что стоящими в той крепости з башни у реки Иртыша от казенных магазейнов часовыми усмотрено: на той стороне реки Иртыша берегу приехавших на верховых лошадях незнаемых людей. Почему от меня он, гдин поручик Терпигарев, с пристойной вооруженной командой и с толмачем, татарином Апсалимовым, для спросу их: что за люди, за ту реку Иртыш и посылан был. Которые чрез за толмача, служилого татарина, и спрашиваны были. На что оные и объявили: что киргис-кайсаки ведомства старшины Кежемергень, волости Керейской. И следуют-де они по той стороне реки Иртыша, и где удобные места изыскать могут, то в нынешную зиму и кочевать будут. А ныне-де оной старшина Кужемергень в четырех тысячах расположился кошем у реки Белой, расстоянием от крепости Ямышевской в пятнатцати верстах. При которой-де простоят-де с неделю. А Аблай-де салтан находитца в урочище Баян-облай вода, камень. А мунгальское-де войско видели в калмыцких местах в урочище Баранала, назат тому м-ца з два. А Сюда-де приехали всего шестдесят человек, в том числе оружейных четыре, а у протчих никакого оружия не имеетца, для сатовки. А только с собою ныне привезли одного малого двух лет и охочему человеку на какой ни есть товар того малолетка променять должны. И при той де команде со оным порутчиком был Вологоцкого драгунского полка адъютант Руднев, и оного малолетнего калмыченка за семь аршин василькового сукна корноваго, ценою каждой аршин по рублю, у киргица Кубагиш, с тем объявлением, чтоб пошлины в пограничную при Ямышевской крепости таможню отдать, и на него от себя он, г-дин адъютант, Руднев от той таможни выписки взяетьем выменял. А кроме вышеписанного, ему поручику Терпигореву, ничего не объявили, и обратно в степь по заречной реки Иртыша стороне поехали. И об оном вашему высокородию покорно доношу [101].

Хабарламада осы жылдың 17 қазанында Терпигарев мырза К.Л. Фрауендорфқа берген репортында азаматтық гвардия бастығынан Вологодск капитаны Фельшманның полкіне: Ертіс өзенінің жанындағы мұнарадан сол бекіністе тұрған күзетшілерге Ертіс өзенінің жағасы мен арғы бетінен атқа

қонған белгісіз адамдардың көрінгендігі туралы хабар жеткен. Сонда Терпигараев К.Л. Фрауендорф пен лайықты әскери командасы бар татар тілмәші Апсалимовтан Ертіс өзені жағалауынан көрінген адамдардың кім екендігін анықтап келуді бұйырады. Осы тұста олар бұл қырғыз-қайсақ бөлімінің керей болысының старшыны Қожаберген батыр екендігін мәлімдейді. Және де батыр мен оның әскері Ертіс маңайынан өздеріне қолайлы аймақты табатын болса, онда олар биылғы қыста осында көшіп-қонуға дайын екендігін жеткізді. Кейіннен Қожаберген старшын өзінің көшімен бірге Аққөл маңынан төрт мыңдай, ал Ямышев бекінісіне он бес верст қашықтықтай жерде бір аптадай уақыт тұрақтағандығы туралы мәлімет аламыз. Ал Абылай сұлтан бұл кезде Баян Облай шатқалында болғандығы айтылады, ал моңғол әскерлері бұл кезде сұлтан Абылайды екі ай бұрын қалмақ жерінен Баранал шатқалынан көргендігін хабарлайды. Ал мұнда келген әскер саны алты мың, оның ішінде қаруланғандары төрт мыңға жуық екендігі туралы ақпарат кездеседі.

Жоғарыда келтірілген құжат мәтініне зер салсақ, Қожаберген батырдың қазақ–қытай саудасының дамуына ықпал еткен тұлғалардың бірі болғандығына көз жеткіземіз. Мәселен, бұл құжатта қалған әскерде айырбас сауда үшін де қолдарында ешқандай қару-жарақ, құрал-сайман жоқ екендігі туралы мәлімет бар. Осы тұста екі жасар баланы алып келіп, өз қалауымен ынталы бір адамға белгілі бір тауар түріне айырбастауы қажет. Осылайша Вологоцкий драгун полкінің адъютанты Руднев осы кіші қалмақ баласын қырғыздық Құбағыштан жеті аршынға тең жібек матаға (бір аршын құны бір рубльге тең) айырбастағандығы жөнінде мағлұмат аламыз. Осы хабарландыруымен Руднев Ямышев бекінісіндегі шегаралық кеденге баж салығын төлеуі үшін арнайы барып, сол кеден кеңсесінен үзінді көшірмелерді алғандығын білеміз. Сонымен, осы хабарлама мәтінінің соңғы үзінділерінен қазақ–қытай сауда қатынастарының едәуір жоғары деңгейде дамығандығы көрінеді.

Қырғыздар (қазақ – авт.) қытай әскерінен олардың табындарын шығыс жаққа айдап жібермеуін өтініп, оның тұрақтылық кепілі үшін старшындардың балалары немесе туған бауырларын аманат ретінде қоятындығын жеткізген. Осы жағдайда мәселе туындаса, Қожаберген батырға жіберілетіндігін мәлімдеген. Батыр Қожаберген осы уақыттарда Ертіс өзенінің жоғары сағасымен Семей бекінісінде көшіп-қонып жүргеніне көз жеткіземіз.

Тағы бір айта кетерлігі, Қазақ хандығында, жалпы ортаазиялық хандықтарда Жоңғариямен және Қытай империясымен қарым-қатынас барысында түрлі сыртқы саяси мәселелерді шешудің бірден-бір тиімді жолы аманат беру болып саналды.

Қытайдың Мин және Цин деректерінде аманат институты Қытай билігінде ғана орын алды деп қарастырылады. Шын мәнінде, аманат институтының мақсаты түрлі сыртқы саяси міндеттерді, атап айтқанда, таққа құқықтарды танудан экономикалық қызмет аумағын кеңейтуге дейінгі мәселелерді шешуге бағытталды. Жаугершілік замандарда аманат институты халықаралық қатынастардағы қайшылықты мәселелердің шешімін табудағы саяси күші басым болған.

Аманат институты жоңғарлар мен қазақтар үшін қарулы қақтығыстардан шығудың ең оңтайлы нұсқасы болды. Жоңғарияда барымтадағылардың жағдайы мен мән-жайы туралы құжаттар жеткіліксіз. Дегенмен Жоңғарияның кепілдігіне түскендердің қатарын ақсүйектер мен тектілердің өкілдері, хандар мен сұлтандардың отбасы мүшелері құрады. Қалай десек те, қазақтардың өздері төңірегіне жоңғар ханының ұлдарын алғандарын сендірді, оларды еркін ұстағандарын айтып, сендіргісі келді. Әрине, дегенмен де олар үнемі бақылауға алынды. Ханның ордасындағы орыстар да дәл осылай хабарлаған. Сонымен қатар олар әдетте отауларымен, киіз үйлерімен, ірі қара малымен, сондай-ақ жолсеріктерімен және қызметшілерімен жіберілді. Алғашында Цин патшалығы қазақ билеушілерінің асырап алған балаларын кепілге ұстады, олардың арасында тұтқынға алынған ойраттар да табылды, сондай-ақ олардың алыс туыстары болды [96, б. 175-178].

Абылай кейбір жағдайларда Әмірсананы қайтарып алу және қолға түсіру жөніндегі Қытайға қатысты ұстанымын Ресейге «ашық» көрсетіп отырды. Мұны оның 1758 жылы 22 шілдеде Орынбор губернаторының міндетін атқарушы А.И. Тевкелевке Цин империясы арасындағы қарым-қатынастары туралы жазған хатынан көруге болады. Әмірсанаға да, Ресейге де қарсы табандылық танытып, жоңғар қашқынын құтқаруға тырысқан ол: «Қытай ханына жіберген елшілерім аман-есен оралды. Сондай-ақ ол Әмірсананы қолға түсіруді талап етіп, Ресейге елші жіберіп жатқанын айтты, бұны естіген Әмірсана жеті адаммен бірге Ресейге барып, бас сауғалады. Ал орыс халқының игілігі үшін патшайым онымен татуласады, сол себепті ол оны көрсетуге тура келеді, ал егер көрсетуге келіспесе, онда ол жоғарыда айтылған шүршіттердің он жеті қатар әскерімен Ресейге барып, әлгі Әмірсананы қолға түсіреді...» [87, б.144-145].

Ресей империясы бұл ақпаратқа сенбеді және олар міндетті түрде қайта тексеріліп отырды деп ашық болжауға болады. Барлаушылар (скауттар мен лазутчиктер) арқылы, мысалы, тексерілген бұқарлықтар немесе татарлар арасында айқаспалы қайта тексерулер орын алды.

Бұл Орынбор губерниялық кеңсесінің өкілі Мурзалей Шиховтың «ертегісінен» Абылайдың Цин империясымен елшілік байланыстар орнатуы туралы 1758 жылғы 29 тамыздағы өңірдегі саяси жағдай берілген: «Қырғыз-қайсақ ұлыстары арасында таролық көпес бейнесінде танылған Бұхара жұртынан шыққан Мурзалей Шихов өзіне берілген шетелдік үндеулер туралы құпия жазбаға қарсы былай деп жариялады: Қырғыз старшиналарымен болған әңгіме барысында Абылай сұлтан өткен көктемде Қытай билігін қабылдауды дұрыс дипломатиялық шешім деп бағалады.... Қытай әскері қазіргі Абылай қонысына екі айдай жол жүретін қашықтықтағы Баркөл көлінде тұрақтады, ал ол аймақтың Ресей шегарасынан қаншалықты алыс екені белгісіз. Қытайлықтардың қарулары көбінесе суық, ал жебелері неғұрлым қалың және ауыр болып келеді, ал бір жағынан моңғолдарда түріктер, ал қырғыз ұлыстарына жақын маңайда кішігірім қытай партиясы бар деп айтылады... Үлкен қырғыз ордасы Төлеби иелігіне тиесілі. Іле өзенінде ешқандай ауыл, тұрғылықты мекендер жоқ, бірақ Қытай әскерлерінен тек пошталық //

қытайларда егістікпен айналысуға мүмкіндік беретін стансылар бар. Қазіргі уақытта қырғыз ордасына қытай әскерлері келіп, Балмәмет ханда тоқтады, онда олар жақын мерзімде келуге ниетті емес Абылай сұлтанды, Құлсары мен Құлеке батырларды күтеді [87, б. 147-149].

Келесі жылдары қазақтардың Қытаймен дипломатиялық келіссөздерінің ұзақ тізбегі басталды, оған екі жақ та қызығушылық танытып, мүдделі екендерін білдірді. Мәселен, 1759 жылдың 8 наурызында Орынбор губерниялық Кеңсесіне Мамық пен Базар қазақтары Абылай сұлтан арқылы Қытай императорынан мадақтаулар мен сыйлықтар алғандықтарын өз хаттарында мәлімдеді. Сонымен қатар олар қазақ сұлтаны қол астындағыларының өмірін сақтау үшін Қытаймен бейбітшілік қатынастар орнатқанын баяндап берді. «Бұдан кейін Қытай әскері қырғыз-қайсақ жеріне еніп келе жатқан тұста Абылай Қытай ханы Боғдыханға онымен бейбіт келісімде болу мақсатында өзін таныстырды, ол аз ғана саны бар әскерімен қорқынышы сейілді, қырғын қазаға ұшырамай аман қалды, өзінің мәмілегерлік саясатын ұстанып және оның ордасын бүліксіз жеңіп алу үшін ... ол одан, Боғдыханнан, айтарлықтай сыйақы алды».

Сонымен қатар осы хабарлаушылар Ресей мен Қытай соғысы жағдайында Абылай сұлтанның бейтараптық қағидатын ұстанатындығы туралы маңызды хабарламаны Ресей тарапына жеткізді: «*Дегенмен жоғарыда аталған Абылайға жіберілген елшілер Абылай сұлтаннан былай сұрады: Егер де олардың Ресеймен арасында соғыс орын алған жағдайда Абылай сұлтан не Ресейдің, не болмаса Қытайдың тарапына шықпайды, алайда ол өз қырғыз халқының амандығын, сақтығын ойлайды»* [110].

Сонымен бірге қазақ ханы Әбілмәмбет пен сұлтан Абылай қытайлармен күрделі келіссөздер жүргізді (хабарлама-авт.). Бұл туралы Орынбор губерниялық кеңсесінің командирі Сібір корпусының бригадирі К.Л. Фрауендорфқа 1759 жылғы 23 наурызда берілген естелік жазбадан көруге болады. Сөз жоқ, басты мәселе жоңғарлардан босаған жерлерге қазақтардың емін-еркін көшіп-қонуы туралы болды. Сонымен қатар Ресей бұрынғы жоңғар жеріне қытайларды жібермеу мәселесінде қазақтарды пайдалануға мүдделі болды: «Осы жылғы 11 ақпандағы Сыртқы істер алқасынан генерал-майор Тевкелев пен кеңесші Рычковқа жіберілген мемлекеттік императорлық мәртебелі Жарлығында қытайлықтар Жоңғария жеріне иелік ете алмайды, бұл маңызды іс үшін құрметке ие болды, сонымен бірге оларға қырғыз-қайсақтар кедергі келтіруі тапсырылды» [111].

Әрине, Ресей империясы мен қазақтардың мүдделері бір-біріне сәйкес келді: Ресей Қытайды Жоңғарияға жібергісі келмеді, ал қазақтар бір кездері жоңғарлар басып алған байырғы жерлерін қайтарғысы келді.

Жасыратыны жоқ, жоңғар шапқыншылығы салдарынан халқымыз Ресей империясының отаршылдық саясатының құрбанына айналуға мәжбүр болды. Патшалық Ресей әскери бекіністер салу, қазақ хандарын уақытша өз иелігіне бағындыру саясатын ұстанып, «қулығына құрық байлатпас» айла-амалдар құрып, терең жоспарлы қитұрқы саясатын жүзеге асырды.

1738–1741 жылдары Жоңғария қонтайшысының әскері Қазақстан жеріне жаңа жорықтарын ұйымдастырды. Жоңғар әскері Орта жүз территориясының шегарасына еніп, қазақ ауылдарына қырғидай тиді. Олар бейбіт халықты аяусыз қырып, әйелдер мен балаларды құлдыққа айдап әкетті. Жоңғарлар орыс шегаралық посттары мен Ор бекінісіне қарай беттеген қазақтарды ресей шегара аймақтарына дейін қуып барды. Орыс шекаралық билігі жоңғарларға қазақтарды орыс иелігіндегі халықтар ретінде жайына қалдыруды талап етті. Бұл мәлімдемеден соң жоңғарлар кері шегінуге мәжбүр болды. 1742 жылы жоңғарлар Орта жүзге шабуылдарын қайта жалғастырып, Әбілқайыр мен қазақ сұлтандарынан Жоңғар мемлекетіне бағыныштылығын мойындауды талап етті. Алайда орыс шегаралық билік өкілдерінің араласуынан соң олар өз талаптарынан бас тартуға мәжбүр болды [65, б. 9].

Берілген тарихи фактілерге назар аударсақ, әрине, Жоңғар мемлекетінің XVIII ғасырдың 40-шы жылдардан бастап-ақ бейбіт жатқан қазақ қоныстарына тұтқиылдан жойқын шабуылдар жасаған. Осы тұрғыдан қарастырғанда, орыс шенеуніктерінің қазақтарды өздеріне бағынышты немесе жалынышты отар халық етіп көрсету амалдарын байқамау мүмкін емес.

Қазақ хандығының саяси-әскери құрылымын тұрақтандырған Абылай хан іргелес мемлекеттер мен Ресейге бағынышты туыстас халықтарға әрқашан қолдау танытып отырған. Патшалық Ресейге бостандық жолында баскөтерулер ұйымдастырған башқұрт халқының батырларына қамқорлық көрсетті. Оның бірі – башқұрт халқының көрнекті батыры Қарасақал.

Өкінішке орай, Қарасқал бастаған башқұрт көтерілісі жеңіліске ұшырады. Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін Башқұрт ханы Қарасақал қазақ даласына қашып келді. Қазақтармен тығыз байланыс орнатып, 1740 жылдары Ресей әкімшілігіне едәуір саяси қиындық туғызды [65, б. 219].

Қожаберген батыр хан Абылайдың тікелей қолдауы мен тапсырмасы арқылы әскери-елшілік қимыл-әрекеттерін орындап отырды. Хан Абылай башқұрт халқымен де бейбіт қарым-қатынас жолын таңдады.

Осылайша, тарихи оқиғаны логикалық талдауымыз, қазақ батыры Қожаберген мен Қарасақал арасында өзара бауырластық сезімдері болғаны анық екендігін көрсетеді. Оған 1745 жылғы 7 ақпандағы Семей бекінісінен капитан Карачиновтың Ямышев кеңсесіне жолдаған рапорты мысал болады: *«Февраля-де 4 дня Енисейского полку гранодер Яков Холкин прибыл ис команды от порутчика Александр Левашова. И по прибытии-де скаскою объявил: прошлаго-де 1744 году декабря 23 дня командирован он был ис той крепости Новоучреждаемого драгунского полку каптенармусом Иваном Корниловым для препровождения следующего в Зенгорскую землицу посланца Наурус-Хазы. И следовали от той Семиполатной вперед восемь дней. И на том месте оной посланец за присталью лошадей и за глубоким снегом остановилса и стоял десять дней. И с того места шли вперед еще три дни и остановился помянутой посланец в урочище Щеках, понеже снег весьма велик и протти никак невозможно. А которые посланы в Ургу для конвою и подвод драгун Иван Кучин, салдат Федор Коновалов, и оные еще не возвратились. И по согласию-де оной порутчик с посланцем отпустили помянутого каптенармуса Корнилова с*

конвоем дватцетью девятью человека. А ему-де приказал оной порутчик от него каптенармуса остаться с четырьми человеки в казыцком улусе у башлыка Кожеберды-батура. До которого-де по возврате следовали четыре дни. И сказал им: как-де прибудут из Урги драгун и салдат, то-де пришлются к вам в тот улус и с лошадьми, а ежели дождаться не могите, то-де и вы поезжайте в Русь. Чего ради и жили-де они в том улусе восемь дней, и обождать не могли, и запасу у них не стало, и купить не на што. Того ради он, Холкин, с командою своею и поехал в Семиполатную крепость. А помянутой посланец ушел ли с того места вперед или нет, о том-де известия не слыхали» [112].

Осы құжатта драгун И. Кучин және Ф. Коновалов атты сарбаздар Қожаберген батырдың ұлысында болғаны белгілі болды. Осы аталған орыстар жоңғарлардың орталығы Ургa деген қаладан келгені айтылады. Олар Қожаберген батырдың ауылынан кетіп, төрт адамдай қалдырып кетеді.

Құжаттың келесі үзіндісі одан да құнды ақпараттар жеткізеді. Қожабергеннің ірі қолбасшы екендігі және үш мыңға жуық қарулы әскері болғандығы туралы мәлімет береді: *«А как он, Холкин, в том улусе осталса от помянутого каптенармуса Корнилова, и притом объявил ему показанной казыцкой башлык Кожеборды-батур, что-де при мне имеется войска три тысячи, и вы-де живите здесь без опасу, и обиды-де никакой от нас вам не будет, а как будет тепло, то-де я отпущу к вам в крепость с торгом сына своего Байтелека, и чтоб у вас в крепости и сыну моему обиды никакой не было. Да оной же-де башлык Кожаборды батур приказывал ему, Холкину: скажи-де г-дину капитану – ежели Карысакала команды ево люди прикочуют под крепости и будут вам обиды чинить, и будет за ними погоня, то б-де и мне известие подали, хотя, чрез моих людей, то-де и я за ним, Карысакалом, в погоню пойду. Токмо-де оной Карысакал кочует ныне от нас в дальном разстоянии. И мы-де с ним не в миру»* [113]. Құжатта, Қожаберген батыр Холкин деген орыстың әскери адамына: «Менің көшімде тұрақты түрде үш мың әскер бар», – деп хабарлайды. Екіншіден, қонаққа келген ауылында қалған төрт адам ешкімнен қорықпаса болатындығын және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігін айтады. Үшіншіден, осы әңгіме барысында Қожаберген өтініш білдіреді. Атап айтқанда, күн жылыған кезде Семей бекінісіне сауда мақсатымен өзінің ұлы Бәйтелекті (Байтайлақ) жіберетіндігін айтады және бекіністе баласына қамқорлық танытып, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өтінеді. Төртіншіден, Абылай Холкинға мынадай бір қызықты ұсыныс жасайды. *«Егер де Ресей империясынан бас сауғалап, тығылып жүрген Қарасақал өз адамдарымен бекіністің маңайына келсе, сендерді ренжітсе, егер де сіздер оның соңына түсіп құдалау жасасаңыздар, Қожабергенге де ақпарат берсеңіздер..... Хабарларды маған тура немесе менің адамдарым арқылы жеткізуге болады. Солай жасасаңыздар, мен Қарасақалды қуып жетуге дайынмын»,* –дейді. Қожабергеннің айтуы бойынша, Қарасақал одан алыс жерде көшіп-қонып жүреді және «мен онымен текетірестемін» деп мәлімдейді. Ресей жағына қатысты татулығы мен сауда қатынастарына рұқсат алу үшін Ресей билігіне қолдау көрсететінін білдіргісі келеді. Құжатты талдау нәтижесі Қожаберген батыр өзінің дипломат саясаткер екендігін көрсетеді. Қазақтың

Абылай, Қабанбай қатарлы мәртебелі тұлғаларымен қатар Қарасақалды да қолдап тұрғаны білінеді, дегенмен де осы тұста Ресей тарапына теріс ақпарат бергені көрініп тұр. Үш мың әскері бар Қожабергеннің Қарасақалды ұстап беруге мүмкіндігі мол еді, алайда мұндай қадамға бармады. Қазақтар түркітілдес башқұрттарды бауырлас халық деп танып, құрметпен қараған.

Башқұрттар мен қазақтар түркітілдес, бір-біріне туыстас халықтар. Башқұрттардың шаруашылық қызметі, тілі, діні мен мәдениеті қазақтармен ұқсас болды. Сол кезеңде башқұрт–қазақ байланыстарында екі ел қыз алысып, қыз берісіп жатқан болатын. Башқұрт пен қазақ батырлары арасында күрес, ат бәйгесі, садақ ату жарыстары сияқты дәстүрлі шаралар кеңінен таралды. Орыс билігі екі бауырлас халық патша өкіметіне қарсы бірлескен әрекетке баруы мүмкін деп, бірлік пен ынтымаққа жол бермеу мақсатында алауыздық туғызуға тырысты. Көптеген башқұрттар Орынбор жасақтарынан төнетін қауіпке қарамай қазақ даласынан пана іздеді [35, б. 140].

Қожаберген батыр іргелес елдер мен халықтардан төнуге ықтимал ортақ саяси қауіптен сақтану үшін башқұрттарды одақтас халық ретінде қабылдағандығы көрінеді. Батыр ойрат нояндарымен қатар башқұрт халқының Қарасақал сияқты беделді тұлғаларымен де дипломатиялық қатынастарын үзбеген.

Қожаберген батырмен қатар, оның ұрпақтары арасынан бәйбішеден туған ұлы Байтайлақтың есімі тарихи деректерде көп аталады. Қожабергеннің ұлы Байтайлақ туралы деректерге мұқият назар аударсақ, оның Цин патшалығымен қатар қазақ–орыс қатынастарында белсенді де абыройлы адам болғандығына көз жеткіземіз.

Мәнжүр құжаттарында Байтайлақты Қожабергеннің елшісі ретінде, Цин әскери лагеріне маңызды хабарларды жеткізіп отыратын адам ретінде, Қожаберген батырдың ұлы деп анық көрсетеді. *Келесі күні, яғни 7-күні (1757 жылдың 21 тамызы – авт.), айдаһар уақытында, Далишан Қожабергеннің Байтайлақ есімді ұлы және Қара Барақтың інісі Мәми сынды 10 адамды Нарит асуы арқылы осында бастап әкеліпті. Сонда Қожабергеннің ұлы Байтайлақ былай деді: «Абылай әскер бастап осында келіп, ұлы армияларыңызбен қауышқан екен. Ол өзі барша қазақты бастап ұлы Еженмен қарым-қатынас орнатқандығы туралы хабарды хат арқылы біздің барлық ру-тайпаларымызға жеткізген. Осыдан хабардар болған соң біздің Қожабергеніміз әскер бастап қашқан Әмірсананы тұтқындауға шықты. Ол мені сіздер, цзюнцзюнь-ұлықтармен кездесіп, сіздерге сәлем беруге жіберіп отыр. Бізде хат жазатын адам жоқ, сондықтан мұнда біз өзіміз келіп, өз аузымыз бен өз тіліміздің сенім хат ретінде пайдаланбақпыз»*... [8, б. 161].

Берілген құжаттағы деректерді талдасақ, біріншіден, бұл тұста қазақ жылқысының қасиеті мен табиғи ерекшелігіне қытайлар қызығушылық танытқан. Қытай–қазақ сауда қатынастары тарихында Цин империясы қазақ жылқыларына аса қызығушылық білдіріп, «Жылқыға – жібек» саудасын іске асырғаны белгілі. Қазақ жылқысының ірі іздерін байқаған қытай қарауылшылары әскери лауазымы жоғары Далишан, Жакучи және Бинтуға жүз әскерімен Багин асуына барып торуылдау туралы бұйрық түседі. Қытай әскері

бұл адамдардың Қожаберген батыр мен Қара Барақ бастаған 700 қазақ әскері екендігін мәлімдейді. Қожаберген мен Қара Барақтан бөлек, Қожабергеннің ұлы Байтайлақ та бар. Осы тұста батыр Қожабергенмен қатар оның ұлы Байтайлақтың да қазақ халқының тағдырын шешуде дипломатиялық қызмет атқарғандығын аңғарамыз.

Р. Зұрғанбайұлының «Шұбарайғыр – Қожаберген батыр» жинағында Байтайлақ Қожабергеннің бәйбішесінен тараған ұлы деп аталады. *«Жәнібек ұлы Қожаберген. Бұл кісі – шұбарайғыр руының ұраны, қолына қазағымның қасиетті төрт туының біреуін ұстаған, алып батыр адам. Осы Қожаберген батырдан Байтайлақ, Қалыбай, Тоқбура, Малкелді, Ертісбай, (бұлар – бәйбіше аталады). Кененбай, Кенет, Мәті (Бабура аталады). Жандәулет, Шындәулет, Рыстанбет, Меңдібай, Бөгенбай, Кенжебай, Қазақбай, (Бұлар жүзік аталады*) [14, б. 75].

Бұдан шығатын түйін – Қожаберген өзінің ұлы Байтайлақты сенімді адамы ретінде қытай және орыс қатынастарында белсенді араластырғаны көрінеді. Байтайлақ да әкесі қатарлы елшілік және сауда қатынастарын реттей алар қабілеті бар тұлға болғандығын атап өту қажет.

Жоғарыдағы құжаттан тағы бір үзінді талдар болсақ, *«А по возврате ис того улуса в Семиполатную крепость наезжали в том пути войска ево. Кочуют в разных местах в урочище по Чар-Гурбану пятнатцеть юрт. И проехав помянутыя юрты встретилса-де с ними казак, имя ему Аблай, которой объявил о себе, что помянутому башлыку Кожеберды-батуру брат, а кочую-де я против Семиполатной крепости в камне в пятьдесят юртах и буду-де в Семиполатную крепость нынешним временем с торгом»* [112].

Қожабергеннің қарамағындағы адамдар әр жерде шашыраңқы түрде көшіп-қонып жүрген. Мысалы, Шар Гурбан деген жерде он бес үй көшіп-қонып күн кешті. Сол ауылдың Абылай атты бір қазағы Қожаберген батырға туыс аға болып саналады. Қожабергеннің осы аталған Абылай атты ағайын бауыры Семей бекінісі жанында елу киіз үймен көшпелі өмір сүреді екен. Келешекте, күн жылыған кезде Семей бекінісіне сауда жасауға келетіндігін білдіреді. Ал осы тұста, орыстар Қожаберген ұлыстарына барғанда қысым көрсетілді ме, шабуыл жасалды ма деген сұрақ туындайды. Қожаберген ауылында болған орыстарға сапарда да, жолда да ешкім тиіспеген. Осы уақытта Қожаберген батыр өзі жақтаған халықтар мен батырларға қамқорлық танытқан. Әрине, осындай қамқорлықты, қауіпсіздікті көрген және сезінген орыс әскері өкілдері жауап ретінде келешекке саудамен келетін Қожаберген батырдың адамдарын жақсы қарсы алуға ниет білдіреді. Талданып жатқан құжаттың үзіндісі осыған дәлел: *«Ежели предписанныя Казачьей орды люди в оную Семиполатную или другую крепость с торгом прибудут, то оным для торгу в жилье тех крепостей впуск чинить ли или приказать быть им вне крепостей»* [113]. Құжатта қазақтарды қарсы алып, тек қана бір мәселе – бекіністің ішінде немесе сыртында қалдыру мәселесін шешу қажеттілігі еді.

Құжатта кездескен Абылай атты қазақтың Қожаберген батырға туыс екендігін, батырдың ата-тек шежіресіне үңіліп талдасақ...

Абақ керей – Асанберді, Құттыберді, Аллаберді

Құттыберді – Жаппас – Мәнжол – Кенел - Шұбарайғыр (Келбағыс)
Шұбарайғыр (Келбағыс) – Жаната, Жаркәбіз
Жаната – Шотпан, Тоғыз
Шотпан – Толым– Жауғаш – Өтес, Түлек
Өтес– Жаншоры, Жиеншора
Түлек- Тоғызақ
Жаншора – Мұрат, Қанымбике, Жәнібек
Жәнібек – Қожаберген
Қожаберген – Бәйбіше, Байбура, Жүзік
Қанымбике – Алманбет, Тоқпанбет, Байманбет
Жиеншора – Аққұртқа, Жиенабыз
Аққұртқа – Бөлек, Қызылқұрт (Досымбет), Сәркөз (Есімбет)
Жаркәбіз – Өтеғұл, Меңлі, Балта
Өтеғұл – Кәлпе (Есенаман), Қосай
Қосай – Орыс, Тағыс
Орыс – Қаржау–Бөрте
Тағыс – Бәйкісі
Балта – Құтымбет, Айтымбет, Мұрынбет [13, б. 407].

Жоғарыда көрсетілген абақ керей шұбарайғыр шежіресіне назар аударсақ, Бөлек пен Қожабергеннің үшінші аталары туысады. Деректе беріліп отырған Қожаберген батырдың туыс бауыры деп аталған Абылай Беляков оның Бөлек атты туысынан тараған ұрпағы екендігін растап отыр.

Қазақ ордасынан Абылайдың сенімді сардары Қожаберген батырдың туыс ағасы Абылай өзімен бірге үш адаммен сауда жасау мақсатында келгендігі туралы деректе: *«Того ж-де февраля 5 числа в девятом часу дни прибыли в тое крепость из зарешной стороны реки Иртыша Казачьей орды Аблай Беляков Коже-Берды-батур брат и при нем казыков три человека. Которые-де ему, капитану, между протчем объявили: приехали-де во оную крепость сказать да и для торгу. А стоят-де против Усть-Каменогорской крепости в камню в пятидесяти юртах. А войска-де при нем двести человек»* [114] делінген. Құжаттан біз Қожабергеннің ұлысы Өскемен бекінісінде тұрақтағаны, қыстауында 50 киіз үй мен 200 сарбазды құрайтын тұрақты әскері болғандығын анықтаймыз. Тұрақты әскерді жасақтау және қамтамасыз ету – көшпелі өмір салтын ұстанатын халықта өте сирек кездесетін жағдай. Тұрақты әскерді жасақтау әлсіз, ауқатсыз адамның қолынан келе бермейді. Осы тұста біз Қожаберген батырдың қолбасшылық қасиеті мен өзінің ұлы Байтайлақпен қатар бауыры Абылайды да сауда қатынастарына белсенді араластырғандығына көз жеткіземіз.

Қожаберген батырдың дипломатиялық қызметінің көрінісі ретінде Семей бекінісінде сауда жасау әрекеті өз нәтижесіне жетті. Мұның дәлелін 1745 жылғы 12 наурызда полковник Я.С. Павлуцкийдің Сібір әскери шебінің басшысы генерал-майор Х. Киндерманның хатынан білуге болады. *«Секретной ордер вашего превосходительства минувшаго февраля от 13 на представление г-дина полковника Зарина (а надежно, что в такой же силе и от меня уже представление вашим превосходительством получено) о допущении киргиз-*

кайсаков к Семиполатной крепости Гожебердеева сына и с ево киргиз-кайсаками торговать, а о не допущении оных в город, и о нечинении им озлобления, и о разведывании между разговорами о намерениях зенгорского владельца, и что кому от тех киргисцов объявлено о чем будет, то секретно стоящей [115], *в той Семиполатной крепости капитан Карачинцов немедленно репортовал вашему превосходительству, и о подтверждении, чтоб в той крепости караул и фарпосты во всякой предосторожности находились, дабы, паче чаяния, от показанных киргизцов злых поступок не могло произойти, и пока оные киргисцы для торгу в Семиполатной находитьца будут иметь в день, так и в ночь в том городе сверх караула при афицере пекет и в воротах караул умножить, и те ворота, кроме калитки не отворять, и в ночное время закладывать покрепче, и о умножении круг крепости часовых, а которого числа те киргизцы в каком числе людей и с каким товаром прибудут, о том к вашему превосходительству репортовать, сего марта «11» дня получен*» [116].

Осы құжатта біз Қожаберген батырдың адамдарына Семей бекінісі маңайында сауда жасауға рұқсат берілгенін көреміз. Біріншіден, Қожаберген адамдарын сауда қатынастарында қала ішіне кіргізбей, қала сыртында ұстауды бұйырғанын аңғарамыз. Екіншіден, оларды ызаландырмау туралы нұсқау берілген. Қазақтардың саны көп, олар өшігіп, бекіністе шабуыл жасайды деп сескенді. Бұрындары Семей әскери шебінде мұндай қақтығыстар болып тұрған. Мысалы, 1754–1755 жылдары қыс мезгілінде Сұлтанмәмет сұлтанның 200-дей адамы Коряков бекінісіне шабуыл жасағаны белгілі. Үшіншіден, бекіністе және маңайдағы форпостарда әскери күш барлық жағынан дайын болу керектігі жөнінде нұсқау берілген. Төртіншіден, қазақтар Семей бекінісі маңайында сауда қатынастарын ұйымдастырғанда әскери топтан басқа жеке офицерлер мен қарауылдар санын көбейтуді, сондай ақ олардың қақпа маңайында тұруына бұйрық беріледі. Сонымен қатар есікті түн мезгілінде ашпау туралы, қарауылдар санын көбейту туралы айтылады. Бесіншіден, Қожаберген адамдары саудаға аттанғанда алдын ала қанша адам кеткендігі туралы бақылау орнатылған. Әрине, Ресей жағының қазақтарға деген сенімсіздігі бар екенін байқаймыз. Сенімсіздер ішінде Қожаберген және оның адамдары да бар деген сөз. Сол заманның құжаттарын талдар болсақ, Ертістің қыр жағындағы қазақтарды архив құжаттарында «жау» («неприятель») деп атайды. Әр жеті күнде бір рет Ертіс шебіндегі бекініс басшылары Тобольск қаласына шегараның бүтіндігі және қазақтардың малының Ертіс шебіне өтпегендігі туралы баяндап отырған.

Осы құжат Қожаберген батырдың сауда қатынастарындағы епті дипломат екендігін көрсетеді. Біріншіден, Қожаберген батыр Абылай және Әбілпейіз сұлтандар сияқты беделді тұлға болғандығын білдіреді. XVIII ғасырдың 40-шы жылдары Ресей империясымен жоғары дипломатиялық байланысқа тек қана қазақтың беделді сұлтандары мен хандары ғана араласып отырған. Ал Қожабергеннің баласын Семей бекінісіне жіберіп, сауда қатынастарына ықпал еткендігі Қожабергеннің сұлтан-төрелермен қатар абыройының жоғарылығын білдіреді. Екіншіден, Қожаберген батырдың қазақ–жоңғар соғысында алып

империямен бейбіт өмір сүріп, қақтығыстарды қолдамай, сауда жолын таңдағанын байқаймыз. Үшіншіден, батырдың сауда байланыстары арқылы Ресей империясымен қарым-қатынасқа шыққандығы анық.

1760 жылғы 22 желтоқсанда Семей бекінісінің Ертіс желісінен генерал-майор Щетневтен түскен хабарламада, осы желтоқсан айының 19 күні Семей бекінісіне Орта жүз абақ керей болысының старшыны Қожаберген батыр үш адаммен, олар Мамет Янгулов, Алдаяр Арказаяв, Болбок Хонбашев, олармен бірге жиырма шақты адам, Ертіс өзенінен төмен, Семей бекінісінің жартысынан Озерная станциясына дейін, елу версталық қашықтықта, Ертіс өзенінен алыс емес жерде тұрақтады. Олардың ұлысы Долон форпостынан, тіпті Жоңғар жеріндегі шатқалдарда көшпелі қоныстары орналасты [117].

Ғалым Ж. Нода «Ресей империясы мен Цин империясы арасындағы қазақ хандықтары» кітабында XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ сұлтандарының Ресей империясы мен Цин патшалығы арасындағы халықаралық қатынастарын зерттейді. Зерттеуші қазақ сұлтаны Уәлидің Цин императорына жолдаған хатындағы ұсынады: *«Сіз, Цин патшалығының билеушісі, бізді орыстармен жауластыру туралы ниетіңізді жазыпсыз. Алайда менің әкем Абылай көзі тірісінде орыстар халыққа да, оған да, тіпті Ордаға да зияндық жасамады, сондай-ақ екі тарап та бейбіт түрде өзара байланыстарды реттеп отырды. Оның үстіне, әкем қайтыс болғаннан кейін біз, оның ұрпақтары, әрдайым орыстармен бейбіт әрі тұрақты қарым-қатынас орнатуымызды қатаң талап етті»,* – делінген [27, б. 74].

Көріп отырғанымыздай, Цин императорының қазақ–орыс қатынастарында алауыздық туғызу мақсатындағы пиғылын қазақ ақсүйектері қолдамай, екіжақты бейбіт саясатты қолдаған. Абылайдың тікелей идеясымен қазақтың беделді сұлтандары мен Қожаберген қатарлы батырлары да осы саяси тактиканы міндетті қағида санаған. Дегенмен Ресей империясы қазақ ақсүйектері мен Цин ұлықтары арасындағы қатынастарды басты назарда ұстады, бұл осы дәуірдегі тарих сахнасындағы ірі империялардың бақталастығын көрсетеді.

Қырғыздардың (қазақтар) айтуына сүйенсек, қырғыздар шамамен XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында көшіп, нәтижесінде олардың көп бөлігі оңтүстік-батыстан және батыс аймақтардан Өскемен уезіне қарай жылжып, сол аймақтағы кең жайылымдарға қоныстанды. Қырғыздардың бұл қоныс аударуын XVIII ғасырдың 20-шы жылдарында жоңғар шапқыншылығының ықпалы деп түсінуіміз керек. Жоңғардың кері қозғалысы кезінде Жоңғарияның жеңілісінен кейін олар босатқан жерлерге қырғыздардың кері толқыны құйылды, бұл ретте оларға тиесілі емес жаңа жерлерді иемденген еді. Олар Алтайдан батысқа қарай кең жолақпен жүріп, өз жолдарында кездескен қырғыздарды ығыстырды. Осы жерлердің бір бөлігіне Қытай үстемдік етті, сондықтан қырғыздар оған рулық тармақтан жылына бір жылқы мөлшерінде алым төлеуге мәжбүр болды. Мысалы, Ертістің шығысындағы аумақты алып жатқан бүкіл Қаратай Дәулет әулеті небәрі 10 жылқы төледі [7, б. 4-5].

Ресей империясы саясатына бағынышты сынай танытқан Абылай XVIII ғасырдың 50-ші жылдарында Цин патшалығымен дипломатиялық

қатынастарды сақтауға тырысты. Бұл саяси амал Ресей үстемдігін тежеп, Қытайдың әскери күшінен сақтануға мүмкіндіктер берді. Әрине, қазақ даласының шығыс шегарасына жауапты Абылайдың сенімді сардары Қожаберген де бұл саясаттың қолдаушысы болды.

Ойрат ханзадасы Әмірсана мен қазақ батыры Қожабергеннің достық қатынастары, өзара ынтымақтастығы және ірі шайқастарға бірге қатысқаны туралы деректер жеткілікті. Қазақ–Цин соғысында Қожаберген ойрат нояны Әмірсанамен бірігіп күрескендігі туралы тарихи деректер баршылық. Біздің ойымызша, бұл әрекеттердің барлығы Абылай хан мен Әмірсананың жақсы жоспарланған әрекеттерінің нәтижесі деп топшылаймыз. Ол қазақ даласынан аман-есен кетіп, қытайлықтардың қолы жетпейтін Ресей аумағына жетті. Бұл істе Әмірсанаға оның жауынгер досы, қазақ батыры Қожаберген Жәнібекұлы үлкен көмек көрсетті. Олар бірнеше рет бірлескен жорықтарда Цин әскерінің жасақтарын жойды, ал жоспарланған операциялар әрқашан қатаң құпияда болғанын атап өтуге болады. Тіпті жеке отрядтың жауынгерлері, соның ішінде Дасырце мен Цибахан Абылай хан, Әмірсана мен Қожаберген батырдың жоспарлары туралы бейхабар еді [19, б. 443].

Осы тұрғыдан алғанда, башқұрт халқының батыры Қарасақал мен қазақ батыры Қожабергеннің арасындағы достық та, бірлескен қимыл да Ресей билігіне беймәлім болды деп болжаймыз. Қожаберген батыр көп мәлімдемелерінде Қарасақал батырмен ара қатынасының жақсы еместігін ескертіп отырған. Осылайша, екі тұлға да орыс билігінің озбырлығынан осындай саяси тактиканы қолданып, бейбіт өмір ұстанымын қолдаған. Дегенмен туыстас халықтардың ірі батырлары бір-бірін ешқандай жағдайда орыс әскери қолбасшыларына ұстап бермеген, сатқындық жасамаған. Осы орайда басқыншылардан бас сауғалап, қазақ даласындағы хан-сұлтандары мен батырларынан пана іздеген Қарасақал мен ойрат ханзадасының тарихи тағдырларының бір екендігіне көз жеткіземіз. Бұл тұста біз Қожаберген сияқты қазақ батырларының халықаралық саяси аренадағы шебер дипломат әрі бейбіт өмірді қолдаған тұлғалар болғандығын байқаймыз.

Осы тараушада айтылған ойларымызды қорыта айтқанда, XVIII ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық қатынастарда беделді тұлға ретінде танылған Қожаберген батырдың орыс билігімен әскери-елшілік қызметі өзіндік ерекшелікке ие болды. Батыр қазақ–қытай қарым-қатынастары тұсында қазақ даласының шығыс шегарасын қорғады. Дегенмен Абылайдың сенімді сардары Қожаберген батырдың қазақ–орыс байланыстарындағы ықпалы айтарлықтай дәрежеге жетті. Айта кетерлік жәйт, қазақ–орыс қатынастарына қатысты архив құжаттары орыс сарайына қызмет етушілердің жазып қалдырған ақпараттары болғандықтан, олардың барлығы идеологияға негізделген. Мысалы, зерттеуде қолданылған архив деректерінде қазақтарды жау, бұзық, қанішер халық ретінде сипаттаған көріністер кездеседі, оның үстіне қазақтарды өздеріне бағынышты бодан болған деген теріс тұжырымдар бар.

Қожаберген батыр Абылай, Әбілпейіз сұлтандар қатарлы мықты беделге ие болған, себебі XVIII ғасырдың 40-шы жылдары Ресей империясымен дипломатиялық байланысқа көп жағдайда тек қана қазақ сұлтандары мен

хандары шығып отырған. Алайда Қожаберген өзінің ұлы Байтайлақты Семей бекінісіне жіберіп, сауда қатынастарына араластыруға деген әрекеті хан Абылайдың жақтасы ретінде оның саясатын қолдағандығын көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

XVIII ғасыр Қазақ хандығы тарихындағы аса маңызды да күрделі тарихи дәуір саналады. Аталған тарихи кезеңде аймақтың геосаяси жағдайында күрделі жағдай қалыптасты. Солтүстікте Ресей империясының ықпалы күн өткен сайын күшейе түсті. Шығыстағы көршілердің жағдайында күрделі өзгерістер туындап, құбылмалы күйге түсті. Ең әуелі жоңғарлардың Қазақстан мен Орта Азия елдеріне жасаған алапат жорықтары басталып, Қазақ даласы «Ақтабан шұбырынды» заманын бастан өткізді. Одан кейін Жоңғарияның әлсіреуі мен Қазақ хандығының жоңғарлар жаулап алған жерлерді кері қайтарып алу заманы басталды. Міне, осы кезеңде қазақ хандары мен сұлтандары мен билерімен бірге қазақ батырлары да шебер дипломат ретінде өздерін танытты. Олардың есімдері түрлі тарихи еңбектерден орын алды, архив құжаттарында хатталды, туған халқының тарихи жадында сақталып фольклорлық еңбектерде тарихи жыр-аңыздар түрінде біздің заманымызға жетті. Осы тарихи материалдарда қазақ батырлары тек қана батыр ретінде ғана емес, шебер дипломат ретінде сипатталды. Нәтижесінде Қазақ хандығы XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қайта өрлеу кезеңін бастан кешті, алдағы тарихи кезеңде анағұрлым күрделі сынақтарға төтеп бере алды. Мұндай тұлғалардан Абылай ханның маңындағы ең үлкен батырларды атасақ та жеткілікті болар еді. Олар: Қожаберген батыр Жәнібекұлы, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Нұралы хан, Әбілпейіз сұлтан, Орыс сұлтан, Әділ сұлтан, Ералы сұлтан, Мүйізді Өтеген, Олжабай, Керей Жәнібек, Райымбек, Ақтанберді, Жәпек, Жанатай, Малайсары, Баян, Олжабай, Бердіқожа, Тілеуке, Сағымбай, Құлеке, Жауғаш, Дат, Көкжарлы Барақ, Құлашбек, Тұрсынбай, Нұрбота, Жабай, Сырымбет, Байғозы, Елшібек, Сары, Сәнкібай, Мамыт, Молдыбай, Таңсық, Оразымбет, Деріпсәлі, Шынқожа, Айбас, Жаназар және басқалар болатын.

Зерттеу жұмысы Қожаберген Жәнібекұлы батыр мен оның әскери-дипломатиялық қызметі негізінде жүргізілді. Қожаберген батыр мен оның ұрпақтары қазақтардың XVIII ғасырдың екінші жартысында Жоңғария мен Цин империясы сынды алпауыт мемлекеттердің әскери-саяси стратегиялық жоспарын жүзеге асыру кезеңінде өмір сүрді. Олар осы алмағайып ауыр тарихи кезеңнің трагедиясын куәгер ретінде бастан өткізді. Қожаберген батыр мен оның ұрпақтарының ерлік жолы мен мемлекеттік қызметі ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде, ұлттық идеология қалыптастыруда маңызды орын алады. Сонымен, қазақ–ойрат қарым-қатынасы шиеленіскен тұста патшалық Ресейдің де, Цин патшалығының да аймақтағы ықпалы артып, көшпелі мемлекеттердің тарихи байланыстарының көп мазмұны бірінің жерін бірі жаулап алу, шұрайлы

жайылымдар, керуен жолдары, ірі сауда және қолөнер орталықтарын иемдену үшін жасалған ірілі-ұсақты шайқастарға, жаугершілікке толы заманда Қожаберген батыр тарих сахнасында белсенді лидер тұлғалардың біріне айналды.

Көшпелі тұрмыстың жағдайы, ескі жайылымдардың тозып, жаңаларын іздеу, қырдың шалғай түкпірлерінен басқа көшпелі рулардың тегеуріні – осының бәрі көрші мемелекеттермен қақтығысқа ұрындырып отырған. Көшпенділердің өз аумағында жоқ немесе жеткіліксіз шикізатты қажетсінуі, сауда жолдарын, олардың тоғысқан тораптарын, сауда орталықтарын иеленіп, халықаралық айырбаста басты рөл атқаруға ұмтылу, стратегиялық жобалар, сондай-ақ соғыс және одан түсетін олжа арқылы ішкі әлеуметтік қайшылықтарды азайтуға ұмтылу – осының бәрі көшпелі қоғамдардың өмірінде соғыстың рөлін көтерді [118]. Мәселені осы тұрғыдан қарастырғанда, Қожаберген батырдың қазақ-цин қатынастарындағы әскери-мәмілегерлік және сауда қатынастарындағы белсенділігі арта түскендігі анықталды.

Қожаберген батыр Жәнібекұлы XVIII ғасырдың екінші ширегінде халықаралық қатынастар тоғысындағы алып империялар арасында әскери-елшілік және сауда қатынастарын ұйымдастырған беделді стратег тұлға болған. Ол Абылай ханның сыртқы саясатындағы шиеленіскен мәселелерді бейбіт тұрғыдан шешуге ұмтылды. Қазақ шегарасының тыныштығын қамтамасыз етуде кемел ойы мен күш-жігерін жұмсады.

Тарбағатай өңірі XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ-цин қатынастарындағы фронтирлік аймақтың классикалық үлгісі болды. Батырлар бұл кеңістікте әскери қорғаныс, дипломатиялық делдалдық және экономикалық реттеу қызметтерін қатар атқарып, жеке бедел мен тәжірибе арқылы мемлекеттік институттардың орнын уақытша алмастырды. Шекаралық аймақ жағдайында Қожаберген батырдың бойындағы тұлғалық мінез-құлықтары, атап айтар болсақ, батылдық, икемділік, мәмілеге қабілеттілік және кеңістікті интуитивті түсіну сынды жеке тұлғалық қасиеттері батырдың қазақ қоғамының саяси тұрақтылығын сақтауда жолындағы күресінде шешуші рөл атқарды.

Зерттеу жұмысымыздың арқауы болған Қожаберген Жәнібекұлы Абылайдың нұсқауымен іргелес елдер арасындағы жер дауы мен шегара мәселесіне белсене араласып, еларалық және аймақтық тыныштықты сақтауды көздеген.

Қазіргі кезде қолжетімді болған ғылыми айналымдағы деректерді және басқа да мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қожаберген Жәнібекұлының жоңғар нояндарымен және қытай билеушілерімен арақатынасын сипаттап берудің маңызы ғылыми негізде түсіндірілді. Сол заманда қазақ сұлтандары мен батырлары Қытай билеушілерімен қатар, Жоңғария ақсүйектерімен де тығыз қарым-қатынастар орната білді. Бұл достық, дипломатиялық, сондай-ақ әріптестік байланыстарға Қожаберген сардардың тұлғалық келбетін тарихи деректермен сипаттауда көз жеткіздік. Абылайдың сенімді серігі болған Қожаберген батыр және онымен үзеңгілес қазақ сұлтандары мен батырларының Цин империясының беделді дипломат-шенеуніктерімен, жоңғар нояндарымен арасындағы саяси-дипломатиялық, әскери және сауда байланыстарын

қарастыру – зерттеу нысанына алынып отырған қазақ батыры Қожабергеннің әскери-дипломатиялық және сауда қатынастарындағы қызметін анықтауға айтарлықтай мүмкіндік берді. Онымен қоса, Қожаберген батыр башқұрттармен арадағы қарым-қатынасты туыстас халық ретінде өзара ынтымақтастық тұрғысында қабылдады. 1755 жылғы көтерілісте башқұрттардың Қазақ даласына шегіне қашып, кейін қайта көтерілуі секілді саяси маневрлерде Қожаберген батыр да, көтеріліс басында болған башқұрттардың Қарасақал тәрізді сардарлары да өзара ымыраласып, бірлесе әрекет етті. Қорыта айтқанда, Қожаберген батырдың іргелес елдер мен халықтар арасындағы ұстанған саяси қарым-қатынасы екіжақты ынтымақтастық, кей жағдайларда үлкенді-кішілі қақтығыс, дипломатия және сауда байланысымен сипатталады.

Ерекше айта кетерлігі, Қожаберген батыр Цин ұлықтарымен және жоңғар нояндарымен қатар, орыс қолбасшыларымен және бауырлас халықтардың көсемдерімен де дипломатиялық қатынас орната білген мықты саяси стратег ретінде көріне білді. Қазақ сұлтандары мен батырларының бауырлас халықтармен арадағы бейбіт байланыстарының тұрақсыздығы сол кезеңдегі алмағайып саяси шиеленіскен жаугершілік жағдайға байланысты еді деп түйіндейміз.

Қожаберген батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметін қамтитын барлық дереккөздер мен әдебиеттер қазақ халқының хас батыры, ірі дипломат, Абылайдың сенімін ақтай алған көрнекті тұлға Қожаберген Жәнібекұлының іргелес хандықтар мен халықтар арасындағы әскери-дипломатиялық байланыста ұтымды жолмен тойтарыс бере алғандығын зерттеу негізінде қарастырылды.

Диссертациялық жұмыста батырдың көрші халықтармен және мемлекеттермен әскери-дипломатиялық байланыстарынан бөлек сауда қатынастарындағы қызметіне жүйелі және жан-жақты зерттеу жүргізілді. Бұл бағытта тақырыпқа қатысты әдебиеттерді талдау және архивтік деректерге сараптау жасалды. Батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметіне қатысты тарихи деректерді жинау әдістері зерттеудің негізгі мәселелерін шешу үшін қолданылды. Бұдан басқа қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан бағалы дәстүрі – ауызша тарих айту дәстүрін пайдалану зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде қарастырылуын атап өтуге тиіспіз.

Осы тұста тарихшы М. Дауытбекованың «Батырдың рухани бет-бейнесі мен қызметінің халқымыздың рухани құндылықтар жүйесіндегі орнын қарастыруда ауыз әдебиеті деректерінің маңызы зор. Себебі, халықтың өзімен бірге жасасқан, оның ішкі болмысымен біте қайнасып кеткен ауызша тарих айту дәстүрі ұлттық болмыс пен оның ерекшеліктерін ашып көрсете алады. Ауызша дерек мәліметтері қоғамдық даму барысындағы құбылыстардың кең тарихи панорамасын көрсете алуымен құнды» [55, б. 120] деген тұжырымды ойы орнықты айтылған.

Қожаберген батырдың халықаралық қатынастар тоғысында іргелес мемлекеттердің билеуші-батырларымен қарым-қатынасы туралы жазба деректерден бөлек ел аузында, оның ішінде ұрпақтары жадында аңыз-әңгімелер өте көп сақталған. Мысалы, Қожаберген батырдың жоңғар ханзадасы

Әмірсанамен достық-туыстық байланыстары, Цин ұлықтарымен жаугершілік жағдайынан тыс саяси-дипломатиялық және сауда қатынастарындағы қызметі, көрші туыстас халықтардың көсемдерімен, атап айтқанда башқұрт батыры Қарасақалмен ойының үндестігі, қазақ–қытай сауда қатынастарында жіберген сауда керуендері, өзінің ұлдары Байтайлақ, Қалыбайларды, жақын бауыр туыстарын сауда және әскери-елшілік мәселелерге белсенді араластыруы кемеңгер ақыл мен қайтпас қайсарлықтың нышанындай көрінеді. Абылайдың сенімді сарбазы ретінде оның атынан көрші елдерге елші болып барған батыр Қожаберген Жәнібекұлы жауының алдында тізе бүкпеген, досының жанында мейірімділікті ту еткен қайсар тұлға екендігі айқын.

Қожаберген батыр Жәнібекұлының саясат және соғыс өнеріндегі тактикасы, қазақ қоғамын дамытудағы сауда-экономикалық функциялары, елшілік қатынастардағы халықаралық дипломат ретіндегі қызметін саралай келе, бірқатар қорытындылар шығарамыз.

Біріншіден, Қожаберген батыр Жәнібекұлы қазақ халқының беделді батырларының қатарында Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси өміріне белсенді араласты. Қазақтың көрнекті саяси тұлғасы Абылайдың сенімді сардары әрі кеңесшісіне айналып, қазақ даласының саяси, әскери-дипломатиялық істерінде Абылайдан кейін іс атқарған мәртебелі тұлға және халықаралық дипломат, шығыстағы бас шегарашы, мемлекеттік қайраткер сатысына көтерілді.

Екіншіден, Қожаберген батыр әулетінен оның ұлы Байтайлақ, Қалыбай, Малкелді, Байбура, Жандәулет, Шындәулеттер өзінен кейінгі орында жаумен кескілескен ұрыстар алаңына шығып, әкесі Қожабергеннің тікелей тапсырмасымен елшілік қызметтер атқарды.

Үшіншіден, Қожаберген батыр Жәнібекұлы XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саяси жағдайында халықаралық сипатта Отан қорғау, елшілік және мәмілегерлік салада үлес қосқан тұлға.

Төртіншіден, қазақ–жоңғар қарым-қатынастарындағы Қожаберген батыр Абылай ханның сенімді сардары ретінде белсенді рөл атқарды. Ойрат ханзадасы Әмірсанамен достық ынтымақтастықта қытай стратегиялық саясатына қарсы тұрды.

Бесіншіден, Цин патшалығының шегара мәселесіне қатысты қитұрқы саясатынан туындаған жер мен мал-мүлікке қатысты дау-дамайларды шешуде ұтымды саяси-әскери әдістер қолданып, мықты стратег тұлға ретінде танылды.

Алтыншыдан, Қожаберген батыр қазақ халқының шығысқа қарай өздерінің Жоңғария шапқыншылығы кезінде айырылып қалған көне жұртына оралу үдерісінде батыл әскери-дипломатиялық қадамдар жасады. Батыр Қожабергеннің есімі қазақтардың байырғы мекені Іле мен Тарбағатай жерлеріне қайта қоныс аударуларына себепкер тұлға екендігі анықталды. Ол Цин патшалық саясатының мың түрлі құбылғандығына қарамастан, жоңғарлар жаулап алған көне қоныстарына оралуын тоқтатпаған.

Жетіншіден, Жоңғар хандығы құлағаннан соң, қазақтарды паналап жүрген қалмақтарды құрықтау мәселесін қолға алып, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалпына келтіруге үлес қоса білді.

Сегізіншіден, Абылай басшылығымен Қазақ ордасы мен Цин патшалығы арасындағы сауда саласындағы алғашқы келісім 1757 жылы жасалған. Үрімжі және Құлжа жерлерінде қазақ–қытай сауда орындарының ашылуы, екіжақты сауданың ресми қалыптасуы мен даму процестерінде Қожаберген батыр Қабанбай батырлармен қатар орасан зор қызмет атқарды.

Тоғызыншыдан, Қожаберген батыр – қазақ батырлары арасынан 200 сарбаздан құралған тұрақты әскер жасақтаған батыр. Бұл оның ауқатты әрі дәулетті адам болғанын айғақтайды.

Оныншыдан, Қожаберген батыр өзінің ұлы Байтайлақпен қатар бауыры Абылайды да іргелес елдермен сауда қатынастарына белсенді араластырған.

Осылайша, батыр Қожаберген Жәнібекұлының Қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру жолындағы ерен еңбегін одан әрі тізбелеп шығуға болады. Дегенмен батырдың Қазақ елінің күшейген, өрлеуге бет алған дамушы мемлекеттер қатарынан көрінуіне қосқан үлесі өлшеусіз екені анық.

Сондықтан Қожаберген батыр мен оның ұрпақтарының тарихын зерттеу тұтас Қазақ хандығының, оның ішінде шығыс шегара аймақтарындағы қазақ даласының саяси, экономикалық және әлеуметтік даму тарихын қарастыруда ғылыми-дәйекті негіз бар деп санаймыз.

Сонымен, жоғарыдағы қорытындыны талдау нәтижесі ретінде төмендегідей тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға, әлеуметтік даму тарихын кеңінен қарастыруға жол ашылады.

- Тарих бетінде есімі еленбей қалған Қожаберген қатарлы басқа да батырлардың өмірі мен мемлекеттік қызметі ғылыми тұрғыдан зерттеліп, тарихтағы рөлі лайықты бағалануы тиіс;

- Материалдар отандық тарих, тұлғатану, деректану пәндерінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында қолдануға жарамды деп санаймын;

- Отандық тарих ғылымында бүгінгі күнге дейін тұлғалық келбеті мен мемлекеттік қызметі көлеңкеде қалған қазақ батырларының тағдырын, беймәлім есімдерін жаңғыртып, өскелең ұрпақ жадында сақтау мақсатында кең көлемде насихаттау жұмыстарын (мектеп бағдарламасына енгізу, ғылыми конференциялар өткізу т.б.) жүргізуді ұсынамын;

- Осы зерттеу барысында жасалған тұжырымдамалар Қазақ елінің тарихындағы батырларымыздың өмірбаянын, ұлт-азаттық тарихын оқытуда, Қазақстан тарихынан арнаулы курстар, факультативтер, семинар сабақтар ретінде пайдаланылса екен;

- Орта және арнаулы білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру мақсатында батырлық сағаттарды қосымша үйірмелер ретінде енгізуді ұсынамын.

Ойымызды түйіндер болсақ, Қожаберген батыр Жәнібекұлы XVIII ғасырдағы алып империялар тоғысындағы көршілес мемлекеттермен қақтығыстар кезінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінің аумақтық тұтастығын қорғаған, ұтымды әскери-дипломатиялық қызметімен көзге түскен, Ұлы Даланың сан ғасырлық шежіресінде із қалдырған салмақты тұлға болғанын көреміз.

Қожаберген батырдың тарихтағы заңғар тұлғалық келбеті қазақ халқының тарихи жадында мәңгі жаңғыруы қажет. Беделді қазақ батыры туралы алыс және жақын шетелдердің архивтік қорларында көптеген тарихи деректер сақталғаны анықталды. Осы деректер негізінде бірқатар ғылыми еңбектер жазылады деп сенеміз. Дегенмен XVIII ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық тарих тоғысында белсенді рөлге ие болған көрнекті тұлғаның өмірі мен мемлекеттік қызметіне қатысты мәселелер әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Мұның өзі айтулы даңқты тұлғаның сан қырлы тарихи келбетін ашып, жан-жақты зерттеулер жүргізу қажет екенін айқындайды.

Атажұрт, атамекенді қайтару үшін әскери қосынына қазақтың ержүрек батырларын жинаған Абылайдың сенімді сардары әрі кеңесшісі болған Қожаберген батырдың есімі тарих тұғырынан биік орын алуға тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қасымбаев Ж. Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер // Қазақ тарихы. 1993, №2. - 24-б.

2 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. №2 (29981) 5 қаңтар, 2021 жыл

3 Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия, осполненнаго въ 1876-1877 годахъ по поручению Императорскаго Русскаго Географическаго Общества членомъ-сотрудникомъ онаго Г.Н. Потанинымъ. Выпуск II. Материалы этнографические. – С.-Петербугъ. Типография В. Киршбаума. Въ д. М-ва., на Дворц. пл. 1881. – С. 2., – 181 с.

4 Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азией со времени кончины Абул-Хайр хана 1748-1765 г. // Оренбургские ведомости. Уфа: Губернская типография, 1853. №13. С. 96-98.

5 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Отдельный оттиск из Живой старины. Вып. III и IV, 1896. С. Петербург: Тип. С.Н. Худекова, 1897. №12. С. 84.

6 Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе с 1758 г. Т.3. – Казань, 1897. 617-974 с.

7 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Устькаменогорский уезд, т. 9. С.-Петербург, 1905. – 167 с.

8 Еженханұлы Б. Қожаберген батыр (1756-1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде). Алматы: Арыс, 2017. 496 б.

9 Еженханұлы Б. Абылай хан дәуіріндегі Қазақ-Цин қарым-қатынастары. Алматы: «TURAN» баспасы, 2025. 696 б.

10 Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 480 с.

11 Хафизова К. Казахская стратегия Цинской империи. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2007. 104 с.

12 Борбасов С., Тоқтабай А. Қожаберген батыр Жәнібекұлы. Алматы, 2020. 428 б.

13 Әділханұлы Л. және басқалар. Абақ керей шыбарайғыр руы шежіресі, Үрімжі: Гуаңда жауапкершілігі шектеулі баспа серіктігі, Илин баспа орталығы. 2015. 1060 б.

14 Зұрғанбайұлы Р. Шыбарайғыр Қожаберген батыр. Өлгей, 1996. 160 б.Баймолда Д. Қожаберген батыр Жәнібекұлы. Алматы: Мерей, 2018. – 256 б.

15 Жанәбіл Қ. және басқалар, Абақ керей: Халықаралық Алтай ілімін зерттеу материалы (3 т.), Күйтін: Іле халық баспасы, 1984. 377 б.

16 Баймолда Д. Қожаберген батыр Жәнібекұлы. Алматы: Мерей, 2018. 256 б.

17 Маусымұлы О. Біз жүзікпіз (тарихи естелік). Алматы: ARNA-B, 2013. 160 б.

18 Ұлы дала батыры – Қожаберген: Ғылыми-танымдық мақалалар мен өлең-жырлар топтамасы/ Т.Тынысбекұлы. Нұр-Сұлтан: Жезбұйда, 2019. 282 б.

19 Ошан Ж., Борбасов С.М., Оралова А.А. Хан Абылай, нойон Амурсана и Кожаберген батыр (1750-1757 гг.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. No 2. С. 432-449

20 Sarsenbayev B. S., Kabuldinov Z. E., Sandybayeva D. M., Oralova A. A. The Internal and Foreign Policy of Khan Tauke // Oriental Studies. 2025. Т. 18. №6. DOI: 10.22162/2619-0990-2025-82-6

21 Оралова А.А., Қара Ә. Қожаберген батыр Жәнібекұлының халықаралық қатынастар тоғысындағы тұлғалық келбеті (XVIII ғ. 2-ші жарт.) // «Отан тарихы» ғылыми журнал. 2023 ж., №1, Т. 26. 43-57 бб. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_43-57

22 Оралова А.А., Қабылдинов З.Е. Қожаберген батыр және қазақ даласының шығыс шекарасы // Отан тарихы. 2024. Т. 27. No 2. 413-431 бб. https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_2_413-431

23 Оралова А.А. Қожаберген сардардың шығу тегі мен күрескерлік келбеті туралы кейбір деректер // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. No 2. 435–446 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_435-446

24 Оралова А.А., Қара Ә. Қазақ–орыс байланыстарындағы Қожаберген батыр // Отан тарихы. 2025. Т. 28. No 1. 200-211-бб. (қаз.). DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_200-211

25 Оралова А.А., Оспанова Р.Р. Қазақ батырларының әскери-дипломатиялық қызметі: Қожаберген батыр Жәнібекұлы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(85), 2025. DOI: 10.51889/2959-6017.2025.85.2.026

26 Oralova A.A. The Historical Role of Kozhabergen batyr in the eastern frontier policy of the Kazakh Khanate // Asian Journal «Steppe Panorama». ISSN 2710-3994. Vol. 12. Is. 6, pp. 1707-1719, 2025 https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_6_1707-1719

27 Noda J., Onuma T. A Collection of Documentsfrom the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. Tokyo: The University of Tokyo, 2010. 176 p.

28 Далай Ч. Ойрад Монголын Түүх. Тэргүүн боть. Улаанбаатар хот, 2002. 334 б.

29 Kalan E. Cungar Hanlığı'nın Siyasi Tarihi. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2008. 136 s.

30 Кузнецов А.С. Амурсана. - Новосибирск: Наука, 1980. 176 с.

31 Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы ред. басқарған Қабылдинов З.Е. – Т. 2 – Алматы: «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2019. 852 б.

32 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-казахских орда и степей (под общей редакцией М.К.Козыбаева). – Алматы: Санат, 1999. 656 с.

33 Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. 897 с.

34 Мұқанов М.С. Қазақ қауымы: (Тарихтық және этнографиялық шолу). - Алматы: Ана тілі, 1995. 304 бет

35 Кабульдинов З.Е. Султанмамет султан: государственный деятель, дипломат и батыр. Издание 1-ое. Алматы, 2018. 304 с.

36 Кабульдинов З.Е. Абылай хан и Россия. Монография. Алматы: ИП «Мадияр», 2023. 296 с.

37 Валиханов Ч. Ч. Этнографическое наследие казахов. Т. 1. 1835-1865. – Астана: Алтын кітап, 2007. 291 с.

38 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. 224 с.

39 Бекмаханов Е. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней – 3-е изд.; переработ. – Алматы, 2011. 670 с.

40 Асфендияров С. Д., Кунте П. А. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1: (V в. до н. э.- XVII в. н. э.). – Алматы: Казахстан, 1997. 383 с.

41 Касымбаев Ж. К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). – Алматы: Білім, 1999. 228 с.

42 Едилханова С.А. Казахско-джунгарские взаимоотношения в XVII-XVIII веках (Некоторые историографические аспекты проблемы). Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 162 с.

43 Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). Алмата: Наука, 1988. 144 с.

44 Златкин И.Я. (1685-1758). История Джунгарского ханства. Издательство «Наука». Москва, 1964. 481 с.

45 Хафизова К.Ш. Многомерные границы Центральной Азии / Под.ред. М.Б. Олкотт и А. Малашенко; Моск. Центр Карнеги. - М.: Гендальф, 2000. - 97 с. - (Аналит. Серия / Моск Карнеги; Вып. 2). - С. 77.

46 Рычков П. И. Дневные записки путешествия в киргиз-кайсацкой степи в 1771 г. – СПб.: Императорская Академия Наук, 1772. 104 с.

47 Георги И. Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов. Ч. II. О народах татарскаго племени. – СПб.: Печатано при Артиллерийском и инженерном шляхетном кадетском корпусе типографщиком И. К. Шнором, 1776. 188 с.

48 Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. – СПб.: Императорская Академия Наук, 1786. 476 с.

49 Спасский Г. И. О прежнем и нынешнем местопребывании Киргиз-Кайсаков / Киргиз-Кайсаки большой, средней и малой орды // Сибирский вестник. – СПб. – Ч. 9. – 1820

50 Фальк И. Полное собрание ученых путешествий по России, издаваемое Императорскою Академией Наук, по предложению ее президента. Записки Путешествия Академика Фалька. СПб.: Императорская Академия Наук, 1824. – Т. 6. 560 с.

51 Андреев И. Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Гылым, 1998. 280 с.

52 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. -– Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. 520 б.

53 Мұқаметханұлы Н. Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 250 б.

54 Исмурзин Ж.А. Батырұлы Қайып хан және оның әулетінің тарихы (1745-1860 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы). Орал, 2008. 37 с.

55 Дауытбекова М.Қ. Қазақ қоғамындағы батырлар институты. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат. 07.00.02 мамандығы бойынша /... – Алматы, 2010. 135 б.

56 Қайрғалиева Г. Батырлар институты және оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны (Бөкенбай батыр әулетінің негізінде). Тарих ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – Атырау, 2010. 141 б.

57 Султаны и батыры Среднего жуза (вторая половина XVIII в.). Сборник документов / сост. В. А. Сирик. Алматы: Литера-М, 2018. 560 с.

58 Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в. В 2 ч. Ч. 2 / сост. К. Ш. Хафизова. Алма-Ата: Наука, 1989. 227 с.

59 Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I-том / Ауд.: Еженхан Б. – Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2009. 456 б.

60 Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, II-том / Еженхан Б. – Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2012. 460 б.

61 Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, I-том / Ауд.: Еженхан Б. – Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2009. 456 б.

62 Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, II-том / Еженхан Б. – Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2012. 460 б.

63 Қазақтың ханы – Абылай: дәуірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. – Алматы: «Ел-шежіре КҰ, 2011. -Т.1. 640 б.

64 Қазақтың ханы – Абылай: дәуірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. – Алматы: «Ел-шежіре КҰ, 2011. -Т.2. 640 б.

65 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сост.: Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова и др. Изд. Академии наук Казахской ССР. Алма-ата, 1961. 742 с.

66 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы: Санат, 1998. 176 б.

67 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. В 10 тт. Т. 6 / сост. И. В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 516 с.

68 Сактаганова Э.Б. Тарихи тұлғаны зерттеудің әдіснамалық негізі: мәселенің тарихнамасы // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих, философия сериясы. 106-112-бб. https://doi.org/10.31489/2023HPh3/106-112

69 РССА. КІҚ. 122-т., 1742. 4-іс. 169-п.

70 ООМТА. 2-қ. 1-т. 3-іс. 40-п.

71 РМКАА. 248-қ. 113-т. 383-іс. 1039-п.

72 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 198-п.
73 ООМТА. 1-қ. 1-т. 2-іс. 83-п.
74 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 198-п.

75 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 202-п.
76 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 344-п.
77 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 345-п.
78 ООМТА. 1-қ. 1-т. 30-іс. 318-п.
79 ООМТА. 1-қ. 1-т. 29-іс. 594-п.
80 ООМТА. 1-қ. 1-т. 29-іс. 728-п.
81 ОрОМА. 1-қ. 1-т. 58-іс. 214-215-пп.
82 ОрОМА. 1-қ., 1-т. 66-іс. 28-п.
83 ОрОМА. 1-қ., 1-т. 66-іс. 74-75-пп.
84 РССА. 3-қ. КІҚ. 1755–1757 жж. 113/1-т. 4-іс. 539-п.
85 ОрОМА. 1-қ. 1-т. 76-іс. 189-190-пп.
86 РССА. КІҚ. 1763 ж. 122/1 – т. 1-іс. 1-12-пп.

87 Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX вв. / Составители Хаф изова К.Ш., Моисеев В.А. / Второе издание (исправлено и дополнено). Ответ. редактор Хафизова К.Ш. – Нур-Султан, 2020. 344 с.

88 Ассман Я. Культурная память: письмо, память и политическая идентичность в высоких культурах древности / пер. с нем. М.М. Сокольской. М.: Языки славянской культуры, 2004. 368 с.

89 Эриксон Э. Трагедия личности. – М.: Родина, 2020. – 256 с. – (Философский поединок).

90 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 27: Тарихи жырлар. 352 бет.

91 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2012. Т. 87: Тарихи аңыздар. – 2012. 432 бет.

92 Бес ғасыр жырлайды : XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық / Жауапты шығарушы М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т. I. / Құраст.: М.Мағауин, М. Байділдаев. 1984, 256 бет

93 Потанин Г.Н. Наши сношения с джунгарскими владельцами // История Казахстана в русских источниках XX веков. – Т. VII. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 377 с.

94 Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Подгот. К изд. С.Г. Кляшторный; Отв. Ред. А.Н. Кононов. - Перпеч. С изд. 1968 г. – М.: Вост. лит., 2002. 757 с.

95 Радлов В.В. Из Сибири = Aus Sibirien. - 1989. 749 с. (Этнографическая библиотека).

96 Хафизова К.Ш.. Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV-XIX вв. Алматы: Гылым, 1995. 288 с.

97 Век казахско-джунгарского противостояния. Сост. Е.Б. Касенов. Павлодар: ЭКО, 2006. 248 с.

98 Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. Алматы: Білім, 1997. 277 б.

99 Омаров Ғ.Қ. Алтай Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері (кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени атрибуциясы). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат. 07.00.06 мамандығы бойынша /... – Алматы, 2010. 145 б.

100 Восточная дипломатия на стыке цивилизаций (конец XIV - 70-годы XIX вв.). Сб. документов и материалов. Астана: Ғылым, 2015. 400 с.

101 ОрОМА. 1-қ. 1-т. 58-іс. 410-п.

102 РССА. КІҚ. 1762-1775 жж. 122/І. 14-іс. 57-58-пп.

103 ОрОММ. 1-қ. 1-т. 173-іс. 645-п.

104 Хафизова К. XVIII-XIX ғасырдағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы». Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022. 488 б.

105 Абылай хан және іргелес мемлекеттер мен халықтар. Ж. Ошан, З. Қабылдинов және басқалар. Алматы: Радуга, 2023. 344 б.

106 ОрОМА. 1-қ. 1-т. 66-іс. 21-27-пп.

107 XVIII-XX ғасырлардағы қазақ–қытай байланыстары (XVIII ғасырдың 2-жартысы XX ғасырдың басы). – Алматы, «Санат», 1996. 128 б.

108 ООМТА. 1-қ. 1-т. 20-іс. 339-п.

109 ООМТА. 1-қ. 1-т. 29-іс. 728-п.

110 ОрОМА. 1-қ. 1-т. 76-іс. 189-190-пп.

111 ОрОМА. 1-қ. 1-т. 76-іс. 230-231-пп.

112 ООМТА. 1-қ. 1-т. 2-іс. 83-п.

113 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 198-п.

114 ООМТА. 1-қ. 1-т. 2-іс. 84-п.


115 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 344-п.

116 ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 345-п.


117 ОрОМА. 3-қ. 1-т. 58-іс. 209-210-пп.

118 Әбусейітова М. Қазақ хандарының дипломатиясы // Егемен Қазақстан. – 1999. 27 наурыз

ҚОСЫМША А
Абақ керей шұбарайғыр шежіресі



اباق كەرەي شبارايعىر رۇنىڭ تارالۋ كەستەسى



ҚОСЫМША Ә

Фотосурет деректері



Сурет Ә.1 - Қожаберген батырдың шапаны.
ҚР Қарулы күштерінің әскери-тарихи музейі. Астана қ.



Қожаберген батырдың Ақ туын сақтаған ұрпағы: Сол жақтан К.Мұқтажы мен бәйбішесі балаларымен бірге







Қожаберген батырдың ақ туы сақталған сандық және ту сақтаушы Зұлқай апа. (фотоны түсірген Т.Тыныбек)

ҚОСЫМША Б

Архив құжаттары



Сурет Б.1 - Экстракт из письма калмыцкого хана Дондук-Омбо Анне Иоанновне о нападении на его улусы тридцатитысячного войска казахов Младшего и Среднего жуза во главе с султанами и многими знатными людьми, 1738 г



Сурет Б.2 - Рапорт полковника Т. Зарина командующему регулярными и иррегулярными войсками на Сибирских пограничных линиях генерал-майору Х. Х. Киндерману о торговле с казахами Кожеберген-батыра, 1745 г.

Из Указной книги Ивановской волости о разных делах, происходящих на волостной сходке с 1760 г. по декабрь 30 дня

Сентября 1 дня

Прибывший старостой Оспорвшой пирчь Панцыной сроки Орлов Салтыманов Сотник Ва
говорил мне ходу просимаго объявил его пирчь пане
ми Сентемщами. Сатовщ Сливть настоящ
слете Прибыл сущ год прошлого 60 года для
трабу Сатовой избольи пашной Сороковь поно
уже быть в пашногорной Успенской церкви
Сторов Егоров будучь Езд надватцать пашадей

Сентября 2 дня


Сентябрьской пирчь Жабынского Ведо
Завода Ивашко Сторов Полтанов се

Сентября 14 дня

Состоящей при Жабынского Завода пирчь
Старшой Ивашко Кузмин посвящаемому для осмо
тру пашенных сей спорных мирных ходу говорил
объявил его пирчь Ивашко состоять пашенных
Чистых пашнаго Сена для его пожитков
пять пирчь пирчь удобность будет пашни пирчь
для Сатовой аносно Сторонней пирчь пашни
ведомо:

Сентября 22 дня

Сентября 19 дня сего декабря Приехал хирьковской Сотно
Хатовой пирчь пашенной сроки Орлов увалч
пирчьной Волостей в Ведомства Старшин ходил



Сурет Б.2 - Донесение командующего регулярными и иррегулярными войсками на Сибирских пограничных линиях генерал-майора Х. Х. Киндермана оренбургскому губернатору И. И. Неплюеву о Кожеберде-батыре, Карасакале и передвижении войск, 1745 г.